

894.342-1

Ш31
К

ура

Китапханасы

Архив


архив

АРХИВДІК
КОР

ШАХАНОВ

Мұхтар

Эверестке шілдесі



894.3.12-

Ш3
к


ШАХАНОВ

Мұхтар



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2003

ББК 84 Каз 7-5
Ш 31



Шаханов М.
Ш 31 Эверестке шығу. Олеңдер, балладалар, поэмалар
Алматы. Атамұра, 2003. — 272 бет.

ISBN 9965-05-876-8

Шығармалары дүние жүзинің кырыкка тарта тілдеріне ауда-
рылған қазақтың аса корпекті ақыны Мұхтар Шахановтың бүл
кітабына әр кезеңде жазылған олең, баллада, дастандарымен
катарап олем оқырмандарының ерекшісін көздегендегін тузыры-
ған “Оркенистtin адасуы”, “Жазагер жады космоформуласы”
атты романдарынан үзінділер енгізілді

Ш 4702250202 – 305
418 (05) – 03 хабарландырусыз – 2003

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-05-876-8

© Шаханов М., 2003
© «Атамұра» баспасы, 2003

Әлемдегі мен зарлаласалар

*Fашық болу келсе кімнің қолынан
Әлем соган сенеді.*

ЭВЕРЕСТКЕ ШЫГУ

Кадалған көз таларлық,
Жігер отын жанаң ғып,
Эверестке шыккандардың тізімі
Саусақпенен санаңлық.

Махаббат та шың сиякты:
Күн жақындаң қасына,
Бұлт конатын тасына,
Қыран тектес жандар ғана
Шыға алатын басына...

.....
Бәрі бітті.
Құлайды арман дауыл жыққан қайынша,
Ел күлмей ме ессіз үрей ықпалына бой үрса?!
Өзін-өзі олтіруге тиісті еді Транзей
Сол кездегі әміршінің қатал заны бойынша.

“Мені айналып, өте алмайтын кезенге тап
бодлың ба?”

Дегендей-ак жарқ-жүрк етіп қанжар жатты алдында.
“Қайсар Рим заны солай,
Козінді енді құрт, батыр”, —
Деген сөзді оймен айтып, біраз адам сыртта тұр.

Болме дел-сал, жүріп жатыр өмір, өлім таласы,
Ал, қанжарға кол бармайыды, бұл азапқа қараши.

Гүлзар тірлік қимастықпен жымығанда қызылып,
Ең бастапқы катқыл ойы бірте-бірте сүйылып,
Дір-дір етіп, дегбірі ұшып қалшылдады бейшара,
Намысына тірек етер ерлік таппай күйініп.
Осы сәтте кіріп келді Ария,
Ақша кардаң аппақ көйлек киініп,
Жанарынан жан тербетер назды сөule құйылып.

Аскак ұстап, сұнғақ бойын сымбатты,
Транзейге әйел былай тіл қатты:
“Кудай саған еркек деген ат берді,
Дәулет берді,
Атақ берді,
Бак берді.

Шараң қанша, енді соның бәрімен,
Коштасатын шақ келді.
Кимекпісін корқақ атын ноктағып,
Қалсын десен еркек атын сақталып,
Есінді жи, айнам менің, есінді жи, камықпа,
Ел мазагын көтеруден өлім ауыр болып па?!

Илан маған,
тіпті түк те қындығы жок мұның,
Батыл ұста қанжарынды,

батыл ұста, шоқтығым!
Ездік мінез сынға түспей қойсын қайдан байқала,
Киындықсыз келген бақыт кетер кезін айта ма?
Бұл ерлігін болсын сенің ең алғашқы, ең соңғы,
Кәне, менің кимылымды қайтала!”

Аррия ару Транзейге ойлы көзін ойната,
Жүзін гүлдей жайната,
Құле қарап түрдү-дағы, қанжарын
Жүргегіне сүғып алды бойлата...

.....

Шулы, даулы пікір тастап артында,
Бір-біріне қол созысқан қалпында,
Біраздан соң екі бейне жатты ұнсіз...
Кемітпеген тіпті корқақ күйеуінің наркын да
Ұлылық бар сол әйелдің данкында...
Бірақ мактау қажет те емес алтынға.

ҒАШЫҚТЫҚ ҒАЛАМАТЫ

Атақты “Корлан” әнінің авторы Естай ақын 72-ге келіп, тіршілікпен қоштасар шағында аласұрып жан досы Нұрлыбекті ізделті. Екі күндік қашық жерде тұратын Нұрлыбек аттан құлап, аяғын сындырып алғанына қарамастан арбага жамбастай жатып досына жеткен екен. Сонда Естай әбден жүқарып тозуга айналған сүқ саусағындағы жүзігін көрсетіп: “Сүйегіме кіретін қарттарға ескерт. Мына жүзікті жарты гасыр қолынан тастамай келгенімді білесің. Ендеше қалған гасырларда да саусағында жарқырап жатсын... Ұлы сезімін кішкене жүзігіне сыйдырган қайран Корланым-ай!” — деп ағыл-тегіл жылапты.

Бірде Евгений Евтушенконың үйінде шет елдік достармен болған бас қосуда мен осы оқиғаны әңгімеледім. Кенет итальян мүсіншісі орнынан тұрды да: “Мұнда сүйегініне қосыла алмаган Естай ақынның сағынышы мен зары гана емес, бүкіл бір үлттың махаббатқа

деген мінезі мен ерлігі жатыр екен. Осы Естай мен Қорланды тұған халақтың денсаулығы үшін тост көтеруді ұсынамын”, — деді.

Сол сәттегі төбем көкке екі-ақ елі жетпей түрдү.

Қартан әйел жұмысъыма іздел келіп, жылады:
“Жалғыз қызым бар еді, айнам,
тірлігімнің шынары.”

Еркелеттім,
Өмірімді желкен еттім жолына.
Тек сол гүлдеп толыссын деп,
Тек сол кисін, сол ішсін деп,
Ештеңені аяғам жоқ, бәрін бердім колына.
Кызыым сұлу бой түзеді, ой түзеді жайдары,
Ой түзеді көз жауын ап кызғалдақтай майдағы,
Алды болды құрбысының бірге өскен.
Үмітіме бак пен қайғы қалай катар мінгескен?
Бекер,
Бекер жіберіппін еркіне,
Ерте түсіп қалды-ау, сірә, албырт сезім өртіне.
Бакытты едім.

бакытты едім мен кандай
Қашан қызын жолыққанша ғашықтықтың дерптіне.
Күзетшімін бұл құн есік торыған,
Туар айым тумай қалды онынан.
Үш жыл болды.

Бұйрабас бір әртістің
Сорлы қызыым жүгіріп жүр сонынан.
Ал од иттін

(бұл қордыққа қараңы?)

Бар әйелі, баласы.

Үйленуге қайдан келсін ш

Кызыл

Біледі!

Біле тұра селт етпейді жүрегі.

Небір >

Мазақ етіп кетпеді ме елемей?

Бұл не деген көлден табар бакыт

Шөлден іздең жаңылысқан шө

Деп сенсем де: бакыт алда, жол алда,

Адаскандай кейіптемін боранда.

Ал ол үшін бүйрабас сол әртісте

Артық жан жок ғаламда.

Тек соны ойлап беріледі

Тек соны ойлап жылайды үйде калғанда.
Сосын қайта жымияды:
— Менен асқан бақытты
Адам жоқ деп жалғанда.
Дауа бар ма, дауа бар ма талғамға!
Жақын тартып сырласымдай бұрынғы,
Кешір, калкам, саған аштым сырымды. .
Сен ерекше сыйлы жансын қызыма,
Сыйлайтыны — жатқа оқиды жырынды.
Өзіне аян, қыз көнілі — гүл нәзік,
Жене алмаспаз өр мінезбен үр да жық.
Өтінемін,
Сол бақытсыз сорлыға
Кол үшін бер, ой саларлық жыр жазып”.
Соны айтты да, шығып кетті ол, қоштасып,
Тұрып калдым ойым мұнмен астасып.
Көз алдынан кетпей койды мұнлы ана,
Көз алдынан кетпей койды жас ғашық.
Өлке данқын артканымен арқаға,
Әлі күнге түспей келген картаға,
Қыран ғана қалықтайтын көгінде,
Бұлттан биік занғар аз ба,
Сұрап койған тандар аз ба,
Жазылмаған зандар аз ба өмірде?
Күдіс пейіл кедергіден кайтқанымен меселі,
Ғашық жүрек өз тағдырын өзі ғана шешеді.
Жыға алмайды оны жұрттың өсегі.
Бұған дәлел — құдіретті “Корлан” өні кешегі.
Касіретті сәт сокканда өбден мендеп кеселі,
Қайран Естай, кимас досын шакырып,
Былай депті деседі:
— “Ей, Нұрлыбек, еренім!
Жетпіс екі жасымда
Тұзағына іліндірді мені өлім.
Тулағанмен, амал нешік, көнемін.
Тіршілікте аз созбап ен кол үшін
Олген соң да қажет боп тұр көмегін.
Дәл өзіндей кайдан ұқсын қайғымды ел,
Ғашық көніл — мәнгі жасыл айдын көл.
Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір,
Ал қалғаны жай күндер.
Көлмен көлдей,

таумен таудай тенденсе,

Естай Естай бола ма?!
Онсыздагы жаны сұлу балаңа
Сұлу өлім сыйласпсың-ау, Жер-ана!” —
Деп жылапты кемпір байғұс еңкілдеп,
Ақ жаулығы ай нұрымен желкілдеп.

Нағыз ғашық карттығына көнер ме?!
Қорлан өзі кейінірек қылтамактан өлерде,
Әжімді жүзі қуарып, тұнеріп,
Күйеуін сыртқа шығарып жіберіп,
Ақпалап, козып делебесі де,
Бойжетіп қалған немересіне
Естайдын әнін салдырып,
Жанарын шоқтай жандырып,
“Бақыттымын, бақыттымын”, — депті де,
Көз жұмыпты мәнгілік.

Ғашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды жазалы.
Адам азса ғашықтықтын жоқтығынан азады.
Ғашық жыры — тіршіліктің көкейтесті өлеңі.
Ешбір геометриямен
Өлшенбейтін қөлемі.
Бұл сезімнін ұшан-теніз адамзатқа берері.
Ғашық болу келсе кімнің колынан
Әлем соган сенеді.
Құлай сүю — ерлікпен тен себебі!
Апатай-ау,
Онда неге итереміз ғашықтарды қакпанға?
Көнілінің күні жоктардан
Табанының бүрі жоктардан
Жұрт онсыз да зардал шегіп жатқанда.

Апатай-ау,
“Кызыым батты күнәға”, —
Деп камығып жылама,
Жанарынды қасретке бұлама.
Мұмкін, жолы сөтсіз шығар...
Бірак сүю бақыты
Кез келгенге тартылмайтын сыбаға.
Апатай-ау,
Сенімінді жасытпа,
Кашықтықты жене білу — мықтылық,
Нағыз бақыт — жақында емес, кашықта.

Кел, ендеше, орнымыздан тік тұрып,
Тост айтайық
Кашық, киын жол таңдаған ғашықка:
Аспаны ашық болсын деп,
Сәулесін алыска шашып қалсын деп,
Өлім де бөле алмас ғашық болсын деп,
Адамдар оларды соттауға
Асықласын деп!

ЕРКЕКТЕР ЖЫРЫ

...Біздін тауда канатына қанғырған бір оқ тиіп,
Ата қыран ұсында тартып жатты көп күйік.
Кей кездері ыздан жарылардай
Дөнбекшіді ол корлыққа бағына алмай.
Бала қыран күндікке тауды кезіп,
Жем тасыды ұяға жаны калмай.
Ата қыран перзентінің камкорлығын құп алып,
Шүкіршілік етті іштей қуанып.
Ол ойлады: “Ұзак кайғы бола қоймас бұл аса,
Құлан таза сауығамын, тағы екі-үш ай шыдасам”.
Бірақ бір күн бала қыран оған былай тіл қатты:
“Баға жетпес асылымсын, ардағымсын, қымбатты.
Әбден қажып сорладың-ау, жүдедің-ау тым қатты.
Есіме алсам баяғы шат күндерінді енселі,
Жаным жылап аяп кетем, аяп кетем мен сені!”
— Токтат! — деді ата қыран қалш-қалш етіп дoldанып, —
Бекер жатқан екенмін ғой, ұлым бар деп малданып.
Кокірегін бір алапат ыза буып алды да,
Ұясынын аузына әрен жүріп барды да,
Жан шошытар жалтыр құздан құлап өлді табанда
.....
Калқам!
Ерлік данкы қанат жайған мына ұлы заманда
Мұсіркеу сөз есітуден өлім женіл маған да!!!

ӘЙЕЛДЕР

Не толкытса, сонын мұнын тартасын...
Аурухана ауласында сыйырлатып картасын,
Жанарында әзіл ойнап жарасты

Маған бір қыз бал ашты:

— Науқастан ба, ерінің кезерген,

Жазыласыз,

Налыманыз бекер сіз.

Әйтседе өйел қауымына ежелден

Немкүрайды қарамайды екенсіз.

Сүюді Сіз ерлік деп те айтасыз,

Онсыз ақын боларсыз ба ой өрген.

Дегенмен сіз абайланыз, байқаныз,

Бағыныз да, сорыныз да өйелден.

— Бәрекелде,

Өркен жайсын талабын,

Сөуегейі сен боп жүрме қаланың.

Бұл бетінмен сығандарды жұмыссыз

Калдырарсың, карагым,—

Дедім күліп. Бірақ қыздың байсалды

Әзіл сөзі маған біраз ой салды.

Дүниеге қан тамырдай тарайтын

Жер бетінде өйел жайлы ертек көп.

Әйелдерге немкүрайды қарайтын

Еркекті мен санамаймын ерекек деп.

Кай кезде де сұлулықтың жолы — мұз.

Әйел — біздің әзиз байлық қорымыз.

Әйел — біздің тағдырымыз,

Тағдырымыз болған соң,

Белгілі ғой, бағымыз не сорымыз.

Хас сұлулық әлсіздердің қызығанышын маздаткан,

Ал қызығаныш құрды деп кім айта алады аз қакпан.

Бір өйелге бола кейде ел менен ел жауласып,

Жер жастанған боздақтар.

Оған куә — анау төбе томпиган,

Анау шындар құлактары қалқиған.

Сан үрпакқа тұлға болған ақындар

Бір өйелдің намысы үшін жан қиған.

Мағынасыз жылтыракты сақтамайды ел еске.

Жалын болып, жылу болмау,

Әйел болып, сұлу болмау —

Табигатты алдаумен тең емес пе?

Гүлзар өйел қауымына сұлулықсыз бак қайда,

Шын сұлулық терендіктे жатпай ма?

Кайырлаткан кемесін талай ердін

Саяз көлге шашылмағай шүғылан.

Терендігі жок әйелдін
Корку керек сырткы сұлулығынан.
Әйел — еркек намысының корғаны.
Нагыз сұлу әйел табу —
Бүкіл еркек атаулының арманы.
Нагыз сұлу әйел үшін қажет кезде жан қио:
Бұл — жіттік кодектің жазылмаған тармағы.
Бірақ, бірақ талайлардың бақты алыс сорынан,
Бұл кез келген бөріктінің келе бермес қолынан.
Ерлік семсе, азаматтық семеді.
Үлкен ерлік үлкен құшке келеді.
Маған ғашық бір әйел бар.
Ол әйел
Менде сондай құш барына сенеді!

**СҰЛУЛЫҚТЫ СЕЗІНУ
НЕМЕСЕ
ҒАБИДЕН МҰСТАФАЙНМЕН КАРТТАҚ
ЖАЙЛЫ ӘҢГПМЕ**

Нар көнілдін жастығы ма,
 Әлде оянған арман ба,
Жұз жасаған Жамбыл ақын кешегі,
О, керемет,
Грузияға барғанда,
“Бір сұлуға ғашық болты” деседі.

— Міне, нагыз бүтінгінің батыры,
Катал уақыт қарияны сала алмапты-ау тезіне.
Неікен кайсар сұлулық бұл, —
 деп бір орыс ақыны
Жас алыпты козіне.

Иә, карттар бар арғымағы арманнан,
Жігерімен дүр сілкінтекен даланы.
Сұлулықты сезінуден қалған жан
Бөрінен де калады.

Жер бетінде жел өшірген із аз ба,
Жігерсіздің өрісі әр кез тар болған.
Отызында кемпір болған қыз аз ба,
Жігіт аз ба отыз бесте шал болған?!

Кім жас,
Кім карт,
Уақыт өзі іріктер,
Ер көбейсін ат қып мінер киялды.
Карттық — оттың азаюы,
оты азайған жігіттер
Қай кезде де қогам үшін зиянды.

Бақылтысың әр таң сайын көзінді
Сұлулықка суарудан қашпасан.
Картайдым деп алдай көрме өзінді,
Карттық жаспен өлшенбейді ешқашан.

АРМАН

Ерте, ерте,
ертеде
Отырарда,
Біздің інкәр өлкеде,
Иық бүрмай тек білімнен басқаға
Катар өсті екі бірдей жас бала.
Катар жүріп сан өнерге машикты,
Бірге оқыды,
Бірге ойнады асыкты.
Екеуіне назар бүрдү ел ерек,
Әйткені олар дарынды еді керемет.

“Таңдаймыз өрісті оймен татымак”, —
Деп куана езу тартты атырап.
Ал дарындар медресені тауысты
Он екіге жасы ілікпей жатып-ак.
Сыбағасын тағдыр дара бөлгендей,
Өсө берді төске шауып, төрге өрлей,
Екеуіне караган жұрт сүйсінді,
Отырардың болашағын көргендей.

Отырарда жаңы жайқын дария,
Ойы безбен бар еді бір қария.
Сол қария бір күні екі шәкіртті
Құрметпенен өз үйіне шақыртты:
— Балакайлар, балапандар, көк өрім,
Сендерге бір сауал койсам деп едім,

Тұған жан деп өнерімен, өртімен
Екеуінді сөз етіп жүр ел түгел.
Мен де танып білсем деп ем,
Кімсіндер?
Кандай арман жетегінде жұрсіндер,
Кандай бағыт ұстайсындар түбінде,
Сонша неге құштарсындар білімге?
Кане, Дойыл, сен айтшы?

Дойыл айтты: — Жалғыз арман бар менде,
Шектесетін құлықпен де, армен де.
Жалын шашса өнерімнің өрнегі,
Сонау Йемен, Мысыр, Бағдат елдері
Түгел танып жыр ететін таңдана,
Саудагер боп шықсам деймін, жан баба.
Тірлігімде жабырқамай, жасымай,
Ата жолын қусам деймін осылай.
Бой шалдырмай бос мактан мен өсекке
Өмірімді құрсам деймін есепке.
Ұтыласын, жебемесе желекті ой,
Бұл өнердін табиғаты ерек кой.
Қаншама елмен сауда-саттық жасауға
Соншама елдің тілін білу керек қой.
Табу үшін жұрт таппаған айланы,
Көрү үшін жұрт көрмеген пайданы,
Шығу үшін жұрт шықпаған белеске,
Жұрттан аскан білім керек емес пе?
Тілін тапсан кім созбайды қол ұшын,
Өнер қажет, білім қажет сол үшін.

Карт күрсінді: — Ұлым, желік қуыпсың!
Неге мұнша желтоқсандай сұыксың?
Бағымызға туған дарын болар деп
Куанып ем,
Сорымызға туыпсың.
Сор боларсың, одан не мән табарсың,
Арманыңды, бәлкім, кайта қаарарсың?
Бірак Дойыл тұрып алды пандана:
— Арманымды өзгерте алман, жан баба!

— Ал сен қалай бағыттадың нұрынды,
Жасырмай айт,
Жасканбай айт сырныңды, —

деп кария Дойылмен бір отырған
Ұн шәкірт жас Әбуге бұрылды.
Әбу айтты: — Менде де бар бір арман,
Маздал жаңып, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым —
Парыз бенен махаббаттан құралған.
Шамын жақсам ғылым менен өнердін,
Елімді зор мерекеге бөлермін.
Бұл сапарым азапты да шығар-ау,
Не де болса пешенемнен көрермін.
Мейлі, мәңгі жарымайын киімге,
Мейлі, түйір нан қалмасын үйімде,
Мейлі, ұлының енбек етіп арымен
Жүргендігін ұғынбасын қалың ел.
Карлы боран қыран жолын бөгер ме?!

Өнеріммен тасып толам кемерге.
Мен өзіме риза емеспін,

елімнің

Сүйеніші бола алмасам егерде.

Карт жымиды: — Бәрекелде, жаз жайран!
Көл болмаса тоят табар каз қайдан?!
Біреуіннің арманынан шошып ем,
Бірің, міне, еттің лезде мәз-мейрам.
Бірің үшін құрсінумен өтермін,
Бірің үшін сүйсінумен өтермін,
Сойте-сойте мен де өмірден кетермін.
Беттеріннен жарылқасын, тәнірім,
Ал жарайды, батам осы, барындар,
Отырарда туған ұлы дарындар!

Әжуасын өжіміне жасырып,
Жылдар акты,
Жылдар акты асығып,
Жалын еді-ау арманы айқын, өр көніл,
Екі досты екі арнаға бөлді өмір.
Дойыл солай өзгерптеді шешімін,
Дәulet оған жылдам ашты есігін.
Өнері аскан саудагердің көп өтпей
Бағдат, Мысыр түгел білді есімін.
“Есепсіздің несібесі озар ма?”
Әйелін де баулыды ол со занға,
Конаққа арнап асылатын етті де

Өзі салып беріп жүрді қазанға.
Тек байлыкка деген жұтандарандақ
Жіберді оның бар өнерін қарашып.
Міне, осылай жазық дарын, жас тұлға
Ұшырады әбілетті тозғынға.
Саудагерді өзге түгіл

өзінін

Үрпактары кетті ұмытып аз жылда.
Ал Әбу ше?

Кенге жайды ол қанатын,
Әбуіміз — әрі ғалым, әрі ақын,
Әбуіміз — біздің ұлы бабамыз
Әбу-Нәсір әл-Фараби болатын.

МӘҢГІЛАУЛАП ЖАНУ ҰШІН ҒАЛАМДА,
ҰЛКЕН БАҚЫТТАБУ ҰШІН ҒАЛАМДА,
ҰЛКЕН БОЛЫП ҚАЛУ ҰШІН ҒАЛАМДА,
ҰЛКЕН АРМАН КЕРЕК ЕКЕН АДАМҒА.

ШЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОҚИҒА

Жасарал Илиясовқа

Бір-бірінен көз айырмай үздігіп
Күзар шынның басында түр кыз, жігіт.
— Қыранымсың құллі Қавказ мактаған,
Қанатына алғаныңа шаттанам.
Тағдырымды бердім, жаным, колына,
Енді өзін біл,
Сенсіз өмір жок маған! —
Деді сұлу жасаурап от жанары.
Жігіт те оған ырзалықпен,
Ерге біткен мырзалықпен
Жүрегінен жалын шаша қарады.
“Қандай бакыт түсініскен, сеніскен”.

.....
Біраздан соң қику шыкты еністен —
Бұл, өрине, күғыншының хабары.
— Нар тәуекел,
Келсе, келсін! — Батыр жігіт томсарды,
Томсарды да, қанжарына қол салды.
— Жо-жок, күнім,

Қайсарланба бекерге,
Жалынамын,
Әкеме қол көтерме.
Жазмыш солай болған шығар,
Көнеміз.
Әттен, ерте кайырлады-ау кемеміз.
Енді бізге бір жүру жок,
Сондыктан
Екеуміз де құздан ұшып өлеміз.
Тіршілікте жетпесек те мұратқа,
Ақыретке бір барамыз бірақ та.
Ант еткемін алған серттен танбасқа,
Жасымаска,
Жұнжімеске,
Талмаска.
Өміріме шуақ қүйған өзің ен,
Өлімге де алдыменен сен баста! —
Деді ерні дір-дір етіп ақ мандай,
Ақ мандайы алауланып ақ тандай.
Жігіт үнсіз бас изеді құлімдеп,
Тұнғиықтан шығар бір жол тапқандай.
Ақтық рет қызды құшып сүйді де,
Өлімге емес,
Тойға бара жатқандай
Шыннан төмен қарғып кетті токталмай.

Қыз жылады құзға шағып зар-мұнын,
Қарғап, сілеп дүниенің тарлығын.
Секіруге сүйгенінің сонынан
Бірақ қүші жетпей қалды сорлынын.

Өзі берген сертін өзі сата ма,
Сатқандық па?
Атай көрме,
Атама!
Секіруге оқталғанда қайтадан
Өмір тәтті боп көрінді,
О, тоба!

Ат терлете
Көктеп өтіп шатқалды
Біраздан соң құғыншылар кеп қалды.
Қыз бейшара тұманданып көз алды,

Бір қызарды,
Бір сұрланды,
Бозарды.
Әбден қанып үғынған соң мән-жайға
Кияқ мұртты қызы ағасы сөз алды:

— Әке, қызын күйе жакты данқына,
Күйе жакты ата-баба салтына.
Сатқындықтан жиренішті не болмақ
Таудың кайсар ұлағатты халқына.
Неткен азап қорлық женіп арыған
Қызынды енді бөгеме, әке, жолынан,
Батанды бер,
Сертін жықпай аттансын
Сүйгенінің сонынан.
Бұдан төте өткел бар деп іздеме,
Осы женіл өзіне де, бізге де. —
Сосын қызға бұрылып:
— Кәне, қалкам, неге тұрсын үдеріп?

— Әмин, — деді әкесі де тұнеріп.
Кәрі көзін күдік катқан
Ту еністе жігіт жаткан
Құзар шынның қойнауына жіберіп.
Қыз жылады:
— Арым да кан,
Жолым кан.
Кинамандар,
Солай болды сорымнан.
Өз еркінмен өлу ерлік екен гой,
Ондай ерлік келер емес қолымнан.
Перзентінді ете көрме келеке,
Ая мені,
Ая мені, жан әке!
Ағасы айтты:
— Олай болса мін атқа,
Тағдыр сені салды дүлей сынаққа.
Сексендерігі мәужіреген шалды ертіп,
Көзінді құрт туған жерден жыраққа.
Көктем коныс тепкендей-ак іргемде
Шаттанушы ем, сен қасымда жүргенде.
Әкем сені шалға берем дегенде
Осы опасыз мінезінді білген бе?

Тіршілікте ез адамға көп өлім,
Неге ғана, қуғыншы боп кеп едім.
Жігітінді сүйгендігін шын болса,
Әкеме ара түсейінші деп едім.
Кайран жігіт жүрегіне нұр тұна
Өліп кетті сені тастап жүртына.
Кебек толы құмыраның келісті
Ішін көрмей,
Ғашық болып сыртына.
Тек ол өлім — өнегелі өр өлім,
Өр өлімнен шын ғашықтың құдіретін көремін.
Неге бізде еркін, ұзак ғұмыр сүрген нар жок?
Нар жоктығы — Нарды жығар сен секілді жар көп.
Қалың жүртты мен екіге бөлемін:
Сүйе алатындар деп,
Сүйе алмайтындар деп,
Сүйе алмайтынына
Ұялмайтындар деп.
Сәтсіз бітті пенделікпен күресін,
Сен, әрине, соңғы топқа кіресін.
Сүйе алмаудың зор касірет екенін
Пендelerдің есіне сап жүресін.
Карлы Кавказ артып саған ұлы айып
Аянышпен қарап тұрар мұнайып.
Шын сүюге кабілеті жетпеген
Әрбір адам мұсіркеуге лайық!

АЛТЫН, КҮМІС ЖӘНЕ ҚАЛАЙЫ

Шыңғыс Айтматовқа

Пәстеу соғып сырт көркі мазмұнынан,
Бекер болды-ау, мезгілсіз тозды бір ән.
Мыстан құйдық тұлғасын ұлылардың,
Жер бетінде алтынның аздығынан.

Міне, тағы құлашын жазды бір ән,
Көркі осалдық етпегей мазмұнынан.
Сорпа ішеміз қалайы қасықпенен,
Жер бетінде күмістің аздығынан.

Жасық жайлы жасампаз ойға қалып,
Жарар еді кетпесек майдаланып.

Сары шымшық сан рет той бастады,
Бұлбұлдардың аздығын пайдаланып.

Қалайы өтсе күмістің есімімен,
Үйреніпіз карауға кешіріммен.
Соның бәрі асылдың аздығынан,
Азға зорлық жасаудың кесірінен.

ЖАЙЫҚПЕН ЖҰЗДЕСКЕНДЕ

O. Еркіновке

Сәлем, ұлы Жайығым!
Толқыныңа кім салмады қайығын.
Кім шертпеді саған келіп шаттығын,
Кім жумады саған келіп айбын.
Ғұмырында қозғалыстан танбадың,
Заманаңдар қанатында самғадың,
Ғасырлар мен ғасырларды жалғадың,
Айтшы маған, бар ма сенін арманың?
Куат-құші сендең ұлы дарынның
Орталанса қайтер еді, Нарын құм?
Жадыратып сен ашпасаң қабағын,
Халі қалай болар еді даланың?
Сен айнысан міnezіннен дағдылы,
Қалай болмак қарт Каспийдің тағдыры?
Жұрт көп еді атак-данктан үмітті,
Оның көбін катал тарих ұмытты.
Тұған Отан мәңгі ұмытсын мені де,
Сендей өзен бола алмасам еліме!

* * *

Байқаймысың,
Байқаймысың
Мына ғажап тамашаны:
Бір адамға байланысты бір адамның болашағы.
Байыпченен көз жіберсен асау жылдар өрісіне,
Бір адамға байланысты бір адамның женісі де.
Бұл замани қағиданың мүмкін бе екен қонермегі,
Қозы Қөрпеш аман тұрса, Баян сұлу өлер ме еді?

Исатайды женбесе жау, Махамбетті женер ме еді,
Кайран ақын тағдырының соққысына көнер ме еді?
Кайран ақын — сұнқар киял, наркессен ой, батыл арман,
Исатайдан айрылғанда жер бауырлап жатып алған.
Бұдан асқан кайғылы түн конған емес басына оның,
Досы барда алшысынан тұрушы еді асығы оның.
О, сұмдық-ай,
Жаулық сезім парасатты паналапты,
Исатайдың өлімімен Махамбетті жаралапты...
Кадірлім-ау,
Көз жіберші асау жылдар өрісіне,
Бір адамға байланысты бір адамның женісі де.
Кейде мені мұқатпақ бол жаулар сені жамандайды,
Ал егер сен жамандалсан, бұл, әрине, маган қайғы.
Басымызға шыыр-шиыр күн туганда құстаналы,
Кейде мені жену үшін жаулар саған күш салады.
Тайғақ өмір жолдарында сүрінгенде тірек алар,
Сүйенішім сен екенін айтпастан-ақ біледі олар.
Әлемнің бар ажарынан бізге достық сымбаттылау,
Мен жадырап жүрсін десен, сен мықты бол, қымбаттым-ау.

ЖАЛЫН

Өтудесін,
өтесін замандарым,
Құпиям көп үкпаган, түсінбеген.
Әкем менін жек көрген адамдарын
“Жалыны жоқ сорлы” деп мұсіркеген.

Алдан інкәр үміттің жолын көрем,
Жолын көрем,
Жанымнан жалын көрем.
Мұсіркетпе тағдырым мені ешкімге,
Мұсіркеген адамның колында өлем.

Ғасырына өн берген,
Ерлер аз бап шапағатын ел көрген,
Жас шағында-ақ заманының занғар ойын менгерген.
Керінше, сакал-шашын күнге ағартқан карттар бар,
Жасы жүзге келгенмен.
Данқы шырқау ел рухын айқындаитын денгейдін,
Жас кезінде жалыны жоқ жігіттін,

Жас кезінде арыны жоқ жігіттің
Ертең ерлік жасарына сенбеймін.
Иә, жастық шақ бола алмайды ешқашанда жарлы ұғым,
Аяу керек
Жастық отын ерте өшіріп алғандардың барлығын!

ЖАНЕРКЕ

I

Сонау-сонау Алматыдан алып-ұшып хат келді,
Хат келді де Бапа апайға бір қуаныш ап келді.

Секілденген жанарының ағы менен карасы,
“Демалысқа барып қайтам”, — деп жазыпты баласы.

Шүкір-шүкір, жалғыз ұлы қазір елге мактаныш,
Ержетті де, арман қуып туған жерден кетті алыс.

Алыс кетсе, несі өкініш, көніл көгі аршылар,
Көніл көгі аршылар да намыс атын камшылар.

Көне, кімнің аузы бармак жас жігіттің от кеуде
Туган жерге деген гүлзар махаббаты жоқ деуге.

Құннен-қүнгө дарынының ашылғандай бұлағы
Өлендері газеттерден күле қарап тұрады.

Ана соған мәз болғандай жанарына жас алып,
Жайлауына жаз конғандай қалады бір жасарып.

Кызғалдақтай сымбатына көрген адам қызығар,
Қызылқұмнан көшіп келген көрші үйдің жас қызы бар.

Ер жігітке онайлықпен ұстаптайдын мұраттай,
Сыңғыр-сыңғыр шат құлқісі таудан акқан бұлақтай,

Саттар жырын сактайдығын киып ап ол газеттен,
Сонан кейін анаға кеп жатқа айтатын кезекпен.

Шіркін, ана, қондырғандай арманының тан құсын,
Жыр оқыған жәудір көзге жаудыратын алғысын.

“Кандай жайсан өсем тұлға, қандай нәзік гүл көніл,
Маган-дағы нақ осындай керек еді бір келін”.

Деп өзінше игілікті ойға шомып ана бір
Карсы отырған бойжеткенге қадайтұғын жанарын.

Ал бойжеткен сыр бермейтін мұндай киын шакта да,
Үндемейтін, төмен қарап құлімдейтін тек қана.

II

Үш күн өтті Саттар туған ошағына келгелі,
Үш күн бойы ескі досы кітап болды ермегі.

Сәл кідірсе, жастық шағы балак түріп қашардай,
Терен тарих айдынына үңіледі бас алмай.

Ана байғұс көзбен бағып ұлының қас-қабағын,
Бәйек боп жүр: — Жүзін солғын, жүдеусін ғой, карагым?

— Жай ғой, апа, мазаланба! — деп бір ауық тосылды,
Бойын ауыр сыркат мендеп жүргендігін жасырды.

Кенет есік ашылды да, үйге бір жас қыз кірді,
Асая тайдай өлі ешкімге ұстатпаған тізгінді.

— Кел, Жанерке,
Кел, жарығым,
Кане, төрлет,
Токтама,
Өзінді ойлап отыр едім... — деп калбақтап жатты ана. —

Бұрын ылғи жырын мактап шулатушы ең құлағын,
Енді өзімен танысып кой, аған — мынау, шырағым!

Танысты олар. Сол таныстық сыйластыққа ұласты.
Апта өтпей-ақ кос қеудеден кимас сезім гүл ашты.

Аткан таң мен батқан күннің бәрі есінде тұра ма?
Бірак бұл күн ұмытылmas, ұмытылmas, сірә да.

Саттар қызға жыр оқыды от ұшқындал қозінен,
Ертең сапар. Анасын да ала кетпек өзімен.

Коштасарда Жанерке де жанарына жас алды,
Бойын бірақ нық ұстады өрлігімен қашанғы.

Сосын жакын туысындау бауыр тартып Саттарды,
Көніліне үя салған бір мақсатын актарды:

— Мектепті де бітірер кез таяу қалды, жан аға,
Жазға таман оқу іздел барсам деймін қалаға.

— Тіпті ғажап! — деді Саттар жангандай бір арманы.—
Құтіп алам, келерінде хабар берсен болғаны.

Кыз қуана бас изеді, албырады гүл өні,
Бір белгісіз сағыныштан тулағандай жүргегі.

III

Атқан тан мен батқан құннің бөрі есінде тұра ма,
Жаздын ерке сол бір кеші ұмытылmas, сірә да.

Асығады пойыз алға, ойнап ерке жемменен,
Сол пойызда кыз келеді бакытына шөлдеген.

Киялына атар таңнан таң-тамаша қүй еніп,
Кен далага көз тастайды терезеге сүйеніп.

Сан ғасырдын жауынымен, дауылымен алыскан
Кожа Ахмет ескерткіші кол бүлғайды алыстан.

Калып жатыр қыр-адырлар ұлан-ғайыр аумағы,
Казығұрттын қарт тауы мен Тұлқібастын баулары.

Әне, анау Алматынын Алатауы ақ қарлы,
Кыз тағы да күлімсіреп есіне алды Саттарды.

Бұл сезімнің мүмкін емес алдамшы өсер болмағы,
Бәлкім, казір мені күтіп тұрған шығар ол дағы.

Вокзал басы. Жадырайды асқақ қала алмалы,
Бірақ мұнан Жанеркені ешкім күтіп алмады.

Көнілсіздік көленкесі жүзін бүркеп шырайлы
Өмірінде тұнғыш рет нақ осылай мұнайды.

Енді бір сәт алысқандай қыз өзінің ойымен
Жоғары өрлеп жүре берді кен көшенің бойымен.

Тұрып қалды, салғырт жүріп барды-дағы шамалы,
Карсы алдынан қалың жиын келе жатты Карапы.

Калың жиын келе жатты жүректері жарапы,
Оркестрдің зарлы даусы мұнға бөлеп қаланы.

Ал Жанерке назар салмай тұра берді бұған да,
Тұра берді, басы айналып адасқандай тұманда.

Неге, неге кешікті екен, Саттар қайда жаны асыл?
Жырларымен тербететін қазактың кен даласын.

Саттар қайда, шынымен-ақ, қыз көнілін үқпай ма,
Қайда сол бір мейірімді жан, күліп алдан шықпай ма?

Амал қанша, сүйіктісі алыс жолдан келгенде,
Туған елі оны әкетіп бара жатты жерлеуге...

IV

Кой, Жанерке,
Ұзак таңға өкси берме,
Тыным ал.
Сенін тілсіз қасіретінді дәл өзіндей кім үгар?

ДОСТЫҚ ӨЛКЕСІНІҢ ЗАНЫ

Икрам Төлеевке

Алдымызда қанша сауал тосылды,
Өмір бізді ерте үйірді биіне.
Сәби кезім.
Бірге ойнайтын досымды
Ертіп бардым нағашымның үйіне.

Сәбилік шақ!
Сүттей аппак кезең бұл,
Анғал, бейқам балбұлақтай сыңғырлы.
Досым “киіп көремін” деп әжемнің

Андаусызда көз өйнегін сыңдырды.

Енді қайттік, амал-айла азайып,
Құтылуға өткел іздеп тарықтык.
Досым менің үян еді ғажайып,
Әжем өте катал еді, жарықтык.

— Бала мүнша бола ма екен мазасыз,
Қане, кайсың көзәйнекті сыңдырган? —
деді әжеміз, — қалдырмаймын жазасыз,
Сыңдырган кім? Алдыма кеп түр жылдам!

Енді қайттік, кім ұсынбак көмегін?
Бұл қырсықтан құтқармақ боп досымды:
— Мен сыңдырдым, кешірініз... мен едім... —
Дедім үнсіз төмен салып басымды.

Бір ерекше дүлей мінез тосып ек,
Шіркін, адам табиғаты-ай сан қырлы.
Қанша ашулы болғанымен осы рет
Әжем мені жазалаусыз қалдырды.

Лезде кайта көтеріліп еңсеміз,
Көніліміздің айдынынан күн күлді.
Сол сәтте інім сыйыр етті:
“Сенбеніз,
Көзәйнекті конак бала сыңдырды”.

Әжем кенет ашу буып қүйгелек,
Ашу буып ан-тан болып қалды да:
— Жүр бері, — деп құлағымнан сүрелеп
Ертіп барды нағашымның алдына.

“Кой, бәйбіше, дау тудырма бекерге, —
Деп нағашым әнгімесін жалғады, —
Айып па екен, өзін беріп катерге,
Ер жігіттің досын қорғап қалғаны.
Достық деген ізгіліктің алаңы,
Оған күә ғасырлар мен замандар.
Отанын да сатып кете алады
Киын шакта досын сатқан адамдар!”

ЖІГЕРЛЕНДІРУ
немесе
өзін бақытсызыбын деп
есептеген жігітке жауап

Сен жыладың, жігітім,
Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,
Кайтпады деп жүртқа еткен жақсылығым.
Сен жыладың,
Сезімің жасып ағып,
Кіп-кішкентай баланды касына алып.
Қырмызы құнім өтті деп.
Сенгенім сатып кетті деп.
Сен жыладың:
Анғармай калдым орды деп,
Қадамым сәтсіз болды деп,
Бір қатты сокқы алдым деп,
Бақытсыз болып калдым деп.
Сен жыладың:
Мен бірақ селт етпедім,
Білем сені тағдырың өркө еткенін,
Білем сені — өр көніл, жомарт едін,
Енді бүгін... калай бұл кер кеткенін?
Жә, жә, жарап,
Өткен құн оралар ма,
Қарау керек, бауырым, саған алға.
Басындағы бөрік пе,
Орамал ма?
Бөрік болса, ауыс тез баска күйге,
Көз жасынды көрсетпе жас сәбиге.
Көз жасынды көрсетпе, сұранамын,
Әй, әй, жігіт, сен маған ұнамадың.
Жас нәресте көруге тиісті емес,
Әкесінің енкілдеп жылағанын,
Әкесінің тым күйреп құлағанын.
Ерлік пенен ездіктің жолы катар
Екеуінің арасы бір-ақ адым.
Көз жасынды көрсетпе, сұранамын.
Көтер, көне, басынды,
калай бұның,
Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?
Көтер, көне, басынды,
Күнінді босқа өткізіп пе едін,

Тағдырын неге сыр айтты саран?
Өмірдің барлық сәтсіздіктерін
Бақытсызық деп кім айтты саған?
Кім айтты саған:
Тұлпарды сүрінбейді деп,
Асауды мінілмейді деп,
Ақ койлекti кірлемейді деп,
Кара ешкі мұжіген ағаш
Кайтадан гүлдемейді деп?
Кім айтты саған:
Жұрттың бәрі мейірбан, арайлы деп,
Жұрттың бәрі шындықты қалайды деп,
Биікті ардақтайды деп,
Асылды корлатпайды деп...
Токырау білмес айбыны
Адалдық деген — өлемнің ұлы байлығы.
Бетіне жиган ұтты
Әйтсе де, кейде ол кінөмшіл бала сияқты.
Тірлікте осы баланы
Өкпелететіндер бар да,
Жұбататындар бар.
Жек көретіндер бар да,
Ұнататындар бар.
Арын сатып қорлайтындар бар да,
Жанын сап корғайтындар бар.
Киналып бекер алаңдадын-ау,
Ойынды шығар өріске.
Өзін-ақ айтшы ғаламда мынау
Женудің бәрі женіс пе?
Жігітке арман жеткізіп пе еді
Өз сорын өзі жеңбесе.
Өмірдің барлық сәтсіздіктері
Бақытсызық емес, ендеше!

ӨЗЕНДЕР

Мыңбай Ілесовке

Ән туады мұраттан,
Ой туады сұрактан,
Небір үлкен өзендер басталады бұлактан.
Бірақ соның барлығы жете алмайды тенізге,

Жоғалтады өзді-өзін, түседі де көп ізге.
Өмір кейде тым катал, өмір кейде түйіктау,
Кей өзеннің жолына бөгет болды биік тау.
Небір асау, асығыс, шулы өзендер ақ тарлан,
Ағып-ағып барған да, құмға сініп жок болған.
Жолсыздық пен жөнсізді жалыкты көз көруден,
Күткар анау өзенді құмға сініп өлуден.
Күткар анау акқуды сол өзеннен жеруден,
Ағын судан зерігіп, шалшық суға сенуден.
Өзен болу үлкен сын,
Бақыт емес ол да аса,
Теңізге ағып баруға мүмкіндігің болмаса.

ЛА ВАЛЕТТА МАНЫНДАҒЫ ТҮН НЕМЕСЕ КАСИЕТ МҰНАРАСЫ

Мальта қызы жиырма үшке толғанда
Иек артып арманға,
Жанары жайнап,
Шашына аляндр гүлінен жемелек байладап,
Коштасып бал дәурен шағымен саялышы,
Ортеніп іштен,
Толғанып, алқынып,
Нән үлкен ыдысты
Терезе алдына кояды,
Әбден қызарып піскен
Алма мен бананға толтырып.
Бұл — бойжеттім дегені.
Міне, осылай, сынға түспек сұлу қыздың беделі.

Ал, үміткер жігіт біткен какпа алдына тұра қап,
Алма-кезек өз бакытын сынамақ.
Кім үнамак бұл сайыста, кімнің даңқы құламақ?
Қыз отырап терезенің жабығынан сығалап.
Бірі мұнлы гитар тартып, бірі назды өн салып,
Бірі қыздың сұлулығын жырға косып тамсанып.
Құн батқанша өз өнерін көрсетеді жан салып,
Жанын салған өнерпазда жігер жатпақ қаншалық.

Егер де қыз терезеден саған күліп қараса,
Той камына кірісе бер, бағын жанды. Тамаша!

Үйлендің бе, бітті әңгіме, жолың болсын, мархаба!
Ажырасу туралы заң атымен жоқ Мальтада.

— Жарың жайсыз боп жолыкса бақыт іздең жаңадан
Әуреленбе, өліп кана күтыласың сен одан,—
деді Мальта тарихшысы көзбен қарап жұмбакты.
Жанарында сөзбен айтып жеткізе алмас мұн жатты.
Мұныңды үгар жан табудан не бар екен қымбатты,
Көк теңізді кешіп барып, алауланып күн батты.

Сары аралдың сәні болған, сары мәрмәр какпалы
Жымыңдайды Ла Валетта қаласының оттары.
Осы манның бүкіл тыңыс тіршілігін колға алып,
Арнасына шалқып сыймай теңіз жатты толғанып.
Толғанбаса теңіз теңіз, адам адам бола ма?
Біз бөлініп шетке шықтық, үнсіз түрдүк жағада.

Үнсіз түрдүк,
— Аға,— дедін біраздан соң сен маған,—
Аға,— дедін,— мен бір жанмын, бақ жұлдызы жанбаған.
Сырымды ашсам сенгендігім, бүйірманың айыпка,
Кейде өзімді үқсатамын ескегі жоқ кайыққа.
Қандай қорлық, шынымен-ақ ескексіз боп қалдым ба?
Осы ұзак саяхатқа шығар жолдың алдында
Шорт үзіліп үмітім,
Ойда-жоқта тастан кетті, сенген, сүйген жігітім.
Кокірегімде өшпендейділік барда мен де өшпеймін,
Бұл қылышын қашан көзім жұмылғанша, кешпеймін!


— Жоқ, сен оны сүймейсін, сүймегенсін және де
Шын махабbat, калкам-ау, кара күшке көне ме?
Шын махабbat — қасиеттен құралатын мұнара,
Қасиетке сызат түссе, мұнара аман тұра ма?!

Ғашық адам сүйгеніне өзінін
Жаманшылық ойлай ма екен сірә да?
Тек жүргегін салар жерде білек күшін танытқан,
Білек күшін танытам деп тілек күшін арытқан
Тура сенен айнымаған сұлу қыз
Бір кез маған жолықкан,—
деп едім мен, жалт бұрылдың сен кенет,
Жалт бұрылдың көкірегінді бір кара күш желкелеп.
“Токта, токта, кара күштің адымы өр кез келте” деп
Тобығынан теңіз суы қағып жатты еркелеп.

Қайрылмадың, жауабымды ауыр алдың көнілге,
Адал, батыл мойындау да түспес, қалкам, женілге.
Тек табудан, жоғалтудан, іздеуден
Тұратұғын мына катал өмірде!

ҰШАҚ ҰСТИНДЕГІ ОЙ

Шашқай түсте,
Яки нұрлы ак танда,
Нән ұшакпен самғап бара жатканда,
Көз салсаныз тәменге:
Біртегіс бол көрінеді жыралар,
Теренінде жыланы бар ұралар,
Байқалмайды өжім-өжім қырattар,
Қырат көзін жарып шыққан бұлактар.
Бұққан сансыз құпиялы ойларға,
Біртегіс бол көрінеді сайлар да.
Біртегіс бол көрінеді
Қыр мұрынды қырқалар ала бөтен,
Сәулет беріп жаткандай далаға кен.
Сөйтсем, мына қашыктық канша сырды
Сырт көздерден бүркелеп қалады екен.
Мен де сенен көп мезгіл қашық жүріп,
Назарымды жан-жакқа шашып жүріп,
Байқамаппын жаныңның жыраларын,
Жылан бұққан зымыстан ұраларын.
О, тағдырым,
Тірек бол тілегіме,
Сабырлы ойдың қашырма сұрқын тіптен,
Кас пен достың қажырлы жүрегіне
Тек жақыннан карауға мүмкіндік бер!
Ал егер мен жақыннан қателессем,
Жақын келген бакытқа қуанбасам,
Жақын тұрган биікке шыға алмасам,
Жақын жүріп жауымды танымасам,
Жақын жүріп досымды ұға алмасам,
Өз қайғыммен өзімді жазалағын,
Онда менің өзіме — өз обалым!



ҮНСІЗДІК

Бір танысым қонаққа шақырды да,
Топ адамның көзінше
Пікір пішіп өзінше,
Қөнілінді елемей аппақ айдын,
Досым, сені жатып кеп даттады-ай бір.

Кеткен шақта өділдік занға айналып,
Акты кара деп айту қандай набыт.
Үнсіз калдым.
Өзінді нақ сол сәтте
Ақтап алар дәлелім болмай қалып.

Өткен күзде билетін жоғалтып ап,
Бір карт өжей вокзалда жылап тұрды,
Жылап тұрды, еңсесі құлап тұрды,
Жанарында жалыныш сұрап тұрды.

Кеткен шақта ізгілік занға айналып,
Жомарттықты тұсаулау қандай набыт.
Үнсіз калдым.
Калтамда нақ сол сәтте
Көк тыын болмай қалып.

Өмір сансыз сауалын тартыпты алға,
Кездерім бар өзімді кор тұткан да,
Мүмкіндігім жок сәтте мұнға батам,
Үнсіз калып отырам сондықтан да.

Табиғаттың тымырсық ақпанындай,
Ақпанындей, жылдардың қакпанындай,
Мені осынау мейірімсіз үнсіздіктің
Азабынан өрдайым сакта, құдай!

ТҮСІНІСУ ТЕОРЕМАСЫ

Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар...

.....
Кара бұлттай қайғы жапты бөлмені.
Адамзаттың алғыр, ұлы қыраны
Лев Толстой жатыр еді өлгелі.

Әйелі кеп қолын сүйіп, жылады:
“Тежей алмай мінезімнің тасырын
Өзінменен өтті жарты ғасырым.
Мен бейбакты кешіре ғөр.
Күнәм көп...
Кешіре ғөр,
Кешіре ғөр, асылым?!”

Откен күнін оймен шолып алыстан
Үнсіз, іштей күбірледі данышпан:
“Жә, кемпірім,
Жасынды тый,
Жетті енді,
Жылап ешкім қайыра алмас өткенді.
Каштым сенен...
Саған жақын жүргенше,
Артық көрдім жиһан кезіп кеткенді.
Жалғыз сенен каштым ба еken мен бірак...

.....
Ресейден бөлінбестей болдым-ак,
Із бастадым құртік қарды омбылап.
Құллі өлемді тамсандырган ақылым
Сенен колдау таппағаны корлық-ак.
Бір шындық бар ешкімнің жоқ таласы —
Ұл-қызымының болдың ғазиз анасы.
Картайғанда түсініспей, өттен-ай,
Жолымыздың қырсыққанын карашы.
Дей алмаймын: “Мандайымның сорысын...
Камкорым боп создың қанша қол үшын.
Бірак мені түсінбедін.
Түсінуге және де
Тырыспадын...
Кешірмеймін сол үшін,
Кешірмеймін сол үшін...”

Құллі адами пенделікпен алыскан
Қыран ойы тұrap таптай ғарыштан,
Әйеліне қарап терен күрсіне
Мәңгілікке көзін жұмды данышпан.

Кайда,
қайда
көніл сырын көзден үфар нәзіктік?

Үш өлшем бар —
Биіктік пен терендік, кендік (яки жазықтық).
Бұл үшеуін бағаламау — көзсіздік һәм керендік.
Ал түсінбеу...
бакытсыздық болар ол.
Иә, адамдық катынаста жоқ өлі де сара жол.

Онай емес,
онай емес бұл егес,
Қашан болсын бірлік жолы бұрыстау.
Керек десен, түсінбестік — кінә емес,
Қылмыспен тең — түсінуге тырыспау.

Ох, каншама бұлақтарды жұрт түсінбей суалтты.
Сөйтіп, қанша бәйтеректі қуартты.
Ох, каншама ұлыларды жұрт түсінбей өлтірді,
Сөйтіп, мына тіршілікке үлкен зиян келтірді.

Бруноны отка жақкан,
Галилейді сотқа тарткан,
Біржан салдың аркан байлап қолына,
Жылан болып Ұлықбектің ірілген жолына —
Түсінбестік еді ғой.
Сонын бәрі адамзаттың сорына.

Түсінбестік аз жайды ма қанатын?
Мұнан аскан нала бар ма?
Ұлы Абайды сабаған да
Түсінбестік болатын.
Талантына тамсандырған талайды
Жазған шакта Әуезов сол “Абайды”
“Бұл туынды шыға алмайды белеске”, —
Деп құлшына қарсыласқан,
Кияс ойға қамшы қосқан
Тағы да сол түсінбестік емес пе?!

Ал Әуезов жолсыздықка бұл сынды
Ызалаған қол сілтеп,
Іштей, үнсіз күрсінді:
“Түсінетін халық аман болсын”, — деп.

Өткен — өтті.
Бірак бәрі есепте.

Кандай азап,
Кандай азап — ұғыспау.
Түсінбеген кінәлі емес десек те,
Қылмыспен тең — түсінуге тырыспау.

Түсінбестік — секілді бір көк тұман
Сол қөк тұман тудырады көп күмөн.
Бір жас дарын көтерілсе мінбеге,
Жұрт түсінбей қалмаса еken деп тұрам!

ТЖ-лар

Жағымпаздық — бұл заманда басты өнер,
Шындық оған бола алмай жүр тас кемер.
Казіргі бақ қайсар рухты ерді емес,
Арын сатқан жағымпазды ескерер.
Дәүірдің де данкы солар төс керер,
Оны ойласан жанарына жас келер.

Кеудесінде жалғандықтың мұзы бар,
Қажет кезде мұз үстінде қызынар,
Басшы алдында жас келіндей сызылар,
Кілен табан жалағыштар — ТЖ-лар.
Оларды ертен адалдықтың тұзы ұрап.
ТЖ-ларға егер бөгет коймасақ,
Ұлттымыздың ауа райы бұзылар.

Ей, карт ТЖ, камкорсынып тасыма,
Карасаншы сакалына, шашына,
Ел сенімін актағаның осы ма?
Атанғанша жалғандықпен ашына,
Беделінді намысыннан асыра,
Күлкі болдың қасың түгіл досына.
Биліктің лас көн етігін тіліңмен
Жалайтындай не күн туды басына?

Он мен солым сансыз ТЖ, күлем бе,
ТЖ-ларын көтерген данқ-кілемге
Әлде қарғыс тиді ме еken бұл елге?
Тек күні үшін жалбан қағып иілген
Пәс кеудеге аскак рух тұнер мे?
Самал қажет індет бұлтын түрерге.

Жағымпазын тау санаған,
Шыншыл ұлын жау санаған ұлттың
Мүмкіндігі аз мазмұнды өмір сүрерге...

.....
Мінезсіз ұлт айналмайды ұлы елге.

БІЗ, ҚАЗАҚТЫҢ ЕКІ АҚЫНЫ, БІРГЕМІЗ

Олжас Сүлейменовке

Біз, қазактың екі ақыны, әрқашанда біргеміз,
Тұрлі сыпсын сөздерден де,
Ыңғар шашкан көздерден де,
Заман мен заң өзгергенде,
Бұлінген жок іргеміз.
Бірімізді екіншіміз ылғи қолдан жүргеміз.
Біз, қазактың екі ақыны, әрқашанда біргеміз.

Көзі тірі пайғамбар жоқ, данқы шырқап өскенмен,
Пайғамбардың барлығы да өз жеріне кеш келген.
Бұлт құрсамай тұrap кезі өте сирек Айдың да,
Ал сен туған мекеніне терең тамыр жайдың да,
Айналдың зор айбынға,
Міне содан өрбіп жатыр бақытың да, қайғың да.

Алғаш рет сен козгалдың ұлт намысы дегенде,
Халқымыздың ұлы рухын алып үштың көп елге,
Баба түркі сөз төркінін іждағатпен копардың,
Семейдің зор қасіретін әйгіледің әлемге,
Сөйтіп Абай, Шәкәрімнің аруагынан бата алдын.
Мен Аралдың, Желтоқсанның мұн-зарына болысып,
Кыран таулы қырғыздардың ел ақыны атандым...
Ешкім бізді өгей ұлы дей алмайды Отанның.

Елден алған, жерден алған жырларының қуатын
Жолың болгай, ғасырының үні болған ұлы ақын!

КАЛДАЯКОВ ӨЗЕНІ

Бар қазакты тамсандырған,
Таннан-танға өн салдырған,

Өзін өнмен қарсы алдырған Шемші едін.
Зорсығанның көбісі құры сұлде,
Ешкім көзі тірісінде
Өн көгінен дәл өзіндей таба алған жок нар сенім,
Кандай ғажап кереметің бар сенін.
Ұлылыққа еліктегіш отсыз, нәрсіз көздер көп,
Біреулер жүр саусағының қомегімен сазгер бол,
Ал сен ұлы жүргінмен,
Пейілінмен, тілегінмен,
Құллі тамыр тірегінмен,
Дарын едің алдына жан салмаған,
Ұлт сезімін арқалаудан талмаған.
Отырадың еңкеймеген рухын
Әр қазаққа өн арқылы жалғаган.

Бөлкім, содан майдайынның қасіреті тым қалын,
Пенделік пен кенделікті көп көрсөн де сынбадын.
Заманында ұшырсан да өннін небір сұнкарын,
Тіпті сазгер қоғамына мүше болмай кеттің-ау,
Ерлік шығар сондай сөтте еңкейместен тұрганын.
Әкпелеме казағыңа, өкпелеме, іңкөрім.

Жігіттің бір жарқыны едін,
Дәүірдің сом алтыны едін
Едің және арайы.
Бірақ сенен өлдекайда қымбатқа
Бағаланды қалайы,
Солай көшкен бұл даладан ұлылардың талайы.

Мына шакта, ізгіліктің тауы тозған кезенде,
Қырандардан кораздар мен тауық озған кезенде,
Хас тұлпарды топ жабағы
Қалың шанға жауып озған кезенде,
Айналдың сен енді ешкім бөгей алмас өзенге.

Енді саған өшпес, өлмес атак данктың кезегі
Келгендігін досың түгіл қастарың да сезеді.
Кеш болса да жадырап ақ, еркелеп ақ еліне
Ұлтымыздың ұлы өзені, Калдаяков өзені.

АЙБЕРГЕНОВ ШЫНЫ

Бәйшешектің ғұмырындағы тағдыр кешкен мәрт батыр,
Өлөнінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр,
Намысынды дәүіріне еткізбедің қакпакыл.
Міне содан, ұлтымызды рухсыздан күзетіп,
Сенің жырың шекарада өлі күнге сапта түр.

Пайымдаймын, мойындаймын, сен данасын, мен — бала,
Ұлтына кім жақын, алыс, айқындастын ел ғана.
Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кен дала.
Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты
Толғандырған, таң қалдырған Махамбет пен Сен ғана.

Адамдықсыз ақындық жок, тырмыссаң да жан сала,
Жомарттықсыз тағы алысқа шабамын деп шаршама,
Батырлығын қанша болса ақындығын соншама.
Тіпті өзінді сыйдырмадан даңқтың тар төріне
Мені бірге ап шыққын кеп арпалыстың қаншама.

Заманының ыңғайына жүрмей кеткен, інкәрім,
Саһ өнерде қызығанышты білмей өткен, інкәрім,
Иығына бүтін бешпет ілмей кеткен, інкәрім!
Жер астынан сөлем жолдап жатырсың сен күн сайын,
Казагымның мандағына сыймай кеткен, сұнкарым.

Не жақсылық болса алдымен елге болсын дегенсін,
Сондыктан да сенің даңқын, сенің салтың көгерсін.
Сайын далан жырынды еске ап күлкісін сөл шегерсін.
Әр жүректе бұлтка оранған қасиетті бір шын бар,
Ол — ақындық мәрттік шыны, Айбергенов деген шын...

.....

Ұлт рухы кай кезде де қанаттыға астана,
Айбергенов шынын көрсөн, атыннан түс, жас бала!

ҚАЗАҚТЫҢ БАС БҮЛШҮҚ ЕТИ

(Қажымұқсан қабірі басындағы ой)

Тұлпар далан, інкәр далан айтып жатыр алғысын,
Қабіріне бас игендей тәкаппар тау, карлы шын.

Күллі казак өйелдері толғатса да қанша рет,
Туа алмастан келеді өлі саған ұқсас нар мұсін.
Ұлттымыздың кара күші, дара күші, армысын,
Біз аспаған биіктерден сенің данқын қарғысын.

Беске толған шағым еді.

Касқасудың төсінде

Беу, Қажеке, әкемді іздең келген кезін есімде.
Шетте жүріп мекенінің амандығын сұраған,
Кезеңі еді әкемнің ол көніл шыны құлаған.
“Тұған жерден мені іздейтін бар екен деп бір адам”,
Құзар тауға сүйенгендей сені құшып жылаған.
Сен әкеме жігер беріп, мейіріміннен от өріп,
“Мына ұлың палуан болсын!” дедің мені көтеріп.

Жө, палуандық қайда маған, нәзік, жұқа кескінмен,
Жел үрлесе құлайтындай қауқарсыз бол өстім мен.
Бұл не тағдыр, сусыз көлдің қоғасындай мәні кем,
Тән қуатын қүйттегеннің жығылдым мен бәрінен.
Намысъима қамшы басып, бірак қарап қалмадым,
Өзің женғен жарты әлемді мен де біраз шарладым.
Ой қуатын жарқыраттым талай көніл көгінде,
Бәлкім, мені рухымен палуан болсын дедін бе?
Бір шынары атансан мен сен данқ қосқан Отанның,
Мүмкін түскен нұры шығар сонда берген батаңның.

Казактың бас бұлшық еті, құлагер төс, піл табан,
Кара күште әлі ешкім жоқ сенше биік шырқаған.
Өнерге де өзгелерден жақын ең фой бір табан,
Рух қашып бара жатыр өзің өскен қырқадан...
Бүгін мені қайта көтер, жарты ғасыр өткен сон,
Канатсызды мойындарас мінезіңмен бұрқаған.
Сол бір салтың тірі тұрса, тұрар өр кез ұлт аман,
Елімнің бас бұлшық еті, құлагер төс, піл табан...

АЛГЫС АЙТЫП ӨТЕМ САҒАН

Рысбек Тұрысбековке

О бастан-ак Мен Сен болғам, Сен, әрине, Мен едін,
Екеуміз қос желкені едік достық атты кеменің.

**Келер танға киял жалғап, сыр толғасып кей күн біз
Шын досы жоқ адамдарды аяу керек дейтінбіз.**

Адал достық құдіретін ешбір сезім бөгемес,
Тіпті көзсіз махаббаттан оның данкы кем емес.

Тірліктерігі менің әрбір өрісім мен жеңісім
Ең негізгі қуаныш бол есептелді сен үшін.

Калжыраган сәттерімде кайғы-мұнмен қағысып,
Пейілінді қанат етіп, сен жетуші ең ап үшіп.

Енді бейнең алыс тартты қалың тұман ішінде,
Еш айырма болмап еді сөзің менен ісінде.

Зор пенделік тарту құшін жене алғаның үшін де,
Саф ададық ауасымен дем алғаның үшін де,

Маған шексіз және шетсіз сене алғаның үшін де,
Алғыс айтып отем саған өнім түгіл түсімде.

ОРАЛУ

*(Мойынқұмдагы Кайрат Рысқұлбековтің
ескерткішін ашардагы сөз)*

Нақ төрінен мәнгі итжyғыс түсіп жатқан майданнын,
Жігерінмен қоктеп өтіп,
Ұлт мұддесін шекпен етіп,
Тобен бір сәт қокке жетіп
Өз өлкене ескерткіш бол оралдың ба, айдарым!

Жетекке алып саналы арман,
Бүршігінді жана жарған шағында,
Денен қалып сонау Семей түрмесінің маңында
Мойынқұмның топырағын қайта бастың кемелдеп,
Ара жігін ерлік пенен ездіктің
Бір-ак қадам екендігін дәлелдеп.

Киын сәтте жалау еткен намысын,
Данкың ассын, қайсар ұлан, жаның қиған ар үшін.
Ногайбайдың перзенті бол Алматыға кетіп ең,
Бар казактың мактаны бол қайта оралдың, арысым!

НАУРЫЗГА ОДА

1988 жыл да — мен үшін рухани жеңіс жылы. Колбінмен және бір топ өз үлтімұздың нигилистерімен откен мылтықсыз шайқаста асығым алышынан тұсті. “Наурыз — ислам дінінің қалдығы” деген сыңаржақ пікірді малданып, көлденең тұрмақ болғандар жеңілді. Кең байтак қазақ жеріне, іле-шала күллі Орта Азияга 62 жылдың үзілістен соң “Наурыз” мерекесінің қайта оралуына септігім тигеніне қуаныштымын.

Мына жыр Алматыдағы М. Горький атындағы демалыс паркінде, 100 мың адам жиналған сол шадыман мерекеде оқылып еді.

(Күнделіктен)

Қанша ғасыр сән берген даламызға
Өзгеше бір өні едің байтак елдің,
Сәлем, Наурыз!
Сен біздің арамызға
Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.

Сен ең көне жырысың санамыздың,
Рухи шаттығымсың тасып толған.
Сені тойлап, бабасы бабамыздың
Әжемнің әжесіне ғашық болған.

Сен бүтін арнасысың дара күйдің,
Сан пейілдің төрінен күлімдейсін.
Сен менің ұлы бабам Фарабидің
Кешігіп елге жеткен үніндейсін.

Басынды қөтер, қане, күн қақтаған,
Сен енді басқа айқайға бұрылмайсын.
Тымырсық, тылсым жылдар тындалпаған
Сен бізге Шәкөрімнің жырындаисын.

Ғасырды қөктеп отіп сұнқар сезім,
Немерем тік қөтеріп уақыт туын,
Ғашығына арнаған іңкөр сөзін
Өзіннің тойында айтса — бақыттымын!

* * *

Көкірегімде төрт сөule бар төрт бақыттан тұратын,
Төртеу — менің мұратым.
Төртеуінен алма-кезек нұр алам.

Біріншісі — туған елім — ұлы аnam.
Екіншісі — ғазиз аnam, саулығымды сұраған.
Бірак маған екеуі де — біr адам.
Үшіншісі — намыс үшін беріспеген күндерім,
Жанған отты өшіруге келіспеген күндерім,
Жаксылықка жақсылықпен өріс берген күндерім,
Тағдырымның жанарынан жenіс көрген күндерім.
Сүрінгенді сүйеймін деп құлатап қалған кездерім,
Өзім жылап, жан досымды жылатпаған кездерім.
Бөр-бөрісі, жомарттығым, адалдығым сондағы
Кеудеме кеп жиналды да, бакыт болып орнады.
Төртінші ме?
Төртіншісі — сәл тайқыса болар мұн,
Маған деген адалдығы ол,
мені сүйген адамның.

РУХ МЕКТЕБІНДЕП МҰН

Төлен Әбдікке

Асқақ ұстап жастық туын,
Алпыс таудан астық бүгін.
Алла білер, алдымызда енді канша қалды тау,
Барлық батыл ойларынның алды — күрес, арты — дау.

Кейде албырт Батырлық та Тасырлықтан кетпекке
Оймен, мұнмен көз тастайды Рух атты мектепке.

Ол мектептің түсі жадау, терезесі қираған,
Ішіне данқ сыйғанымен, данқы байлық жимаған.

Содан оған жүрттың көбі құлықты емес баруға,
Шу менен Бу дес бермейді мектеп паркын тануға.

Сол мектептің ұстазы едік, нәпсіге бас имеген,
Анкау, сенгіш адамдығын қайсарлығы сүйреген.

Құллі рухсыз биіктердің паркы, данқы сүйіктау,
Біз шықкан тау — Шындық тауы, барлық таудан биік тау!

ЖАҢА ҚАЗАҚТАР
немесе
рухани байлықсыз да мемлекет күргүн
болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат

Жаңа қазак, шала қазак — жас інім,
Алшысынан тұрды бүтін асырын.
Саган қарап ойландым да, жасыдым.
Айырмаған азғыны мен асылын
Мына ғасыр, бәлкім, сенін ғасырын.

Мына ғасыр безбүйректеу өр ғасыр,
Жүргегінде сезім емес, қорғасын,
Шетке қакты тұлпары мен жорғасын.
Қакпай кайтсін, бәрін сатып алуға
hем сатуға мүмкіндігі болғасын.

Сенде казір думан дәурен, масат күн,
Өзінді-өзін бар жауаптан босаттын,
Рухани байлықта да тас аттын.
Аудандағы жалғыз кітап дүкенін
Сатып алып, сырахана жасаттын.

Тез ашылып саудагерлік дарынын,
Таудан, тастан кайтпастай өр арынын,
Саудаладын Алматының жарымын.
Ұлағатты ұлы қазақ елінде
Сатылмайтын байлыктар да бар, інім.

Жалғыз саган борыштыдай бар халық,
Топ ішінде ісіп-кеуіп, нарланып,
Кейкиесің қол беруге арланып.
Дегенмен біз сені туған ұлттын
Сатылмайтын қасиеттерін қоргадық.

Көз көп казір сыртымыздан сын айтар,
Бәйтеректі мазақтаса құмай тал,
Ерден бұрын ел сенімін мұнайтар.
Бірақ бізге өз ұлттыңды өзгеден
Кем сүйесің деп, қанекей, қім айтар?

Асау даусы өр киырдан естілген
Ағаң бізбіз, ерте есейіп, кеш құлген.

Аман калған талай қарлы көшкіннен.
Үакыт арткан абырой мен беделі
Сұрап, сатып алынбаған ешкімнен.

Желтоксандың құрық түсіп арманға,
Жас буынның өзегін өрт шалғанда,
Үнсіздігі айналып зор корғанға,
Дәл бүгінгі батырлардың көбісі
Столына жасырынып калғанда,
Найзағайлар жарқ-жүрк ойнап аспанда,
Ұлтымызға ызғарлы үрей шашқанда,
Қыздарымыз қайсар мінез ашқанда,
Кей еркектер, құдай қара басқанда,
Ұқсағанда піштірлген кошқарға,
Конаевтың жақсылығын көргендер
Конаевты жалғыз тастап қашқанда...
Сахаровқа іні болып табысып,
Горбачевпен, Крючковпен қағысып,
Талай залым алпауытпен алысып,
Біз тіккенбіз басымызды бәйгеге
Бар қазактың ар-намысын ап ұшып.

Ұлтымыздың өр мұнының басында,
Салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында,
Арал зары шапқан кездे насырға,
Корғаушы бол тағы да біз жүргенбіз
Мейірім қосып мейірімсіздеу ғасырға.

Тамырсыз жан жұрт мұнына санырау
Деген пікір рас па еді, тәңір-ау?
Неге болдық рухсызға қонырау?
Қандай корлық, ағыл-тегіл дәuletten
Дәuletтінің жан байлығын танымау.

Дәстүріміз тұрса екен деп күшінде,
Егемен ел болуды ансан түсінде,
Ұлы арманы запыран боп ішінде,
Сан ғасырлық ұлтымыздың шайкасы
Сендейлерді тайрандату үшін бе?

Мұндай бақты қөрдің бе екен түсінде,
Бүгін жұртты менсінбеген пішінде

Шыға келдің айналып тас мұсінге.
Біздін қылы қүресіміз кешегі
Сені атқа отырғызу үшін бе?

Біздін дәуір нарықтан кеп табылды,
Бірақ, нарық жүрмей жатып жаңылды.
Нак сол тұста сынап қалдың бағынды:
Коғам мұлкін заңдастыра жымқырып,
Іс бастап ең, байлық сел бол ағылды.

Рухынан артық қойған қарынды
Шын безбүйрек болып шықтың алымды.
Нәтижеде жұрт қалтасы қағылды.
Ал, әйтпесе мына үйлер, зауыттар
Қайдан тапқан дәулетінде алынды?

“Бөлінсе де сана тәртке, ми үшке,
Нарық заны солай, жөнсіз тиіспе!” —
Дейді біреу шығып алып мүйіске.
Сонда қалай, кедейленіп бар халық,
Жұз-ақ адам бай болуға тиіс пе?

Жұз бай шырқап, миллион кедей аһ үрган,
Пайда тым аз жұз бай еккен дақылдан.
Кім бар жұртты тең баюға шакырған?
Фарабиден “мықты ел кім?” — деп сұраса,
“Қайыршысы жок ел,” — депті ақылман.

Сорласа жұрт рухсыздан сорлайды.
Қырандардан биік қойсак торғайды,
Отанды кім торғайлардан қорғайды?
Рухсыздың, қайырсыздың бауы,
Бөлкім, ертең ұлттымызға зор қайғы.

Жинасан да әлемнің бар алтынын,
Адамдыңың қөрсетпесе жарқылын,
Коршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Ешкім рух байлығынан бөлініп,
Шын бақытка жеткен емес, жарқыным!

ЦЕМЕНТ

С. Сейтжановқа

Күм мен құмды кіріктіріп жалғайтын,
Тас пен тасты біріктіріп қолдайтын,
Топтасуға жаны ғашық,
Үгілгеннің бағын ашып,
Тек тұстасық мұддесінен самғайтын
Құрылысқа арзан әрі тиімді,
Тенге ететін, конды ететін тынынды
Жана цемент ойлап таптың, жас ғалым,
Күрмет көргей құмға жазған дастанын.

Азаматтық санамыздан ғылым озса, не етерміз?
Аман тұрсақ, әлі талай жаналыққа жетерміз.
Бірақ мынау ұлтымызды жауырыны құрысқан,
Бірлік емес, байлық үшін жұлыскан,
Бас басына би болуға тырыскан,
Қалай, қайтіп біріктірер екенбіз,
Қалай, қайтіп кіріктірер екенбіз?

Рухсыз бен ұлтсыздың бағы жанған заманда
Басымды ием, дөл осы іске цемент тапқан адамға!

ЖҰБАЙЛАР БАР ӘҢГІМЕСІ ТАУСЫЛҒАН

Гамбург сотына бір әйел қүйеуімен ажырасатыны жайлы өтініш тапсырды. Бітімге шақырган сот мүшелеріне әйел үзілді-кесілді қарсы тұрып, мынадай үәжәк айтты:

— *Бірге тұрмыс құрган 17 жыл ішінде жұбайымның менімен әңгімесі үш-ақ сойлемінің төңірегінде болды. Таңертекі айтатыны — “Қайырлы таң”, кешкілік жумыстан оралған соң: “Тамақта не бар?” — деп сұрайды. Ал сағат тілі түнгі 11-ді көрсеткенде :“Үйқыга жатайық,” — дейді.*

Сот әйелдің қүйеуімен ажырасу талабын орынды деп тапты.

(Газеттен).

Тағдырынды катыгез де, саран де,
Сен сүйгенмен, ол сүймесе — шараң не?
Махаббат ол — кос жүректің әні ғой,
Өзіне сай дауыс керек әр әнге.

Сүйіктім-ау,
Сәнсіз өмір мәнді ме?
Мәнсіз адам шыркай алмас өнді де.
Бәсендетпе,
Карлықтырма даусынды,
Бақытсыз боп қалмау үшін мәнгіге.

Сүйіктім-ау,
Әңсіз өмір мәнді ме?
Ән түзелсе, түзейміз ғой сөнді де.
Жұбайлар бар әңгімесі таусылған,
Ал махабbat — таусылмайтын әңгіме!

ШЕКАРАСЫЗ ЖОМАРТТЫҚ НЕМЕСЕ ҚАЛЕКЕШ ҚАРАҒҰЛОВТЫ ІЗДЕУ

Өмір деген ұлы өзенде ғарышқа аткан толқындарын,
Бәрі де есте, алқынғанын, бақыт іздел шарқ үрғанын.
Ашық-адал мінезінді туғып үстап жарқылдадын,
Бірақ неге қайығынды құзға соғып алдың, жаным?
Кей адамның рухынан бақыт кейін қап жүреді,
Жігіт едін аузын ашса, көрінетін ақ жүрегі.

“Дарындыдан карынды озын!” дейді күліп заман арсыз,
Нак осы ұран тұрган кездे калай тұлеп, ағарарсыз,
Карын күшін мойында мас жұртты қайдан таба аларсыз?
Таба алсаныз, мұның ерлік екендігін бағаларсыз.
Сатылғаның барлығы — күл, сатылсаныз — жоғаласыз.
Ал, сен соны тым ерте ұққан жомарт болдың шекарасыз.

Күнде үйіне қонактарды топ-тобымен алып қеліп,
Тан атканша лаулап-жанып, әрқайсысын танып, көріп,
Және оларды әнге, жырға, ой-толғауға салып көріп,
Отырушы ең, қымбаттым-ау, жүргегіннен жарық беріп.
Дархан, анғал болмысына пенде көздер таң қалатын,
Кез келгеннен пәктік іздеу саған ғана тән болатын.

Сен бір бөлек ғұмыр едін, сөзі — сенім, ісі — бекем,
Бәлкім ақын болғандығым сендей достың қүші ме екен?
Мен қайда үшсам, канатымнан, демеп жүрген сені көрем,
Шашым ойша таралады Актөбенің желіменен,

Сосын Естай әуенімен, ару Корлан лебіменен,
Мен кайда үшсам, қанатымнан, демеп жүрген сені көрем.

Әлі талай биіктерге бірге шырқап, аскактаймыз,
Дос сезімді өлім жеңбес. Сондықтан біз коштаспаймыз!

ҚҰЛПЫТАС КЕПИЕТІ НЕМЕСЕ КЕРІ ТЕБУ ЗАҢЫ

Асанәлі Әшімовке

“...Сізге ғашық екенімді бүкпесіз айтқым келеді. Мен ешқашан және ешкімге де, тіпті туган агама да осындаі сезіммен елжірей берілген емеспін...”

(Федор Достоевскийдін Шокан Уәлихановка жазған хатынан)

“Досым Федор,
Мына хат — соңғы хатым.
Соңғы тыныс,
Соңғы дем қалды жақын.
Жайшылықта айырмас ақ, караны
Сыпсың сөздер бір сәтке токталады.
Тоз-тоз болған ағайын басын қосып,
Ертең мені жерлеуге ап барады.

Намыстыны өлімім ойландырысын,
Босқа төккен қалың жұрт қайран күшін.
Мені жерлеу арқылы
өз ұлтының
Бір үмітін көмерін қайдан білсін?

Табылар-ау данқымның жокшылары,
Жалған жылау,
Жалған мұн кетсін өрі.
Бұл хат саған жеткенше, досым Федор,
Кабірімнің үстіне шөп шығады.

Кажет кезде кергитін шабандана,
Өкпем таудай занға да, заманға да.
Мен де өзіне інкәр ем елден ерек,
Соңғы демім арналсын саған ғана.

Мынау жалпак әлемде өзендер бар:
Төсінен самғатып ақ қанат шағалаларын,
Мойында майтын шектелу, шекара занын,
Бір елден бір елге кесіп өтетін,
Байлығын сан ел несіп ететін,
Еркіне бағындыра алмай,
Табындыра алмай,
Есер құш иелерінің есі кететін.

Кер бұлан тірлік кері тартып арытқанменен,
Кер қабак мінез танытқанменен не түрлі,
Ғаламға қарайтын толық құш, толық қанменен
Ойнауға болмайды алыштарменен,
Ұлы адамдар ұлы өзендер секілді.

Ұлы өзенім.
Кім бар саған тең келер,
Толқыныңды терен тартып шалқыдын!
Теренінде жүзе алмаса пенделер,
Онда сенін кінән қанша, жарқыным?!

Мейлі, ол да арыныңды тежемес,
Айналанда қызғаныштан тор құрап.
Дарының әлсіздігін өзі емес,
Әзгелерден көретүғын сорлылар.

Кай кезде де шын достықтың паркы – ұлы.
Тиісті оған әркім басын июге.
Бір адамды, шексіз сүю арқылы
Болады еken бүкіл ұлтты сүюге.

Ерте ояндым,
Ерте құлдім,
Құштар едім өзінмен бір гүлдеуге.
Бірак, әттен, келте өмірім
Келмей калды күрмеуге...”

Матай тауын көлегейлеп Ай қарады албырап,
Қандай қәусар,
Қандай бейқам танғы уак,
Жұлдыздар түр бір сүмдикты сезінгендей қалтырап.
Танғы ауамен алып сонғы тынысын,
Шоқан мәңгі көзін жұмды...
Аяқталмай калды хат.

Қырын келген ол ма, әлде ғасыр ма.
Уыз шакта,
Жиырма тоғыз жасында
Шоқан солай екінші өмір бастады.
Ең айдарлы жұлдызынан айырылды
Анқау казақ аспаны.

Жылдар озды,
Ескі тозды,
Көнерді,
Озғак жылдар көнерте алмас өнерді.
Бір кез Омбы түрмесінің тұтқыны
Федор даңқы шарлап кетті өлемді.
Шоқан жатқан Алтынемел төсі де
Талай-талай той-дұманға бөленді...
Осыменен бітіруге болушы еді өлеңді,
Уақыт қанша жасырғанмен өлмеген
Бір окиға кездеспесе көлденен:

Жай үнілсен көрінбейтін астары,
Ол окиға — тағдыр, тағым дастаны.
Көп жыл бойы Шоқанның
Бір топ жақын достары
Ұлы адамның ұлы рухын азалап,
Қайта-қайта ұлықтарды мазалап,
Сонау Ташкент қаласынан алдыртып,
Қырат үстін балға үнімен жанғыртып,
Мәрмәр тастан белгі орнатты басына,
“Достан — дұға” осы да.

Ізетті іске ізетсіздік жармасты,
Ардан жүрдай бір безбүйрек албасты
Ұрланып кіріп молаға,
Екіге бөліп,
Кол дірмен жасап сол тасты,
Сатпакшы бопты қалаға.
Құнықкан деген жаман, ә?!

Нені ұксын сорлы есалан кезде,
Тағдырдың өзі салыпты оған қармакты,
Мәрмәрды бұзып қашаған кезде
Көзіне тастың ұнтағы тиіп зарлапты.
Таңменен таңға кірпігін қақпай
Дөнбекшіп,

Тулап,
Бір тыным таппай,
Жасаған емі қонбапты.
Канталақ көзі қабынып ісіп,
Артынша жерді қармапты.

Нәк сол жылы қоктемде
Матай тауы маңындағы көк белге
Конып үшкан сынар акқу
Петрбордың төбесінен өткенде,
Әлгі акқудың мұнлы әніндей
Мұнлы хабар Федордың
Құлағына жеткенде:
— Шапағатка суарылған сүйегі
Дос сезімде қасиет бар киелі.
Киеліге қол қөтерген жолығады бөгетке,
Саяуп бопты ойсыз, арсыз төбетке, —
депті ұлы адам бойын дүлей ыза буып, қасарып,
Досын аңсал, жанарына жас алыш...

II

Тіршіліктің иірімі неге мұнша көп еді,
Арын өлсе, тәнің қатар өледі!
Бір қасиет бар әлемде қаққан жұмбақ қанатын,
Артық кетсөн, катал колмен тәубанды еске салатын.
Әрбір оғаш қылышынды ұмытпаған, кешпеген,
Ол — табиғат занұлығы, ғылым әлі шешпеген.
Сөл көніліме желік енсе,
қасиетті сол занға
Кайшы келіп қалам ба деп сескенем.

* * *

Ғұмырымыз сан үміттен тұрады,
Сан құдіктен тұрады екен, тәнір-ау.
Кімнің қанша керен болса құлағы,
Секілді оған бүкіл дүние санырау.

Өмір шіркін кейде жомарт қолменен
Сараптардың шайына сүт катады.

Кейде кызық, тұлпар жүрген жолменен
Есектер де кетіп бара жатады.

Мұның өзі жомарттыққа сия ма,
Қыран неге тартады өзін тәменге?
Намыстанам, бүркіт үшкан кияда
Жапалактың үясы бар дегенге.

Бакыттылар салған әнді ертемен
Тұрам тыңдал, мен қашанда ояумын.
Жапалактар үя салған өлкеден
Сенің даусың естілмесін, аяулым.

МЕН ҚЫЗ ҮШІН ҰЯЛДЫМ

Өзбекалі Жәнібековке

Байқатпастан уақытты тез өткен,
Өнер толы өзекпен,
Жыр канатын bezеп кен,
Әнгे басты жиналғандар кезекпен.
Бірақ жүртқа зейін қоймай сыйдана,
Ортамызда отырды бір қыз бала.
Міне, ғажап, келбет қандай, көз қандай,
Сұлулығы киялыннан озғандай!
Акша бұлттың арасынан бір арман
Соған қолын созғандай.
Бозбалалар аузын ашып анырып,
Карап қапты қозғалмай.
Думан қызды. Аянатын заман ба?
Ән кезегі келіп жетті оған да.
Сінген өнер кәріге де, жасқа да,
Қыз қөnlінен таба алмапты баспана.
Әлгі сұлу өзін туған халықтың
Бір әнін де білмей шыкты, маскара.
Ал онисын кемшилікке санамай,
Отырды ол өз ойымен одағай.
Бөлме толы жақтырмаған көздерге
Пыскырып та қарамай.
Оғы болмай атуға,
Карттар жағы наразы тіл қатуда:
“Бұл немене тумай жатып бату ма?”
Нак сол сәтте сен ән салдың, жан аға.

Бұдан аскан нүрлі шаттық бола ма?
Сен өн салдың шарықтатып, шырқатып,
Көніліннің ак дауылын бұрқатып,
Сен өн салдың арындағып, зарлатып,
Көздің жасын парлатып.
Айналайын, нар тұлға,
Теніз болсан тартылма.
Өзен біткен шапқылап
Еріп жұрсін артында.
Әлде шырқау таусың ба?
Ал тау болсан, таусылма.
Қазақтың кең даласы
Жатты сенің даусында.
Көз алдымда көлбеді
Толқын құм мен салқын мұн,
Жарқын белес, жалқын күн.
Жатты сенің даусында
Жомарттығы халқынның,
Жатты сенің даусында
Шарқ үрганы сұнқардың,
Алқынғаны тұлпардың,
Ойпан жердің орманы,
Таудың кия жолдары,
Әкеміздің талғамы,
Бабамыздың арманы.
Сен өн салдың, жан аға,
Бұдан аскан нүрлі шаттық бола ма?
Ұксал туған екенсін-ау далаңа.
Міне, сендей жаны мұхит жандармен
Бізге сұлу көрінеді замана.
Ән қаптасын гүл қаптаған қырлардан,
Халық деген — мағынаға бай теніз.
Өз халқының байлығынан құр қалған
Мазмұны жок мына қызды қайтеміз?
Борышымыз үшан-теніз, елесек.
Адам әр кез заманына берешек.
Не болады одан туған бұлдіршін,
Не болады одан туған келешек?
Халық әні —
Азаттық пен киялдың
Самалығой. Оны естуден тыяр кім?
Сені тындап мен ерекше шаттандым,
Ал қыз үшін ұялдым.

* * *

Маған арман жалғағандар,
Ақ тілегін арнағандар,
Маған қорған болған жандар,
Алдамаймын сендерді мен мына жарқын тірлікте,
Өміріме койылғанша бір нұктे.
Жүріп келем, тау суындағы тыңшымайтын жаным бар,
Ай мандайлыш арым бар,
Құшағымда көктемім бар, құшағымда қарым бар,
Сендер мені өзімегін мінезімнен танындар.
Кейде кеме секілдімін тоқтап өткен порттарға,
Куанамын тағдырыма тілеулестер тапқанға,
Әлде мынау табиғаттан ала беру мұрат па?
Өмір бойы еліктеумен келем мөлдір бұлакка.
Аскар таудан қуат алып, айға қарап елжіреп,
Аға алмасам туған жердің қеудесінде мөлдіреп,
Бір лайсан өзен болсам тұнықтықтан шеткери,
Атама, елім, өз перзентім деп мені,
Жо-жоқ, мұны тағдыр басқа жазбасын,
Бұдан ауыр қарғыс бар деп үғынбаймын өз басым.

ТАРЫСЫ БАР АЙМАҚТЫҢ

Даттайды екен бір кінөнді ел білсе,
Бірақ ол да келген қайғы уақытсыз.
Кызғанышы ізгілігін сөндірсе –
Нақ сол адам бақытсыз.

Көздер барда қадалатын тамсана
Шын сұлулық қалмақ емес назарсыз.
Кажырсыз ба, қанша сұлу болса да,
Нақ сол адам ажарсыз.

Жабырқама,
Белінді жаз бүгілген.
Енкеймесін ер жігіттің атағы,
Ол солай фой,
Түймедей бір мініннен
Бәз біреулер түйе жасап жатады.

Мойыма дос,
Неге әлсіздік байқаттың,

Тарылмасын көніліннің койнауы.
Ойлаши өзін,
Тарысы бар аймактын
Мүмкін бе екен торғайлары болмауы?

ҚАСЫМДЫ ҚАБЫЛДАМАҒАН АДАМ ХАҚЫНДА

Кез болатын наурыз айы сән құрган,
Дала жатты есі шығып жаңбырдан.
Сол далада... жол үстінде бұралан
Жасы алпыстың өүізіне құлаған
Машинаға қол көтерді бір адам.
Киял құсы қалыктап,
Шат сезімі шарықтап өніндегі
Жүргізуші ерекше көнілді еді.
— Көрші ауданға жеткізсен, ұлым, мені,
Шексіз алғыс айттар ем күні ілгері, —
Деп жолаушы қулана күлімдеді.
— Жырап әрі шет екен конысыныз,
Сізге кінә тақпайық ол үшін біз. —
Жүргізуші құлімдеп есік ашты:
— Картты сыйлау — қашанғы борышымыз.
Ұзак жүрдік.
Жол шеті көрінбейді,
Керім дала қасарып берілмейді.
Сыр тартыспак болсақ та одан-бұдан,
Әнгімеліш шашырап өрілмейді.
Дәрігердей іздеген жүрек емін,
Кенет жерден тапқандай тілегенін.
Жүргізуші көзінен от үшкындаپ
Жатқа сокты Қасымның бір өлеңін.
Лезде дәмді аузының тұзы құрып:
— Ә, Қасым ба, — деді шал тыжырынып,
Менсінбеген кейіппен манғазданып,
Манғазданып орнынан паң козгалып. —
— Бізден де жұрт кезінде арай көрген,
Карсы алып ек, дүние-ай, талайды өрден,
Мен бастық боп тұрғанда осы ақынын
Пәтер сұрап алдыма талаі келген.
Тіпті жиі соғатын дамылдамай,
Кайтарушы ем көбіне қабылдамай...

— Әуре еттім деп Қасымды өні нардай
Мактанаңыз ақыныз әлі бардай.
Кане, жылдам түсініз машинадан, —
Деді жігіт ыздан жарылардай. —
Ең айбарлы ақынды жаңы көктем,
Албырт, алау тандарға өні кеткен,
Ең айдарлы ақынды,
Ең айбарлы ақынды,
Халық сүйген ақынды,
Тұған халқын жаңып сүйген ақынды,
Тұған елдін гүлі болған,
Заманының үні болған ақынды,
Мұқаттым деп мактануға,
Мұқаттым деп шаттануға бола ма?
Сондай есер сезімініз үшін мен
Казір сізді тастап кетем далаға,
Тез түсініз тимей тұрып кесірім! —
Жүргізуші катты жапты машинаның есігін.

P.S. Төбелер көп өмірде, ал биіктегі санаулы,
Ұнатады ел сондықтан биікке көп қарауды.
Шымшықтар көп өмірде, ал сұңкарлар санаулы,
Санаулы олар, сондықтан жалпы жұртқа қалаулы,
Жылдар түмен зейнетін артқанымен қашалық,
Қалаулысын қайда да қорғайды жұрт жан салып.
Туган өлкө бағы үшін өссін, жансын, гүлдесін,
Карсы койма оларға мансабының мінбесін.
Келер албырт үрпактың жігіттері сені де
Орта жолға жеткенде тастап кетіп жүрмесін!

ЖАРОКОВ КӨШЕСІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

I

Лаулата алмай бойдағы бар үшқынды,
Жүрген кезім армандағы алыс қырды.
Бірде мені Төлеген Айбергенов
Тарлан ақын Тайырмен таныстырды.

Күйін шертіп өзінін сан-салалық,
Бұлак жатты көктемді ансан ағып.
Күн жексенбі.

Сондыктан үшеуміз де
Тауға барып қайтуды жөн санадық.

Кез болатын кен жайған күз канатын,
Аспан жій бозарып сыйданатын.
Алатауға өрлеген ақ қайыңға
Карап койып сыр тартты бізден ақын.

Жан еді өзі секілді дара қайын,
Дара қайын болса да, карапайым.
— Қане, Төлеш, — деп құлді ол, — жырыңды оқы,
Қане, сен де тартынба, балақайым!

Құле қарап төбеден ай қабак құз,
Көп сырластық, көп жырды қайталаппыш.
Жаңа жарқын ойларға ат шалдырып,
Құн кешкіріп калғанын байқамаппыш.

Бас игізіп он-солға теректі ептең,
Соғып-соғып өтті де жел өкпектеп.
Қаба сакал кара бұлт қасын керіп,
Кара нөсер құйды-ай бір шелектеп кеп.

Бұл қырсықтан құтылу күш-ау бізге,
Салу киын, әрине, тұсау күзге.
Әр шыршадан пана іздел жүгіргенмен,
Сеп болмады. Су болдық үшеуміз де.

Биік ұстап үйренген асқақ атын,
Асқақ еді ол. Жаны да жас болатын.
Суық өтіп кетті ме, сәлден кейін
Боп-бозданып жөтеле бастады ақын.

Күз көнілдін желігін нокталайды.
(Содан оны жұрт та көп мақтамайды).
Жол бойында телміріп ұзак тұрдық,
Қас қылғандай бір такси тоқтамайды.

Сенім барда үміт те сарқылмаған,
Төмен түстік тар жолмен толқындаған.
Алдан бір үй көрінді,
ал қасында
Судан жана “Волга” тұр жарқылдаған.

Кім біледі көнерін, құп аларын,
Батылданым. Сенімнен құламадым.
Дарбазасын қағып ем үн болмады,
Сосын барып әйнектен сығаладым.

Кездейсоқтық. Сірө, оның аз ба себі?
Міне мұндай ғажап та кездеседі.
Төрде отырган нән карын сары кісі
Менің жақын досымның жездесі еді.

Әрі туыс ағаммен етene еді
(Бір қолкамды қалайда көтереді),
Сонғы жылдар мерейі канаттанып,
Басқаратын үлкен бір мекемені.

Сакта тәнір үміті суалғаннан,
Айым мұндай сөтімен туар ма алдан.
Еркін ашып қақпаны өзімсініп,
Кіріп бардым ішкі үйге қуанғаннан.

Сәлем бердім. Сәлемі үнамады,
Құнгірт тартты көnlімнің гүл аланы.
Ұзак үнсіз отырдық, бұрынғыдай
Анамның да саулығын сұрамады.

Мінез көрдім бойынан алғаш бөтен,
(Бөтендік пен оғаштық жалғас па еken?)
— Ағай, — дедім, — жаңбырда қалып қойдық,
Машинаңыз жеткізіп салmas па еken?

— Жаяу жүрдік біз сендей жасымызда, —
Деп жымиды ол байқатып тосын ызғар.
— Ағай, — дедім тағы да, — өтінемін,
Бір ардакты ақын бар қасымызда...

— Жоктан-бардан кайтеміз кеңес құрап,
Кеңес құрап, келіссіз егес құрап.
Алматыда ақын көп,
барлығына
Көлік беру міндетім емес, шырак.

Талабымды алғандай шоққа сұғып,
Алдан жабық, мейірімсіз какпа шығып.

Тұрып қалдым көзіммен жер шұқылап,
Тасып кірген көнілім сап басылып.

II

Жайсан жырдың дәмін тез айыратын,
Жасықтардың қанатын қайыратын.
Жиындар мен тойлардың мінбесінен
Көрінбейді бұл күнде Тайыр акын.

Не болды екен, тағдырдың көзі өткен бе?
Шіркін, өмір, сараң-ау өжеттерге.
Қайда сол бір достықка ғашық адам,
Жырын неге бермейді газеттерге?

Сыйламасын бак-дәulet төрін, мейлі,
Сонда да адам үміттен жерінбейді.
Арасынан жұлдегер ақындардың
Менің Төлеш ағам да көрінбейді.

Бір арманды бір арман жетектеді,
Қырға шыкты бұл күнде етектегі.
Қөп болды ғой, өмірдің от толқыны,
Ол екеуін ағызып әкеткелі.

Ту биіктен шуағын жаяды арай,
Жол кешпедік үмітті аяламай.
Міне, қызық.
Бір күні ойда жокта,
Шыға келді алдыннан баяғы агай.
Тым асығыс демалып иінінен,
Сөлем берді. Өзгеше күйі мұлдем.
Шеті сынған ыдыстай көнілі орта,
Есіткен ем түскенін бийгінен.

Құні өткенмен күштіге табан тіреп,
Шіркін мансап болмапты-ау оған тірек.
Сөз козгады жаныма жақын келіп,
Кінәлады ұмыттың ағанды деп.

— Ала жіпті, немене, кесесін бе,
Әкпе қалсын өткеннің есесінде.
Көне, қалкам, үйге жүр, конагым бол,
Үйім мынау Жароков көшесінде.

Жібермей-ак жылдардың тереніне ой,
Онын үнсіз кеткені жөн еді ғой.
— Есінізде бар шығар баяғы ақын, —
Дедім күліп, — Жароков сол еді ғой.

Көкірегін ақынның мысы басып,
Мысы басып, тәқаппар сұзы басып:
— Мүмкін емес, — деді ол дір-дір етіп,
Мүмкін емес, — деді ол түсі қашып.

水 水 水

Тарихқа үнілсөң сезер ең,
Кай кезден басталған бұл сүмдүк.
Ұлыға канжарын кезеген —
Күншілдік.

Бұл неткен зұлымдық, жаңым-ая,
Бұл неткен ағаттық!..
Биікті биік деп танымау —
Нәмәрттік.

Арымды келемін канат қып,
Жанымға бір тыным бермедім.
Бойымнан таусылса жомарттық —
Менің де өлгенім.

БАРСЕЛОНА ӘУЕЖАЙЫНДАГЫ СҮНКАРЛАР

Бұл не өзі, өлде данққа ғашықтық?
Талайлар жүр өлең-жырды кәсіп қып,
Десек-дағы іскерміз һем батылмыз,
Біз солармен құрессе алмай жатырмыз.
Кедергілер көлдененедеп күтпеген,
Пөле болды қөніл жықпастық деген.

Шығып жатыр,
Шығып жатыр құлшынып,
Бойсыз,
Ойсыз,
Тек үшуға құштарлар,
Құштарлықтан тұра ма өлде тіршілік?!

Жеке күйттеп әдettенген бас қамын
Бір-біріне ұксас,
Ұсақ құстардан
Тазартамыз қалай өнер аспанын??? —
Деген сұрап алдымызды кес-кестеп,
Кешегіден келіп жетті бүгінге.
Киын,
Киын ойланбасақ түбінде.

Құр қалбактап үшуды нысап тұтқан
Ұқастық пен ұсақтықтан
Қашан конар екенбіз біз зор парасат-пайымға...

.....

Барселона өуежайында
Болды бірде ғажап жағдай таң қалар:
Кілең ұсақ, майда құстар — шымшық,
торғай,
карғалар —

Билеп алып аспанды
Реактивті ұшактардың
Самғауына киын кезең басталды.
— Бізді мұнша әлек еткен,
Бұл күтпеген пәлекеттен
Құтылатын жол кайда,
Ғалымдардан, сірә, көмек болмай ма?
Дүлей үрей құшағында азап шектік күнделік,
Майда құстар турбинаға
Жойқын ауа толқынымен бірге еніп,
Бес нөн үшак істен шыкты соңғы айда, —
деп өтінді үшқыштардың бастығы
Ғалымдардың басшысы — ұлken қасқа мандайға.
“Ғылым үшін, міне, жана тақырып”,
Қасқа мандай аз ойланып отырып,
Табыстады істі басқа мандайға.
Басқа мандай ертіп басқа мандайды
Жете зерттеп, түсінгенмен мән-жайды,

Құпияның құлпы ашылмай қасарды,
Түрлі-түрлі тәжірибе де жасалды.
Айлар өтті нәтижесіз күйбенмен,
Ұшактардың ғүріліне әбден еті үйренген
Қу құстардың әуежайды басынғаны соншалық
Бірін-бірі шұрқыраса карсы алып,
Бір-біріне қоштау айтып тамсанып,
Таннан танға масайрады өн салып.

Тым бейхабар мынадай “ғаламаттан”
Мадридте оқитын
Ұлын көріп кайтуға бара жатқан,
Тарпан тағдыр сарқа алмаған қуатын,
Құзар таудың баурайында тұратын
Орманшы карт үлкен қасқа мандайдың
Еді жақын туысы.
О, сәттілік десенізші қандай бұл!
Құллі өмірін орман бұрган
Туысымен қасқа мандай шай ішті.
Сосын өзін толғандырған
Әрі катты арландырған
Оқиғаға ойысты.
— Эй, балам-ай, балам-ай!
Ғалымсыңдар дүниені нұрландырған талғамы,
Колдарында ғасырлардың толғағы.
Кейде ұстаз-табиғатқа шәкірт көзбен қарамай,
Шалыс басып қаласындар,

мынау соның салдары, —

деді орманшы құлімдеп, —
Киын салдар киын сауал туындаатты, десе де,
Бұл — оп-онай шешілетін мәселе.
Әуежайға төрт-бес сұнқар табындар,
Кайсарлығы көз арбайтын,
Ұсак құсты қөргенде төзе алмайтын
Сұнқар деген — тіршілікке нағыз інкәр дарындар.
Еркін ұшып шығу үшін бийгіне калаған,
Оларға сол арадан
Жайлы үя салындар
Және ерекше жағдай жасап бағындар.
Сонда майда құстардың сұсы қашып,
Еңсесін сұнқарлардың мысы басып,
Іздеу үшін жанға жайлы басқа орын
Тастай қашар сол өуежай аспанын.

Көкірегін көрікті ойға бөлеген
Орманшы карт, шынында да, болып шықты көреген.
Ұсақ құстар құрт тазарып құллі өуежай аспаны,
Ұшак біткен еркін самғай бастады.

Женіл соқпас осы қайсар занғылықты менгеру,
Саған қашан келер екен кемел кез.
Міне, аға, сұнқарларға жол беру —
Майдаларға құрес ашу деген сөз.
Ал сен кімге,
 кай сұнқарға жол бердін?

Есінде ме,
Кімге кімді тенгердің?
Қаптаған көп бала тайдан
Сурылып шыққан қезде дара тай
Демедің ғой “Алақай”.
Жеткергенов Жебегенге,
Айбергенов Төлегенге
Бір көзбенен қарап обал жасадың ғой, ағатай!
Енді бүгін колдан билік, бойдан қүшін қашканда,
Жалтақтайсын жан-жағына,
 алактайсын аспанға,
— “Сүйеніші,
Камқоршысы,
Мектебі,
Емес пе едім —
Асканы ма, неткені?
Ебін тапса ысырады шеткери,
Елемейді, сыйламайды, — деп, — мені”.
Өкпелейсін, ұқсас өрі ұсақ канат
 жастарға.
Иә, олар қадіріңе жетпеді!

Құтылам деме өзгеге артып кінөні!
Сен жауап бересің өлі
Жолынды салмай қыынға
Жөнінді таппағаның үшін,
Сұнқарлар болған жиында
Шымшыкты мақтаганың үшін.

Құр қалбактап ұшуды нысанп тұтқан
Ұқастық пен ұсактықтан
Біз өрдайым тиістіміз коркуға.

Не ғаламат жатыр мына ғасырының бойында?
Желтен,
Мазаң ойменен
Жұргендеймін кейде мен
Барселона өуежайында.
Бір кез әлгі орманшы кеп қасыма
Балап мені баласының досына,
Мейіріммен күлімсіреп жанары:
— Эне, ұлым,
Уақыттың талабы —
Ерте, кеш пе, бәрін жөнге салады.
Сұнкарына жағдай жасамаған ел
Майдалардың мазағына қалады,—
деп тұрғандай болады.

ЖІППІТІҢ ЕКІ СИПАТЫ

Марсқа

Кім кайратты
Кім кімге аскар тұлға,
Мүмкін бе екен тағдырдан бас тартуға?
Неткен ғажап,
Биқтен құлаған тас
Сынғанымен қалады тас қалпында.

Құзар шында,
Ойпанда,
Бұраланда,
Талайларды сын күтіп тұрады алда...
Быт-шыт болып кетпей ме қам кесектер
Кіп-кішкентай жырадан құлағанда.

Алуан тағдыр берілген бұл адамға
Есегінен ез жігіт құлағанда
Жұбатындар,
Аяндар,
Әйткені оның
Құм боп кетер жігері жылағанда.

Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Тұлпарынан ер жігіт құлағанда,

Жұбатпандар!
Ер адам от-жігерін
Намысына жаниды жылағанда.

ҚҰДАША

Бас имей бүркасынға
Әтті де жылдар ағып.
Туған жер қырқасында
Кап қойды бүл балалық.

Қайтемін оны даулап,
Тек арман мұлгімейді.
Бір сезім омыраулап,
Кеудемді тілгілейді.

Арайлы ақ тілекпен
Канша үміт сабакталды.
Каншама өтті көктем,
Мен сені жоғалтқалы.

Кезімде гүл атпаған
Көріп ең өзің мені.
Ешкімді қуантпаған
Каукарсыз кезім бе еді?!

Құлқіннен нәр алып бір,
Аулына барғанымда,
Жұргенсін балалыктың
Балауса орманында.

Конақжай сыйыменен
Бір шерткен көніл күйін.
Әпкемнің үйіменен
Көрші еді-ау сенің үйін.

Ай манңай мұратымның,
Кінәсіз сенімі үшін,
Жиі кеп тұратынмың
Өзінді көру үшін.

Шақырса құба дала,
Гүл қуып қыр асамыз.

Мен едім құда бала,
Сен едің құдаша қыз.

Қызгалдақ — қырдың сөні
Жебейтін арман атын.
Мен үзген гүлдің бәрі
Бір саған арналатын.

Жан едің дала көніл,
Өзгеше ең, ерек едің,
Мен сені бар өлемнін
Көркіне теңегемін.

Сол сезім нұр ұсынды
Жанымның жайланауына,
(Бұл кейін тынышымды
Алар деп ойладым ба?)

Бір күні дүрілдеген
Той болды көрші ауылда.
Қыздесе күлімдеген
Жігіттер канша мұнда.

Сыртта би қызды тіптен,
Сол кезде сен де келіп,
Бейтаныс бір жігітпен
Биледін дөңгеленіп.

Нұрга орал жана отауды
Тұннің бір ортасында,
Ай туды Алатауды
Жамбастап арқасына.

Сазанды терен көлдей
Шоршыдым, тосырқандым.
Ал жігіт көленкендей
Калмады қасыннан бір.

Бұлай деп андамагам,
Тандантты-ау сырың мені,
Айтшы, бұл әлде маған
Көрсеткен қырың ба еді?

Жанымды ызғар ұстап,
Намысым арығандай.
Лап етпе қызғаныштан
Шақ түрдым жарылардай.

Той тарқап таң алдында,
Конактар жолға аттанды.
Сол жігіт сені ауылға
Шығарып салмақ болды.

Адаскан орманынан
Еліктей тұрып калдым.
Сонан соң соңдарыннан
Біраз жер жүріп бардым.

Сонан соң жалт бұрылып,
Каштым мен тауға караі.
Кеудеме от тығылып,
Жүргегім лаулағандай.

“Токта” деп айқайладын,
Сонынды калдым ұғып.
Даусынды қайталады,
Кең дала жаңғырығып.

Өрлігім алға сүйреп,
Кайырылып қарамаппын.
Сен менен алғаш рет
Алыстап бара жаттын.

Сол түннің құмар қылған
Өзгерді мәні мұлде...
Тек даусын құлағымнан
Кетпейді өлі күнге.

МҰРЫН ЖАЙЛЫ ӘЗІЛ

“Перзент болу онай ма толыққанды,
Зерттеп өс, — деп, — айдарлы алыптарды”,
Мені башқұрт жыршысы Мұстай Көрім
Расул Ғамзатовка алып барды.

Таулыққа тән асау ой қанатында
Жайсан күліп қоштасы дара тұлға.
Үш жылдан соң
Фарышкер Севастьянов
Таныстырды қайтадан мені ақынға.
Расул айтты: “Кез келген жас талапты
Балау киын қыранға қос қанатты.
Інім, сенің жырынды оқығам жок,
Бірақ бұзау мұрының есте қапты.
Өзгешелік — табиғат тірегі еken,
Өзгешеге ойлы жан күле ме еken?
Өнерде де бөгде жұрт шатастырmas
Өз мұрының болсын деп тілек етем”.
Тыңдағым кеп ғасырдың арайлы өнін,
Арай шашкан тауларды манайладым.
Ғамзатовтың озіне қарадым да:
“Гәп мұрында жатыр ма”, — деп ойладым.

Өтті жылдар,
Кенейді өрісім де.
Бар, өрине, женіліс,
Женісім де.
Тілекtesім көбейді ел ішінде,
Біреулер жұр келе алмай келісімге,
Өлеңімнің мұрының бұзғысы кеп,
Жұдырығын жасырып жен ішінде.

Даралыққа не жетсін көнілдегі...

.....
Бақытты жан мен болам төріндегі.
Өленде де ешкімге ұқсамайтын
Мұрынымнан танысан, елім, мені!

1975

АЛГАШІҚЫ МАХАББАТҚА ХАТ

I

Бір үмітке бір үміт жалғадым,
Көп-ақ еken бергенімнен алғаным.
Занғар көкке самғаганым не керек,
Саған ұшып бармаған соң, арманым.

Әнмен айтып баландығын, пәктігін,
Көктем де өтті зорға басып аptyғын.
Күнде баққа қыдырғаным не керек,
Сен қасымда болмаған сон, шаттығым.

II

Батты канша күн қызарып,
атты канша таң құліп,
Кеудемнен сан жұлдыз ағып,
тау құлады жанғырып.
Сонда да мен сенімімнің беріктігін өн қылып,
Тым айнығыш сезімдерді ар отына жандырып,
Жүріп келем асыл өнім, жүріп келем пан құліп,
Өткен күннің бедерлерін өшірсе де сан құдік,
Екі адамның саусағының ыстығы
Мандайымда қалып койды мәнгілік.
Кастерлеген бақыт атын, ар атын,
Сол екі қол болды менін канатым.
Біріншісі — анам колы, өрине,
Екіншісі — сенің колың болатын.

III

Сенің колын кішкене нәзік кана,
Нәзіктікten тағдырға озып кара.
Сенің көnlін мен үшін шалқыған көл,
Сенің кеуден мен үшін жазық дала,

Ұғыстырыды жылдардың жолы бізді,
Кұдік бізден мәнгілік қолын ұзді.
Карсы алдымда құлімдеп тұрсын, міне,
Көкірегінен көп үміт толып ізгі.

Қайғысы мен шаттығын ерте келген,
Еркем едің өз өнін шерте келген.
Орамалың пәктіктің белгісіндей,
Желбірейді жарысып ерке желмен.

Арман құсым, сен мені адап түсін,
Саған тендес мен қайдан табам мүсін,
Жылдар бойы көркіне көз байлаган,
Алғашкы інкөр махаббат, аманбысын?

Соқпай кеттің көп болды, жағаға сен,
Бір женілдеп қалушы ем аға десен.
Қакпаны көп, мылтықты мергені көп,
Белестерден өттің бе аман-есен?

Ұзак жылдар сен маған таптырмадын,
Тасасынан іздетіп көп тұлғанын.
Тұлкісі көп алдамшы ормандардан
Калайша сен аман-сау өттің, жаным?

Дәрменсіз гой, дәрменсіз білек енді,
Шікем көніл қотермес мінегенді.
Жүргімнің жазира қүнгейінен
Сенің бейнен асқақтап түрегелді.

Өткердің гой өмірдің көп белесін,
Құрың саған қалайша өкпелесін?
Екі айырып кетсе де жолдар бізді,
Маған сырттай тілектес боп келесін.

Лапылдатып жаққанмен отты неше,
Жылдар бізден қайтеміз көп тілесе.
Мұмкін емес дедің сен сенімменен,
Мені біреу арзандап кетті десе.

Көкейінде жатса да сұрап тұнып,
Кандай жақсы, жақсы гой тұрактылық.
Мені біреу ұсактап кетті десе,
Мұмкін емес дедің сен жылап тұрып.

Аз ба, көп пе шаттығым теренімде,
Оны, әрине, жолымнан көремін де.
Мені ешқашан қимадың жамандықка,
Әйтеуір сен қимадың мені өлімге.

Мұмкін, әлі құшім кем, ісім бала,
Айқындалып келеді түсім жана.
Саған, күнім, мәнгілік қарыздармын,
Маған шексіз сенгенін үшін ғана!

ТЕРЕНДІК ЖЫРЫ

Өзінсіз келген күндерден,
Өзінсіз терген гүлдерден,
Өзінсіз кешкен ойлардан,
Өзінсіз өткен тойлардан
Жалығып біттім, жаным-ау.
Мен десе жаның даладай,
Мен десе күлкін мәп-мөлдір,
Лапылдаш жанған өсек пен отка қарамай,
Сен маған арнап өүенін салдың көктемнің.
Өзіме-өзім ете алмай қалсам иелік,
Күшімді жиғым, арманым, саган сүйеніп.
Сен менің аскар белім бол,
Шалқисың кейде шадыман шалқар көлім бол.
Көнілінде терен көлі бар жандар бақытты,
Көнілінде терен көлі бар жанға өлім жок.
Теренім сенсің, еңселім,
Өлеңім сенсің, еңселім.
Парасат көркін каншама өйел халқының
Мен саған қарап өлшедім.
Көрмедің әсте сенімнің гүлін солдырып,
Шыдамды тәнірім сыйлапты саған мол қылып.
Кім айттар, кәне, бекер деп,
Вокзал мен вокзал арасын
Жүрдің сен күнде жол қылып,
Мен келіп қалар ма екен деп.
Созылып таулар алдында
Жалғасып бірі-бірімен,
Келем деп келмей қалдым да,
Күттіріп койдым тұнімен.
Жанынды мұнға жібітіп,
Жыладың ағыл-тегіл бір.
Ал ертен бәрін ұмытып
Аспандай тұндың көгілдір.
Не деген жұмбак өмір бұл!
Сыйладым саған көп қайғы,
Сонда да кінә артпадың.
Арынды асау жүректің
Тізгінің кері тартпадың.
Сенімге сертің табанды,
Күштарлық отын өшпеді,
Шаттығым, сенің бағанды,

Елемей келсем, кеш мені.
Берілдің барлық жанынмен,
Жанындаі тұнық әнінмен,
Әнінмен, барлық сөнінмен,
Сырынмен, сансыз қырынмен,
Құлпырған жақұт нұрынмен.
Сол үшін, таудай мерейім,
Сол үшін бакыттымын мен!

Романинан ұзінсілер

*Қара тастар жинала кеп қара тауга
айналар,
Өз тарихын ұмытқандар тауды көріп
ойланар.*

“ӨРКЕНИЕТТИҢ АДАСУЫ” АТТЫ РОМАННАН ҮЗІНДЕЛЕР

КОМПЬЮТЕРБАСТЫ ЖАРТЫ АДАМДАР (Рухсыз күш формуласы)

Елге үстаздық еткен карттан алғыр, күйма құлакты,
Конақтары сұрапты:

— Аға, неше баланыз бар соныңыздан самғаған?

— Бір жарым! — деп тіл қатыпты әлгі адам. —

Ал, дәл айтам, үш ұлым бар зерек өрі білімді,
Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын

Өз ұлтының сан ғасырлық рухына жалғады,

Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.

Екі ұлымның тағдырында бұл өзгеріс болмады,
Екеуі де жалаң білім шенберінде сорлады.

Рухы, жаны аласаның зорлық жатар паркында,

Сондыктан кос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.

Мейлі, мейлі, екі ұлымды какса да уақыт арқадан

Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі — жарты адам!

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?

Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

Қайда барсан қөз алдында өнеге бол жарқылдар

Жарты үстаздар,

жарты бастық,

жарты қыздар,

жарты үлдар.

Біз қанша мың жас өскінді аттандырық шет елге:

Білім алып келсін дедік,

Жер, ел танып көрсін дедік.

Бірақ осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?

Зұлымдық та білім-қызға ғашық болып сүйісті,

Кім тежемек, кім қайырмак бұл пенделік күйісті?

Жалғыз жол бар:

Сан жас қанат ғаламзатқа болмақ үшін өтімді,
Тұнгі оттарды іздеп үшар көбелектер секілді,
Қасиетті ата коныс — өзен-тауын жерсінбей,
Баба тарих ардаған рух тұғырын менсінбей,
Ойын тұсап ессіз, көzsіз еліктеудің жаркылы,
Тек батыстық даңғаза өнер толқынында қалқыды.

Әлде бұл да жолы шиыр ұлттымыздың соры ма,
Калай түстік біз батыстық киратқыш күш торына?
Куанып ек, косылдық деп көусар бұлак корына.
Адасқандай тылсым нудан,
Біз олардың кір су құйған
Жүрек пен ой айнитатын құбырына тап болдық,
Тіпті аз жылда колда барды жоғалтуға шақ қалдық...

Ұлы Ғабит Мұсірепов — кара сөздің кемелі,
Бұткіл қазақ рухының айдары мен беделі,
Тіршілікпен қоштасатын ең соңғы сәт соққанда,
Өлімін де айналдырып зор мазмұнды мактанды,
Жазбай қайсар сенімінен,
Діріл каккан ерінінен,
Канатты ойын келер күнге акқу етіп оздырған,
Елге арнаған актық сөзін маған айтып жаздырған:
“Шын өнерді басынса да жене алмайды асқазан,
Шырқау рух аспанында басқа мүдде, басқа заң.
ҒАСЫРДЫ АСАР ӘДЕБИЕТІ, ӨНЕРІ ҰЛЫ БОЛМАСА,
ҰЛТ ДАРАЛЫҚ ТАБА АЛМАЙДЫ
ЖӘНЕ ҰЛЫ БОП САНАЛМАЙДЫ ЕШҚАШАН!”

Эр жұз койдан кезінде біз үш жұз қозы алғанбыз,
Фарышқа да құлаш үрып, Айға турен салғанбыз.
Рас, қазір құллі өлемде байлыққа ауды есіл-дерт,

Байлығы озса мысықтар да жолбарысша көсілмек.
Бес жұз қабат үй салу да емес бүгін боз елес,
Ақшан болса “маймылды” да бастық сайлау сөз емес.
Адамзаттың бар тағдырын енді ақша шеше ме?
Карындарды — тек өз камын ойлаган,
Залымдарды — кан төгуге тоймаған,
Үрпактары үлті тұтып, орнатуда кесене.
Әділдікке деген сенім бірте-бірте өше ме?
Жол бар ма еken аман өтер пендे мұdde-орманнан,
Адамдықтың салтын қайттік, данқын қайттік корланған?

Бүгін неге рухсызық секілді зор батырлық?
Ізгілікіз батырлыктан зардал шегіп жатыр жүрт.
Ньютон ашқан үшінші зан нені үндейді білдік пе?
“Әрбір кимыл — карсы кимыл тудырады” тірлікте.
Егер қарын байлығынан рухымыз пәс тұрса,
Ұқсас, текстес жебір ойлар бір бағытта асқынса,
Коғам қалай үстамақшы өділ ойдың шылбырын,
Жан байлығы саяз құштер жек көреді бір-бірін.
Олар қазір заманды алдап, зандастырып әр ісін
Корғамакка құлшынады анқау елдін намысын...

Оян, Данте, Фирдоусидін және Абайдың айбыны!
Бөгей алмау ғасырға сын бұл тасқынгой қайғыны.
Кол қусырып қөнеміз бе,
Үнсіз жата береміз бе,
Робот-түйсік арқаланған,
Мейірімі тұл жарты адамдар
Жердін бетін түгел жаулап женгенше?..

.....
Донбекшиді қөніл-галам,
Бүгін өлу жеңіл маган,
Осы рухсыз жеңістердің ертеңіне сенгенше...

ЕРКЕКТЕРГЕ КӨЗКАРАС НЕМЕСЕ ӘЙЕЛГЕ СИРЕК ЖОЛЫҒАТЫН БАҚ

Отырарда бір қадірлі қарияның қанатты
Тұлпар текстес аты бопты сүйсінтекен бар алапты.
Мінезі сәл жайсыз еken шодыр бала іспепті, —
Шаршап-талып шөлдесе де, арықтан су ішпепті.

Жек көргені жақын келсе тарпып, теуіп тістепті,
Содан аяқ шідерленіп, бастан жүген түспепті.
Бозбалалар сымбатына көз тастайтын табына,
Карияның ай дидарлы қызы бопты тағы да.
Сол жас ару өкесіне былай депті бір күні:
— Эке, сенің даркандығың шақырады құлкіні,
Киқар, тентек мына атынды мәпелеуді қоймайсын,
Айырбастап,
сатып,
сойып неге көзін жоймайсың?

— Рас, қызыым, сөзіннің жоқ катесі,
Аттың қикар мінезі бар, — деп күрсінді өкесі, —
Тек бұл бейбақ ат біткеннің зерегі,
Тұскен кездे бәйгелерге жарыска,
Жаралғандай шабу үшін алысқа,
Арын салып,
күшін, терін төгеді,
Бірак сөзсіз бірінші боп келеді.
Әйгілеген елге күшін,
Сол ғаламат енбегі үшін
Киқарлығын кешіруге болмай ма?!
Кешірмесек бетте таңба калмай ма?!
Аз ба елде, тұлпарды асқан бағы бар,
Жуас,
көнбіс,
моп-момакан жабылар.
Касиетін сезбесе де, тәлім алар, табынар,
Жуасты әркез мактайтын жұрт табылар.
Бәлкім, тұлпар сол үшін де ызалы.
Ызалыны бағалауға шабандаумыз біз өлі.
Нағыз еркек тұлпарға ұқсас, айнам-ау,
Саған қылмыс ол жайында ойламау.
Толғағы кем талғамына бар таным,
Басына бақ конбай ма деп Коркамын...

Дұрыс шығып өкесінің есебі,
Қыздың жолы болмай қапты деседі.

Ойлан, жуас жан іздеген, жар іздеген, жас талап,
Өмір сенің күткеніннен өлдекайды басқараЄ,
Еркек сұлу көрінбей ме еркімен,
Еркіндіктің нұры ойнаған көркімен.

Жалғандыққа күрес ашкан ісімен,
Сүйгеніне берген кайсар сертімен
Және соны корғай білген күшімен.

Ойлы өлемнің әйелдерсіз күні бар ма көктеген,
Әйтсе де мен әйелге ұқсас еркектерді жек көрем!
Еркектерге еліктеген әйелдің де аз табары,
Иә, әр жыныс өз мінезін сактауымен бағалы.
Жігіт, жігіт санала ма бұғып жүрсе тасанда,
Өз пікірі жоқ еркектен корқу керек қашанда!
Қанаттыны кері тартып, табандап,
Ұшар кезде ұша алмайтын шабандап,
Өз пікірі жоқ еркектер ел басқарса, не болмақ?!

Тоқтамайды еркектер мен телпектердің жарысы,
Ойлан, қалкам, еркекті ерек етіп келген — намысы.
Мықты кім бар намыс атты батырдан,
Бір сөз үшін қаншама ерек тіршіліктен жан кешті.
Бір сөз үшін жекпе-жекке шақырған
Кайсар Пушкин Дантесты.

Ар-намыстың күрбандығы
Аз болмапты, кайраулы әлі өділеттің балтасы.
Жердің аман тұргандығы
Сол намыской еркектердін аркасы.
Әркез нұрлы үміт сеуіп алдымызда тан жатсын.
Кайғы келсе женілмейтін,
Бақыт келсе семірмейтін
Ер мінезін кадірлейтін
Әйелдердің данкы артсын!

Ал, жас ару, тұрмайды ешкім жолында,
Өз тағдырын, дәл казір өз қолында.
Талғамынды әйгілей ме талабын,
Көкейінді сезіп тұрмын, қарагым.
Айтқаныннан шықпайтын,
Меселінді жықпайтын,
Саған момын, жұп-жуас ерек керек,
Жо-жоқ, ерек емес-ау, телпек керек.
Бақанын да әніне сай бағы бар,
Іздегенін жабы болса — табылар.
Нағыз бақыт тұяғымен тұлпардын,
Киялымен сұнқардың

Өлшенетін мына үшқыр заманда
Бірте-бірте кұнсызданар баған да.
Мен сенемін, шын еркектін алдында
Кызаратын күн туады саған да...

.....
Тек ол күннің кеш туғаны жаман да!

ЕЛ ТІЛЕГІНІҢ КУШІ

Тағдырының той-қызығы тарқаған,
Өлкедегі ең бай өрі қарт адам,
Сәуле шашқан досы түгіл қасына,
Шығып алып құзар таудың басына,
Жаратқаннан ұлы демеу сұрады,
Үш күн, үш түн жалбарынып жылады.

— О, тәнірім,
Санам мұнға шайлықты,
Бердің маған бұл манда жоқ байлықты.
Адам аз ба барлықты данқ санаған,
Бірақ бақыт таба алмадым мен одан.
Карттық женді,
Көрде түр бір аяғым,
Осыменен бітпек пе өмір — баяным?
Көз жұмарда нені демеу етемін,
Байлығымды кімге сеніп кетемін?
Пейілі мен мерейінен таң атқан
Бір нәресте сыйла маған, жаратқан?!

Сұмбіле шың болып лезде жап-жарық,
Үн естілді акша бұлтты қақ жарып:
— Сен перзентсіз өтесін бұл өмірден,
Саған сондай жалқы тағдыр берілген,
Ол шешімім өзгермейді және де!

— О, жаратқан, тәтті арманым өле ме? —
Деп сорлы қарт тұманданып көз алды,
Ұзак тұрды, сосын қайта сөз алды. —
Онда маған мұнға төзөр сана бер,
Және үш күндік ғұмыры бар бала бер.
Нәрестемнің ісін жүту мен үшін
Басты арманым, еді карттық женісім...

— Мейлі, болсын! — деді Тәнір дауысы.
Алтын нұрмен арайланды тау іші.

Неткен жұмбак ғұмыр еді бүл тәтті,
Тоғыз айда жас тоқалы ұл тапты.
Нәрестесін құшып, иіскең шал сорлы
Сәл де болса тағдырынан бал сорды.
Жомарт конілін шуакты ойға батырып
Той жасады елді түгел шакырып.
Ат мінгізді жігіттерге санатты,
Балалы үйге сауын сиыр таратты.
Мәрттік нұры асқақтатып киялды,
Жетім-жесір тоғыз қойдан сый алды...

Пейіл барда зейін қалай қалғысын,
Шын жүректен білдірді жүрт алғысын:
— Бойлайтындаі ел мен жердің сырына
Ұзак ғұмыр берсін алла — ұлына!
— Ер мен ездін жігін онай сезінген,
Құдіретті құш кетпесін сөзіннен!
— Перзентінің мейірім ойнап көзінен,
Жомарттығы асып түссін өзіннен!
— О, құдайым, пендем десен сен егер,
Мына картқа құламас бак бере гөр!

Үәделі үш күн такау қалды бітуге,
Бейшара шал жаманшылық күтуде.
Төрт күн өтті, он күн өтті... бала аман,
Бірак кауіп өшер емес санадан.

Қырық күн де желіп өтті асыға
Шал қайтадан занғар таудың басына
Көтеріліп, алғыс айтты тәнірге:
— Мұндай шаттық көрмеп едім өмірде,
О, жараткан, сенім өлсе — ер жетім.
Өзің үш күн ғұмыр берген перзентім
Әлі тірі. Бір күннен соң бір күннен
Катер күтіп, үйықтай алмай жүрмін мен.
Өр адами тағдырымды ырзағып,
Еттің маған неге мұнша мырзалық?

— Жок, сен өзің мырза екенсін, о, пендем,
Адамдығын туғып шырқау көтерген. —

Деді Тәнір акша бұлттың ішінен, —
Сен және де дархан жүрек қүшімен
Куантуға тырыстын әр адамды,
Сол пейілін сактап қалды баланды.
Катал тірлік қасіретінен арыған,
Сенің жомарт мінезінді таныған,
Үлкен-кіші түгел айтып ақ тілек,
Жатты өзіңе, балана да бақ тілеп.
Адам ылғи бір ізгі істі сағынса,
Игі тілек арнасынан табылса,
Демелсे егер тілек көптің қолымен,
Ескерусіз қалдыра алман оны мен.
Жомарттық — бұл мәңгі арымас қайсар құш,
Саған алғыс айтқандарға айт алғыс!!!...

.....

.....

Карттың кенет шарықтап ой-шынары,
Ашылғандай шаттығының бұлағы,
Бұлттан бөрік киген тауды жангыртып
Куаныштан айқай салып жылады.

ҚҰРМЕТСІЗ, ШЫНШЫЛ ТҰЛҒАЛАР НЕМЕСЕ ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

I

Отырадан ағып шықкан дариялардың ұлысы,
Құрмет пен данқ тәріндегі
Күллі қазақ жеріндегі кариялардың ұлысы,
Үміт-тұлқі зып берсе де,
Сыртта есейіп, сыртта өлсе де,
Туған елден бөлінбegen ой-санасы, тынысы,
Шыншыл — катал тағдырынан нәр алған әр ұлы ісі
Әбу-Нәсір әл-Фараби бабама
Жағымпаздық шәрбатынан сусындаған бакшасы,
Сахараның боз жусаны секілденген ақ шашы
Былай депті өз деміне
Өзі піскен арабтың бір патшасы:
— Санасынан шашыраған ізгілік,
Ойы зымыран, дана дейді Сізді жұрт.
Ал мен тынбай ел басқарып келемін

Көңіліме шаттық, сенім қайығын тен жүздіріп.
Еститінім кіл мактау сөз, (ризамын халқыма),
Күннен-күнге данқ қосылып келе жатыр данқыма.
Адам бірак тағдырға шарасыз ба,
Болжап бере аласыз ба,
Құны канша, мәні канша мендегі асқақ сенімнін,
Болашағы қалай болмақ ертең мына елімнін?

— Жанылысса, әділетсіз тіл мен көмей жанылсын,—
деді ғалым, — оны болжау қын емес, әміршім,
Орданызға Сізге ерекше манызды әрі қадірлі
Адамдарды шақыртының ісі ерекше жағымды.
Куат-күшін әйгілеген ой-паркымен, білекпен,
Мақсат, мұдде, тағдырын да өзінізбен бір еткен.
Және олар қатар-қатар жайғассын
Көnlіңізге кім ең жақын, кім қашықтау ретпен.

Патша аз-кем ойланғанмен сөзге келмей құп болды,
Ет пісірім сәттен кейін Ордаға жұрт лық толды.
Билік — тұлпар, байлық — арба, екеуі — бір ат арба.
Алтын арткан арбаға еріп кім шықпайды сапарға?
Болған соң ба бұл елде де байлық құліп атар тан,
Саудагерлер орын апты ең бірінші қатардан.
Патшасының әр шаттығын бірге жүріп тойласқан
Орда толы жақын-туыс, ой-санасын май басқан.
Бес перзенті қатар отыр, арманымен айды аскан
Сосын, әбжіл шабармандар... сот-казылар жайғасқан.
Тен бөлінген не бар дейсіз мына фәни жалғанда,
Бес-алты адам түрегеп тұр, орын жетпей қалған ба?
(Иә, заманы сыртқа тепсе, тасбақадан бақ шабан),
— Мыналар кім? — деп сұрады Әбу-Нәсір патшадан.
— Ә, бұлар ма, өзін менен санайтындар кеменгер,
Кітап-сітап жазатындар, акын, ғалым дегендер...
— Түсінікті, — деді ұлы ұстаз, — құзырының қаласа,
Болжамынды өзінізге айтсам деймін онаша.

Келісілді.

Онашада Әбу сөзін бастады:

— Ей, әміршім, аласа екен елініздің аспаны.
Білесіз бе, заманында айдарынан жел өпкен
Ұлы Түрік қағанаты құлады не себептен?
Шығу қын бір түскен соң пенделіктің дауына
Онай сокпас кері бұру рухсыздық ескегін?

Олар іштен және сырттан анталаған жауына
Карсы коя білгенімен мың-мындаған өскерін,
МӘДЕНИЕТІН қарсы коя алмады.
Ұлан-гайыр ұлы өлкенің бағы солай жанбады.
Сол қателік Сіздің жерден тапқан екен жалғасын,
Ызылды уақыт төбенізден көтеріп түр балғасын.
Сіз елдегі басты орынды саудагерге беріпсіз,
Және оған ұлтыныздын болашағын сеніпсіз.
Рухани байлығына арқа сүйемеген ел
Басқа өлкенің боданына айналады еріксіз.
Әне содан халқыныздың данқ-шырағы жанбауда,
Рухсыз ел тауыққа ұқсас, шыға алмайды самғауға.
Жерініздің үні болар,
Ар-намысы, ғұлі болар жандарды
Сүтке тиген мысықтай ғып шетке қағып тастапсыз,
Сойтіп, тақсыр, касіретті қын тағдыр бастапсыз.
Мына тайғақ заман маған берсе екі жол тандауға
Десе және: БІРІНШІ ЖОЛ – байлық жолы
шалқыған,
Тек тоқшылық арнасымен керги жүзіп қалқыған.
Бәрі дайын, не ішемін, не килемін демейсін,
Өзінді һәм зәузатынды шат тұрмыска бөлейсін.
Тіршіліктен көрер қызық-тамашаң да көп болмак,
Бірақ қайсар шыншыл Рухың, Дәстүр, Тілін жоқ болмак.
Ал, ЕКІНШІ жолмен жүрсөң жалаң аяқ кедейсін,
Тағдырынды тақ-тұқ еткен күн көріспен демейсін.
Тек еліннін сан ғасырлық мәдениеті саналы,
Көусар Рухы, Дәстүр, Тілі өз қүшінде қалады.
Екі байлық бір жүре алмай бөлінгені болды сын,
Бұл жағдайда мен ойланбай қалар едім соңғысын.
Сену қауіп терен тамыр жая алмаған талғамға,
Мазмұнынан айырылған,
Рух қанаты қайырылған
Елден сорлы ел бар ма екен жалғанда?!

Бөліп ұстар адамзатты мән-мағына, өрінен,
Сана шырмар мәңгүрттіктің залалы үлкен бәрінен.
Бұл зор қайғы ғасырларға кететүғын қапалық,
Тұйықтан жол іздер өркім,
Тырысарсыз Сіз де, бәлкім,
Бірақ оған айналаныз жібермесі ап-анық.
Кетіп барам, қақпанызды, сірә, қайтып ашпастай,
Жан байлығы Сіздің елде ит ішпеген кешкі астай.
Енді мұның кері соғар жанғырығын құтініз, —
деді дағы әл-Фараби шығып кетті қоштаспай.

Ұлы баба!
 Тағдыры ойнамалы,
 Арыстың ай дөғалы сағасында.
 Бұрымы бұлан қаккан,
 Сәuletін, сәнін бұзбай сылан қаккан.
 Анамыз – сұлу Сырдың жағасында,
 Дәүіріне өзгерпеген рухының сағатын
 Және ешкімге тежетпеген өр мінезін, тағатын,
 Он бір ғасыр арасында,
 Отырарда туылыппыз екі ақын.
 Орын таптың бар жүректің төрінен,
 Мен ешқашан теңесе алман сенімен.
 Ол ол ма еken, саған тіпті наз айтуға от керек,
 Талай-талай алпауытпен шығып едің жекпе-жек.
 Өз халқының жан байлығын өзі тепкен патшага
 Әлі күнге жат өлкеде жатырсың ба өкпелеп?
 Орныннан түр, данышпаным, өр дауысты атан ер,
 Елі тыныш болса ғана төтті үйкыға батады ер.
 Шуда жіптей шатасқан сан жолдан аман өтсін деп,
 Өз жеріннің басшысына, қосшысына бата бер.
 Ұлы далан ажырамай ұлы дәстүр, ұлы ойдан,
 Ұсак, саяз ұлдарының қылығына мұнайған.
 Тұған елге сокпасын деп өзің көрген қателік,
 Мен тілеймін, Ұлы Баба, сен де тіле құдайдан!

БАҚЫТ ГЕОМЕТРИЯСЫ

“БАҚЫТ деген немене бұл, немене еken, немене,
 Мен шықпаған занғар шың ба, мен мінбеген кеме ме?”
 Бәлкім Бакыт байлық па еken сараптықтан бас алған,
 Жомарттығы озгелердің ырысынан жасалған.
 Талайларға байлық жинау болса дағы бас арман,
 Кейде Бакыт байларға да қолын бермей қасарған.
 Әлде Бақыт сұлулық па, олай дейін десем мен,
 Сұлулар жүр бай аяққа кілем болып төсөлген.
 Әлде Бакыт билік пе еken қылыш мұdde ұстаған,
 Тіпті қайсар қырандары рұқсатсыз үшпаган,
 Жағымпазы сырт көздерді шошындырып сүркымен,
 Бастығының қон етігін шоткелеген мұртымен.
 Шын парасат иелері бірақ оған бармаған,

Олар өзін жаудан бұрын жағымпаздан корғаған.
Иә, биліктің қадамы тоқ, қамалы жок алмаған,
Кей касқалар биліктен де бақыт таппай сорлаған.

Екеуі де менен бұрын оған шаттық қонса деп,
Алдыменен ол қуансын, оның қөnlі толса деп,
Бір-біріне сый ұсынып, бірін-бірі жактады,
Бірін-бірі ардақ тұта ортақ ойға тоқтады.
Көрші аулада баласы әлген жалғыз кемпір бар екен,
Шетсіз, шексіз кен дүние ол сорлыға тар екен.
Бұлар катар шуак төге ізетті іске өрісті
Сол кемпірге қыстық киім әперуге келісті.

“Бакыт деген немене бұл, немене екен, немене,
Мен шықпаған заңғар шын ба, мен мінбеген кеме ме?”
Деп киялдап әр биқтөн көрсетіппіз бекер бой,

Кымбаттым-ау, сөйтсек бакыт қанағатта екен ғой.
Егер бүгін аласарса мекеніннің шоқтығы,
Оған себеп — қанағатсыз адамдардың көптігі...

.....

О, тәнірім,
Қанағатпен басар болса аптығын,
Мүмкіндік бер кадірлеуге жауымның да шаттығын!

ЖЕЛТОҚСАН АЛАҢЫ

Сәл аялдап, тағым етпей бұл алаңнан өтпендер...
Желтоқсанда ызырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, калқам, аскак рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған үлт намысы қызыл қанға бөккен жер,
Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер,
Жатты мұнда естен танып құзге айналған көктемдер...

Алаң шетін қоршап тұрган шыршаларға ала көк,
Жас бұлдіршін, сезімінді жанар етіп қарап өт.
Сол арадан сатқындық та елестейді кара бет,
Кара беттің көбі бүгін дара тұлға, дара бет.
Жас бұлдіршін, мұз құрсанған шыршаларға қарап өт,
Заманынның жеңісі мен жеңілісін санап өт.

Үлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жок,
Ал, біреулер намысы жок, жігер, қауқар, кары жок,
Кемсітпекші “желтоқсанның жалаң аяктары” деп.
Жок!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,
Тұрган солар аяз сорған қызыл беттің ары боп,
Дәүірінің тауығына шашылмаған тары боп.

Тірліктегі өр ісінің жанғырығы болады
Бұл табиғи жасырын заң өзгеріссіз қалады,
Сол занға сай сені бакыт, не сор іздеп табады.
...Дүниені дүр сілкінтекен жас толқынның саналы
Данқын ешкім, ешкім бүркей алмас. Оны да еске салады
Желтоқсанның бас аланы, қайсар рух аланы.

ТӨРТАНА

Тағдырыңды тамырсыздық індепінен калкала,
Мазмұн жокта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәнгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТҰҒАН ЖЕРІ — тұп казығы, айбыны,
ТҰҒАН ТІЛІ — мәнгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ — тірегі,
Кадамына шуақ шашар үнемі.
Және ТҰҒАН ТАРИХЫ.

Еске алуға қаншама
Ауыр өрі қасіретті болса да.
Құдірет жоқ төрт анаға тен келер
Онсыз санаң қаңбакқа ұксап сенделер.
Өзге аданың ұлылығын танымас,
Төрт анасын менсінбеген пенделер.
Төрт аданан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жүлдзызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана — тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес — күрестердің ұлысы!

БЕСІНШІ ЕРКЕК

Намыс туы желбірекен өрінде,
Дүниеге келтірген сан алыпты,
Отыраarda,
Менін туган жерімде
Мынадай бір аскак аныз калыпты.

Жігерімен жіберердей тасты үгіп,
Өнер, ойы тармакты,
Адал, жайсан жас жігіт
Ел ырысын шашып өткен
Тосын келген қасіреттен
Жанын салып туган жерін корғапты.

Ал, табиғат — ұлы Ана
Ұланына тіл катыпты қуана:
— Бұдан да үстем болу үшін мерейің,
Ұлым, саған үш байлықты нысана етіп көрейін.
Нысап керек дәuletке де, бакқа да,
Бірін таңда тек кана:
Әр сөзінде от тұратын,
Елге таңдай қактыратын,
Ғажабы да,
Азабы да орасан
Жұрттан аскан АҚЫЛ берем, қаласан?

Қызығушын көбейетін шашыннан,
Көрген адам кете алмайтын қасыннан,
Қызғаныш та тудыратын орасан
Жұрттан аскан КӨРІК берем, қаласан.

Ұмыттырып дүниенің тарлығын,
Кілең игі жаксылардың барлығын
Жинайтұғын дастарқанның басына,
Тіпті, қасы айналатын досына,
Қанаттыға өнегесі орасан
ЖОМАРТ тағдыр ұсынайын, қаласан?

Сонда жігіт былай депті:
— О, құдірет мекенім,
Бұл ғаламат сыйлығынды қалай өтер екенмін?!
Арнасынан тасып шығып, құйылатын сайларға,
Сөйтіп жұртты қалдыратын әрі-сөрі ойларға,
Ерке және қызба тілмен сөйлеген
Кайсар, тентек көктемгі өзен секілдімін кейде мен.
Жүрдек дәүір иығыма ауыр жүгін артады,
Дарқандығым,
Бейкамдығым,
Осалдығым бар тағы.
Өзіме-өзім жұмбак жанмын, —
Бір күн сөзсіз от басам,
Сеніммен
həm
кешіріммен қарайтын көз таппасам.
Кайда ол көз?
Канша үміттің жалын босқа кармадым,
Жігер-ойым,

Тәнім,
Қаным,
Шығындалсын бар малым,
Өзің айтқан үш байлыкты кеудесіне жинаған,
Бір адал жар жолықтырсан, болмас еді арманым!..

Көне, кімнің бак жұлдызы туар екен онынан?
Сол ер жігіт арман еткен асыл жардың соңынан
Сан мың ерек өлі қуып келеді...

БІРЕУІНІҢ мүмкіндігі өлдекайда көп еді,
Жомарт, адал өрі жарқын жігіт еді өрелі,
Бірақ оны жігерсіздік бөгеді.

ЕКІНШІНІ шыдамсыздық адастырды жолынан,
Сосын кайтсін, үстай салды басқа өйелдін қолынан.

ҮШІНШІ ерек кайратты еді жалын шашқан жанаардан,
Кара күшке көп сенгеннен нәзіктігі жоғалған.
Шын бінайы сұлулыктың түп тамыры саналған,
Жер бетінде нәзіктікіт аман сақтау — зор арман.
Нәзіктігін жойған адам
Қыстағы
Терекке үқас жапырағы тоналған.

ТӨРТІНШІ ерек кәжет шакта төуекелге бармады,
Жарты жолға жеткен кезде сөніп қалды арманы,
Қазір кайсар тағдырына карсылықсыз көнеді.

Тек БЕСІНШІ ертең қуып жетеріне сенеді.

Ауық-ауық берілгенмен уайымға,
Өжет сенім айналмағай ойынга.
...Сол бесінші — ең бақытты еркектің
Армандаймын болсам-ау деп тойында.

ӘМІР-ТЕМІРДІҢ СОНҒЫ ӨСИЕТІ

Күш пен ақыл кімде мықты — соның данкы ен үстем.
Киып өтіп өзен-көлден,
Кия-шыннан,
Еністан.

Сырнайлатып,
Кернейлетіп Әмір-Темір әскері
Мәрмәр қала Самарқанға оралды зор женіспен.

Кешке таман тұс-тұсынан сансыз жарық самсаған
Көк Сарайдың аясында шаттық қосты қанша адам.
Аққу мойын әсем әндер қалыктады төбеде,
Темірдің бүл женісі еді көптен күтіп, аңсаған.

Ой-сезімді айналдырып інжу-тізбек алқаға,
Кожа Хафиз шабыттанып жыр оқыды ортада.
Әмір-Темір қанаттана,
Жырға балқып,
Шоктанып,
Арайланған жанарында шоқтай қызу от жанып:
— Неткен асқақ сұлулық бүл,
Неткен жомарт сезім! — дег,
Кайта-қайта басын изеп, колын сокты шаттанып.

Кенет біреу алға шығып бүрдү өзіне жиынды,
Ханға қарап қалбаң қағып, бірнеше рет иілді:
— О, кеменгер қасиеттім, ұлылардың ұлысы,
Данқымыздың көшбасшысы, құдіреті, тынысы,
Сіссіз құллі Азияның бітпек емес бір ісі,
Сізден асқан данышпан жоқ,
Егер біреу бар десе,
Оның өзі — Сіздегі ұлы парасаттың інісі.
Тіпті әлемде Сізбен қатар коя алмаймыз ешкімді!
— Дұрыс!
— Шын сөз!
— Хан жасасын! — деген қоштау естілді.

— Кай кезде де сом алтынның қадірі жоқ колдағы, —
Деп өлгі адам өнгімесін өрі карай жалғады, —
Шын өнердің мәнін білер,
Сөздің сәнін, дәмін білер,
Талғамының тағы мені таң қалдырды, алыйым,
Сізді барлап өлең сөздің құдіретін таныдым.
Өнегеніз ғасырлардан ғасырларға көшеді,
Өзініздей көсемі бар елдің бағы бес елі!

— Токта!
Догар!

Сарапталық,
Сен бе, мен бе жетесіз?
Сөзбен арбап, мактау жолын менгеріпсің қатесіз.
Бір күшайсе өткел бермес тоғышарлық індепті.
Әр адамның тірліктері зор замани міндеті —
Саф өнерді ардақ тұту және терең түсіну.
Жан байлығын есепке алмау — босқа көкіп, ісіну,
Халқымыздың ұлы рухын, бедел-парқын түсіру.
Тек қарынға билік берсек, мына ғалам не болмак?
Онда ізгілік өзендері акпай қалар табандап.

Кашыр озып,
Тұлпарлардың мерейі аксал,
Шабандап,
Қарға біткен карқылдастып, қырандарды жамандап,
Бійік пенен аласаның шекарасы жоғалмақ.
Түс-түсынан мақтау сөздер құлағанмен көшкін бол,
Әлі күнге жағымпазын жазалаған ешкім жок.
Диірменің айналған соң жалғандықтың желімен
Басқа арнаға түсіруге міндеттімін сені мен...
Сәл ойланып:
— Кімсің өзің, максатың не? — деді хан.
— Әрқашанда орын ашкан Сізге жүрек төрінен
Корасанның хакімін... Құттықтауға келіп ем...

— Жалған хакім, жалған таудың данкы жермен тенесін.
Бар, кайта бер!
Корасанға енді хакім емессін!

— Ұлағатты ұлы ханым, күн келбеттім, кенісім,
Мұныңыз тым ауыр жаза болмас па екен мен үшін.
Шетке қағу — өзінізге шын берілген хакімді
Тарылтпай ма сіздегі ұлы жомарттықтың өрісін?

— Міне, міне, сын сағатта санаң қалай бұлтыңдар,
Қырдың кызыл тұлқісін де алдап кетер түркын бар.
Жанарымды түздай етіп,
Отпей жүрген қыздай етіп,
Көzsіз мактап, беделімді асырдын-ау таудан да.
Сен жанымнан табылар ма ең бастан бағым ауғанда?
Ондай шақта жалт бұрылып кетерінде дау барма!
Мадак сөздер төбесінен қарша борап жауғанда,
Елікпейтін басшының тым аз боларын білесін,
Сондыктан сен кательсің жасырынған жаудан да.

Билік деген — қалың елдің көз кадайтын аланы.
Мені жиі, жонсіз мактау салтка айналып барады,
Кейбір қулар шектен шығып тіпті тенеу таппауда.
Жалған жыршы, жалған ақын
Желпі келіп жел қанатын
Бұдан былай ерік берсе әділетсіз мактауға,
Сол сөтінде-ак бүйірамын қatal, ауыр жазага!
Әділетті жаза барда ғаділетті ел аза ма?
Таразылар уақыт кейін, кім боркемік, кім мықты,
Тек әділ сын — ел тірегі,
Жалған мактау өлтіреді
Әміршінің санасынан сығалаған шындықты.
Ал, бұл жұртқа әкеледі қанша қайғы-касірет.
Құнсыз етіп мерей көгін,
Жағымпаздың қебейгенін
Ұғу керек туар жана касіреттің басы деп.
Мың намыссыз жағымпаздан құлдық ұра құлаған
Артық маған касқайып кеп шындықты айткан бір адам.
Енді шындық менің мына билік құрған өлкемде
Ізгілікпен жұптасады,
Нық басады ертенге,—
Деп әміршінің жігер жүзген жанарында бақ жанып,
Жанған бақпен шығып кетті қалың жұртты қақ жарып.

Содан бері қанша жапты сонау таудың басын қар.
Сан ғұлденіп, сан қуарып,
Әмір-Темір даңқын алып
Жұмыр жердің қеудесінен үшты дүлей ғасырлар.

...Бас колбасшы Самарқанның бас қошесі бойында
Ескерткіш бол биқтеп тұр, берілгендей пайымға,
Берілгендей уайымға,
Ғасырында есепсіз көп қан төккені жайында,
Бірақ ұлы бір мінезді салт еткені жайында...
Нөн бәйтерек әлдене деп сыйырлайды қайынға...
Ханның соңғы өсіеті,
Сөзге айналған қасиеті
Алты жұз жыл өткеннен сон, кәне, кімнің ойында?

Бір жас жігіт мінбеде тұр. (Сырт көзге тым ақылды),
Косатындаі көнілменен алыс пенен жақынды,
Калбактады, жалбактады,
Арыстанғып ардақтады,

Данышпанғып салмактады,
Ескерткішті орнатуға бұйрық берген хакімді.
...Сәлден кейін хакім оны өз касына шакырды...

Нак сол тұста оң канаттан,
Парасаты самғап аккан,
Өзегінен гүл көктеген,
Темір аса құрметтеген
Кожа Хафіз өлендері жаңғырыға оқылды...

.....

Ой салар деп сеніп едім талай жаңа кескінге
Ұлы жырға бірақ назар аудармады ешкім де...
— ? ? ?

“ЖАЗАГЕР ЖАДЫ КОСМОФОРМУЛАСЫ” РОМАНЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

ГИМАЛАЙ ЖОЛБАРЫСТАРЫ НЕМЕСЕ МАЛДЫҚ САНА ТУРАЛЫ МҮҢ

Rахымжан Отарбаевқа

Біздер кашан, арыламыз дүлей-шампа күдіктен?
Ең дұрысы, адамдығы еңкейгеннен қорықкан.
Көп жыл бұрын Гималайдың баурайында жүріп мен
Бір жолбарыс аулаушыға жолықкам...

Соның айткан өнгімесі қалып қойды есімде:
Калың орман арасында, не құзар шың төсінде,
Не аскак тау баурайымен сапар тартсан жолға алыс,
Кайтпек керек, карсы алдыннан шыға келсе жолбарыс?

Ең бастысы, сабыр сактап, еңкейместен тік тұру,
Аңға, малға жақында мас болмысынды ұқтыру.

Осы шартты орындасан, одан қауіп күтпегін,
Ал, еңкейіп, төрт аяқты малға ұқсасан — біткенін.

Сол сәтінде-ақ тарғыл мысық кан толтырып көзіне,
Серіппедей тартыла кеп атылады өзіне.

Бұл сұрапқа ғылым өлі толық жауап таппаған:
Адам кейпін сактағанды жыртқыш неге жақтаған?

Бәлкім, тәнір пенделерін ойға тарту үшін де,
Жаратты ма жолбарысты осындағы өр пішінде?

Інкәр тірлік жолындасын.

Кимылына мән бер сен,
Кай кезде де еңсе бүкпеу — ердің басты құралы.
...Мен де кейде адамдығы аласарған жан көрсем,
Ыза буган жолбарыстай атылғым кеп тұрады...

Бір белгілі бизнесменнің нақсұйері, сынары,
Талай дарын ағып өткен,
Менің жастық шағым өткен
Алматыда, алма пейіл, сауда зейін қалада,
Жалт-жұлт өткен өсем тонын сары ала,
Гималайдың ең соңғы, ең атпалды,
Мекен өткен өр құзар шын-шатқалды
Барысының терісі деп мақтанды,
Жанарында бір даракы от жанды.

Бірақ менің бұл жел сөзге тіпті сенгім келмеді,
Жолбарысын жоғалтса егер, таулардың да өлгені.

Жоқ, Гималай касиеттім, сен тұра бер тағында,
Ізгілігін күдік басып,
Тағдырынан рух қашып,
Ұксап өрі жойқын, ессіз ағынға,
Адамдарды малдық сана жетекке алған шағында
Және олардың қалуы үшін өз міндеті сабында,
Тәнір ойын жолбарыстың көзі арқылы қабылда...

.....
Ой түзелсе, өрлер сенің бағын да.

ҰЛЫЛАР МЕН ОРТАШАЛАР

Әбіш Кекілбаевка

...Міне, қызық, ылғи бойын зорайтқан соң құліп алдан,
Пайымсыз жұрт орташаны биік койған ұлылардан.
Ұлылардың осал жерін орташалар біліп алған,
Ұлы ойлардың иығына орташа ойлар мініп алған.
Сан алкалы жиындарда орташалар той бастаған,

Хас тұлпардың данқын бөгеп орташа аттар ойқастаған.
Мынау марғау дәуірдің де орташалар — сүйенері,
Биліктегі бастың көбі — орташа ақыл иелері.
Техникалық түйсігі мен қарынының қадамы бір
Ұлы Рухын сыртқа тепкен орташа ойдың заманы бұл.
Шұлы нарық базарына ене алмастан Ұят қалып,
Семіз Байлық шіренеді жер кіндігі сияқтанып.
Фасыр арсыз болған соң ба Ұят, Намыс жүр киімсіз,
Ал, Рухты жалаңаштау қоғам үшін тым тиімсіз.
Жалаң аяқ қалай жүрмек, жолда сансыз шеге жатыр,
Неге оған болыспайды қайсар сана, кемел ақыл.
Ағатай, сәл сақтаналық, рухсыз құш неге батыл?
Баспен емес, қарынымен ойлайтын топ келе жатыр.

ҚАСҚЫР АУЛАУШЫЛАР ҚҰЛЫҒЫ ЖӘНЕ САРАЗБАН САБАҒЫ

Eсүгей елесі

Мен өкенмін.
Есүгеймін...
Катал-дүлей тағдырының қасіретіне қамалған.
Мен өкенмін...
Әлде мұлдем өшірдің бе санаңнан?

Шыңғыс хан (таңдана)

О, Тәнірім, өнім бе бұл, түсім бе?
Тұрғандаймын қалың тұман ішінде.
Тірлік неткен түсініксіз майдан бұл?
Қарттық ғұмыр тайғанақ па,
Нак осылай, ойда-жокта
Және тым кеш кездескенге қайранмын.
Бірақ, әке, саған өкпем көп менің,
Нендей азап орманынан өтпелдім...
Қандай қорлық, тоғыз жасар шағымда
Жел өтінде жалғыз тастап кеткенін...

*(Кол созып, әкесіне
жақындауга бейімделеді.)*

Eсүгей елесі

Токта,
Токта, Темуджин,

Жақында ма әкене,
Тағдырға түлпар жете ме?
Өкпелейсін, тұрмадын деп күшінде,
Кінәлі еттің ерте өлгенім үшін де.
Өз жолынды өзін тұздің сен бірақ.
Ә дегенде-ак атанаңп “батыр ұлан”,
Ананың жатырынан
Екі бетің бал-бұл жаңып, албырап
Оң қолынмен қан уыстап шығып ен.
“Бұл не,
Әлде қанмен келген дәулет пе?”
Іштей коркып, сонда біздің әuletке
Ең қанқұмар жан келгенін ұғып ем.
Гүл шағында-ак мінезіңе қанқұмарлық дөп келді,
Сүйенуге жарап қалған туысынды – Бектерді
Ерекіп қайдағы бір түкке тұрмас балықка
Куып тықтың қара жерге – табытка.
Бұдан кейін түк күмәнім қалмады,
Қанкор данқың құллі өлемді самғады.
Әйтседағы саған менің таңым бар –
Калың жұрттың қайғысынан кордаланған бағын бар.
Жауың сенің тым көп еді, қара шыбын үймелетер көзіне,
Оларды сен қалай онай бағындырдың өзіне?

Шыңғыс хан

Негізінен, бұл құресте женгенім,
Әке, сенің енбегін.
Менің сегіз жасымда,
Түк жоқ кезде басымда
Перзентінді ойға бұрып орасан,
Касқыр менен қаракұрттың ең осал
Мінездерін әнгімелеп бергенсін,
Киялымды парасаттың шылбырымен өргенсін.
Ұлы Қырғыз өлкесінде, Ыстық көлдің манында
Карлы қыста, күзар таулар оранғанда ақ сағымға
Кәнігі хас аңшылар
Касқыр аулар шағында
Колданбайды ескі әлісті таптанды.
(Таптанды ойда жоқ арна).
Ол аңшылар ешқашанда қакпанды
Байламайды бұтаға не томарға.
Касқыр қайсар мінезге бай, шектен шықкан намысқой,

(Кей жағдайда намысқойдың бағы кере қарыс кой).
Калш-қалш етіп қасқыр бойын ыза буған кезінде
Мойындамас болат тісті қакпаныңын өзін де.
Күшпен жұлқып босанады...
Неткен өжет кандылық,
Бір аяғын қакпанышға естелікке қалдырып.
Сондыктан да қу аңшылар әдіс ашқан басқаша,
Қакпанды орта ауыртпакқа мықтап байладап тастаса,
Қасқыр оны сүйреткенмен жұз күлаш жер — баары,
Тек үміті сөнбекенмен болашағы қаралы.
Бірте-бірте бейімделер тағдырға үнсіз көнуге,
Колбасшының басты ерлігі — жау рухын женуде.
Енді сенің екінші бір маған шерткен өнгімен —
(Оны дағы ой-санама жазып алғам мәнгі мен)
Уы қүшті қаракүртты саразбаның женуі,
Анық айтсақ, айласыздың айлалыдан өлуі.
Көп аякты қу саразбан жігер-күшін тақымдал,
Сактықпенен бірте-бірте қаракүртқа жақындал
Алдыменен бір аяғын жайлап созып көреді,
Ал қаракүрт лак еткізіп лезде уын төгеді.
Кұлық-сұмдық ірімі неткен мұнша көп еді?!
Екінші аяқ созылғанда уын қайта себеді.
Бірте-бірте қаракүрттың уы мұлде таусылар,
Бейшараның анғалдығы өз тағдырын қаусырап.
Күші жоқтың ісі де жоқ, көзінде өлім ойқастар,
Қаракүртты қу саразбан төңкеріп сап жей бастар.
Шексіз билік болғанымен, өке, сенің арманың,
Саразбаның кұлығынан неге тәлім алмадың?
Парасатсыз шығу қайда құзар данқ тауына,
Өзің білген даналыкты, өке, өзіңнің жауына
Колдануға өрен жетпей, қаракүрттай сорладың.
Адамдардың осалдығын зерттемеген қолбасы —
Колбасы емес, кателіктер, женілістер арнасы!

ТАРИХИ ЖАДЫ ТҰЖЫРЫМЫ

*(Қайырханның Отыар қамалы қабыргасында
кілең әйелдер шақырылған жиында айтқан тілегі)*

Айналайын, келіндерім,
Гүл қанатты өрімдерім,
Кешіріндер, аруларым ай кабак,
Ай қабақтан бақыттарың бара жатыр тайғанап.

Мен сендерге еліміздін зұлымдықтан сорлаған,
Арғы-бергі тарихында бұрын-сонды болмаған
Бір өтініш айтам деймін...
Ол өтініш бірак та
Зан боп енгей өр саналы құлаққа.
Өздерінмен алты ай бойы ел намысын орман ғып,
Жер кайысқан калың жауға қарсы түрдік, Қорғандык.
Мұрша бермей титыктатты кара құштің дауылы.
Енді біздер, кілең ерекк қауымы,
Осы Отырар қамалының касында,
Естелік боп келер талай ғасырға,
Нағыз ерлер санатында қарсы аламыз өлімді,
Рухымыз енкейген жок, тек тәніміз жеңілді.
Кайсар рух ойшыл кала мінезіне дөп келді.
Жылжыта алмай жаңығып атын алға,
Ыза буған Шыңғыс хан Отырарда
Ерекк кіндік қалдырмауға серт берді.
Бірақ, бірақ құннің көзін кім мәңгілік жабады?
Жасырынған дәндей бол ғұл шоқтарға
Кейбір ана-құрсақтарда
Сөзсіз біздің үрпағымыз қалады!
Құрескер мұн қай кезде де қасіретке төзімді
Сол үрпаққа жеткізіндер менің мына сөзімді:
“Бақ таппайды залым ойдың шаршағанын аяған,
Шыңғыс ханға жарты өлемді қызыл қанға бояған
Тиістіміз тарих сотын, жады сотын жасауға,
Құрық керек тіршілікке өлім сепкен асауға.
Тым ұмытшақ енжарлыққа шындық қалай бас үрмак?
Сондықтан да Отырардан тараған өр жас үрпак
Іздел тауып Шыңғыс ханның мolasын,
Есіне алып шейіт болған атасы мен бабасын,
Есіне алып дүниені дүр сілкінтекен індетті,
Сол молаға үш қара тас лактыруға міндетті.
Қара тастар жинала кеп қара тауға айналар,
Өз тарихын ұмыткандар тауды көріп ойланар.
Айдарынан жел ескенмен,
Кей елдердің ойы өспеген, бойы өскенмен,
Жан байлығы саяз, содан іс-кимылы тайғанак.
Бағынғыш һем еліктегіш мінезімен иіліп,
Зұлымдықты батырлыққа шатастырып, сүйініп,
Өз ішінен шықкан залым ұлдарын
Байрағы етіп жердегі сан тұлғанын,
Данқ пен дакпырт тұғырына өнеге ғып байламак.

Кайда, кайда бастамақ құлдық сана,
Сөйтіп олар бір беткей шындықка да
Қаяу салып, бояу жағып ойнамақ.
Бұл шараның түпкі мәні мынада:
Кейбір елдер, кей нәсілдер мұбада,
Өздерінің мейірім, әдеп-дәстурінен тыскары,
Әділетсіз қан төгуге бағытталған құштары,
Қара пейіл тұлға туса және оны колдаса,
Ол колдаудан жазықсыз жұрт сорласа —
Онда әлгі бейшара елдің озғаны емес, тозғаны,
Зұлымдықтың қүрегімен данқына көр қазғаны.
Канға жерік қара тұлға туған ел,
Өз шаттығын өзге жұрттың көз жасымен жуған ел
Ақтау үшін қара күйе жұққан кара есімін,
Зардал шеккен басқа елдерден өз басшысы арқылы
Ата-тарих алдында сұрау керек кешірім.
Бар кезенде рухани тазарудың паркы ұлы,
Паркы ұлының — данқы ұлы.
Сонда ғана парасат асқарынан,
Адамзаттың пенделік аспанынан
Бөсендемес әділ ойлар, лағыл ойлар жарқылы!

Әйел

Бұл асаси сөзініз
Болсын біздің арамызда мәңгі калар көзініз
Және ол сөзге келер үрпақ өз намысын жанысын!

Әйелдер тобы

Ант етеміз сол үшін!
Ант етеміз сол үшін!

ЖЕТИНШІ ТҮЙСІК

Үйленіп отау көтердің, мінекей, сен де, бала қаз,
Тірліктен, бірак, жарқынам, үйленбей кеткен адам аз.
Сен түгіл касқыр касқырмен, маймыл мен маймыл жұптасқан,
Өз теңін тапқан соң ғана адымын олар нық басқан.

Ойың мен ісің — жаңғырық, кейде оған түйсік жетпейді,
Әйел ап, бала тудыру ақылды кажет етпейді.

Құнделік құмар сезімді өрілгені үшін отпенен,
Шатастырып алдық, құдай-ау, бір туар махаббатпенен.

Алдану, сірә, түк емес бұлтаксыз, бұлтсыз шакта да,
Үйлену деген, карагым, алғашқы баспалдақ қана.
Ата-анан, үрім-бұтағын, бәрі де сені түр қолдап
Бастысы — сұлу жұбайың өзіне ертең кім болмақ?

Махаббат — қайсар занғар шың кез келген өрлей алмаған,
Он мыннан, бәлкім, екі адам үмітін зорға жалғаған.
Содан ғой, сансыз қеудені жалғыздық дерті торлаған,
Каншама занғар тұлғалар қанатсыз жардан сорлаған.

Тұрмыстың түрлі сынынан сүрінбей отті десе де,
Жұбайың досың бола ма?
Міне, бұл — басты мәселе.
Не бермек төннін одағы?

Жанына жаны қосылмау

Бұл — нағыз бедеу қасірет, қосылмау деген — ашылмау!

Гүл болып ашылмағанның тілегін кім бар жактаған?
Рухы қосылмағанның сезімі шаттық таппаған.
Рухы қосылмағандар — жалынсыз, сәнсіз, жақұтсыз,
Сондықтан мына жалғанда екеудің бірі — бақытсыз.

Сондықтан махаббаттың да сырт санын құрайтындар көп,
Жәй көзге құліп жүргенмен, жасырын жылайтындар көп.
Тағдырдан қашу мүмкін бе, жүрсөн де қандай жолменен,
Бір мәнді сұрак алдында тұрады ылғи қолденен:

“Жұбайың досың болды ма самғатқан сенім шырайын,
Нак сондай ұлы бақытты берді ме саған құдайым?
Ойнай ма оның көзінде сезім мен рух жаркылы,
Ұға ма ол шаттық-мұныңды жетінші түйсік арқылы?

Ұқпаса...
Ісін секілді дауылда мұзға жаққан от,
Рухани терен түйсіну жок кезде махаббат та жок.

ПІОЭТАЛАР

*Нагыз қыран мәңгі ардақтап
өттер болар өз көгін,
Өзіңді-өзің ұмыта біл, бақыты
үшін өзгенің.*

МАХАББАТТЫ ҚОРҒАУ

Кіріспе яки ғашықтар жазған хаттардан

I

Біз екеуміз жолықтық,
Бірақ тым кеш жолықтық,
Достасудан от тұтап, коштасуға қорыктық.
Маған құйды жарығын сенің көніл-терезен,
Арқамызда — құзар шың,
Алдымызда — өр өзен.
Өр өзеннен өтүге кім береді қайықты,
Кім бар бізді тұсінер, қане, кім бар байыпты?
Ал қайықшы — қиқар шал
Жалынғанмен не бітті?
Қайығына қабаган итін байлап кетіпті...
Япырай, біз соншама дәрменсіз бол тудық па?
Бойымызда жок екен итті алдайтын құлық та.

II

Көбелектін “кеселі” —
Тұраксыздық деседі.
Гүлден алған шапағатты сезімі
Келесі бір гүлге жетпей өшеді.
Өз мінезі өзіне үкім кеседі...
.....
Менің саған айтпағым да осы еді!

III

Амал бар ма, махаббатқа жан пидалық ете алмадын,
Акқу-арман жалт бергенде, қуып көрдін, жете алмадын.

Жете алмадын,
Көлеңкеннен алыс ұзап кете алмадын,
Жанаң майын жағып біткен машинадай от алмадын.
Еркін қайда,
Сертін қайда,
(бөркін қайда, құрып қалғыр?)
Ең шешуші кез келгенде, тілің тістеп тұрып қалдын.

Енселім деп ойлаушы едім
Еркелеуші ем ерге балап,
Ең шешуші кез келгенде тұрып қалдың жерге қарап.
Артық корлық бар ма әлемде сенгенінен безінуден,
Күлай сүйген адамының осалдығын сезінуден...

Көз жасымды көрсетпеуге тырыстым мен саған бірак,
Сен деп шыққан сенімін ң биігінен барам құлап.

Махаббатқа жан пидалық етпедің бе,
Бөрі бекер!
Енді қалған қызығының наркы кеміп, мәні кетер.
Өзінің ен қасиетті өнін қорғай алмаған жан
Басқа істе де қабілетсіз...
бағы мәнгі жанбаған жан.
Сірө, бағың жана қоймас, басқан ізін, кетті кейін,
Әйтсе де, мен жылап тұрып, жолың болсын деп тілеймін.

IV

Бакшадан алма үрлаған баладай нақ
Кеудемде үркек сезім салады ойнақ.
Отыздың орманында жүргенімде
Алдынан шықтың, айнам, ағатайлап.

Сен мендік бар шаттықтың төресі ме ен,
Жүр едім өткен шақтың елесімен.
“Мұнда кел, мұнда кел” деп қол бұлғадың
Жиырманың көк балауса белесінен.

Селк еттім даусыннан шошығандай,
Жүр едім өз мұнымды өшіре алмай.
Жиырмамда алдап кеткен махаббаттың
Күнәсін өлі күнге кешіре алмай.

Сен болып қайта жанды-ау сағынышым,
Бөлкім, тар мандайымның бағымысын.
Бөлкім, сен менен кашқан махаббаттың
Ойланып қайта сокқан шағымысын.

Сол болсан, колынды бер,
жүр, карағым,
Сен барған жерге мен де бір барамын.

Көл едім тасымаған,
тасыттың ғой,
Бақша едім бағы тайған,
гүлге орадын.
Кәнекей, жалынына жалға мені,
Күтіп тұр пәк махаббат, арман елі.
Әмірде мені алдаған адамдар көп.
Тек қана сен алдаушы болма мені!

V

Ар алдында, адал, акпыш десек те
Сан сұраптар алар кейде жағадан.
Мүмкін, бізді танар шулап өсекке,
Мүмкін, бізді түсінбейді көп адам.

Алуан ұғым алуан жаққа тартады,
Сан көнілдің түйішіна малтыым.
Ғашық болып көрмегендер бар тағы,
Олар бізді қайдан ұқсын, алтыным.

Көзімді алмай маздап жанған оттардан
Саған сенем,
Саған сенім артамын.
Корықпаймын түсінігі жоктардан
Жүргі жок адамдардан қоркамын!

1. Саматтың жұбайы Айжанармен жекпе-жек

Замана тұр бөркін алып ойланып,
Сол тұнгі ойлар кетті бізді қайда алып?
...Сол тұні біз
сенің туған сінліңің
Он сегізге толған құнін тойладық.

Мен қуана тост көтердім қызға арнап:
— Ал сапарың сәтті болсын, қызғалдақ.
Әмір мынау:
Катар тоскан жеңілі мен ауырын,
Кайғысы мен сауығын,
Шуағы мен дауылын.
Бүгін, міне, сенің туған күнінде
Кандай тілек айтсан еken, бауырым?

Саған байлық тілер ем мен,
бірак ол бір өнгүдік,
Есігіннен кіргенімен пан құліп,
Жұргенімен шеру тартып,
сән құрып,
Саған жолдас бола алмайды ол мәңгілік.
Бәлкім, ерлік тілер ем мен тамыр алған төзімнен,
Ерлік сезім бірак сенің табылады өзіннен,
Онсыз адам жүре ала ма соқпақтар мен жолсызыда,
Ал сұлулық тілер едім,
сұлусың сен онсыз да.
Кайтсем екен?
Мен одан да бүкіл адам ансаған,
Бүкіл адам сан мың жылдар арман етіп шаршаған,
Азы жетіп,
ал сан мыны тек елесін тамсаған,
Кез келгеннің бақшасында піспейтін,
Кез келгеннің уысына тұспейтін,
Зор махаббат тілейінші мен саған —
Деп едім.
Тіпті сол сөт үкпай калдым себебін,
Сен орныннан кенет атып түрдүң да,
— Махаббат жок! — деп күрсіндің ызғар шашып қабағын.
Мен жүзіне аң-тан қалып ежіре耶 қарадым,
Қарап едім жасқа толып кеткен екен жанарын.
— Махаббат жоқ! — дедін тағы, — ол өншейін далбаса,
Ғашықпын деп,
Сүйемін деп,
Сенем деп,
Адамдардың бірін-бірі алдайтыны болмаса,
Махаббат жоқ, ол өншейін далбаса!
Айтып-айтпай не керек,
Бір кез мен де мына сінлім сиякты
Ұяң едім,
сұлу едім керемет.
Менін асқақ сезімінен үміткер
Аз болмайтын біздің жакта жігіттер.
Катал, қиқар тағдырынан тек махаббат сұраған,
Махаббатты таптай қойман деп талпынса бір адам,
Ол мен едім.
Бірақ бүгін сол сезімнен не қалды?
Сондағы үміт талдан үшқан жапырақтай жоғалды.
Казір момын күйеуім бар

және екі-үш балам бар,
Жағдайым жок ештеңеге аландар.
Не ішемін, не килемін демеймін,
Мөселеңін шешіп алғам қарын менен көмейдін.
Міне, қара, саусактарым көрінбейді алтыннан,
Тек баяғы шат киял жоқ сан тарапқа шарқ ұрған,
Тек баяғы жігіттер жок тереземді торыған,
Олардың да бағы алыстау болған шығар сорынан.
Кездескенде жалқау тартқан басын изеп өтеді
Ұлын ертіп сонынан.
Жылдар бойы аландаумен қуатымды сарқыдым,
Босқа шаштым жігерімнің жарқылын.
Жер бетінде махаббаттың бар екені шын болса,
Айтшы, көне,
мен неліктен жолықпадым,
жарқыным?
Үндемедім,
тарылғандай кеңісім.
Мосқал көрші жауап берді мен үшін.
— Иә, иә, өміріңе өкпелісін, қарындас,
Оған біраз себептер бар,
Тірлікте бір бекеттер бар кілтін таппай алынбас.
Ырық бермес бөгеттер бар не түрлі,
...Алматыдан шықкан жолдың барлығы,
Отырарға бастап алып бармайтыны секілді.
Өмірдегі сан салалы жолығу мен жұздесу,
Табысу мен кездесу,
Талпыну мен түйісу,
Сағыну мен сүйісу,
Тіпті кейде одан да өзге сезімдер
Махаббатқа бастап бара алмайтыны белгілі,
Махаббат ол — жан мен тәннің тізе қосқан ерлігі.
Не болды екен сені мұнша жұдетken,
Үміт кайда жүргіне гүл еккен?
Сұлулығың кем емес қой Баяннан,
Ақылың да кем түспейді Жібектен.
Сенде де бар тым сезімтал көз, көніл
Көнілі мен көздеріндей өзгенін.
Айлы кеште саған да айтты ғашығың
Ұлы Абайдың Тоғжанға айтқан сөздерін.
От боп өртеп ғашықтықтың ықпалы,
Ән костындар...
Жұрт қуана құптады.

Талпындындар,
Алкындындар, ал бірак
Одан Козы, сенен Баян шықпады.
Неге бұлай?
Әмір баки бұл сұрақ
Өтер, мүмкін, намысынды шымшылап.
Кайда жүрсе тек өз әнін айттын,
Елікпейтін өзге шу мен сарынға,
Қажымайтын қар мен желдің өтінде,
Махаббат та ұксайды ұлы дарынға,
Шын дарындар аз ғой жердің бетінде.
Иә, махаббат кайсар құзды жарып өтер тасты жол,
Махаббатта сезім ғана ойнамайды басты рөл,
Үға алмадың сен оны, айнам.
Жеткен жерге талабың мен ақылың,
Сезімің мен батылың,
Қырықканда, жетпей қалды шыдамың,
Әне, сонын кесірінен қаншама жыл жыладың.
Шыдам жокта, төзім жокта,
Көкірегінде көзін жокта,
Жүргегінде ерлік жокта қорғай алар шаттығын,
Махаббат та жок, құнім!
Кездер аз ба ой көргенді көз көрер,
Отын өзін жаға алмаған,
Өзін іздел таба алмаған асылды
Таппайды деп неге ойлайсың өзгелер?
Караши, әне, мына сінлің сиякты
Инабатты, албырт әрі ұяты,
Алаулаған желегі
Сонымыздан асау үрпак, арынды үрпак келеді.
Оларға пәс болар әлі
Бізге биік көрінетін төбелер.
Біз сүрінген кезеңдерден,
Біз жүзуге жасқанған өзендерден,
Солар жүзіп өтеді деп сене бер.
Бұған күмөн келтіруін азаматтық болмас та.
Бүкіл адам ізdegенмен бақыт жолын, бақ жолын,
Ешкім онай таба алмайды Абайы мен Тоғжанын.
Әйткені асқақ азаматтық жок жерде,
Қайсар сенім жок жерде,
Махаббат та жок, жаным!
— ?
Ортамызда қалжың айтып бір жігіт,

Отыр еді қалың жүртты құлдіріп.
Отыр еді бізден гөрі сінліне
Жақын, сырлас екендігін білдіріп.

— Ал мен таптым Тоғжан сынды пәк жанды,—
деді ол масан діріл косып сөзіне.

— Өзің Абай болмаған соң,
Мазалама Тоғжанды,—
Деді сінлін жас үйіріп көзіне...
— ?..

2. Ғайша

Ғайша женгей сүйген жарын аттандырды майданға...
Сенген жүрек серттен онай тайған ба?
Софыс бітті.
Ал қүйеуі келмеді.
Үш жыл құтті.
Бес жыл құтті...
Өлді деген сұық сөзге сенбеді.
Тұманға орап тілекті
Тағы төрт-бес жыл өтті.

Төтті арманын қөніліне тоқ санап,
Қүте берді сағат санап, сәт санап.
Кейде аусар тағдырына нала боп
Көкіргінде маздалап, үйтқып жанады от.
Тым құрыса,
Тым құрыса, құдай-ай,
Алданыш қып отыратын бала жок.

Артса да үміт бір күннен соң бір күнге,
Жалғыз жанға жараспайды құлқін де.
Болмады гой.
Болмаған соң ақыры
Көрші картка ерге шықты бір тұнде.

Сол түн тыныш үйықтады
Жана үмітін жағып бір,
Кеудесіне қанағаттан тағып гүл...
Ал танертең арман болған қүйеуі
Тerezені қағып тұр.

Ғайша сорлы қүйіп кетті бұл қорлыкты қөргенде,
Тастай қатып қалды тілсіз, естен тана ұдеріп,
Сонан кейін шашын жайып жіберіп,
Қүйеуінің аяғына құлады.
Құлап жатып ағыл-тегіл жылады,
Жылап жатып зарлады,
Өзін-өзі жерге соғып қарғады.

...Махаббаттың құм секілді мінезі жок сырғыма,
Жұргенімен көп опық жеп алданып...
Ғайша кенет орнынан сүйретіліп тұрды да,
Бір ғана ойға табан тіреп түбірлі,
Ту еністе тасып жатқан долданып,
Асая Аксу өзеніне жан ұшыра жүгірді...

Бағаласан, махаббатты бағала,
Бағаласан, махаббатты бағала...
Сөлден кейін сорлының
Орамалы ғана жатты жағада.

3. Түркістан аңызы

Он төртінші гасыр тудырган ғаламаттардың бірі — Түркістандагы Қожа Ахмет Иессауи ескерткіші. Бірақ өкінішке орай, осы алып гимараттың бас қанатын сәулелтіндіру жұмысы аяқталмай қалған.

(Газет макаласынан үзінді).

Талай-талай биікпаз асылдарды
Тенескенде келтірмей иығынан,
Ескерткіш тұр
Каншама ғасырларды
Ұзатып сап, күлімдеп миығынан.

Жалқау, кикар түйедей тартыншактап,
Жылжыды өмір үстімен кемел жердін.
Ескерткіш тұр ұлылық қалпын сактап,
Данқын сактап данышпан шеберлердін.

* * *

Мизам түсіп, — құз қызығы қалған кезде азайып,
Түркістанда бір ескерткіш бой көтерді ғажайып.

Күннен-күнгө келбеттеніп, күннен-күнгө сән құрып,
Нән ескерткіш бой қөтерді жүртты өзіне таң қылып.

Сан мыңдаған құл-құтандар ертелі-кеш тынбастан,
Сардаланың қеудесіне жазып жатты бір дастан.

Мерейі асқан зарлы дастан секілді еді ол дегенмен,
Иран, Үнді елдерінен жеткізді шеберлер.

Жалынына темір балқып, илеуіне тас қонер,
Хас шеберлер арасында болатын бір жас шебер.

Ол туралы жұрт айтатын:

“Әнерінің өрті бар,
Тәнір қалай жарылқайын десе, өрине, еркі бар.

Саусағының салымы бар, сосын, өттен, бөркі бар...
Ал әйтпесе, қызда сирек кездесетін көркі бар”.

Қайран шебер қалбан қағып, еркін алып тынысын,
Басқарып жұр ескерткіштің ою-өрнек жұмысын.

Кор бейнеттен жұрт кешкілік дем алғанда болдырып,
Түркістанды түрлендіріп ән бастайтын сол жігіт.

Ол ән салса, қапас, түйік қеудесінде жел тұрып,
Бірде жарын, бірде анасын көз алдына келтіріп,

Басыбайлы батпан мұны сөл де болса көртіліп,
Құл-құтандар жадырасып, қалатын бір серпіліп.

Ол ән салса, ұзак тұнді кірпік ілмей атырған,
Сөукелелі қыз шығатын шеттегі алтын шатырдан.

Тілек сайын тізгіндеңкен неткен іңкәр өмір бұл,
Сол бойжеткен балдызы еді қаһарлы Ақсақ Темірдің.

Міндет ауыр. Хан бүйріғы мәмілеге карай ма?
Ғимаратты енді аз күнде бітірген жөн қалай да.

Шеберлерді ықыластап, ынталамақ ниетпен
Хан оларға балдызының қызметін сый еткен.

Хан балдызы — Мәрзия ару ішке бүгіп мұратын,
Күнде түстө шеберлерге сусын әкеп тұратын.

Сырт көздерді қалдырмайын дейді ме өрттің өтіне,
Пан бойжетken жұқа ғана перде ұстайтын бетіне.

Гүжбан тағдыр иығына нені артса да көнердей
Шебер жігіт Мәрзияға ғашық еді өлердей.

Ғашығының айдай жүзін бір көруге тамсанды,
Бірде сусын әкелгенде пердесіне қол салды.

Қыз қымсынып тұрып қалды, тұрып қалды құлімдеп,
Алма беті гүл-гүл толқып, оймак ерні дірілдеп.

Сосын, ләм деп тіл қатпастан, еркін басып шеткери,
Өзіне арнап орнатылған ақ шатырга бетtedі.

Москал шебер күйіп-пісті:
“Қарағым-ау, мұның не,
Көпсінгенің осы нұрсыз шабаталы күнің бе?

Сезіміннің төзім жібін албырттығың қиды ма,
Енді қайттін,
Әлде басың өкпелі ме иығына?

Пітінелі болмақ енді саған мына атар тан,
Ертен ерте Аксак Темір оралады сапардан.

Болған жайды балдызы оған айтпай, сірә, тұрмайды,
Айтты, бітті, жаның онда жаһаннамға зырлайды.

Солай, ұлым. Әміршіден енді рақым іздеме,
Бірак сенің кесепатың сокпай кетпес бізге де”.

Жігіт боп-боз. Қаны қашып сөзін зорға бастады,
(Бедерсізін бұрын калай сезбей келген достары).

— Тұыскандар,
Камданайық,
амал-айла жасайық...
Біреу айтты:

— Бүгін тұнде үйымдастып қашайык!
Келісілді. Бірак, бірак... жөн болды ма қашқаны?
Хан әскері қуып ұстап зынданға әкеп тастады.

Енді ненің мәні қалды.
(Мұндан, мейлі мұнданба?!)
Ертеңгілік Мәрзиядан хат кеп түсті зынданға.

Жігіт жылдам оқып шыкты дір-дір етіп колдары,
Кыздын хаты мынау еді сондағы:

*“Бір күнде ашып мінезіңнің бар қырын,
Тез сөндірдің жігеріңнің жарқылын.
Үнап еді батылдығың алгашқы,
Тырагайлан қашқаның не, жарқыным?*

*Жарылардай саган құштар сезімнен,
Өзімді-өзім тұсаулаушы ем тәзіммен.
Өлімнен де қаймықпазан тілекті
Қалаи оқи алмагансың көзімнен?*

*Өнерің бар қараган жүрт қанбаган,
Өнің анау аспанымда самғаган.
Құдай саган бәрін беріп,
Тек қана
Ерлік бермей қойғанына таң қалам.*

*Енді бәрі өшті,
Сөнді.
Далбаса.
Амал қанша өз сенімім алдаса?!*
*Сен алді деп өкінбеймін.
Әттең-ай,
Біттей қалған мына ескерткіш болмаса!*

*Бұлақ өмір сургенімен құрақсыз
Сезім өмір сүре ала ма мұратсыз?
Жүргегінде ерлігі жоқ адамның
Барлығы да маҳаббатқа тұрақсыз!”*

НАРЫНҚҮМ ЗАУАЛЫ

Равиль Шырдабаевқа

1. Махамбеттің сонғы сөзі

Баз бір адамдарда болашагын елден ерек сезіну, түйсіну күші болатынын гылым жоққа шыгармайды... Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айналасындағыларға өзінің жан шошынарлық сүмдүк түс көргенін, түсінде ишігынан үзіліп түскен өз басы өзіне қоштасу айтып турғанын әңгімелеген.

Мен түсімде зорлық көрдім,
Корлық көрдім ғаламат,
Бір таныс кол соғып өтті өлдекімді панарап,
Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ак.
Иығымнан үшкан басым көкірегімнен домалап,
Бара жатты атамекен Ақжайықты жағалап,
Жүрегімнен аккан канға боялыпты бар алап.

Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан заманда
Тіршілікпен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да.
Қоштасар сәт жетті-ау деймін, туған елім, енселім,
Бостандықка шакырып ем,
Сенін занғар ақылың ем,
Едім әрі өлшемін.
Жан ашырын, жақының ем,
Және қайсар ақының ем мен сенін.

Жұлдыздай боп жанар алдан
Ақындықта елден ерек басқа зан.
Батырлығы жоқ адамнан
Үлкен ақын шықкан емес ешқашан.

Туған елім — арман, мұным,
Енді сені жетелейді жол калай?
Менің бассыз қалғандығым
Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Иә, шындықтың ашы данкы,
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.
Ақындықтың басты шарты —
Басты алса, да шындықты айтту емес пе?

Өлімге сан жақын бардым,
Корғансыз боп көрінсем де жай көзге.
Шындықты айтқан ақындардың
Бірақ жолы болып еді қай кезде?

Көрде де енді сен жайлы ойға батамын
Бұл інкәрлік созылады қаншага?
Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,
Онын тартар азабы да соншама.

Мен сенемін, күні ертең
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
Құліп жайсан құн ғажайып
Ел наласы таркар деп.
Ақымақтар құрт азайып,
Сұмдар корқақ тартар деп.

Мен сенемін, күні ертең
Пенделіктен тазарап деп ұлы өлкем.
Жә, қашанғы бакқа зорлық мінгеспек?
Сенем, ертең оттыға отсыз құлмес деп.
Тек тұлпарлар ғана алатын бас бейгі
Есектердің мойынында жүрмес деп.

Мен сенемін, күні ертең
Ақыл-ойды пір тұтар деп ұлы өлкем,
Мына дәурен бұрқан-таркан
Ертең кайта өзгерер.
Ақындарын сұлтандардан
Артық сыйлар кез келер.

Қадір тұтам киялдауды
Ертең талғам өзгерер.
Шындал құлай сүйе алмауды
Кылмыс санар кез келер.

Туған елім,
Құдіретімсің ансаған.
Алдан жарқын құн шықканша,
Кескінінді көрмейінші шаршаган.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Дулығаны как жарып гүл шықканша,
Жер астынан қарап жатам мен саған.

2. Әке үкімі

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп,
— Әке, — деді ол кірген бойда,
— Әке, — деді еркелеп, —
Жұруші едің маған ылғи өкпелі,
Кеюші едің
Мал болмайсың деп мені.
Сол сөзінді, сірә, қайтып аласын-ау шамасы.
Аты шулы Баймағанбет сұлтанның
Маган берген сыйлығына карашы!

Төрде отырған әкесінің алдына,
Ман-ман ғасып барды да,
Алтын жіппен әдіптелген жағасы
Сүр ішікті тастай салды баласы.
— Иә, сөйле, — деді әкесі, —

Қандай ерлік көрсөттің,
Екі ай бойы, қане, қайда жол шектің?

Баласы айтты:
— Топ бастадық төрт адам.
Махамбеттің жақыны
Ықыласты үгіттеп,
Мактап, қағып арқаға
Қосып алдық ортаға.
Бұл — түгелдей мына ұлынның ақылы.
Еркін жетер әнгіме ол бір танға.
Капысызда кармақ салып,
Махамбетті алдаң соғып,
Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.
— Ой, залым-ай,
Жұзіқара залым-ай,
Мұнша залым екенінді қалай келгем танымай.
Бұдан өткен зор қасірет болар ма,
Бұдан өткен зор қасірет болар ма, —
Деп әкесі жас үйірді жанаарға.
— Қабағынды жаба қалды неге мұн,
Әке, сенің қай сөзіңе сенемін,
Есінде ме,
Менің бала күнімде
Махамбетті жек көремін дегенің?
— Рас, ұлым, айтылған сөз окпен тең,

Бір кезде мен Махамбетті жек көргем.
Әлде, кемшін шағым ба еді ол ақылға?!
Пенделік кой салған мені тақымға.
Оған себеп —
Сенің анаң жасынан —
Ғашық болған сол Махамбет ақынға.
Азаппенен атса да асай тандарым,
Қайрагам жок қызғаныштың қанжарын.
Іштен тынып жүре бердім төзген боп,
Өзін шексіз құлай сүйген жан барын
Кайран ақын сезген жок.
Анаң марқұм ол дегенде от жалындаپ көзінен,
Тамсанатын
Нак бір бакыт табардай әр сөзінен,
Ұлы ақынға деген інкөр сезімін
Көрге бірге ала кетті ол өзімен.
Әттен, біздің сор мандалы Жайықта
Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа.
Тым кеш үқтym,
Махамбеттей батырға
Бүкіл казак ғашық болса айып па?!

Құдіретті шындығынан танбаған,
Парасатын ізгілікке жалғаған
Ақын деген киелі акқу самғаған.
Ал, ендеше, акқуды атқан пендені
Қай атаннан көріп едін, онбаған?
Бұл салада сен бірінші адамсын,
Адам емес,
Ең бірінші надансын,
Ел дәстүрін,
Ер дәстүрін қорлаған.
Нак мынадай қасиетсіз оқиға
Бұрын казак топырағында болмаған.
Қандай киын кезенде де
Туған ел
Ақындарын жанын салып корғаған.
Тұсінбедім,
Армандаң ең нені, ұлым?
Ертен сені қойып желдің өтіне,
Ызалы үрпак түкіреді бетіңе.
Сол корлықтан құтқарайын сені, ұлым!
Және ол зар оңайлықпен тыйылмас,
Канымыз бір,

Жолымыз да шиырлас.
Енді сенің кесіріннен
Маған да
Тұған жердің топырағы бұйырмас.
Жә, не қайыр, налы мейлі, нальма,
Сорлы балам,
Тұыпсың-ау сорыма.
Өзің түстің өзің қазған орыңа.
Кеттік көне,
Ішігінді ал қолына!

Ұясына күн түр еді батқалы.
Тұксиеиді меніреу құм шатқалы.
Олар үлкен кара жолға түсіп ап
Бір тебенің қасына кеп тоқтады.

— Мынау төбе саған соңғы шығар шың
Болатының ұғарсың.
Сен, әрине, құралайды көзге аткан,
Аткан оғын маздатқан
Менің мерген екенімді ұмытпаған шығарсың? —
Деді әкесі құлазып нар көнілі.
Дір-дір етіп:
— Ұмытқам жок, — деді ұлы.

— Балам, үміт — қызығымның өлшемі
Өзің едін,
Қайғым болдың еңселі.
Басына шық, көне, мына төбенін,
Осы арада қалдырамын мен сені.
Караладын қасиетті мекенді,
Жараладын тұрмастай ғып әкенді,
Мына жолмен өткен жұрттың аузынан
Махамбеттің жырын тыңдалап жат енді.
Мұмкін, сонда үғынарсың катенди.
Кім аяққа басса заның даланың —
Ұмытқаны қатал тарих сабағын.
Кешір мені,
Таусылды бар амалым.
Дала заны — баба заны, карагым, —
Деп әкесі қолына алды садағын...

ШЫНГЫС ХАННЫҢ ҚАТЕЛІГІ
немесе
женілген женімпаз хақындағы
Отырар дастаны

Олжас Сүлейменовке,
мына жалдардың авторына:

*“О, мы не забываем, никогда
Свои тысячелетние обиды,
Великие сжигали города,
Не ведая, что летописец видит.”*

“...Науқас меңдеп барады. Мына кішкене үртек бас перзентімнің ат жалын тартып мінгениң көруді тағдырың жазбаганы-ай! Атадан балага ауысып келе жатқан дәстүр бойынша ұлымды тіземе мінгізе отырып, Отырардың қорғау жолында түгелдей опат болған ұлы бабаларының жаңқиярлық құресін сан ретт өңгімеледім.

“Әлі тым жас қой, түсініге қояр ма екен?” — деп әйелім күдік те білдірді.

Жоқ, түсінуге тиіс. Түсінбесе өзіне қын. Тамырын тереңге жібере алмаган дарақтың қашанда ғұмыры келте.

(Әкемнің досына жазған хатынан)

I

— Даңқын қайда төске өрлеген?
Екі жұз мың өскерменен
Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау,
Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау —
Ойы — дауыл, сезімі — аспан,
Тек женіспен көзін ашкан
Менің алғыр үрпағымның сүйегіне зор танба,
Намысымға сызат түсті мына сенін арқанда,—
деп Шынғыс хан Шағатайға оқты көзін қадады.

— Осы өкініш мені де өртеп барады.
Отырардың бакытына орнаған
Болар, бәлкім,
Алдырмай түр зор қамал.
Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып,
Канша үмітім желге үшты,
Канша өскерім жер күшты.
Дала жатыр қызыл қанға боялып,

Егер бүкпей баяндасам шындыкты
Рухы — өр,
Тәні — бекем,
Бұл бір қайсар халық екен
Тірліктен де артық қойған бірлікті.

Жүргегінде ыза табы қалмағандай бір мыскал:
— Шалалаусың, — деп жымиды Шыңғыс хан. —
Сақталмауы мүмкін емес зерденде,
Сен тоғызға келгенде,
Ұлу жылы, Үкітайдың тойында
Оқ өтпейтін алып батыр жайында
Ертек айтқам онашалап өзіне,
Сол ертекті неге алмадың пайымға?
— Кешір, әке, балалық па,
Зерсіздік пе,
Шалалық па,
Тек нобайы ғана қалты ойымда.
Ұмытпасам Масагет даласында,
Андықсан қас пен достың арасында,
Атса садақ дарымайтын,
Мынмен жеке шайқасса, арымайтын,
Шапса қылыш кеспейтін,
Жанарынан мейірімі өшпейтін
Өтіпті бір өжет батыр нар кісі, —
деп баласы кібіртіктең токтады, —
Есімде жок, әке, одан арғысы.

— Есің кетсе, естіге кіріптарсың,
Ең бастысын ұмыткансың, —
Деп Шыңғыс хан ызбарлана тіл қатты,
Әр сөзінде атан түйе қайысадай зіл жатты. —
Жә, ендеше, тұсірейін есінде.
Жомарт, анқау сайын дала төсінде
Сан мың әскер женбеген өр алыпты
Бір-ак адам табанына салыпты.
Әлгі алыптың қеудесінде бармактай
Оқ өтетін осал жері болыпты.
Данқ кімнің күліп тұрса басында,
Сатқындық та бұғып жүрмек қасында,
Айлакер жан соны жазбай таныпты.
Қай кезде де айла кескен нарыкты.
Жақын барып үнілместен жауына

Шығам деме, ұлым, женіс тауына,
Адам аз ба күшке сеніп адасқан?
Жауын мұқты.
Бұған, сірә, таласпан.
Әр мұқтының осал жері болмай ма?
Болса қайсы,
Оған бастар жол кайда?
Ал бұл сұрақ бар кез сенін жұру керек басында,
Менін күллі женісімнің құпиясы осында!

Көнілінен күрт серпіліп наласы,
— Ұктым, әке, — деп жымыды баласы.

II

Алты ай бойы ерлік салтқа төрін берген Отырар,
Алты ай бойғы алапатта жеңілмеген Отырар
Алты-ак күнде жермен-жексен кирады.
Ақыл-оїын жалыннатқан,
Өнер, ғылым шамын жакқан
Ұлы қала Азияның мандайына сыймады.
Безбүйрек жау сәбілерді,
шал-шауқанды,
кемпірді,
Тіпті жүкті өйелдің де ішін жарып өлтірді.
Құзғын, қарға ғана тынбай шарлап мұнлы аспанды,
Отырардың аянышты, зарлы өмірі басталды.
Айдай әлем мойындаған данқы бар,
Жұз елу мың халқы бар
Нән қаланың асқақ әні осыменен шектелді...

.....
Үш күннен соң екі адамды Шыңғыс ханға ап келді.
Онын бірі - аты анызға айналған,
Алты ай бойы Отырарды
Күткарам деп арпалыскан қайраннан,
Жүрек шамы ізгіліксіз жанбайтын,
Аман өткен сан алапат майданнан,
Канаттыны талаптыға жалғайтын,
Фараби мен Иассаудің жырларын
Таннан танға жатқа айтудан талмайтын,
Әрі өзгеше ел басқару мәнері
Отырардың Қайыр атты ханы еді.

Екіншісі — қара мұрты қара түн,
Кара түнде қаққан қара қанатын,
Шағатайға Отырадын какпасын
Ашып берген Карапшоқы болатын.

Кайран тірлік, бақ пенен сор кыркысқан,
Тұлкі сайға,
Қыран өрге тырмысқан.
Екеуіне алма-кезек көз тастап,
Ұзак,
ұнсіз,
ойға шомды Шыңғыс хан.

— Иә, Кайырхан, — деді сосын жай ғана, —
Рух — ердің өзегі ғой қайда да.
Ең әрісі
Женілістің өзін де,
Шешкің келіп түр өзіннің пайдана.
Жігіттерім руҳына кармакты
Салмақ болып,
Төнінді әбден қорлапты.
Батырлықтан бағың бірак жанған, ә,
Маған қарап құліп тұрың сонда да.
Олар сенің женгенімен төнінді,
Амал нешік,
Жене алмапты жаңынды.
Мыскыл құлкін салды маған қаншама ой,
Шіркін, сендей бес қолбасшым болса ғой,
Калың колым ұқсап дүлей тасқынға
Бөлеп даркан қүйге мені
Бұқіл әлем билер еді
Аяғымның астында.
Ха-ха-ха-ха, ал мына бір сатқынды
Құдай саған қайдан ғана тап қылды.
Кайғылы әрі құлкілі.
Кайран анқау дара тұлға,
Анғармапсың қанатыңа
Жасырынған тұлкіні.
Ерлігіңе осы болсын сыйлығым,
Саған кидым бұл сатқынның билігін!

Түр еді еркін, езу жимай құлімдеп,
Мына әнгімे лезде құтын қашырды.

Қарашоқы есі шығып, дірілдеп
Шыңғыс ханның аяғына бас үрды:
— Ұлы ханым,
Әділдік пе мұнныныз?
Өле өлгенше боп өтейін құлыныз,
Отыраарды
Мен кол ұшын бермесем,
Оңай жаулап алар ма еді ұлынызы?

— Оған дау жок, — деді Шыңғыс тұнеріп, —
Сенен аскан бар ма бірак тірі өлік?!
Қастерлінің бәрін жықкан табанға
Азған сен бе
Әлде мына заман ба?
Тым кұрыса,
Қасиетті бір сезім
Қалу керек емес пе әрбір адамда?
Рас,
Менің нөкерлерім безбүйрек
Зұлымдықты ерлік деп те таниды.
Олар тіпті өкшесімен езгілеп,
Кете алады жазығы жок сәбиді.
Одан да ірі хайуандыққа жете алады төзімі,
Бәрін өзім үйреткенмін о баста.
Қаталдық пен аяушылық сезімі
Жауынгердің жүргегінде тұспеу керек таласка.
Тұспеу ләзім қос сезімнің дауына
Мен осыған қатты қөніл бөлемін.
Қаншама иттік етсе де олар жауына,
Туған жерін сатпасына сенемін.
Дәмелендің шығарар деп төріне.
Жетті көзін,
Ол үмітің — құр елес.
Опасыздық жасадың ба еліңе,
Ертең саған мені сату түк емес.
Шарам нешік,
Тұрмын сені тіпті аяп.
Сорлы Отансызы,
Қарайыпсың қаныңа.
Қашан мені сатарынды күтпей-ак
Алдынды орап кеткеніме нальма.
Жаксылығым кайтпады деп арыма.
Сатқындыққа сатқындықпен тіл кату

Ұқсамай ма табиғаттың заңына.
Құлак түрер кім калды енді зарына?
Одұние сапарына,
Сатқыным,
Сеніп аттан әділдіктің барына! —
Нөкеріне бұрылып:
— Көне, қылыш ұстатындар
Кайсар батыр Кайырханның колына!

— Тоқта, Шыңғыс, — деп Қайырхан саңқ етті, —
Бұл баланың әкесі бір нар текті
Адам еді
елге сыйлы, зиялы,
Адам еді адал, ұшқыр киялы.
Әкесі үшін перзентіне сеніп ем,
Сатқын болып шықты мына тұяғы.
Оны ойласам от жүрегім қан болар
Сеніміме содан түскен таңба бар.
Макұл көрсөн,
Әкесін бұл сатқынның
Осы араға алдырғаның жөн болар.

Келді ме әлде жауынан сыр тартқысы,
Шыңғыс басын изеді оған үн-тұнсіз.
Біраздан сон
Қаба сақал карт кісі
Екеуіне қарсы қарап тұрды үнсіз.
Кайыр айтты:
— Жылан туса жыланнан,
Құлан туса құланнан
Танданатын тұқ те жок,
Бірак жылан қалай туды қыраннан?

Қария айтты:
— Сыйлы басым қуарды,
Жария етіп жалғанымды.
Менің қыран болғанымды
Заман бүгін өтірікке шығарды.
Әділі сол, көнбе мейлін, көн мейлін,
Әр адымы киындаған
Адал өлім бұйырмаған
Менен сорлы жан бар десен, сенбеймін.
Ең негізгі кінә, өрине, өзімде.

Бұл баланы жаңа туған кезінде
Перзент үні тұсаған жан мұратын
Афрасиабтың әр жағында тұратын
Нагашысы бауырына басқан-ды.
Кателігім осы арадан басталды.
Кіндік кескен өлкесінің сорына
Ержеткен соң қайта келді қолыма.
Бөренені жарып шықкан сынадай
Бабалардан бізге жеткен,
Құлактыны іздеп өткен,
Өсиет бар мынадай:
“Әр нәресте қашан есі кіргенше,
Жер кадірін,
Ел кадірін білгенше,
Алғашқы әнтек қылышына
Өзі ұялып күлгенше,
Көтергенше балан ойдың желкенін
Кинаса да қикар сокпақ, киыс жол,
Өзін туған қасиетті өлкенін
Ауасымен дем алуға тиісті ол!”

Мен осынау борышыма әкелік
Немқұрайды қарадым да,
Кінәлі боп ар алдында,
Жібердім зор орны толмас кателік.
Міне, төрім бірігіп тұр көріме,
Көрінетін бетім бар ма еліме?
Мына сатқын перзентіме косактап
Өлтіруге міндеттісің мені де!
Азғандықтың соны бізбен құрысын,
Сабак болсын ертengі атар күн үшін.
Құм мәңгілік бүркей алмас асылды,
Данқын көктеп өтеді әлі ғасырды.
Ал кимылда,
Қалды уақыт тым қыска.
Қағу үшін сенің қайсар басынды
Асығып тұр мынау залым Шыңғыс та!

Қайыр айтты:
— Иә, коштасар келді күн...
Азбан Шыңғыс ел тарихын қорлады-ау,
Ойлап тұрсан, енді бәрі арман-ау.
Отырардың жан киярлық ерлігін

Жыр ететін,
Әттен, ақын қалмады-ау!

Шыңғыс айтты:
— Өкінгенмен болмайды,
Ешкімге де берілмейді бас сауға.
Бұйрық еттім түгел кырып тастауға.
Отырада ереккіндік қалмайды!

Кария айтты:
— Кателестін, қалады!
Жұма бұрын шеткі Елші қакпадан
Жұзін жалын қақтаған
Мен құткарып жібердім бір баланы.

— Бәрекелде,
Бұл енбегін жарады!
Бірак одан үрпақ тараپ,
Одан ақын туғанша,
Ал ол ақын ата жолын қуғанша,
Кеудесіне сидырғанша даланы,
Айырғанша актан бөліп қараны,
Талай өзен тасып өтер,
Бәлкім, талай ғасыр өтер,—
деп, Кайырхан жасқа толып жанары
Отырада кимай, ұзак қарады.

III

Оян, Кайыр бабатайым,
Касиеттім,
Қымбаттым!

Сан алапат тасырдан сон,
Тасыр дауыл басылған сон,
Жеті жарым ғасырдан сон
Өзінді іздең тіл каттым.
Аман канты батыр арман,
Отқа оранған Отырадан
Кашып шыққан сол баяғы баладан
Бұл күндері санатты үрпақ тараған.
Дәуірінің канатында самғаған
Сол үрпектан шыққан ақын мен болам.

Кешіктін деп кінәлама, айбарлыым,
Сені ояту үшін қанша ойландым.
Еңіреген ер ең аузы дуалы,
Бізге жетті жүргегіннің шуағы.
Тұп-тамырын сенен алып жатқан ел
Саған ұксас батырларын туады.
Құллі Азия көз тігетін тандана
Күм астынан көрінбейді пан кала.
Сол калаға арнаған бұл жырымды,
Оң қабакпен қабылдай гөр, жан баба!

**ЖАНГЫРЫҚ
НЕМЕСЕ
АҚСАҚ ТЕМІР ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ**

Әр мұзбалак өз өнін айта келер,
Айта білу ежелден байтақ өнер.
Тауға шығып өн салсан
(О, керемет!)
Жанғырық бол дауысын қайта келер.

Жауап беріп жататын сан қылышқа,
Бір зандағың жатыр сол жанғырықта.
Иә, оған күмән жоқ, сондыктан да
Басымды ием сол ұлзы зандағыңқа.

I

Масаң мұндар көнілі тасып елтіп,
Нөкөрі мен тазысын қасына ертіп.
Тінти қарап мұнартқан Сұнкар тауға
Келе жатты Жұдай хан тұлқі аулауға.
Көз ұшында атты әйел ербелендең,
Кесіп өтті хан жолын көлденендең.
Лезде ханның от шашып тұлқі көзі
Қаһарланды:
— Ұстандар!
Бұл кім өзі?
Қанжығаға көкпарша бөктеріндер,
Сойтіп, менің алдымға ап келіндер!
Алып келді.
Әйел тым ажарлы екен.
Ажарлы екен,
Ажары базарлы екен.
Шіркін, мұндаидар жары бар ер жігіттің
Шаттығының жалауы тозар ма екен?
Қандай өсем қарақат бұла көзі.
Әттен...

Әттен...

Жұкті екен бірак өзі.
Тағдырына өкпелі сөзі бардай,
Нөкөрлер тұр сұлудан көзін алмай:
“Міне, нағыз өмірдің сөнді өрнегі”.
Тек хан ғана әйелге мөн бермеді.

— Күнөһар жан, періштем сен емессін, —
деп ақырды ол,
— Жолымды неге кестің?

Әйел

Не тілейсіз ұкпадым мына менен,
Байқағам жок.
Сондықтан кінәлі емен.
Қажып біттім,
Көп болды жолда келем,
Текті қыран ойнамас қарғаменен.
Халім мұшкіл.
Жүктімін көрмейсіз бе?
Ат үстінде ауырып зорға келем.

Жұдай хан

Байқағам жок дейсін, ө, дегелегім,
Көзінді ойып тастасам не дер едін?

Әйел

Көз оятын, немене, салтының ба,
Құш көрсетпес әлсізге хаса тарлан!

Жұдай хан

Жок, мен сені жазасыз босата алман.

Әйел

Дүниенің ластаған көкірегін
Дәніне ұқсас зұлымдық кекіренін.
Босатының, өмірге ертең келер
Нәрестемнің атынан өтінемін.

Жұдай хан

Ешкім маған мұрындық бола алмайды,
Ал нәрестен жарық күн көре алмайды.

Әйел

Не деп тұрсыз, мұнының айуандық кой.

Жұдай хан

Айттым бітті,
Атқан оқ оралмайды.

Қаһарлы хан осылай көрін септі,
Көрін септі, жас гүлге олім септі.
Аттан түсіп барды да, катуланып,
Іштен теуіп құлатты келіншекті.
Касіретке күә боп дала жатты,
Өз жолымен хан кетіп бара жатты.

II

Біреулерді өр тағдыр өкпелетті,
Біреулердің мерейі қокке жетті.
Біреулерді заманы шетке тепті,
Содан бері он сегіз көктем өтті.

Мизам айы.

Көнілі тасып, елтіп,
Нөкери мен тазысын қасына ертіп,
Оймен карап сәлделі Сұнқар тауға
Келе жатты Жұдай хан тұлқі аулауға.

Қаһар кеткен,
Әл кеткен таяғынан,
Хандығы да өзер түр аяғынан.
Шашы ағарған,
Картайған,
Ал өңгесі
Өзгермеген секілді баяғыдан.

Еске түсіп істері өткендері,
Ойы бір сәт шарықтап қокке өрледі.
Анау төбе зымырап қашкан жауды
Куып жетіп тас-талкан еткен жері.
Анау белес өзіне қарсы шықкан
Тұысканың арбаға жеккен жері.
Мына бір сай тас табан етігімен
Жұкті өйелдің ішіне тепкен жері.
Сол шак өзі құз бе еді, көктем бе еді?
Ал ана өйел бір керім өндір екен.

Қайтті екен ол?

Киналмай өлді ме екен?
Көз аша алмай батар күн, атар таңға
Кеткен шығар, әрине, жаһаннамға.

Ханның әрбір кимылы зарлы бір өн,
Мұн сорғалап зәрезап жарлығынан.
Кісіге еткен зорлық пен зомбылықтың
Ләzzат алып келіпті барлығынан...

Кенет алдан атты адам ербелендей,
Тұра қалды хан жолын көлденендей.
Бұл кім өзі?
Бұл кімнің “мұзбалагы?”
Қаракшы ма жайлабан тұз даланы,
Хан нөкөрі қылышын суырғанша
Шыға келді тасадан жұз қаралы.

Бәрі тамам.
Енді кай айла қалды?
Калың әскер хан қолын байладап алды,
Байладап алып
баяғы келіншекті
Азаптаған қанқұйлы сайға апарды.

Міне, ғажап!
Топ жиде арасында
Кару-жарак, салтанат бәрі осында.
Құрма кілем үстінде жігіт отыр
Он жеті мен он сегіз арасында.

Хан жігітке қадады түлкі көзін:
— Ұнамай тұр, әй бала, бұл мінезін.
Ұры итіндей бүкпайлап ен даланың
Кімді тәлекек етпексін сен, қарағым?
Танымасаң, танып кой:
Осы өлкенің
Әміршісі Жұдай хан мен боламын.

Жігіт

Болсан ғопсын,
Мен емес панданарын.

Кері бүрар тарихтың донғалағын,
Бүгінгі ұры,
Ертөнді құллі әлемнің
Әміршісі ұлы хан мен боламын.
Тірлігінде желігін басылмаған
Хан едін сен,
Сол үшін асыл баған.
Жоғары шық, өзірге конағымсың,
Ет пісірім сәттен соң басынды алам.
Солай, шалым,
тосылма, жоғары шық,
Бакыт бүгін басыннан барады ұшып.
Кайтпас сапар алдында әлденіп ал,
Ұлы ханның қолынан шарап ішіп.
Тұргандай-ақ қадірмен жанға санап,
Жігіт құліп ұсынды ханға шарап.
Сосын қайта жалғады өнгімесін:
— Солай, шалым,
Сен кай бір мән білесің?
Алмас қылыш секілді халық деген,
Ұстайтындар аз оны парықпенен.
Жұмсай білу — бір өнер,
Қайрай білу — бір өнер,
Құрсай білу — бір өнер.
Сол қолыннан шығарсан,
Өз басыңа тіленер.
Сен соны бір ұқпадың, милау шалым,
Ерте жетті сондықтан қирау шағын.
Ұсақ ләззат болды да бар арманың,
Ат басынан алысты көре алмадың.
Ал мен сенен қу болам әлдекайда,
Төрт құбылам,
Төркінім толған айла.
Жүргіннің үрейлі дүрсілдерін
Тындалап тұрмын.
Жараспас құрсінгенін,
Өз басынды өзіне сый етер ем,
Амал канша
Жолымда тұрсын менің?!

Амал канша...
Сен оған әкпелеме
Әмір ылғи адамға қоктеме ме?
Мынау ұлы безеу бет пан даланың

Осал тұсын мен оңай анғарамын.
Бірақ сендей хандардың көзін күртпай,
Мен қалайша өлемге хан боламын.
Бақыт бүгін басыннан барады ұшып,
Әлденіп ал, бейшара, шарап ішіп.
Картайсан да,
Желігің басылмаған
Хан едін сен.
Сол үшін асыл баған.
Сол үшін де өзінді ардақ тұтып,
Алтын сапты қылышпен басынды алам.

Жұдай хан

Бір дүлегей екенсің дінің мықты,
Құтқармассың,
Сеземін...
Күнім бітті.
Құтқармассың,
Ой, алла-ай, жап-жас болып,
Қайдан біліп алғансын зұлымдықты?!

Жігіт

Жас болсам да тұзым көп татып көрген,
Іздеп өтем өлгенше бақытты ерден.
Әйтсе де мен ең үлкен зұлымдықты
Анамның құрсағында жатып көрғем.
Намысымның құзарын төркіндең
Құпиям ол
Ешкімге шертілмеген.
Жә, жә, неден корғалап тосылайын,
Саған өлім,
Маған бақ — бас уайым.
Сәлден кейін өлесің,
Өліктен мен
Құпиямды несіне жасырайын.
Анам марқұм
Жан бопты сөзі ілікті,
Тірлік мәнін бірлік деп сезініпті.
Маған жұкті кезінде жолаушылап,
Бір еріккен залымға кезігіпті.
Әлгі залым анғартып сусын дара

Қан төгуді ансапты құшырлана:
Ішке теуіп анамды өлтіріпті
Алдын кесіп өткені үшін ғана.
Кеудесінде иғілік мақсат тұнып,
Бұлақ ағып жатыпты сак-сак құліп.
Мен жатыппын інгәлап, өмір тілеп,
Өлі анамнан аяғым ақсақ туып.
Бағың жанса бас құрап амал-айла,
(Әйтсе де адам оны әр кез бағалай ма?)
Содан мені бір койшы тауып алып
Сый орнына тартыпты Тарагайға.
Ал Тарагай ежелден еркі мықты
Әйелім ұл туды деп желпініпті.
Жұртқа жайып жүрер деп құпиямды
Койшы шалды бір түнде өлтіріпті.
Рас, әлі шытырман тандар алда,
Бірақ менің қайғым зор андағанға.
Зұлымдықпен алысып аман қалып,
Зұлымдықпен көз аштым мен ғаламға.
Шақырганмен қол бұлғап мақсат небір
Талайларды жазықсыз ақсатты өмір.
Мен де ақсадым, анамнан тумай жатып,
Содан қазір есімім Ақсақ Темір.

Жұдай ханның зөресі ұшып кетті,
У ішкендей денесі ысып, кепті.
Дірілдеген колынан шарап толы
Сапар кесе еденге түсіп кетті.

Өмір өзі-ақ шығарды-ау масқарасын,
Суға алдырған сорлықтай баспанасын.
Есі кетіп,
Аңырып отырды да,
Жұдырықтай бастады қасқа басын.

Уақыт сокты әр демін санаттырып,
Бақыт одан қашқандай балақ түріп.
Сәлден кейін ең сонғы сөзін айтты,
Жас жігітке кіжіне қарап тұрып:
— Өкінем-ау,
Өкініш өрт емес пе!
Табиғатты кім айтқан сезімсіз деп.
Өзгеге еткен зорлығың ерте, кеш пе,

Таппай қоймайды екен-ау өзінді іздең.
Іздең тапты-ау,
Айтайын, ал дайындал,
Корықпаймын жазанның қандайынан.
Айтпас едім,
Бәрібір өлтіресін,
Айтсам сипай қоймайсың мандайымнан.
Жата бермес шындық ит босағада,
Тура қара,
Жұзінді тасалама.
Бұдан аттай он жеті көктем бұрын
Мен өлтіргем ананды осы арада...

.....

Кірпияздау күйге орап жарқын шақты,
Кенет қылыш жарқ етті алтын сапты.
Осынау бір канды кез ғаламатты
Ішке тоқып, күрсініп дала жатты.
Күнбатысқа созылған терең саймен
Ханның басы домалап бара жатты.

12 - 3 = ?

Қырқасынан қыран үшқан, сен ер жеткен аймакты
Ертеде бір хан билепті, қайсар өрі кайратты.
Картайса да шапкан аттың құлағында ойнапты,
Кия тарткан мақсатына иек артпай коймапты.
Өз елініңabyroyын,
Корғанысын, ақыл-оыйн
Кайтсем биік көтерем деп ойлапты.
Бір болса да, бірегейлі,
Хандығына түбегейлі
Жана өзгеріс енгізуге белін мықтап байлапты.

Бірақ сорлы жетіп алмай токтамының парқына,
Мынадай бір заң шығарып, таратыпты халқына:
“Кемел ақыл карттық шақта ғана деп.
Жастың ісі (негізінен) шала деп
Есептелсін.
Шалалықтан ел несібі шашылар,
Сондықтан да барлық билер, казылар,
Барлық әскербасылар,
Ісін мінсіз атқарған
Сайлансын тек ақ сақалды карттардан!”

Жастық шактың мерейін аттап өтіп,
Таптап өтіп, төске өрлей,
Оның ұлы мүмкіндігін ескермей,
Тек карттықтан бастап ел өнгімесін,
Лезде үмытты жас кауым тәрбиесін.
Сенімсіздік жұрт колын байлад алды.
Алаулаған жастық от кайда қалды?
Жиырма беске келсе де,
Өз көжесін
Жылап ішер жасықтар пайда болды.

Өзек болар ел еді мың дастанға,
Енді бүгін мұнына мұн қоскан ба?
Жау дабылы естілсе, бой көрсетті
Кора айналып қашатын жұн бастар да.
Балғын ғұлдің шаттығын өмірсіз ғып,
Кайдан шықты бұл мимырт қөнілсіздік?
Танымастай өзгертіп жіберді елді
Жастық шаққа жасалған сенімсіздік.

Ханды тағы сайтан түртіп, ойға келді мынадай:
“Хандығымның төрт тағандап тұруы үшін құламай,
Кимыл керек. Кенде емеспіз құштен де.
Тағдыр біздің даңқымызды, өлде келте пішken бе?
Жо-жоқ, тоба!
Соғыс ашып көрейін
Көрші жатқан өзімізден үш-төрт есе кіші елге,
Сойтіп шырқау көтерейін пәсеп тартқан көнілді”.
Соғыс ашып көріп еді, тас-талқан боп жеңілді.

Мұнан аскан қорлық болмас, расында,
Енді, міне, торт уәзірі қасында,
Кос жанары жылай-жылай суалып,
Селеу шашы ызғар соққан боз жусандай қуарып,
Жолдас болған төтті арманы балғын бала кезінен
Бір-ак құнде бал-бұл ұшып қозінен,
Өз кінәсін өзі ақтап ала алмай,
Теке сақал уәзірлерін атарға оқ таба алмай,
Тұтында отыр хан сорлы,
Сел-тасқында қалт-құлт етіп өрен тұрган аралдай.

“Күндер қайда саликалы, сымбатты,
Сокқы болды-ау, сокқы болды-ау бұл қатты”.
Осы сәтте женген елдің ақ сақалды әкімі
Ханға қарап тіл қатты:
— Дара шауып кетіп едің сен мұлде,
Қалай, шалым, ақылына келдің бе?
Жұмбак айтам.
Егер тапсан, азатсың,
Таба алмасаң, өлдім де!
Таба алмасаң, қанатынан сынғаның,
Тырысып көр, ақылында күш болса?
Мынау ғана менің саған жұмбағым:
Не қалады он екіден үшті алса?

Үміт, ойсыз отырған шал қуарып,
Білеғінен алынғандай бұғалық:
— Онда тоғыз қалады ғой, — деп құлді,
Бәйбішесі үл тапқандай қуанып.

— Тапқырлық пен ақыл-ой,
Сынға түсken ұрыста
Жолың сенің тағы тартты бұрысқа.

— Таба алмадын, — деді өмірші мысқылмен. —
Мойыныңды даярлай бер қылышқа.

Бір жас жігіт алға шыкты:
— Сіздіңше, ен ауыр жаза өлу ме?
Ауыр жаза — тірі қалып, өзінің
Тауысыл бар тәзімін,
Кателігін өз көзімен көруде,
Және оны түзетуге
Колда билік жоқтығына көнуде.
Ұлы өміршім, ойланыңыз өлі де,
Ерте, кеш пе өлім жүрттың бәріне
Ашары хак есігін...
Өтінемін, етініз бір кешірім.
Ханымыздың қасық қанын қисаңыз,
Мен айттар ем бұл жұмбактың шешімін.

— Ал айта ғой, — деді өмірші, — талабыңды шектемен,
Балаусаға тас атқанды жек көрем.
Бердім, ұлым, тілегінді,
төлеуін
Кайтара алсан қеудендеңі отпенен?!

— Иә, иә, балаусаға тас атқан жан онбайды, —
Деді жігіт, — жұмбағыңыз құрделі-ақ,
Әйтсе де, оны жұмбак деуге болмайды.
Зандылық — ол. Занды білмеу — зор кайғы.
Егер, егер он екіден үшті алсак.
Ештене де қалмайды.
Айлар — жылдың ұланы.
Біздің әрбір жылымыз
Он екі айдан тұрады.
Он екі айда үш ай қөктем бар екені белгілі.
Қөктем деген табиғаттың танғажайып ерлігі.
Ол ерліктін данқын ешкім қаға алмайды шеткепі,
Ал жастық шак — адамзаттың қөктемі.
Міне, осы қөктем нәрлі болмаса,
Әр тіршілік өз корегін кажетінше алмаса,
Айрылмай ма бар мағына-көріктен?
Онда шырын үмітіннен қаранды үз.
Қөктемде ғулдемесе алмалар мен өріктер,
Калған анау тоғыз айда
Кандай жеміс күте аламыз одан біз?

Қанша налып, жегеніңмен пүшайман
Бұған қарсы табу киын күш, айла.
Қаранызышы, тоғыз айдың тағдыры
Байлаулы тұр үш айға.
Оған тіпті жүрмек емес басқа зан.
Мұны және жұмбақ санау — зор қайғы.
Сондықтан да он екіден ешқашан
Үшті алуға болмайды,
Алған адам мына біздің ханымыздай сорлайды!

“Кім өзі бұл, ойы — қылыш, сөзі — мір?”
Хан түгесіп алардай бар төзімін
Карап еді, карап еді, о, ғажап,
Аткосшысын тани кетті өзінің.
Еске түсіп кайдағы мен жайдағы,
Хан құрсіне бас бармағын шайнады.
“Бітті, бітті, мен өлікпін, өлікпін...
Кол бастайтын жігіттерді қорада ұстап келіппін.
Сорлаппын-ау, қанаттыға болыппын-ау тар мекен,
Әттең-әттең, корлаппын-ау жігіттерді нарға тен...”

P.S. Тым кеш келген игілікті ойлардың
Қайғысынан артық азап бар ма екен?!

ТАНАКӨЗ

Ізгілік пен ізеттің байлауында,
Мама кездар самғайтын койнауында,
Достық атты қазына аралы бар
Сонау Максат тауының жайлауында.

Жұрттың бәрі баруға құштар оған,
Құштар бол деп тіпті ешкім қыстамаған,
Өзін мәнгі бақытты санайды екен
Сол аралдан от алып үшқан адам.

Шаттығы сай болса да тал бойына,
Бұлбұл қонып жатса да тандайына,
Ол аралды көруді көп адамның
Катал тағдыр жазбалты мандайына.

Бірін-бірі құндеумен жылан, карға.
Үні шықпай жатады бір анғарда.
Онда жалғыз деген сөз атымен жок,
Жеке-дара үшлайды қырандар да.

Нар талабын салса да қандай жолға,
Тілектес дос пейілдер самғайды алға.
Жүрмейді онда сатқындар, саудагерлер,
Опасыздар, отсыздар болмайды онда.

Асаяу жылдар толқынын кешкін, мейлі,
Сенім заңы оларда ескірмейді.
Сокпайды онда самалы пенделіктін,
Тындардың сынғыры естілмейді.

Алда теніз, арқада дала барда,
Талабымыз табанды бола ала ма?
Биік үстап бірліктің ақ желкенін,
Біз де жүзіп барамыз сол аралға.

Намыснынның көйлегін сиялатсан,
Сияға атар оғынды үяға атсан,
Екеуміз де кираймыз, жүрегіне
Егер титтей жалғандық үялатсан.

Ізгілік пен ізеттің байлауында,
Мама кездар самғайтын койнауында,

Достық атты қазына аралы бар
Сонау Мақсат тауының жайлауында.

Алаулаймыз шығыстың ақ танындей,
Кезіміз жоқ жататын актарылмай.
Сол аралға, арман не, жетіп өлсек,
Тек жете алмай кайтудан сакта, құдай!

Бірінші бөлім

I

Мұрат!
Тағдырына өкпе айтып мұнаймаған,
Құрбы қыздың қозінде нұр ойнаған
Екеумізге ортақ бір бақыт бар деп
Кім ойлаған, ол кезде кім ойлаған?!

.....
Сен ер жеткен таулы өлкеде мен де ер жеттім, жан досым,
Мен тербеткен бір арманды сен тербеттің, жан досым.

Мен гүл терген тау бөктерін сен де кездің талмастан,
Қарлы шындар кол бұлғайтын бізге бәркін алмастан.

Ет асса апам, көніл шіркін жоғалтқандай жалкысын,
Саған сактап қоятынмын бір жіліктің жартысын.

Екеуміз де екі ананың еркесі едік тел өскен,
Ерте есейіп, бақыт күткен арман атты белестен.

Біздің катал тағдырымыз қалай шебер тоғысқан,
Екеуміздің өкеміз де оралмады соғыстан.

Бір-бірінен жан аяспас дос болыпты олар да.
Дос болыпты. Біздің достық содан өнген болар ма?

Менін өкем жау шебінде жаралы боп қалғанда,
Жан досымды қалай киып қалдырам деп арманда,

Кокірегін карша жауған оқ пен отка қалқалап,
Сенін өкең үш күн бойы алып жүрген арқалап.

Айналасы қалын өлік, қалын орман өрт толған,
Сол орманда екеуі де жау оғынан мерт болған.

Не жетеді келер күнге деген кәусар сенімге,
Екі досты ажырата алмапты ғой өлім де.

Екеуі де көз жұмыпты құшактаскан калпында,
Екі өмірдің жалғасы бол біз қалыппыз артында.

Ал анамыз бізді, сірә, көрген емес бөлектеп,
Ауыр күндер өтіп жатты, соғып жатты жел өкпек.

Тіпі адамның тіршілігі бітпейді ғой, әрине,
Тұрыл жаттық әкемізден қалған мына тар үйде.

Күндер жылжып аға берді, біз білімге бас койдық,
Он екіден аскан кезде жүртқа еліктеп шаш койды.

Міне, солай жігіт болып шыға келдік кекілді,
Бір бақшада жарыса өсken кос бәйтерек секілді.

Күнде-күнде гүл іздеп біз жайсан, жасыл алаптан,
Косылып өн айтатынбыз, қайтатынбыз сабактан.

Кім біледі, бізben жүрген соры ма, өлде багы ма,
Ортамызда орта бойлы кыз болатын тағы да.

Көзіне оның көз жетпейтін бұл ауылда тен келер,
Сондықтан да Танакөз деп атайдың женгелер.

Қуансақ та, кайғырсақ та қасымызда — Танакоз,
Танакөзбен көнілді еді біздің ерке бала кез.

Жол қыскарсын дейміз-дағы жоктан барды күрай кеп,
Біз екеуміз Танакөзді мазактаушы ек былай деп:

“Жанарыңнан жас кетпейтін жасық болсан баған не,
ТАғы киын өжет болсан һарт-қызыба.”

Сайранбайдың танасына көзін тартты амал не?
Енді бірақ ақылынды тартқызыба!”

Ол да бізді аямайтын. Жоктан барды күрай кеп,
Менің қалқан құлагымды мазактайтын былай деп:

“Білесің бе, өмір деген өрекпіген бір ағын,
Әркім содан өзіне тән сыйбағасын даулайды.

Сенің мына сыпырадай құлағың ше, құлағың,
Пернебайдың кодығының құлағынан аумайды!
Ах-ха-ха. Ах-ха!..”

Мен тұра кеп қуатынмын, ол тұра кеп қашатын,
Жеткізбейтін, сонысына көнілі мәз боп тасатын.

Кайран қамсыз балалық-ай, оған қазір дау бар ма?
Құлқімізден жаңғырығып жатушы еді таулар да.

Ту төменде жан біткеннің асыктырып тағатын,
Ақ көбігін шашып тұрып, Ақсу құліп ағатын.

Оның мөлдір сүйн ішсек шыққандай боп құмардан,
Кеудемізде үнсіз ғана бұлқынатын бір арман.
Үшеу едік. Қайды барсақ қасымызда — Танакөз,
Танакөзбен көнілді еді біздің ерке бала кез.

II

Балаң жылдар байкатпастан өте шықты аяндап,
Балалықтың біздің бастан көшкендігін баяндап.

Балалық шақ — іңкөр дәурен сұнкар тауын шарлаған,
Өз көктемін сағынбайтын, ансамайтын бар ма адам?

Кеудемізде сенің ізің, сенің құзің жатады
Балалық шақ — боямасыз ақ көнілдер отаны.

Аяймын мен аналарды балаларын алдаған.
Аяймын мен балаларды ойыншығы болмаған.

Балалық шақ — гүл жазира, балалық шақ — байтақ өн,
Картаямыз, бірақ саған ораламыз қайтадан.

Саған оймен ораламыз, көніл шалқып айтады өн,
Ал сен қайтып келмейсің-ау, оралмайсың қайтадан.

Зенгір көктен нұр төгілген сол бір көктем әлі есте,
Гүл қуалап бірге шықтық қызығалдақты белеске.

Карт Алатау қуанғандай перзенттерім келді деп,
Танакөз де жымияды қара көзі мөлдіреп.

Тауды мактап тастан-таска секіреді бал бұлақ,
Алдынан құз кездесерін ойлай ма еken ол бірақ?!

Ойламайды, ол мезетте ойламадық біз-дағы,
Бәлкім, оған кінөлі ме жастығымыз қызыбалы?

Нак сол күні қеudemізде бір құпия от жанып,
Екеуміз де Танакөзге гүл ұсындық шаттанып.

Ол мәз-мейрам. Иығына түскен қара шаш қандай!
Қандай өсем. Шырша таудан екі бұлақ қашқандай!

Тым жайдары, мейірімді мына тана көз қандай,
Ол караса көл де тунып қалатындай қозғалмай!

Бақытынды соның ғана мандайына жазғандай,
Карамасаң төзімінің терезесі тозғандай.

Өтті солай тұңғыш реттынышымды бұзған күн,
Тұңғыш рет сенен, досым, Танакөзді қызғандым.

Сол күнгі ойлар қеudemізді нәзік мұнға толтырыды,
Үшеуміздің алдымызда екі тарау жол тұрды.

Оянсақ та бал сезімнің алғашқы асau өнінен,
Аппак, адал достығымызда биік тұрды бәрінен.

III

Гүлдер екі шешек атты, талдар екі көктеді,
Бұл өмірден менің асыл, аяулы анам кеткелі.

Ерте кетті ол мына тарлау мандайымның сорына,
Жалғыз калып көшіп бардым нағашымның қолына.

Талпынса да тата алмады тағдырының жемісін,
Ол сорлы ана не көрмеді, не көрмеді мен үшін.

Тым болмаса көре алмады, ер жеткенін ұлының,
Үлгермеді келініне өргізуге бұрымын.

Үлгермеді, өзі соны арман етіп жүрсе де,
Катал, қыныр тағдырына карсы қарап күлсеге де.

Аксу екі тасып өтті, қырлар екі көктеді,
Бұл өмірден менін ғазиз, асыл анам кеткелі.

IV

Нұргұл апа — сенің анаң, жан еді бір ақылды,
Колға атtestat алған күні бізді өзіне шақырды.

Қажыды ма жылдар бойы арқалаудан арманды,
Сонғы кезде өзін тіпті наукас мендел алған-ды.

Төсегінен өрен тұрып, келді-дағы құлімдеп,
Иығымызға қолын қойды саусактары дірілдеп.

— Карактарым, ер жеткеннің белгісі ғой, міне, бұл,
Екі әкенің келер күнмен жалғадындар жүрегін,—

Деп жымиды, жанын бір ой тербеткендей тасқынды,
Жанарында жазғы шықтай екі тамшы жас тұрды.

Сосын жайлап барды-дағы көк сандықты актарды,
Сыртта құстар сырлы сазға бөлеп жатты бақтарды.

Нұргұл апа демі толқып ерке желдей еспелі,
Көк сандықтан екі койлек алып шықты кестелі.

— Бірге еді ғой сенің анаң екеуміздің сырымыз,
Он жыл бұрын ырым етіп тігіп едік мұны біз.

Он жыл бұрын. Егіз козы секілді ендер онда да,
Жұрттың бәрі екеуіне көз қадайтын таңдана.

Сағымдай бол ой арбаған нұрлы күнге жетпекке,
Екеуінді тұнғыш рет ертіп бардық мектепке.

Екеуінді екі орынға бөліп еді мұғалім,
Мұғалімге жалт-жалт қарап екеуін де жыладын.

Мен үстазға жақын барып өтінішпен сұрадым:
“Бұл екеуін бөле көрме, бөле көрме, шырағым”.

Үстаз үнсіз құлімдеді, болар бір сыр байқаған,
Екеуінді бір партага отырғызыды қайтадан.

Ой-шуағы мол өмірге көздерінді ашқалы,
Әліппені алға жайып ұстаз сабак бастады.

Сол сәт біздей бакытты жан болмаған да шығар-ак,
Көпке дейін терезеден қарап түрдүк сыйалап.

Қайттық үйге жұбанысып, қуанысып, сырласып,
Сеніміз байлам тауып, қиялымыз қырды асып.

Кайда қанат сермесе де тірі адамның досы — үміт,
Ақ шайыдан көйлек тіктік екеуінен жасырып.

Сендер мектеп бітіргенде, сый етуге бел байлап,
Сактап қойдық. Өтті жылдар ойлар легін алға айдалап.

Келер көктем белестерін оймен шарлап кей күн біз,
Екеуінді тым ертерек ер жетсе екен дейтінбіз.

Біз асықтық, алдағы асау болашаққа асықтық,
Асықтырды бізді өмірге деген өжет ғашықтық.

Жап-жас едік, сұлу едік, бірақ ерге шықпадық,
Арманда өлген екі достын шанырағын жықпадық.

Бізді намыс асырады, киындықтан шықты алып,
Екеуінен артық бакыт бар деп тағы ұқпадық.

Ансаған күн келді бүгін, мұны еске алмау мүмкін бе,
Бірақ маркүм сенің анаң жете алмады бүл күнге.

Көнеді адам, көнеді екен пешенеге жазғасын, —
Нұргұл апа көnlі босап, іркіп алды көз жасын.

Сыртқа шықтық үстімізде желбірейді ақ көйлек,
Біз достыкты ұғып өстік сөнбейтүғын от кой деп.

Бүл ақ көйлек — екі өкенін шапағаты секілді,
Екі ананың бізге деген маҳаббаты секілді.

Екі аналық ар-намыстың жемісі бүл ақ көйлек,
Екі өкенін достығының женісі бүл ақ көйлек.

Біздер іштей серт етістік ана үмітін актауға,
Достық гүлін кеудемізде мөнгі тірі сактауға.

IV

Терен озен ағысындау уақыт үнсіз жылжыды,
Біз оқуға бара алмадық, бара алмадық бұл жылы.

Тұған ауыл құшағында еңбек жолын бастадық,
Шарықтаған достық әнін тау самалы қашты алып.

Кеудесінде кен даланын, арасында ен жырдың
Жыланбауыр тракторға тіркеуші боп сен жүрдін.

Мен қырманға орналастым есепші боп “айбарлы”,
Ал Танакөз комсомолдың хатшысы боп сайланды.

Хатшы болып сайланған сон, бұрын еті тірі қыз
Бар билікті қолға ап алды, сол боп алды піріміз.

Тұске дейін шөпшілерде, түстен кейін қырманда,
Оның тіпті араласпас жұмысы жоқ бұл манда:

Алып үшқан қыз киялы, сірө, тыным тапқан ба?
Бірде ауыл сарайында жиын өтіп жатқанда:

Алматыдан өкіл келді, желке шашы бір қарыс,
Аты — Оралхан, ал кәсібі — жазушы әлде журналист.

Бойдақ па өзі? Танакөзден айырмastaн жанарын,
Әлденені сүйкеп жатты сусылдатып қаламын.

Апта өтпей-ак жігіт жазған макаланы газеттен
Жадыраса-дабырласа оқып шықтық кезекпен.

Танакөзді суреттепті жақын тартып аялай,
Әй, сабазын, сөз асылын төккен екен аямай.

Мұнан кейін хаттар қаптап кетті дейсін не түрлі,
Күзді құнгі талдан үшқан жапырақтар секілді.

Өзге біреу ортактасып жүре ме деп бағыма,
Жүргімнен бір қызғаныш бой көтерді тағы да.

Кім болжапты, қандай жолдар күтер екен бізді алдан,
Қандай таулар қорғар екен бізді өмірде ызгардан?
Әлде ызгардан қашқандарға боламыз ба біз қорған,

Жалт бұрылып кетпейміз бе қорқып жалтыр мұздардан?
Ол кездері мұның бәрі болатын тек ізгі арман.

Екінші бөлім

I

Танакөз!
Біздің қайсар достыктың данкы сінген,
Откен қүнге оралып балқысын дем.
Жарты сырым шертілді жан досыма,
Енді саған шертеін жартысын мен.

Кия жолда құлғемен үміт алдан,
Талай-талай нарлардың жүгі талған.
Еске алмай-ақ кояр ем сол шактарды,
Еске алмауга болмайды,
Ұмыта алман.

II

Бұлбұлдар өнін шерткенде өсем бағынан,
Гүл жапкан алау қырлардың арғы жағынан
Түсімде көрдім өзінді бірде, қалқатай.
Ай туған кезде ағарып алтын алқадай,
Қыр жатқан кезде құлағын түріп, елеріп,
Аппақ бір нұрға бөленіп,
Мамырлы тандай албырап, лаулап нұр жүзін,
Биіктен жанып жұлдызын,
Алгашкы жауған ақ қардай
Орамал тартып басына,
Келдің сен менің қасыма.
Төменде таудың өзені жатты гүрілдеп,
Жапырақ біткен дірілдеп,
Ай түрді жүзі құлімдеп,
Менің де жаным нұрланаңып,
Жартасты жарып шықкан бір қызыл гүлді алып,
Өзіне, айнам, ұсына берген кезімде
Үрей сап шаттық сезімге,
Биікте таудан тас құлап
Азан да қазан бар маңай,
Өзіне деген сол гүлді
Бере алмай калдым арман-ай.

Сейіліп сөтте-ақ қырқаны жапқан арай нұр,
Боз тұман келіп басты да,
Бейненді лезде жоғалтып алдым, қалай бұл?
Шакырдым атап атынды сенін, жаңғыртып бүкіл тау ішін.
Қырларды кезді, қырқаны кезді сені іздел менін дауысым,
Куантып тұрып қалайша маған кеттін сен, еркем каттай тіл,
Көнілімнің таны тұнерді демде, өзінді таппай атпайтын.
Жарқ етіп жанып, жалп етіп өшкен армандай,
Құрақтар мұнлы өн салғандай,
Бұлактар тоқтап қалғандай,
Тағдыр мен тағдыр жалғанбай,
Үміттің белі талғандай.
Елестер каптап көзімді,
Ай туған кезде ағарып алтын алқадай,
Түсімде көрдім өзінді,
Түсімде көрдім, қалқатай.
Оянып кетсем келеді екен таң атып,
Алатау бөркін алтындей нұрга жалатып,
Төменде жатқан еленбей
Төбе мен қырға қарайды
Саған да тәнірім биіктік берсін дегендей.
Қырқадан ұшкан кер мандай маңғаз ұш акқу
Танменен бірге таласып,
Көрінбей кетті Долана сайдан ары асып,
Біріне, бәлкім, оқ тиген болар, бәсендеу ұшып барады,
Бәсек бір өнге салады,
Мұн бар ма, кайдам, осынау әнде сөзбенен айтып
болмайтын,
Айтқанмен орны толмайтын,
Өзгенің емі қонбайтын.

III

Нак сол күні кешкілік
Тоғай жактан қалды құлқің естіліп,
(Құлағымның дыбысшылын нетерсін),
Жалт карадым, жалт карасам асыға,
Суга кетіп бара жатыр екенсін,
Екі-ақ аттап жетіп бардым қасыңа.
Есінде ме, су шашысып ойнадық,
Жастық шактың есер әні бойды алып,
Екі ұштылау сөз айтып ем андамай,
Екі мөнет тұрып қалдың ойланып.

Бәлкім, киял кемесінде жүздің бе?
Екі ұшты еді тағдырымыз біздің де.
Жалқын сәуле шашып еді баткан күн,
Жас баладай, мәз-мейрам боп шаттандын.
Алдымыздан қалын тоғай қалкалап,
Иығымыздан тұксиді жар кабак.
Мәнгі ажырап қалатындаи данқынан,
Айнымайды сол катулы қалпынан.
Сак-сак құліп бұл дүниенің мұнынсыз,
Бұлақ қана ағып жатыр тынымсыз.
Тоғай іші емес еді көнілсіз,
Тұра бердім мен үнсіз,
Әрең-әрең бір батылдық жинап ем,
Бірак ол да сияктанды сенімсіз.
Бакытам ше! Егер айтсам шынымды,
Әлі күнге анғармайды ол мұнымды.
Мен дегенде аңғал өрі құлаксыз,
Корқам содан бола ма деп тұрақсыз.
Осы сөтте батылдығым тіл катты:
“Қою керек бұлғақты,
Адымынды тұсаулайды жасықтық.
Кеудендегі ерке үміт пен ақ арман
Дүниеге ғашықтықтан жаралған,
Ерте ажырап қалмаклысың солардан?
Козы Қөрпеш егер батыл болмаса,
Барар ма еді іздел сұлу Баянды?
Іздел барды. Міне, содан ғажайып
Махаббат пен ұлы достық оянды.
Ойлаши өзін, жасықтықта бак бар ма?
Көзге ілінер мүсіні жоқ мактарға.
Бұл қай тұрыс, кей жандардың тағдырын
Жарты мөнет шешіп кетіп жатканда?”
Батылданым, қарсы алдында сен тұрдын,
Қарсы алдында ойға кетіп мен тұрдым.
Өзімді өзім ұстаудан да қалдым ба,
Бәлкім, саган өшпес жара салдым ба?
(Кешір мені, кетсем сол сөт ұсактап)
Рұқсатсыз сүйдім сені құшактап.
Кенет-кенет сыйбырлатып құракты,
Бұлақ жақтан шыға келді бір атты.
Бұл кім өзі, сезім көлін шайқаған?
Бізді көріп жалт бұрылды кайтадан.
Танып қалдым. Досым екен ол менін,

— Мұрат, — деуге өрен жетті дәрменім.
Токтамады, қамшылап көк дөненді,
Үйге қарай шауып ала жөнелді.
Ашууландын. Жанарына мұн конды,
Маған қарап: — Кылығынды бұл жолғы
Ер жігітке үқсатпадым,— дедің сен,
Бекер ғана ұсактадын,— дедің сен.

IV

Содан менің Мұрат досым көрінбеді бір апта,
Жаз жылыстап, сары ала құз қонып жатты қыратқа.

Көрінбесін, ал жұмысқа келмегені қалай бұл?
Осы сұрақ көкейімде тұрып алды талай күн.

Іздеп барсам, үйінде екен, сөл жымып қарсы алды,
Тым байсалды қарсы алғаны маған тағы ой салды.

Нұргұл апам қуанып жүр, шіркін қандай асыл жан,
Сүйіп жатыр, мандаіымнан, іскеп жатыр шашымнан,

— Элде мені сағындыра түсейінші деп пе едін,
Мұның қалай, тентегім-ау, тым хабарсыз кеткенін?

Мұның қалай, қайда жүрсін, іздетіп ем, таппадым,
Досын саған айтпады ма үйленгелі жатқаны?

— Жок, — дедім мен төмен қарап, — Кімге? — дедім артынан,
Лезде қалың ойлар қамап көнілімді шалқыған.

— Кімге, — дедім, — бұл жолы да шықты даусым тым қатты,
Мұрат маған күлімсіреп: — Зеркүлге, — деп тіл қатты.

— Кімді таңдау, ол, әрине, сенің ғана еркінде,
Сүймейсін ғой, айтши, қалай үйленесін Зеркүлге?

— Жалған! — деді ол, — жалған, — деді, бетін басып қолымен, —
Артық айтпа, жете таныс емессің ғой онымен.

— Білем, — дедім, төмен қарап, білетінім рас-ты,
Білуші едім шешесін де ойы желтен, тілі абы.

Зеркүл сонын жалғыз қызы кабағына қараған,
Бұл маңайға былтыр күзде көшіп келген қаладан.

Жұмыс та жок, оқу да жок жүріп жатқан тектен-тек,
Ал шешесін күйеуімен ажырасып кеткен деп,

Жұрт айтып жүр. Мұнда канша шындық барын кім үккан?
Жә, жарайды, керегі не сылтау іздеп сыйықтан.

Әйтсе де, өткен бір қызықты өз басымнан кешірген
Ұмыта алман өлі күнге, өшіре алман есімнен.

Жаз келгенде намысты жан қол қусырып жатқан ба?
Қырман жакқа аттанушы ек ояна сап ақ танда.

Көлік күші жеткілікті, адам күшін таба алмай,
Жәрдем сұрап шапқылайтын бригадир Коғамбай.

Осынау бір тынымсыз жан қамшылаған торы атын
Әзілқой-тын, әрі менін жақын жездем болатын.

Жұмыстан соң тамашаға батайын деп еркін бір,
Коғамбайды шешесіне ертіп бардым Зеркүлдін.

Біз келгенде қызы құйған ақ кеседен шай ішіп,
Жас бәйбіше жатыр екен төр алдында майысып.

Қызы жылдам сырмак төсеп, төрге жастық таstadtы,
Коғамбайым жайласып ап, әңгімесін баstadtы:

— Дұрыс, дұрыс, сізге жұдә ұнар болар мына қүй,
Колхоздың да жайын бір кез ойлау керек, құдаги?

— Жә, түсіндім, әңгімені созбаған жөн бет алды,
Кария ма десем сізді, “бала” екенсіз сақалды.

— Кой, шырағым, ақылға кел, таста мұндай ызынды,
Жұртпен бірге енбек етсін, жібер ертең қызынды!

— Бара алмайды, ал анығы керек болса, бармайды, —
Деп құдаги қасарысып, өз сөзінен танбайды.

— Барғызамын, — Коғамбай да басты айқайға, — Баراسын!
Колхозға айтам, ауданға айтам мәселенді қарасын.

— Тіпті бар ғой қоркарым жок, карай берсін, қарасын,
Ауданынның бір бастығы менің туған нағашым.

Кыз шешесі бүркан-таркан, ойы бардай жұлыспак,
Бас аманда есік жакка жетіп алдым жылыштап.

...Ертенгілік ел үйқыдан жана-жана тұрғанда,
Көк орамал тартқан бір қыз келе жатты қырманға.

“Бәрекелді” деп алғысын жаудыруда Қоғамбай,
Зеркүл екен, жылаған ба, екі көзі добалдай.

Жанарында жана оянған өжеттіктің нұры бар,
Байқауымша анасымен сөзге келген түрі бар.

Адам жаны таулы шатқал, алуан-алуан қыры бар,
Осы қыздың жүрегінде не сыр барын кім үғар?

Бәлкім, бейбақ талпына ма арманына жетем деп,
Ел сөз ғып жүр бір жігітке ғашық болған екен деп.

Ол жігітпен жолығуға тыйым сапты анасы,
Ана сөзін жыға алмапты, ұяң қыз ғой шамасы.

Мүмкін, бәрін ұмытар ол, ұмытпаса сор болар,
Біздін жакка көшіп келген себебі де сол болар.

Жазбайтын бір жарасы жок, емші дейді ел уақытты,
Бірақ досым осы қызben бола ала ма бақытты?

Ұзак ойлар дүмпуінен ашылғандай құлағым,
Мен Мұратқа бұрылдым да: — Той қашан? — деп сұрадым.

Үндемеді ол, ізет сактап тұрғаны ғой баяғы,
Апам айтты: “Менен сұра, келесі айдын аяғы”.

V

Той басталды. Коныр күздің бір лайсан қезі еді,
Өткел бермей тасып жатты ашулы Ақсу өзені.

Шаттық хабар қуандырып, көз көргеннің талайын,
Ақ тілегін айтып жатты алыс-жақын ағайын.

Үлкен үйде қыз-бозбала би билесе, ән салып,
Кәрі өжелер терезеден сығалайды тамсанып.

Домбырасын кербез үстап, мұртын сылап жайрандай,
Жұбайларға қарап койып той бастады Сайранбай:

“Шарықтап бақытың жүр өмір көгін,
Үй болған кос бөйтерек, армысындар!
Той үстінде ғұлдесін көнілдерін,
Ақ ниетті достардың алғысынан!

Бұл жүрек қуанышка тойған емес,
Сол алғыстан ғұлдесін дала мынау.
Мұратжан, сабау басты бойдак емес,
Сен пілдей күйеу болдың, қарағым-ау.

Тосады сыбағасын алдан көп күн,
Жаңынның оты мәнгі жалындастын.
Киноға жеке барап халден кеттің,
Сен енді келін болдың, карындастым!
А-ха-хая. А-е-ей!”

—Бұл байғұстың қай жерінде бұғып жаткан ақындық, --
Деп өзара әзілдесіп, риза боп жатыр жұрт.

Той дегенде жүрек оты лапылдамас жан бар ма?
Әлденені есіне алып жымияды шалдар да.

Ал Мұраттың жүзі сынық, көнілсіздеу ол неге?
— Мұнда кел, — деп ертіп кірді мені шеткі бөлмеге.

Ертіп кіріп үнсіз қалды терезеге қадалып,
Мен де тұрдым алардай боп төзімімді ада ғып.

Сәлден кейін сөз бастады тауға қарап көлбекен:
— Танакөзді көре алдың ба, тойға неге келмеген?

Селк еттім мен отқа шарпып алған құстай канатын:
— Ертеңгілік көргенімде жылап тұрған болатын.

Ұға алмадым, түсінбедім бұл ажарсыз қүйіне,
Түсте барсам, кетіп қапты өпкесінің үйіне.

Мен Мұратқа қарап едім, қарадым да тан қалдым,
Таң қалғаным — жанарына жас тұнғанын анғардым.

Мөлдір шыктар кірпігінен үзіліп кеп сол шакта-ақ,
Терезенің жақтауына тамып жатты моншақтап.

Тамып жатты. Жүргегінің пәк сезімін алдар кім?
Танакөзді сүйеттінін сонда ғана анғардым.

Анғардым да аласұрдым, бармағымды тістедім,
Айналайын адал достық, неткен мұнша күшті едін?

Айналайын көзсіз достық (көзсіздігін бағалы),
Өз басынның бакытынан тұрыпсың-ау жоғары.

Өз басынның кайғысын да жұтыпсың-ау білдірмей,
Жытқыр тұндер кинағы да кірпігінді ілдірмей?

Бөлкім, маған кінөң да жок, кінөмді де кешірдін,
Лаулап жанған өз отынды, өзің қалай өшірдін?

Білмейтін бе ен, алтыным-ау, бақыт деген ауысқақ,
Жүргегіннің інкөр өнін неге айтпадың дауыстап?

Тұра алмадым бұдан ары, тұра алмадым мен шыдап,
Шығып кеттім жігерімді өкінішім қамшылап.

Екі жастың бірлігі мен қуанышын толғаған
Құлағыма келіп жатты қыз-бозбала салған өн.

VI

Той өтті үшеумізді күрсіндіріп,
Сен жүрдің жанарына бір сыр бүгіп.
Мен айттым:
Дос көнілді махаббатқа тіреу етсек қайтеді,
Әнімізді біреу етсек қайтеді?
Сен айттың:
Шулы өзеннің табанында жатса да,
Тастар ылғи тас қүйінде қалады.
Максатына жәуміт қайғы батса да,
Нагыз достар дос қүйінде қалады.
Тұрактылық барабар зат маржанға,
Біз де, құрбым, бағынайық сол занға.

VII

Адамбыз ғой, сондыктан да қателесіп жатамыз,
Кейде тұн боп түнереміз, кейде таң боп атамыз.

О, тәнір-ай, жасты қара, жасты қара көздегі,
Көбіне біз кінәлауға бейімдеуміз өзгені.

Бүгін, міне, туған жерден кетіп барам шалгайға,
Тілегім сол: көзім өткір, көнілім ояу болғай да!

Мұмкін, өлі алда талай бақытымды сынармын,
Сүрінермін, намысыма сүйенермін, тұрармын.

Ерік берсен орға жығып кетер бір күн асау қан,
Сакта тәнір қателікті біле тұра жасаудан!

Егер жылдар саты болса, достық оның шегесі,
Шеге сынса сатыныздың сөгіледі көбесі.

Әзір менің шегем аман, байлығым сол жалғыз-ақ,
Сондыктан да өкінбеймін, таңдадым деп жолды ұзак,

Қашқаны үшін карлы қыстан, қаһар шашқан күздерден,
Мұмкін, құстар өлдекайда бақыттырақ біздерден.

Қырау сақал күз келгенше, жаз қызығы жетеді,
Жаз өткен соң өсken жерін тастайды да кетеді.

Мен де кетіп барам, еркем, оқу іздең тым алыс,
Мұнайғанда сенің күлкін болушы еді жұбаныш.

Бірақ мені құс секілді баянсыз деп ойлама,
Көкірегім туған жермен бір соғады қайда да.

VIII

Өзінді еске алам да толғанамын,
Неліктен жұдеп кеттің сен, қарағым?
Төсінде адасқандай кен даланың,
Кай жакка, қайда тартар жол қарадын?

Дел-сал бол тұрғанында, сол шақ мына,
Жалт беріп, үркек үміт ансатты ма,

Жок, әлде жанбай сөнген бакытыңын,
Бейкүнә сағынышы шаршатты ма?

Ал сау бол, сау бол мәңгі, арман-арым,
Мәңгіге еске аларым, толғанарым.
Өтінем, мұсіркеме, — қорланамын,
Бакытым бол деп сені зорламадым.

Бейнет пен үміт тауы арасында
Еш кызық көрмей өтті ол, нанасың ба?
Жамылып, көктем гүлін анам жатыр,
Ескерткіш қоя алмадым моласына.

Үнімен қоныр назды домбыраның
Мен саған мамыр сазды өн құрадым.
Санасам, борышым көп, барлығын да
Келер күн үлесіне қалдырамын.

Тек мына аман тұрсын, нұрлы Отаным,
Туламас көнілінді тулатамын.
Әніммен, ала құйын жырымменен.
Мен өлі құлағынды шулатамын.

Өзеннен кадір кетер акпаған сон,
Жайрандап тасып, толқып жатпаған сон.
Барамын алыс ұшып, Танакөзім,
Өзіннен жылы сезім таппаған сон.

Кеуденде жалын жатыр лапылдаған,
Мұратжан, қандай ыстық атың маған.
Мен сенің аласармас достығынды
Әлемге айту үшін ақын болам.

Әзірге ел назарын аудармадым,
Тілей бер төбешіктің тау болғанын,
Мен кеттім білім күшіп Алматыға,
Қайтадан көріскенше сау бол, жаным!

IX

Жолым болды еріп едім, сеніп едім үмітке,
Сенім деген женіс алып келеді еken жігітке.

Студентпін, шаттық сезіп атар таңның үнінен,
Көусар томдар айдынына құлаш ұрам түнімен.

Кызық та көп, қызыл-жасыл гүлдер де көп бакшада,
Қызыққам жок, өзір оған бұрылуға жок шама.

Кайда ұмыту, бал күндерден тағдырымыз бір аккан
Апта сайын сағынышты хат аламын Мұраттан.

Хат аламын. Мұнша маған неге уайым жейді екен,
Кейде акша жібереді, тарығып жүр дей ме екен?

Әр хат сайын өркілы сыр. Әнгімеміз азбайды,
Мұрат бірақ Зеркүл жайлы бір ауыз сөз жазбайды.

Бойшан терек сары орамал жамылғанда бактағы,
Ойда-жокта шорт үзілді сағыныштың хаттары.

Төрт тағандап, төрт ай өтті, жаным тыным таппады,
Бес ай өтті, алты ай өтті, ешкім жауап қатпады.

Құнде барып хабар күттім, почта есігін тоздырдым,
Жан досыма өкпеледім, Зеркүлді де жазғырдым.

Аң-таң болып жүргенімде, ауыл жаққа аландай,
Біреу ішке кіріп келді. Бұл кім десем — Қоғамбай!

Кайран жездем! Қуанышым сыймағандай қойныма,
Кітабымды тастай салып, асылдым-ау мойнына.

Көнілі жібіп, ол да аймалап сүйіп жатыр бетімнен,
Содан кейін сұрактарды жаудырдым мен шетінен.

— Ауыл қалай, астық қалай, мал жайлаудан қайтты ма?
Нұрғұл апам бақуат па, маған сөлем айтты ма?

Бұлай қарай аттанарда Танакөзді көріп пе ең?
Мұрат кайда, Зеркүл қайда, хат жазбайды неліктен?

Жездем тіпті өзгермеген, баяғыша көрікті,
Колхозшылар съезіне делегат боп келіпті.

Бірақ менің сұрағыма жауап катпай үдеріп,
Тұрып калды, тұман басқан құз құніндей тұнеріп.

— Е, шырағым, өмір катал, өкінгенмен бар ма амал, —
Деп күрсінді ол, — досына бір бақытсыздық орнаған.

Кашан болсын диханшының жаны тыным тапқан ба?
Долана сай манайында күздік жыртып жатқанда.

Жазатайым қалып қойған трактордың астында,
(Қой бекем бол, айналайын, пайдасы жоқ жастың да).

Онай соқпас, жас адамның бастан бағы ауғанда,
Тұн ішінде улап-шулап, алып бардық ауданға.

Кеудемізге бой тоңдырған сұық ойлар кептеліп,
Тәң атқанша аурухана ауласынан кетпедік.

Тірі қалды, екі аяғын кестірді де тізеден,
Андаласаң мүйіздейді, тағдыр кейде сүзеген.

Содан бастап жан досынның шанырағы кертілді,
Үш айдан сон шешесі кеп, алып кетті Зеркүлді.

Алып кетті, тәнір атқыр, мейірімсіз арам-ай,
Хал үстінде жатқан қартан анаға да қарамай.

Сорлы анаға қайдан женіл тисін мұнын салмағы,
Бастан жүрек ауруы бар, емдектенмен болмады.

Жұмды көзін. Қайғысына бүкіл ауыл тербеліп,
Сенің марқұм анаң жатқан Көкшокыға жерледік.

Мұрат енді кайда бармақ, қарар кім бар күйіне?
Жібергелі жатқан білем мүгедектер үйіне...

Тастай қатып қалдым, тілсіз, шегіндім де бір адым,
Бұдан әрі ештеңені естімеді құлағым.
Ештеңені естігім де келмеді.
Қалай сынбак иғі достың мақсатының шөлмегі.
Сыну деген немене бұл, касірет пе, мазақ па?
Тірі жүрсем жібермеймін оны мұндай азапқа.
Оның әні үзілгенше менің әнім үзілсін,
Достыққа адал бола алмасам,
Өз сертімде қала алмасам,
Онда мені туған елдің тұзы үрсын!

Сүйенішім едің менін, өзін едің кеңісім,
Өмірімде болған шығар женілісім, женісім,
Бірақ анғал құндеріме ұялам,
Ұйқымды да, күлкімді де,
Керек десен, өмірімді қия алам,
Асыл досым, сен үшін!
Ал сен мұндай жалынышты тіпті кажет етпейсін,
От үстінде шешек атып, кар үстінде көктейсін.
Сенін жаңын аяулы,
Сен бәрінен жек көресін мұсіркеуді, аяуды.
Намысын мен өжеттігін
Тұған елдің шекарасын құзеткен
Сакшылардай міз бақпастан тұр ояу.
Иә, иә, кімге керек құр аяу.
Мұнша биік жанармысын,
Мұнша шалқар болармысын,
Мұнша дарқан болармысын, құдай-ау!

X

Кеш.

Ауданға келіп қонды мен отырған самолет,
Төбемізде теңбіл-тенбіл аспан тұрды ала көк.
Тым асығыс жүгіреді жүрегімде тасып кан,
Такси куып жете алмайды киялымды асықкан.
Аурухана. Дәрігерге сұрағымды жаудыра,
— Мұрат кайда? — дедім толқып.
— Алып кетті аулына.
Такси қайта жолға тұсті, шымылдығын жапты тұн,
Мына бізден қызғанғандай кеңдаланың шаттығын.
Көзіме ыстық көрінеді туған ауыл бейнесі,
Алатай тұр алқам-салқам ағытылған жейдесі.
Анау жатқан бұлдірген сай — қалың жыңғыл арасы,
Анау, әне бізді өсірген анамыздың моласы.
Қырға өрмелей жүріп барып жағасымен бұлактың,
Машинаны тоқтаттым мен, үйі мынау Мұраттың.
Тоқтаттым да, куанышпен қарап қалдым таңданып,
Үлкен үйдің әйнегінен тұрды жарық шам жанып.
“Зеркүл қайтып келді ме екен?” — деймін іштей ойланған.
Жақын барып терезеден сығаладым жайғана.
Кітап оқып Мұрат отыр шат-шадыман көнілі,
Тірлігінен көнілсіздік көрмегендей өмірі.
Бар назарым Мұратқа ауып, алғашында сезбедім,

Жанындағы Зеркүл шығар, болар дейсің өзге кім?
Міне, кызық, осы шакта жұзінен нұр тасыған
Сені көрдім, Танакөзім, жан досымның қасынан.
Айналайын асыл әнім, бейнесіндегі ақ таңың,
Сені көріп тебірендім, сені көріп шаттандым.
Сұлусың сен, катал қундер арытпаған жанынмен
Тағы мені ғашық етші, қалықтаған әнінмен,
Достық жырын кайталаудан жалықпаған әнінмен.
Түсіндім ғой, кеш болса да, түсіндім ғой бәрін мен!..
Бір өзімшіл пенделіктің ауқымынан босанып,
Тауга қарап ұзак тұрдым жанарыма жас алып.
Ұзак тұрдым.
Бізді қалай тоғыстырды жол мұнда,
Кадірлім-ау, сенің інкәр маҳаббатың алдында,
Сенің ұлы дос жүргегің алдында
Аскар таулар басын исін,
Басын исін! Тұгі де жоқ таң калар,
Екеуіннен аскак емес, биік емес енді олар!
Сендер өшпей жанындаршы,
Сендер бакыт табындаршы,
Онсыз өмір мәнді ме?
Екеуіннен бұл бакытты егер титтей қызғансам,
Соқыр болып қалсын көзім мәңгіге!
Кез келгеннің колы жетпес,
Кез келгеннің жолы жетпес,
Айналайын ұлы достық, айналайын атыннан,
Құлатпаши мені мәңгі осы биік сатыннан,
Айналайын ұлы достық, айналайын атыннан!

KҮРЕ ТАМЫРДЫ ІЗДЕУ

(Махаббат заны)

“Бакыт оңай сипатпайды бұрымын”

(Сахна шетінде Ақын мен Жастық шақ)

Ақын

Айтшы маған, Жастық шағым, жалынды,
Бердім саған кеудемдегі арынды.
Бердім саған арманымның оттарын,
Бірақ сенің бола алдым ба мактаның?

Жастық шақ

Тапканында мен сүйетін өнді сен,
Мактанышым болар едің мөңгі сен!

Ақын

Із калдырсақ өмір атты белесте,
Танып алар ертең туар нәресте.
Аяулы, асыл Жастық шағым, жалыным,
Достық деген сенің туың емес пе?
Мені анадан жалғыз тұған десе де,
Достарым көп, жүргізбейді көшеде.
Шақырады қосылып өн айтуға,
Шақырады шарап ішіп қайтуға,
Шақырады гүл теруге қыраттан,
Шақырады күй тындауға бұлактан.
Аяулы, асыл Жастық шағым, көктемім,
Сонда да сен мені мактан етпедің!?

Жастық шақ

Мактау ғана аз, көтерер ем көкке де.
Ақыным-ау, енді өзіңе өкпеле,
Егер, егер білгің келсе себебін,
Сол достарды жолықтырған мен едім.
Кездерде бір тағдыр көзі аларған,
Демеу тапсын деп едім мен солардан.
Ал сен өзің бейіл болдың бар уакта
Көк қарғадан бүркіт жасап алмаққа.

Aқын

Өр көнілдің ожарлығын менгерсем,
Жұрттың бәрін өзімменен тен көрсем,
Әлсіз оттың ансар болсам жарқылын,
Жомарттығым емес пе бүл, жарқыным?

Жастық шақ

Рас, рас, канша тағдыр кол артсын,
Сен солардың көніліне қарапсын.
Өмірінде жатсынбадың ешкімді,
Мейірбансың, өйткені сен жомартсын.
Жаның, сірө, көрген емес ұсақтап,
Сүйгің келер жұрттың бәрін құшақтап.
Солар үшін шаттанып та уайымдап,
Жұрдің ылғи жылдарға нәр дайындал.
Жауларың да бас изейді кей кезде
Сенің жомарт екенінді мойындал.
Дос етемін деген жарқын үмітпен,
Есінде ме, таныстың бір жігітпен.
Ол да өзіндей болып шықты жайдары,
Бұзылмаған сезімінің қаймағы.
Жұрдек құндер өте берді ағылып,
Сен досынның ыңғайына бағынып
Жүріп жаттың. Куантатын ол сені,
Адалдықтың арнасынан табылып.
Ең бастысы сенім гүлі солмасын,
Бірак, бірак... тағдыр басқа салғасын,
Амалын не? Сен сүйетін бір қызға
Фашық екен, ғашық екен сол досын.
Шынары етіп жарқын, жалын кезінін
Әлгі қызға деген үяң сезімін
Саған айтты ол
Өмірдің бар шынынан
Биік қойып махаббатын өзінін.
Досың емес, айтса мұны басқа адам,
Кысылмас ең, киналмас ең нақ содан.
Досың тағы қолқалады өлеңмен
Сүйеніме хат жазып бер деп саған,
Сен келістің. Кетті досың қуанып,
Шаттығына жер мен көкті қуә ғып.
Бір жасады ол үмітінің гүлдерін,

Сенің жомарт пейіліне суарып.
Киын тиді саған бірак бұл талап,
Алды лезде аспаныңды бұлт орап.
Бірі – досың, бірі – арайлы арманың,
Жөн болады кай жағында қалғаның?
Әлде мұны жендіріп кеп ақылға,
Сол досынның өзіне айтқан мақұл ма?
“Жо-жок”, — дедің. Катулы еді бұл кезін,
Көкірегінен бой көтерді бір сезім,
Білдін-дағы шаттығынның құларын,
Төсегінде ұзақ жатып жыладын.
Біраздан сон тұрып ойлы пішінмен,
Сол бақытты болсын дедің ішінен.
Сонан кейін қаламыңды қолға алып,
Өлең жаздын түні бойы толғанып.
Маздал ұшқан махаббаттың отынан
Жүргегінде қалықтады батыл өн.
Тұнғыш рет өзің сүйген қызға арнап,
Өлең жаздың өз досынның атынан.
Әркім сені ерлігінмен танысын,
Кімге сенсек, создың соған қол ұшын.
Сен достықты биік койдың берінен,
Бақытыңды құрбан еттің сол үшін.

Aқын

Иә, иә, оны ұмыту мүмкін бе!?
(*Ойланып қалады.*)

Бірінші елес

Үйлену тойы. Жастардың бір тобы қалыңдық пен күйеуді қоршап алаган. Қасында ақын. Кенет қолына бешпел ұстаган ақ шашты ана көрінеді. Жұрт екі жарылып жал береді.

Aна (*Күйеу жігітке жақындан*)

Он сегізден он тоғызға жана шыққан кезімде,
Құштарлықтың оты лаулап көзімде,
Тоқтата алмай көнілімді аptyккан,
Жарылардай шаттықтан,

Өмір маған тосардай тек тұннығын,
Шалқып ойнап иығымда бұрымым,
Осы биік шаңыракка
Келін болып түсіп едім, құлныым.
Әнім өнге қосылды да толқыды,
Менен асқан бакытты жан болды ма еken сол күні?!
Сәбидей пәк анғал құліп, атты қанша таңдар құліп,
Арманға ерке үн беріп, бір тілекпен гүлдедік.
Бірімізсіз біріміз бакыт бар деп білмедік.
Куанышсыз өрілген жоқ күніміз,
Сезім ояу жүрген жерде сыр ояу,
Бірімізсіз біріміз
Тұра алмаушы ек, құдай-ая!
Әкең сенің жомарт еді, пейілінен таң аткан,
Іңкәр тағдыр жаңын жаз ғып жаратқан.
Тіпті, бір күн үйіміз
Босамайтын қонақтан.
Жаздың сонау нұрлы кеші қалды мәңгі есімде,
Еңбек еттім туған дала төсінде.
Өмір шіркін мән-мазмұнсыз өте ме,
Жетелесен, ізгілікті жетеле.
Тұнғыш рет алған еңбек ақыма·
Бешпет сатып әперіп ем әкене.
Сұлулықтың безбені ғой көз деген,
Ұлым, мені ұғамысын,
Сондағы оның қуанышын
Калай атып жеткізе алам сөзбенен.
Сол бешпетті үш-ак рет киді де,
Үш-ак рет тойға бардық, үш-ак рет биледік.
Заман – бізге, біз заманға сыйлы едік.
Бірак ұзак баурай алмай нұр көкті,
Үш күннен соң соғыс өрті бүрк етті.
Әкең сонда еңсесін тік көтеріп,
Бойында кек қайнап тасқынды.
Қөніліне құй өрлеп
Су жана осы бешпетті
Тапсырды маған әкеліп,
“Келген сон кием” деп.
Бірак ол келмеді.
Айырғандай мені барлық қызықтан
Атар таң мен батар күн,
Он тоғыздада “жесір өйел” атандым.
Көтердім мен тағдырымның мазағын,

Үзілердей жұлымын,
Ол құндердің қасіретті азабын,
Сен сұрама, мен айтпайын, құлымын!
“Өмір заны, шырағым,
Күдай ырза, мен ырза,
Тежей көрме тағдырынның бұлағын,
Байлама, — деп, — бағынды”,
Әжеп қанша бата беріп жалынды.
Өткөрсем де қанша кияс кезенді,
Нар түйедей көтердім,
Жылаткам жоқ әженді,
Құлаткам жоқ шанырағын өкеннің.
Махаббатта бір-ак зан бар,
Ол — адалдық заны, ұлым,
Сол занменен өлшенеді карымың мен дарының.
Мен өкеннің махаббатын сақтап қалдым мәңгілік,
Мен өкеннің кір шалмаған арымын.
Кан майданда оның нұрлы бақ жұлдызы сөнгенде
Мен де бірге сөніп ем.
Сөнген күнім қайта туды сенімен.
Алыстан алабұртып сағымдана,
Ен қайғылы кезім мен
Ен қөнілді шағымда да
Өкшелеп, елес беріп қалмайды бір
Мұнлы зарлы соғыстың ескі лебі...
Мынау сенің өкеннің костюмі еді.
(Ұлына ұсынады.)

***Күйеу жігіт**
(бешпепті қеудесіне қысып)*

Басса да қасірет салмағы,
Өшпепті өкемнің арманы.
Ол бұл бешпепті кигенмен,
Амал не, тоздыра алмады.
Ғұмыры жетпелі,
Көрсетпей бақытының жалғасын,
Қоңлінің қектемін,
Жайпады бір түйір корғасын.
Өмірім, өрге жұз, токтама!
Өзінсің табына сүйерім.
Сондыктан мен мұны тек қана
Тоздыру үшін киемін.

Ғаламда сәбише тербеткен,
Еңбек деп айта алам.
Тозсын киімдер еңбекпен,
Еңбекпен жаңарсын кайтадан!

Xор

(*Bir ton жас бүлдіршіндер “Ата суреті алдында” атты әнді орындаиды.*)

Ай жүзі арман боп арайлы,
Төргі үйден мұндантып талайды:
Соғыстан қайтпаған атамыздың
Суреті күлімдеп қарайды.

Асыл досым!
Көлдін көркі – орман,
Біз достыққа сол ормандай қорған болмасак,
Туған елдің гүлі,
Тағдырының нұры,
Мактан етер ұлы болмасак,
Онда біздер неге келдік өмірге?

Намысың алысқа жетелер,
Құн туды ел жүгін көтерер.
Біздердің өткенге парзымыз
Жігермен, арменен өтелер.

Жан досым, есейіп толдың ба,
Жолынды кияға салдың ба?
Ұятқа калмауга тиістіміз
Ақсақал тарихтың алдында.

Сахна күңгірт тартады.

Жастық шақ

(*Oй үстінде тұрган Ақынның ишігіна қалын салып*)

Сөйткен досың бір жел өкпе сөзге еріп,
Үйленген соң кетті мұлдем өзгеріп,
Неге бұлай? Жан еді ғой ұятты,
Казір сені еске алмайтын сиякты.
Кондырғанмен кеудене кендаланы,
Жомарттықтан тапкан пайдан шамалы.

Aқын

Оның рас, тапқан пайдам шамалы,
Бірак адал өмір сүрдім, саналы.
Кетсе досым, кете берсін, қайтемін,
Ерте, кеш пе, түсінетін болады.
Түсінбесе, амалым не, кештім мен,
Қанға сінген мінезім бұл жас күннен,
Мен жанымның жомарттығын сатпаймын
Және жылу сұрамаймын ешкімнен.
Онан да сен, Жастық шағым жалынды,
Тың бағыт бер. Байлай көрме бағымды.
Қанша адамға сеніп едім күмәнсіз,
Шындығында, құн кештім деп мұнарсызы
Айта алам ба? Сенім артқан достарым
Тастак жердей болып шықса құнарсызы?

Жастық шақ

Рас, өнің туысса да көктеммен,
Қателігін бір басыннан өткерген
Жетіп жатыр. Босқа шаштың қүшінді
Тастак жерге дөн өне ме сепкенмен?

Aқын

Кінем қайсы, жолықпаса бір адам?
Ізгілікке жан-тәнімен құлаған.
Үлкен ойым іске аспады... киын бұл...
Киын болды. Кімге ұсынар сыйым бұл.
Иә, кешегі күннен бастап, біржола
Дос іздеуден тыйылдым.
Қаншама жыл айналама алақтап,
Бос шапканым, жетер, бөлкім, далақтап.

Жастық шақ

Кеше кешке не көрдін сен көшеден?

Aқын
(оіланып)

Ештене.

Tарих

Өзінे ауыр кінә таққан сол сөтті
Тым құрыса, сактамапсын еске де.

Ақын

Қандай кінә?
Актығыма тіпті де күмәнданбан...

Жастық шақ

Токта, токта!..
Кос жанары тұманданған,
Еңгезердей мас жігіт
Әлжуаз бір жас жігітті қуып жүріп сабады.
Ол да біраз құш көрсетті алысып,
Әлгі мастың пышағы бар қолында.
Бір келіншек жас жігітке болысып,
Шыж-быж болып еріп жүрді сонында.

Жастық шақ

Ал, сен неге болыспадың?

Ақын

Өмірімде бірінші рет қалыс қалдым.

Жастық шақ

Асан еді ол жігіттің есімі.
Танғы шығы секілденген көктемнің
Жаңы қандай мөп-мөлдір.
Бір көрген жұрт танығандай ізгілігін көзінен
Ісін алшақ кондырмаған сөзінен,
Бұл өмірге өз қайратын, өз қүшін
Жұмсамақ боп, келген жандай өзге үшін
Жүрегіне орнатты өз ғасырын,
Орнатты өз даласын.
Автомобиль апатынан қаза болған досының
Інісі мен карт мүгедек анасын
Бағу үшін сабактан соң түнімен

Ой қажытқан от арбаның үнінен
Алардай бар тынысын,
Темір жолда қара жұмыс істейтін,
Және ешкімге сездірмейтін мұнысын.
Иығынан көне бешпет түспейтін.
Аяғынан тартқанымен тапшылық,
Әр күн сайын жасамаса бір адамға жақсылық,
Бір адамға ұсынбаса қол ұшын,
Босқа өткен күн саналатын ол үшін.

Aқын

Ұқастыққа қарай гөр,
Мұндай жоспар бар болатын менде де.

Жастық шақ

Иә, иә, бар болатын сенде де.
Перзент едің өнер, ойы нанымды,
Орманына еніп кетіп күдіктің,
Жылдар бойы аялаған әнінді
Бір-ак тұнде ұмыттын.

Aқын

Тура қазір іздеп барам,
Үйі қайда өлгі жайсан жігіттің?
Мен іздеген адам енді табылды.

Жастық шақ (әжсуалан)

Тым кеш қалдың, сүйіктім.
Қасірет те секілді бір зымыстан,
Кеше тұнде қайтып келе жатыр еді ол жұмыстан
“Құтқарындар, өлдім”... деген дауыс шықты тасадан.
Жетіп барды...
Жетіп барса, еңгезердей мас адам
Жас өйелдің алқымына нөн пышағын тіреп тұр.
Бұл не деген есалан?
Өлдекашан заманы өткен білектін!
Кара күшке өнін қалай бағындырмак жүректің?
Арашаға түсе кетті жас ұлан.

Екеуі ұзак алысты.
Өмір, өлім кара құштің қапталында жарысты.
Сол сәтте сен өтіп бара жатыр едің қасынан.
Әлгі залым қыбын тауып тосыннан
Жас жігітке пышак жұмсап үлгерді.
Міне солай шорт үзілді асыл өн.

Ақын
(маңдайын соққылаң)

О, тағдыр-ай, мандаійма сор қалын,
Мен бейбақты неге мұнша корладын.
Кара мысық тағы кесті жолымды
Бір-ақ рет ізгілікten тыыйп едім өзімді,
Бір-ақ рет жұмып едім көзімді.
Қанға малып алдым, міне, қолымды.
Тіршілікке не сеуіп ем, не тердім?
Лапылдаған жалын шакта, жас шакта,
Енді менен күлкі мәнгі қашпак па?
Бұл кінәмді калай жуар екенмін?

Жастық шақ

Жаңбырына жалынсаң да көктемнің,
Жуа алмайсын, жуылмайды өткен күн.
Шайқап сансыз жүрегіннің тұнығын
Шаттығынды ала қашып ұры күн,
Бакыт онай сипатпайды бұрымын,
Өткен шактың бір қатесін түзеуге
Аздық етер кейде бүкіл ғұмырын.
(әжсуалан)
Бакыт онай сипатпайды бұрымын.

Екінші елес

Жастық шақ пен Ақын шеткегі тұрып сахнага қарайды.
Өрімдей жас жігіт өз Бақытының (Бақыт қызы бейнесінде)
соңынан келеді.

Жігіт
(сагынышпен)

— О, бақыт!
Бар адамға өтімдісің сөйлесен,

Баянсыз да секілдісін кейде сен.
Сені көру еді менің арманым,
Іздеп келем, іздеп келем, талмадым.
Іздеп келем, әлі күнге жолдамын.
Тым құрыса, қонағым да болмадын.
Шаттығым да, қайғым да өзің құрсінsem,
Айтшы маған, кай биіктек жүрсін сен?

Бақыт

Есінде ме аяулы анан, карт анан,
Нан пісірді саған арнап арпадан.
Жер шырынын ұлым татсын деп еді,
Бірақ сенің оны жетін келмеді.
Жауар бұлттай қабағынды түсіріп,
Арпа нанды койдын былай ысырып.
Оранып зор мейірімнің отымен,
Сонда саған анаң боп тіл катып ем.
Нан бергенім шақырганым еді ғой.
Егістікте сені күтіп жатып ем.

Жігіт

Ол күні емес, ертесіне барғанмын,
Сонда мені неге күтіп алмадын?

Бақыт

Сенен бұрын келіп жеткен біреудің
Арбасына мініп кетіп қалғанмын.

Жігіт

О, Бақыттың, бала кезден ансаған,
Қалай айтсам екен мұны мен саған.
Бір күні үйде отыр едім керігіп,
Сені маған көшеде жүр деді жүрт.

Мен көшеге шықтым жылдам жүгіріп,
Жан-жағыма қарап едім үніліп,
Таба алмадым, іштей ойға малтыдым,
Сен сол күні қайда болдын, жарқыным?

Бақыт

(*куледі*)

Ха-ха-ха!

Маған адал болғанымен тілегін,
 Аңғармайсың, аңғал сенін жүрегін.
 Саған жолда сәлем берген бір қыздың
 Жанарына жасырынып тұр едім.
 Бала кезгі өрлігінді қайталай,
 Басыңды изеп өте шықтың байқамай.
 Ха-ха-ха-ха, ха-ха-ха...

(*Бақыт гайып болғанмен, көпке дейін
 құлкісі жаңғырызып тұрады.*)

Ақын

Әр биіктің өз сыры бар, сүйіктім,
 Өз жыры бар жан табылса тындарға.
 Кім біледі, мына тұрган биік қыр,
 Төмпешікке айналар бір жылдарда.
 Ай көнілсіз көрінеді тұманда,
 Сәуле түссе, жez алтын боп жарқырап.
 Мен қуәлік ете алмаймын бұған да,
 Бағы тайса, асау өзен тартылар.
 Бағы тайса – нұрлы сезім мұнарлы,
 Шаттық әр кез бола бермес қалтада.
 Кесу үшін алпыс жылдық шынарды
 Алты-ақ мөнет керек екен балтаға.
 Тұяғымен дастан шертіп, күй құрап,
 Өмірінде баспастан жай бүлкілге,
 Мын құн жұлде бермей келген жүйрік ат
 Бағы тайса, ақсал қалар бір күнде.

Жастық шақ

Жаксы үмітке жарқыратып мандаіын,
 Жүрсе де адам бар кез ізгі тілекте.
 Бірақ қайғы бұқпантайлап өрдайым
 Жол табады жүрекке.

Қайғымен бетпе-бет

Үшінші елес

Tau баурайы. Қолына ғұл ұстаган жас жігітке Қайғы қарсы жолыгады.

Қайғы (даусы ғұжылден)

Әлі сырлас екенсін ғой гүлдермен.
(Мысқылмен)
Таныдың ба сен мені?

Жігіт

Бұрын көрген секілдімін бір жерден.

Қайғы

Бұрын көргем дейсің бе?
Катал сезім шекпеніне оранған,
Білем сені жүрегінде налаң бар.
Мені талай көрсөн-дағы ұмыттың,
Тым ұмытшақ келесіндер, адамдар,
Менің данқым көп тараған кен жерде,
Ізім жатыр қыркаларда, белдерде.
Мен — Қайғымын.
Жаза бассан, сүрінсен,
Шакырмай-ак жетіп келем сендерге.
Жас өмірің атқан кездे болып таң,
Есінде ме, саған талай жолықкам.
Талай-талай жерігенсін мезі бол,
Сонан кейін бір күні әкен өлгенде,
Сол әкеннің айткан соңғы сөзі бол
Түнеп қалғам сенің балғын қеуденде.
Мұнан кейін бір күннен соң, бір күннен,
Есігінді жиі қағып тұрдым мен.
Жиі қақтым келмейді оны жасырғым.
Кей күндері бірге жүрген досынның
Сатқындығын сезгенінде жолықтым,
Жалғыз қалған кездерінде жолықтым.

Жігіт

Ал бүтін ше, бүтін неге келдің сен?
Тауда тегін жүрген жоксың, мен білсем.

Қайғы

Көрші қызбен көріп едім сырласып,
Білдім сенің кеткенінді қырды асып.
Айта қойшы, болсаң егер батыр шын,
Мына гүлді кімге апара жатырсың?

Жігіт

Қашанғы мен өзімді-өзім қинаймын.
Мен бұл гүлді арманымға сыйлаймын.
Сол қыз менің шаттығым мен тынысым,
Жаны да өсем жаралғандай гүл үшін.

Қайғы

Оған ғашық бір сен ғана емессін,
Қанша жігіт қайғырады бұл үшін.
Кайғырады, тәтті үмітін жоқтайды,
Мұның бәрі маған оңай соқпайды.
Ойыннан кайт,
тағдырынның жолы кен,
Саған соны ескерткелі келіп ем.

Жігіт

Білем, білем, бұл да маған таныс өн,
Егер өмір жарыс болса, жарысам.
Қалай оңай бере салам өзгеге
Сол қызды мен бақыттым деп танысам.
Мені аяма,
қажеті жок аяудын,
Салдың қанша жүректерге қаяу-мұн.
Кайғым менің, келер болсаң сен маған,
Ең сұрапыл шакта да,
Ең катерлі шакта да
Күліп тұрып қарсы аламын ерлерше,
Сезімімді қорлай көрме тек кана!

Қайғы (басын төмөн салып)

Ақылды айттың, ауыр айттың,
Әйтсе де, сен тауып айттың, жігітім.
Ғұмыр кештім іім түсіп, тұнжырап,
Иығымнан ұшты қанша замандар,
Кетер едім жер бетінен тым жырак,
Бірақ мені жібермейді-ау адамдар!
(Жігіт кетеді, соңынан Қайғы да кетеді.
Сахна қараңғы тартады.)

“Тек құштарлық болғай да...”

Ақын (өз-өзімен сырласқандай)

Әке, саған айттар едім бар сырды,
Бірақ сенін күнің ерте таусылды.
Кара жердің құшағында жатырсын,
Сондыктан да естімейсің даусымды.
Саған барып айттар едім бар сырды,
Сенін де, әже, күнің ерте таусылды.
Кара жердің құшағында жатырсын,
Сен де менің естімейсің даусымды.
Кезім еді ол мейірімге шөлдеген,
Еркелетіп ұлындан кем көрмеп ен.
Карт нағашым, сен де жоксын бұл күнде,
Сен де кеттің әкем кеткен жолменен.
(Жастық шаққа бұрылып)
Жастық шағым, менің шалқар ырысым!
Шаттығымсың, жанарымның нұрысын.
Арқа сүйер үш шынарым құлады,
Тек сен өзір қасымдасын, тірісін.

Жастық шақ

Оның рас, тірімін мен мәңгілік,
Ғасырлармен тұра берем сән құрып.
Егерде сен әлсіз болсан — сорлымын,
Мықты болсан, данқым өсер жанғырып,
Шаттығынның шәрбатына тойдың ба?
Ұшан-теніз борышың бар мойнында.

Сені өсірген өкен, әжен, нағашын
Жатыр қазір қара жердің қойнында.
Ол жандарға өкпен болса айт маған,
Карызынды айт, болса алдыңнан қайтпаған!

Aқын

Жастық шағым! Менін, тіпті, өкпем жок,
Жайнатты олар өмірімді көктем боп.
Абзал жандар тұзу жолға салмаса,
Тан алдында тан жұлдызым жанбаса,
Қайтер едім?! Олар менің алдында
Борышты емес, ерте өлгөні болмаса.
Елім маған көрсеткен жок жетімдік,
Бұл сөзіме ете аламын кепілдік.
Откен жазда көрші ауылға барып ем,
Бір ағатай — ойы жомарт, жаны кен,
Мен өкеннің құрдасы едім деді де,
Қағып-қағып қойды арқамды қолымен.
Тағы бір күн думан тойға барып ем,
Бір карт әжей көнілі нәзік, жаны кен,
Мен әженнің құрбысы едім деді де,
Мандайымды сипады үнсіз қолымен.
Нак сол тойда шанын сілкіп көшениң
Бір ақсакал камшылаған есегін,
“Нағашынның жаксылығын көп көргем”,—
Деп, коймастан қонақ етті неше күн.
Жан екен ол нағашымнан аумаған.
Жүрегінен жомарттығы лаулаған.

(оіланып)

Жастық шағым!..
Кешірім ет, мен сенің
Назарынды басқа жакқа аударам.

Жастық шақ

Иә, айта бер, жабырқама, тоқтама,
Бар шындықты жасырмай айт тек кана.

Aқын
(даусы дірілден)

Күзде мені іздел келді бір адам
Жасы жүзге құлаған.

Суалғандай арманының бұлағы,
Жұзі мұнлы, естімейді құлағы,
Карт бабанның канын жүктеп едім деп
Ақ сақалы селкілдеп кеп жылады.
Шектен шыққан зұлымдығы-ай мынанын,
Шыдамадым, мен де бірге жыладым.
“Әкен кешпей кетіп еді күнөмді,
Перзентісің, сен кеш енді, шырағым,”—
Деп жалынды, жалбарынды бас ұрып,
Қайта-қайта иығыма асылып.
“Өлер шағым, өтінішім ақырғы”,—
Деп тағы да ол мені үйіне шақырды.
Барып едім, орын беріп төрінен,
Немересін таныстырыды менімен.
Ай дидарлы жан екен ол сүйкімді,
Көкірегімде содан сырлы күй тұнды.
Неге бардым, неге ғана таныстым,
Сол бойжеткен бұзды менің үйкымды.
Байқаусызыда тиіді солай сезімге от,
Күйеу бала дейді анасы өзілдеп.
Ал әкесі құрак ұшып бұл күнде
Той жабдығын жүрген білем әзірлеп.
Атасының зұлымдығын андамай,
Немересін жар етемін мен қалай?
Намысымды алмаймын ба жарапап,
Не дейді әкем, бабам қалай қарамақ?
Олар бұған берер ме екен кешірім,
Жастық шағым, сен айт мұның шешімін?!

Жастық шақ

Қара тастай ауыр сұрақ екен бұл,
Нар тәуекел, салмағын мен көтердім.
Канды жылдар қалып қойған жыракта
Қандай зарлы естіледі құлаққа.
Шал күнөсін сен кешкенмен, кешпейді ел,
Немересі айыпты емес бірақ та!
Жұзін жарқын, болашағың тамаша,
Үйлене бер, егер көнілін қаласа!

Ақын

Бірақ ол қыз бейхабар көп өнерден,
Қалада өскен, елде туды дегенмен,

Көрген емес мына біздің тауды да,
Барған емес жылқышылар аулына.
Күй тындаумен танды үйкесиз атырып,
Ішкен емес сары қымыз сапырып.

Жастық шақ

Адам болса ойы жүйрік, жаны нұр,
Жүре келе үйренеді бәрібір.
(*Кетуге ыңғайланады*)

Ақын

Сәл сабыр ет. Жалғыз ауыз сөзім бар.
Жеме-жемде женеді ғой сезімді ар,
Ол бойжеткен жүргенімен қуліп пан,
Ана тілін өлдекашан ұмыткан.
Қалай оған ішім жылып қараймын,
Бір жол жырын жатқа білмес Абайдын.
Шалақ шашқан заманы анау,
Биқтетіп туған елдін айбынын
Ата салты нық тұрғанда белесте,
Ұлы Абайды бағаламау –
Өз халқының рухани байлығын
Бағаламау емес пе?

Жастық шақ

Оқасы жок, таң да бірден атпайды,
Әмірі алда, жаттамаса жаттайды.
Камсыз көnlі бүрғанымен шалғайға,
Қызуланба!
Баар дейсін ол қайда,
Тек құштарлық болғай да,
Тек құштарлық болғай да!

Ақын

Міне, міне, құштарлық жок ол қызда!

Жастық шақ (қатуланып)

Ах, солай ма?
Тындауға да жасқанам,
Ізде онда бакытынды басқадан!

“Сенің көзің заман үшін бағалы”

Төртінші елес

Жастық шақ

Ал, ақыным, карсы алуға өзірлен,
Сен кадірлер касиеттің барлығын
Осы араға шақырамын казір мен.
(*Bір-екі адым кейін шегініп бар даусымен*)
Достық, немен сұлусын бұл өмірде?

Достық даусы

(*Tau қойнауынан жаңғырып естіледі.*)

Көтере алсам кайыспай уакыт сынын,
Сөүләттімін, сұлумын, бақыттымын!

Жастық шақ

Шындық сенің адамнан тілегің не?

Шындық даусы

Мен үшін тек жүргегі болсын адал,
Кандай пәле басса да, аршып алам.

Жастық шақ

Сенім, кайда жүрсің казір, көрінбейсің, мактаным,
Дау-жанжалдың арасынан іздеп сені таппадым?

Сенім даусы

Онда барсам естілмейді татулықтың сазды үні,
Тентектер көп, таяқ ала жүгіреді баз бірі.
Бір шанырақ кезікті де өйнегінен бақ құлген,
Қос ғашықтың жүрегінен жайлы мекен таптым мен.

Жастық шақ

Ей, Адалдық, ежелден сен сөзге берік, алыпсын,
Алыпсын сен, бірак кейде өтірікке наныпсын.

Немесе жұрт саған нанбай кейде жалғыз қалыпсын,
Кейде өзінді актау үшін өлімге де барыпсын.
Кайдасың сен, жарқыным?!

Адалдық даусы

Бір шаңырақ кезікті де өйнегінен бақ құлген,
Қос ғашықтың жүргегінен жайлы мекен таптым мен.
Олар мені пір тұтады, бабасындау сыйлайды,
Дастарканға мен келмestен кесеге шай құймайды.

Жастық шақ

Қызғаныш-ау, үнсіzsін гой, көзің неге мөлиген?
Байқауымша, сен де қоныс тепкенсің-ау сол үйден?

Қызғаныш даусы

Жапа-жалғыз қайда барам, елге аян гой есімім,
Мен сол үйдің күндіз-түні күзетемін есігін.

Жастық шақ

Сақтап сансыз замандар таңбасын,
Үнсіz-тұнсіz жатырсындар сан ғасыр,
Тастар, сендер не дейсіндер?

Тастар даусы

Өзге жұрттай бара алмаймыз таласқа,
Тілсіз туған тағдыр бізді о баста.
Өтіп жатыр талай көктем, талай күз,
Бәріне де бедіреиे қараймыз.
Баз біреулер үстімізден өткенде
Шаттана ма бізді аяқпен тепкенге.
Ойлы жаңға болар ма екен мактан сол,
Үндемейміз туған жерде жатқан сон.
Әне, анау бізді теуіп өткен жан
Тұр еді үнсіz, келіншегі жетті алдан
Көзінде ашу, құлқісі жок күндеғі,
Келе сала ерін былай тілдеді:
— Ойың арам, тамырында арам кан,
Жазылмадым салған ауыр жараңнан.

Сенің қатал, мейірімсіз жүрегін
Жүрек екен кара тастан жарапған.
— Тас дедің бе? — деді әлгі адам томсарып, —
Құнсыз болып қалғаным ба соншалық.
Сол ауыр сөз сана менен бойды алып,
Тұрып қалды ол төмен қарап ойланып.
Тұған жердің тасы болу тамаша-ақ,
Егер жұртқа ой салуға жарасак.

Жастық шақ

Намыс! Намыс!
Кайдасың сен, неге алмайсын бір тыным.
Ұзақ тұндер неге сенің айқаспайды кірпігін?

Намыс даусы

Қадірлім-ау, мен қалғысам тірліктің не мәні бар?
Мен қалғысам, батыр қалай, ақын қалай танылар?

Ақын

Женіс ізі сайрап жатыр өмір атты белесте,
Сен қалғысан, Ерлік пенен Махаббат бар емес пе?

Намыс даусы

Бекер, бекер, мен жоқ жерде ерлік қашан оянды?
Мен жоқ жерде Махаббат та болған емес баянды!

Ақын

Бақ-дәулеттің күндей тарап,
Бар адамға бірдей қарап,
Күлмейтіні неліктен?
Жалындыны жалынсыздың,
Дарындыны дарынсыздың
Күндейтіні неліктен?
Жүрген жолы ала шапқын,
Мансап қуған парасаттың
Тозатыны неліктен?
Андамасақ сор болар бұл,
Сұнкарлардан қарғалардың
Озатыны неліктен?

Жастық шақ

Бұл алалық табиғат-анадан ба?
Адамдар мен адамдар арасында,
Көрінбейтін жай көзben карағанда
Бір анғар бар жаны үйек, бауыры қар,
Кейде ызгарлы зәнталак дауылы бар,
Кейде қоқтем есетін сауырынан.
Сол анғарда сан ғасыр катар жаткан,
Пенделік пен шарапат ауылы бар.
Екі ауылдың көз салсаң тірлігіне,
Сырттай ұқсап жатады бір-біріне.
Баска-басқа болса да кәсіптері,
Бірдей етіп сырланған есіктері.
Неткен ұқсас есік деп мәз боласын,
Максатынның жолымен козғаласын.
Бірте-бірте өзгерер көзқарасын.
Шарапаттың ауылын іздең шығып,
Пенделіктің аулына кез боласын.
Кез болдың ба? Жібермес онайлықпен,
Мұнда сені сарылып талай күткен.
Мұнда сені көрсе де бірінші рет,
Карсы алады досындаі күлімсіреп.
Неше түрлі құлықпен бұландар бір,
Иланба оған, салты сол бұл анғардың.
Канатына қояды мұз қатырып,
Өз аулына кеп конған қырандардын.
Жұрт көзінен калсаң сәл тасалана,
“Момын” ауыл айналар Қособаға,
Талай ұлы данышпан дарындардың
Арманынның мolasы осы арада.
Екі ауылдың қойған кім жанастырып,
Бұдан аскан бола ма оғаш қылық.
Екі ауылдың іргесін бөлу үшін,
Жатыр өлі аяусыз талас жүріп.
Әркім жансын, лауласын өз өртімен
деген ұран әлемді кезер түгел.
Тек Шарапат аулынан Пенделіктің
Бөлінгісі келмейді өз еркімен.
Ал бөлінсе ол өз атын жеге ала ма,
Шарапатсыз Пенделік дем ала ма?
Сондыктан да шекара өте кажет
Күзет кажет және сол шекараға.

Әмір мынау тартысы, атысы көп,
Атысы көп, шырғалан шатысы көп.
Кімнің ары бір сәтке қалғып кетсе,
Шекарада қалуға қакысы жок.

Aқын

Иә, иә, жастық шағым, сымбаттым,
Ерлік пен ездіктің арасындағы,
Шабандық пен тездіктің арасындағы,
Қайғы мен шаттықтың арасындағы,
Жалғандық пен пәктіктің арасындағы
Ғасырлардан келе жаткан
Қайшылығы тіптен көп
Ұлы күрес әлі күнге біткен жок.

Жастық шақ

Ер жігіттің мандай тері,
Арулардың көз жасы мен құлқісі,
Абырой мен атақ-данқтың түр-түсі,
Әлемдегі асу бермес ең ұлы іс,
Күнделікті женіс ғенен женіліс
Елге деген махаббаттың безбенімен өлшенер,
Безбен сынса, безбүйректік белсенер.
Алдыменен өз жаңынның қайшылығын женіп ал,
Биік ұшқың келсе егер.

Aқын

Мен осынау жасымда
Тұлға болам деп едім-ау Ғасырға,
Үміт те өзір қасымда,
Құдік те өзір қасымда,
Шашымнан да борышым көп басымда.

Жастық шақ

Ең бастысы сен өзіннің борышына адалсын.
Жанартаулар көлінен суат алған,
Суалмағай сендеғі қуат, арман.
Тілектесің тіптен көп, тіптен көп қой,
Жауың аз деп бірақ та жұбата алман.

Мерейі үстем болса да аумағына,
Сынай кара коршаған тауларына.
Максаты ұлken адамның ежелден-ақ
Ұлken өрі ку болған жаулары да.

Aқын

Мейлі, жауым әккі болсын айлалы,
Маған, тіпті, соның өзі пайдалы,
Негұрлым мен кедергіні көп көрсем,
Негұрлым мен жөнсіздікке кектенсем,
Мен соғұрлым тірек етіп төзімді,
Қайрай түсем, шындаі түсем өзімді.
Ей, кеменгер Жастық шағым! –
Сен ізdemе мені
Ындыны кепкен өзеннін арнасынан,
Жапалактар сөз алған жар басынан.
Сен ізdemе мені
Күншілдік жол салған өрден,
Сатқындық ән салған жерден.
Сен ізdemе мені
Ұзындығы бір тұтам мұраттардан,
Құздан аққан қайырсыз бұлактардан.
Сен мені іздесен, табасың –
Бір кезде жігер жетпей тоқтап қалған
Жол болуға тиісті сокпақтардан.
Сен мені іздесен, табасың –
Бақыт сокқан заманның балғасынан,
Барлық иғі істердің жалғасынан.
Сен мені іздесен, табасың –
Күнбатыстан шығыска иық керген
Әлі ешкім шықлаған биқтерден.

Жастық шақ

Күндік бақыт күндеғі құлқін емес,
Гүлдін гүлзар болуын кім тілемес.
Иә, иә... сәулелі болашақтың
Саған сокпай өтуі мүмкін емес.
Шыншыл мақсат қай кезде де жол табар,
Кезін қелді қоғам жүгін аркалар.
Анау емен неге қисық?
Анау қайың неге айрылды көріктен?

Анау жүйрік аксап қалды неліктен?
Бұған неге үнсіз жатыр
Анау көнілі әділдікке інкөр жан?
Анау қарға неге озады сұнкардан?
Міндепті ауыр намыс пенен ардың да.
Бұл сұраққа сен бересін жауапты
Дүниеге ертең келер нәрестенің алдында.
Тек жүзінді төмен салма,
Тек көзінді жасауратпа,
Сенің көзін заман үшін бағалы.
Сенің өнің аскак шықса,
Менің данқым жоғары!

Ақын
(*кетүге ыңғайланып*)

Енді қашан кездесеміз?

Жастық шақ

Бүгінгі үлкен өнгіменің жалғасы,
Бүгінгі асau пікірлердің арнасы
Іздеп баар бізді алдағы жылдарға.
Тек женіспен жарқырасын мандайын.
Жүргегіннен жалын сөнбей тұрғанда,
Мен қасынан табыламын өрдайым!

СЕНИМ ПАТШАЛЫГЫ

Аванценада:

Ақын — Маздак

Сақтар әдуірінде: Біздің әдуірде:

| | |
|----------------------|---------------------------------------|
| Хан | Тойбасы |
| Жайық | Медет — Маздақтың өкесі |
| Мерей | Айымбек — әртіс |
| Үәзір | Жұбанышбай — комсомол кызыметкері |
| Көңбай | Дария — Маздақтың қалындығы |
| Жендет бастығы | Қабділдә — карт ақын |
| Караашал | Орынбасар — Жайықтан келген жігіт |
| Торбай және басқалар | Жұбанышбай, Құда, Тойық және басқалар |

Kipіспе

Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай шөлдердің,
Биіктөр мен алыптардың,
Жылуулар мен жарықтардың арасын
Жалғап келген бір өн бар.
Парасатты мұнданудан
Жерді кирап құл болудан,
Танды қарадүрсіндіктен,
Адамдарды күншілдіктен
Корғап келген бір өн бар:

Ол өн — ұлы достық өні, негізгі өні ғаламның,
Ол өн — ұлы махаббаты менің сайын даламның,
Дала көніл бабамның.
Сол екі өнмен гүлденер жер
Салмақ тауып саналы.
Сол екі өнді білмегендер
Өмір сүрдім демесе де болады.

Бірінші бөлім

Ақын, Тарих

Tarix

Иә, ақыным, жан едің сен гүл жүзді,
Ызалысың, тынышынды кім бұзды?

Ақын

Сенуші едім, болар деп тойым алда,
Тек арыма сыйындым мойығанда,
Тек ізгілік іздедім тыным таппай
Ең каскунем адамның бойынан да.
Кей көнілдін бас бұзар жарлығына,
Кей көнілдін шектен тыс тарлығына,
Каным қүйіп тұрса да сыр бермедім,
Кешіріммен қарадым барлығына.
Сүйрегенмен дамылсыз өзін өрге,
Өзі пенде жандардың сөзі пенде.
Бір батылдық көрсем деп үміттендім
Ең жігерсіз адамның көзінен де...

Тарих

Сол ниеттен, сол сезімнен айныма!

Ақын

Бірақ та мен душар болым кайғыға.

Тарих

Киялынды камшылап асау талап,
Тынбай шарлап өмірдің белес-белін,
Адамдарға жақсылық жасаудан-ақ
Тіпті қолын босаған емес сенін.
Бағытыннан айныма!

Ақын

Бірақ та мен душар болым кайғыға.

Тарих

Дауыл күні ең алдымен бәйтеректер құлайды
Өзгелерден биіктеу тұрғандығы үшін...

Ақын

Кім жауап бермек сол құрбандық үшін?

Тарих

Иә, сен албырт ақын болдың,
Арқа тостың ауырға.

Өзге жүрттән жақын болдың,
Жақын түрдүң дауылға.

Aқын

Сол дауылдың ертен мені жықпасына кім кепіл?

Tарих

Ал жығылмау — азаматтық міндетің.
Калай?
Кайтіп?
Кай жолмен?
Оны өзіннің өрөн білер.
Тамырынды терең жібер,
Елің саған артып еді көп сенім.
Әттең, терең тамырың жок,
Үлкен досың жок сенін.
Әлсіздігің осында!

Aқын

Кезім бар ма адалдықтан айныған,
Қанша адамды алып шықтым қайғыдан.
Шаттығына ортақтастым талайдың,
Іс түскенде басыма,
Көбі мені сатып кетті, қалай бұл?
Мен достыкка деген үлкен сенімімді жоғалттым.

Tарих

Өкінішті.
Бірақ мұны арың қалай құптайды,
Онда сенен ешқашанда үлкен акын шықпайды.

Aқын

Өмір қатал. Көніліңе карай ма?
Өзімнің де көзім жетті сол ойға.
Енді мені жетекке алды басқа мұн.
Әкім болам.
Ақындықты тастадым.
Кеше мені жомарт пейіл, ақылды
Бір ағатай шақырды.
Жігітсің деп дәні бар,

Қарауында жеті-сегіз жаны бар
Кішкене бір мекемеге
Бастық болып баруымды сұрады.
Жасырмаймын,
Ұсынысы маған қатты ұнады.

Tарих

Жок, сен өкім бола алмайсын.
Енді сенен үлкен өкім шықпайды!

Aқын

Тұсінбедім сөзіне,
Ең зиялышты адамдардың өзі де
Менде жұртты иландыра білетін
Кабілет бар деген сөзді құптайды.

Tарих

Ол қабілет аздық етер...
Сенен өкім шықпайды.

Aқын

Өзімді өзім шығара алман теріске,
Беріп койдым келісім.
Әрі өте колайлыш бүл мен үшін.

Tарих

Мұның тіпті масқара ғой!

Aқын

Жетер, бәлкім, осынша жерлегенін.
Әкімдікке дәмелі жүргендерден
Ақыл-ойым, өнерім кем бе менің?!

Tарих

Ізгілікке жасалған
Алуан-алуан қадамдар бар.
Өзін-өзі актауға

Бейім жүрген адамдардан
Қағыс, қашық тұрса-дағы даңққа
Өз қылығын соттай алар адамдар
Пайдалырақ халықка.

Aқын

Маган тағар басты кінөң не сонда?

Tарих

Ер атанаң, басқа бөрік кисен де,
Осыншама жасқа келіп
Мойындаитын азаматтық күшінді,
Тым құрыса бір адам таба алмапсын.
Ен дұрысы тәрбиелей алмапсын.
Сейтіп жүріп қанша адамға, масқара-ай,
Ертең әкім болмақсын,
Бұл кінө емей немене?
Міне, осыдан арзандайды наркың да.
Жұрттың көбі қалайысын күміске,
Жылтыраған алтынға
Бағалаудан ақсаган.
Сен де, ақынным, содан қорық,
Одан асқан қауіпті жау жок саған.
Достыққа осал болған адам не тындырмак ақын боп?
Дүниеге ақын көзбен карамай,
Әкім болуга да хақын жок!
Ақынным-ая!
Бірімізсіз біріміздің
Алыс кетпес үніміз.
Бірімізсіз біріміздің
Не болады күніміз?
Әттен, өзің жанбай жатып
Жакын тұрсың сөнуге.
Пенделікті шалғайға атып,
Тағдырыңмен бел үстасып көруге
Жетер ме екен батылың?
Сені терен ойға тартар, бір әңгіме шертейін,
Тында, кәне, ақынным!..

Сонау сактар заманында,
Бір азулы хан болған-ды Ақжайыктың алабында.

Ханды бір күн карттық женді,
Кім баскармақ елді мынау.
Бәйбішеден қалған ұл бар, өттен, ол да делқұлышау.
Елге нұрын шашып тұған, асып туған қатарынан
Және жалғыз қызы бар-тын он үшінші тоқалынан.
Ыңалы хан көп толғанды, ұлдан тірек таба алмады,
Таппаған сон тек қызының тағдырына аланнады.
Тек қызы үшін аланнады,
Аландауы айып па екен?
Бір күн халқын жинады да, сөз тастады байыппенен...

“Кім байлығын өз жанына медеу тұта алады?”

Дауыстар

— От-анамыз жарылка!
— Ханға қайсар ғұмыр бер!

Хан

Ей, халайық, мен қартайдым...
Әмір заны... өкінгенмен нетемін.
Ел тізгінін кімге ұстасып кетемін,
Мына такты кімге сеніп тастаймын?
Осы бол түр бас қайғым.
Білесіндер өздерін,
Карашибындай көзімнін,
Жарасымындай жарқын, жалын кезімнін,
Қажығанда болған қайрат, дәрменім,
Сүйенішім — жалғыз қызым бар менін.
Осы өлкеде ең бай адам қайсын бар,
Көне, қайсын жүрттан асқан байсындар?
Кім байлығын өз жанына медеу тұта алады.
Нақ сол адам күйеу балам болады,
Әрі мына тағыма да мұрагер боп қалады!

Көңбай (Алға шығып таңдана)

Таксырым-ау, бұл өлкеде менен асқан бай бар ма?!

Шүкір, қазір Көңбай атым айналды зор айбарға.
Бұл өлкеде менен асқан бай бар десе бір кісі,

Оған тіпті, ха-ха-ха, келер жүрттың құлкісі,
Менің малым анау, әне,
Құмырсқадай құжынаған калың жылқы белесте,
Керек десен, есебінен жаңылыстым емес пе?
Әгәрәкім нысананыз байлық болса таңдаған,
Құлдығым бар, ұлы ханым,
Қүйеу балаң мен болам!
(Басын шіл тағзым етеді.)

Хан

Тағы кім бар?

Үәзір

Тағы кім бар?
— ?

Даудыс

Ұлы өміршім, босқа уақыт жіберме,
Көнекенмен аскан бай жоқ бұл елде!

Хан (Ызалаңып)

Тағы кім бар?
— ?

Жайық (Алға шығып)

Мына мен бар!

Даудыс

Бұл баланың ауыскан-ау есі мұлде,
Жарғақ құлақ ешкісі де жоқ еді ғой есігінде!

Көңбай (Әжсуалап)

Уа, караңдар!

Бұралқы иттей өрен жүрген көшедегі,
Өз жылқышым өзімменен болып шыкты бәсекелі.
Байқауымша, бұл қу кедей ұлы ханды мазактап тұр,
Сөйтіп, өзі жаһаннамға аттануға аз-ақ қап тұр!

Жайық
(Ханга шіліп)

Иө, өміршім, болғанмен киялым көп,
Рас, менің тігерге тұяғым жок.
Жігерімді шындағым төзімге орап,
Арманыма жол бердім ағындаған.
Рас бәрі:
Ес білген кезімнен-ақ
Мына сараң Қоңбайдың малын бағам.
Сол болып па мойынға тағар айып?!
Жә, жә, мейлі, жан емен егес құмар,
Еңбегімді сатқаным, о, халайық,
Намысымды сатқаным емес шығар.
Мен байлыкты басқаша түсінемін:
Киын шақта, бақ ауғанда басымнан,
Табан бүрмай табылатын қасымнан,
Биік тұрған жердегі бар асылдан,
Жаны мәлдір, діні мықты,
Ардақ тұтқан ұлылыкты,
Менің іңкөр, жан аяспас досым бар!
Кой, бекерге жанықпа деп,
Достық байлық болып па деп,
Казір маған құлерсіндер табалап?
Әттең, мұны үқпауларың обал-ақ.
Күйік косып күйіктіге,
Туыс түгіл сүйіктіне
Сену киын мына тайғак заманда.
Жаны гүлзар дос тапқаным,
Достық атты асқақ дарын
Мерейімді шарықтатты шығанға.
Кадірменді хан ием!
Әңгімені өзінізден басталық.
Каншама жыл момын елді баскарып,
Күндіз күлкі, түнде үйқыдан қалдыңыз.
Кейде жөн боп көрінгенмен алдыңыз,
Дүлей мұхит ортасында оқшауланған аралдай,
Бір адамнан бекем достық таба алмай,

Жеген тамақ бойыңызға таралмай,
Суда қалған сабандай,
Бықсып өмір сүрудесіз жана алмай.
Біреу қакпан күрып қойған жоқ па деп,
Итергелі жұрген жоқ па отқа деп,
Құдікпен таң атырып,
Құдікпен құн батырып,
Тайпан шакта тағыңыздың камы үшін,
Әртке байлап бағлан ердің намысын,
Тіршіліктे бір адамға сене алмай,
Мәнгі бұлай арзандауға көне алмай,
Кой қамаған касқырдай
Кеуденізді ой қамап,
Картайғанда кор болдыныз өле алмай!

Үазір

Астапыралла!

Дауыстар

— Дағар сөзді!
— Бұл не деген жөнсіздік!

Көңбай

Ұлы ханды жәбірлеуге соншама,
Кім берді оған билікті?
Кеткен екен тіпті көзі қарайып.

Қараашал

Бас кеспек бар болса да,
Тіл кеспек жоқ, халайық!

Хан (*Tістенін*)

Айтсын ойын,
Айтсын, тыңдал багайық!

Жайық

Ангартқанмен жүзін ізгі,
Таксыр, сіздің қызыныңды
Алу басты мақсат емес мен үшін.
Ал достыққа мерей сыйлау – ең асаси женісім.

Тәтті үмітке берер тізгін,
Нысананыз егер сіздің
Медеу тұтар байлық болса тандаған,
Бұл мандағы ең бай адам мен болам!

Дауыстар

— Қүйеу бала оңай жерден табылды,
Ұлы ханның бағына.
— Атасының бетін жыртып,
Кызын алмақ тағы да.

Көңбай

Егер достық байлық болса —
Тағы менің асканым,
Тағы жарқын мандайым.
Кай ауылға бармайын,
Койын сойып, кол кусырып достарым,
Жүрген жерім – дүрмек той.

Қараашал

Ол, байеке, өзіне емес, малына
Көрсетілген күрмет кой.

Үазір

Көңбай, сенде неше өйел бар?

Көңбай
(Азырқанған кейіппен)

Жетеу ғана...

Қараашал

Ар алдында илікпеуші ен,
Тым болмаса, хан алдында шынынды айт,
Өтірігің шығып қалды.

Дауыс

Үш әйелін бүгіп қалды, ха-ха-ха...

Көңбай

Ол үшеуі тексіз жердің қыздары,
Ала сап ем жарасқан сон тұз-демі...

Уәзір

Тексіз жердің қызы дедін.
Кім олар?

Қараашал

Ә, Көнеке, келді кезің сыналар.

Көңбай

(*Күмілжін*)

Малсақ қызы Дариға,
Шомбал қызы Талиға,
Марас қызы...

Шомбал

(*Жұлқына алға шығып*)

Не дейсін-ей, көң сасыған Көңбайым?
Сенен тексіз болсам егер — онбайын.
Кара мұны, мен бе екенмін ермегін,
Құдай куә, сендей сарың көрмедім.
Ай мен күндей қызыымды алып,
Тым болмаса, котыр тай да бермедін.
(*Ізалаңып Көңбайга қарай ұмтылады, көпшілік араша түсін жібермейді.*)
Енді бүгін тексіз деп

Жұрт алдында жерледін.
Маған онай жаба алмайсың жаланы.
(*Ақырып*)
Бөртпе батыр шөбересі қалай тексіз болады?

Малсақ
(*Басы қалтаңдай, кимелен*)

Тексіз деді-ау мені де,
Бұл қақбасың жүрмей ме екен жөніне?
(*Таяғын көтеріп, кікінеді*)
Күйеу болмай, қүйе боп
Жабысты-ау бұл біздің гүлзар тұқымға.
Байлығынды қайтейін,
Тіпті бүтін шалбарың жок бұтында.

Көңбай

Итбалықша туладындар,
Тұтіп жердей шуладындар, немене?
(*Ханга бұрылып, тізерлен*)
Ұлы әміршім, қызынызды мен алсам,
Күн еркесі гүлге балап,
Ұлде менен бұлдеге орап,
Көтерер ем төбеме.

Дауыстар

- Ой-дөйт, деген-ай!
- Қайтсін енді, одан артық, не десін!
- Паһ, шіркіннің дәмесін!

Уәзір

Бар ма тағы талапкер?
— ?
(*Хан уәзірдің құлагына ұзақ сыйырлайды.
Уәзір мақұлдаган кейіннен басын изейді.*)

Уәзір

Ал, туғандар,
Енді үкім тындандар!

Ақ сақалымен өтірік айтып,
Ұлы ханды басынғаны үшін,
Үш әйелін жасырғаны үшін,
Көнбайдын басы иығынан ажыратылсын.

Көңбай
(*үрэйленіп*)

Ажыратылсын дегені калай?

Малсақ
(*Колымен көрсетеуді*)

Былай.
Алынсын дегені ғой.
Бейішке ерте барсын деп,
Хан иемнін саған жасаған көмегі ғой.

Көңбай
(*Дегбірі ұшып, жыламсырап*)

Ау, хан ием, бұл қалай?
(*Әркімге бір жалынып*)
Ау, халайық, десендерші бірдене,
Кеткенім бе босқа өліп?

Қараашал

Шаран қанша, құмға сіңген жылғадай,
Көнбай атын өшкелі тұр, бейбагым.
Мандайына сор бол тиді-ау бөспелік!

Көңбай
(*Қараашалдың жағасына жармасып*)

Әй, сен қакбас, өзілінді қоймадың?
(*Екі нокер Көңбайды қарсыласқанына қарамай
сүйрөй жөнеледі. Көңбай топ ішінен Кенесалды
танып, кемсөндөп*)
Ей, Кенесал!
Былтыр менен карыз алған токтыны
Жалғыз ұлым Торбайжанға бере сал!

Пай, пай, пай, пай,
Каншама жыл тірнектеп
Жиған малым қала ма?

Шамбал

Капаланба, тастамаспыз далага!

(*Көңбайды алып кетеді.*)

Үәзір

Мүшкіл халін мына аусар жігіттің
Мен айтпай-ак ұғарсындар,
Ұлы ханға тіл тигізгені
Өз басына бүлт үйгізгені екенін
Сезіп тұрган шығарсындар?

Қараашал (*Мысқылмен*)

Сезіп келе жаткан құқай ежелден,
Шөл даладай баса алмаған аптабын,
Ел қанына еріндерің кезерген...

Некер

Келсе өгәрки сақалынды сактағын,
Жөн болады аузынды бакқаның!

Қараашал

Мен өлімнен корықпаймын,
Асарымды асадым,
Жасарымды жасадым.
Тек мына бір жайсан бұла боздақтың
Боз тағдыры жүрегімді қозғап тұр.

Үәзір

Жетер! Босқа лақпандар!
Ту көтеріп жаңсақ ойын,
Сонымен бұл талша мойын

(Жайықты нұсқап)
Өзі ізденіп келген жоқ па қылышка?!
Әкетіндер жүрт көзінен тасаға.
Жендет кайда?
Кірісіндер жұмыска!

(Карашалдың және үш-төрт адамның ара
түсуіне қарамай бір топ нокер Жайықты алты кетеді.)

Уәзір

Ау, жарандар,
Осыменен жиын жабық, тарандар!
(Жүрт аң-таң болған күйде тарай бастайды.)

Сын сағатта

Kүзетші

Алдияр хан!
Асығындай еліктің,
Шемен жігіт келіп түр.
Аты-жөнін айтпайды.

Xан

Ешкіммен де әңгімеге заукым жоқ.

Kүзетші

Қырсық екен, айтқанынан қайтпайды.
Кірем дейді қалайда.
(Ойланып)
Кірсе, кірсін.
Қаруы боп жүрмесін,
Койны-конышын тексеріндер алайда.

(Күзетші шығып кетеді де, сәлден соң
қайта кіреді.)

Kүзетші

Калтасынан қанжар шықты, хан ием.

Хан
(естімегендей)

Кірсін де!

Мерей
(иіліп сәлем бере, мыскылмен)

Қанша жұртты қасіреттің құзарына құлаткан,
Аманбысыз, тақсырым?
Сізбен менін өнгімем бас құрамақ сұрақтан.
Кешірініз, бұл сұрағым тисе өгөрки қолайсыз.
Қанаттыда кай құсты киелі деп санайсыз?

Хан

Аккууды.

Мерей

Кім, сіздіңше, ақкууды атқан адамдар?

Хан

Безбүйректер, мейірімсіздер, надандар.

Мерей

Киеліні табанына тастаған,
Ізеттісін тасқа ұрган,
Онда нағыз безбүйрек,
Онда нағыз хас надан
Сіз болдыңыз, тақсыр хан!

Хан
(ақырын)

Токтат! Не деп көкіп тұрсын сен,
Мені мұнша басынатын кімсің сен?

Мерей

Шаптықпаныз!

Міне, осы бір сауалдан
Басталады бізге қажет өнгіменің сүйегі.
Адамзатта достық сезім ақку-сынды киелі.
Тіршілікте əсемдікті іздеуден бір танбаған,
Аккудың кос қанатындаі самғаған,
Біз, Жайықпен екеуміз,
Иықтаскан, тұтасқан бір дене едік.
Пенделікті тас қантарып, шегеріп,
Біріміздің қамымызды екіншіміз жеп едік.
Шаттығымның тостағаны енді мәңгі кертілді,
Калай көрем өз мінімді,
Калай көрем бетімді?
Доссыз адам айнасыз қызы секілді.
Менің тұлпар арманымды айбынды,
Касіретім мен кайғымды,
Және осал жақтарымды,
Кейде қиқар ісімді
Және қайсар мінезімді, күшімді
Жайыктай кім бағалады,
Жайыктай кім түсінді?!

Біз өмірден іздемедік онай бақ,
Кеудемізден достық нұры атқан сайын арайлап
Тұыскандар қызғанысып,
Танданыса көз тігетін бар аймақ,
(Хана жақында)

Біз әрқашан жан байлығын адаймың
Болашағы деп карадық ғаламның.
Кәне, акыл-таразыға төрелік
Берелік те, сіз басқарған хандықты
Мысалға алып көрелік.

Сіз бірінші орынға
Адамзаттың қара күшін койдыңыз,
Сөйтіп, елдің игі істерге құштарлығын жойдыңыз,
Қара күшпен қызықтырган дүрмекті
Кайдағы бір ойсыз, есер палуандар
Ақындардан өлдекайда күрметті.
Басқа есікке жасадыңыз ілгекті.
Жұрт ішінен достыкка інкөр, парыкты
Біреу туза күндей жарқын санасы,
Бүкіл халық данкты...

Өткен жылы біздің елдің баласы
Жау қолында, сонау қөрші хандықта
Калып койған досын іздең барыпты.

Тек ізгі ойдан алар болсын ән басын,
Самғаса тек сенім жыры самғасын.
Іздеп барса...
Бүкіл хандық жиылып
Дарға аскалы жатыр еken жан досын.

Қайсар жігіт амалсыздан сол елдін
Сіз секілді ханының аяғына құлапты.
“Досым еді тұрақты,
Киын шакта табысып,
Бірге іздескен мұратты”, —
Деп тұтқынның өміріне сауға сұрап жылапты.
“Құнәсі ауыр”, — деп шайқапты хан басын.
Сәл ойланып: “Иә, ауырлық нарга сын.
Көкірегінде жалындаса нар сенім,
Ұлан болсан сол сенімге шөлдеген,
Бұл жігітті тек бір ғана жолменен
Құтқаруға мүмкіндігін бар сенін.
Көзінді бер күрбандыққа,
Оған бола бәсендімес алаулы ой.
Достық деген бір бағытқа
Бір көзбенен карау ғой.
Онда бір көз екеуіне жетпей ме?
Досын бар ғой жетелер.
Бұл талапқа көнер болсан, қарағым,
Шартым осы,
Көзінді ойып аламын.
Сонан кейін досынды ерт те, кете бер?!”
“Құлдық, таксыр, — депті жігіт шаттанып,
Қайсарлықтан жанарында от жанып, —
Дос тілектің садағасы жанымыз,
Міне көзім, алымыз!”
Кіреуке сап думанды елге,
Хан үкімі орындалды, не керек,
Тұтқын жігіт туған жерге
Көzsіз досын ертіп келді жетелеп.
Ерлік хабар жылдам еken желден де,
Ерлік хабар дүр сілкінтіп даланы,
Бүкіл ауыл жолға шығып қарады.
Сол көрініс қалып қойды қеудемде.
Ете алмады ел көз жасына иелік,
Бірін-бірі аялап, бір-біріне сүйеніп,
Келе жаткан екі досты қөргенде.

Заман қанша салғанымен бұғалық,
Біздін марғау, соры қалың елден де
Батыр перзент туылды-ау деп жыладық.
Ен әрісі қикар атай Ерден де
Кайта-кайта жас үйіріп көзіне,
Бұл ерлікке өзін мәнгі борыштыдай сезіне,
Той жасады жұртты жып кешкісін.
Жалғыз ұлға сауын етіп отырған
Атып ұрып жалғыз шұнақ ешкісін.
Ел осылай ер ұланын елеусіз
Қалдырған жоқ, кошеметсіз, демеусіз,
Ал мына сіз сол адамның есімін де білмейсіз.
Сойте тұра қалың жұртты адалдыққа үндейсіз.
Нағыз ерлік көзінізге көрінбей,
Құзға біткен өрімдей,
Назардан тыс қалып қойды бағасыз.
Сіз өзініз айдар таққан ер жігіт деп киелі
Шомақ палуан,
Дара біткен сүйегі,
Арқага сап көтерсе атан түйені,
Марапаттап қуана кол соғасыз,
Иығына алтын шапан жабасыз.
Босқа және
Басқа жакқа лағасыз!
Ер кадірін назардан тасалаудан
Қай ел опа тауыпты?
Иә, ерлікті жасамаудан
Бағаламау өлдекайда қауіпті.
Танытатын азаматты, арлыны,
Бай ететін жарлыны
Достық сезім – мәнгі жасыл желегі,
Достыққа осал болғандардың барлығы
Ел тағдырын ойлауға
Қабілетсіз келеді.

Xan
(оілданып)

Иә, сен мұнда жан досыңын сүйегіне келмеп пе ең?

Мерей

Дәл таптыныз, тақсыр хан!

Айырдыңыз мені жалғыз жақсымнан,
Бұғау тастап күн бермей.
Мендеңі ұлы мүмкіндікті жойдыныз.
Ботақаның тартып алған інгендей
Орданыға жаутандатып койдыныз.
Көктем өтпей жетіп қапты күзім де,
Әттен, мына сүм тағдырдың корлауы-ай.
Тым болмаса, сізбен қанжар жүзінде
Сөйлесетін мүмкіндіктің болмауы-ай!
Орданызды, дауыл бұзған ұясындақ қарғаның
Талқандар ем, кол астымда әскер жок.
Жоқ және де корғаным.
Сондыктан да секілді бұл орындалмас арманым.
Пешенеден көрерсіз де,
Бұдан былай егер сізге
Жер бетінде біреу болса діні қас,
Ол – мен болам.
Ал кессеніз, міні бас!
(Ханга мойнын тосады.)
Жайығымнан шыбын жаным артық па?
Әгәрәкім кеспесеніз,
Өле-өлгенше өштесеміз.
Өле-өлгенше ізінізден қалмаймын.
Тұлқі болып сінсеніз де тау-таска,
Қыран болып төбенізден самғаймын.
Осыменен әңгімемді бітірем.
Тек бітірер алдында,
Қансыз әрі миятсыз,
Шым етпейтін ұятсыз
Мына қара бетінізге түкірем!
Тфу!
(Ханның бетіне түкіреді.)

Xan *(шошина бетін бүркеп, кіжсініп)*

Сүйегімнен өтіп кетті-ау қорлығын,
Хан басымды тәлекек еткен зорлығын!
(Жендең бастығын шақырып)
Жас “мейманды” тас қораға жабындар!
Ұмытардай болсын тіпті есімін.
Арқасына алпыс дүре,
Карынына қырық дүре соғындар,

Бас бармағын шабындар,
Жәбірлендер,
Әбден корлап бағындар.
Ал көнбесе, амал не,
Қайсар басын қағындар!

Жендең бастығы
(маңгазданып)

Таксыр, маған нақ осындаі,
Аттың болат тағасындаі
Қайсар бастар ұнайды.
Бірак мені білесіз ғой...
Алдыңызға кешірімді бүл әлі
Еңбектеп кеп сұрайды.

Мерей

Ал сұрата алмасаң?

Хан

Иә, сұрата алмасаң ше?

Жендең бастығы

Онда таксыр, мен болайын күнәлі.
Басу маған түк емес,
Пәпігін бүл мырзаның.

(Кызынып)
Лебізімде түрмасам,
Кызметтен қусаңыз да ырзамың!

Мерей
(мыскылмен)

Уәденізді қайта алыңыз,
Кызметтен босқа ажырап каларсыз.

Жендең бастығы

Ракмет!
Қайғырманың оған сіз.
(Жендең бастығы Мерейді алып кетеді.)

Жоқтау

Көңбайдың отау үйі. Төрде ересек, делқұлы баласы Торбайды қасына алтын бәйбіше, одан тәменірек қара жамылған тоқалдар отыр.

Бәйбіше *(жагасын үстап)*

Тоба, тоба!
Ұрттарыңа құм құйылған сиякты.
Кәне, жоқтау айтындар,
Келген жұрттан ұят-ты.

Бірінші тоқал *(мұңғы мақамга сап)*

Сөнді жарық айымыз,
Жер жастанды байымыз.
Енді біздін, құдай-ау,
Не болмақшы жайымыз?

Екінші тоқал

Кайран байлық кор болған,
Мандайыңа сор болған.
Бұтін шалбар кимей-ақ,
Өтіп кеттің жалғаннан.

Үшінші тоқал

Мал ғана боп білгенің,
Куанбадың, күлмедің,
Канша сарап десе де,
Жаксы еді аман жүргенің.

Торбай *(Бәйбішеге еркелеп)*

Апа, мен де өкемдей,
Аламын ба көп өйел.

Бәйбіше
(жасқыншыл)

Тыныш отыр. Аласын!

Торбай

Қалындыққа қашан ертіп барасын?

Бәйбіше
(ызалаңып)

О, жын қаккан, әйел женген санасын.
Әкең өліп жатыр ғой!
Кейін...
Кейін барасын.

Төртінші тоқал

Құлағандай аспаным,
Кім ойламас бас қамын.
Жиырма екімде жесір ғып,
Мені кімге тастадың?

Бәйбіше
(ақырып)

Жә, жә, байсыз калмассын,
Бөртпе лақтай шошандаған албастым.
(*Куланып*)

Былтыр жазда, нар жайлауда, дөнесте
Ымырт түсе жолығатын өзіне
Жылқышын бар емес пе?
Кім еді өлгі...
Аузы-мұрны добалдай,
Ырс-ырс еткен сабан тықкан қанарадай.
Енді сені мен алады дейсін бе,
Сол алмай?!
Сөл сабыр ет, кетерсін,
Арманына жетерсін...

Төртінші тоқал

Кетсем, кетем.

Кандай опа тауыппын мен Көнбайдан?
Тек бай деген аты ғана қомпайған.
Картайғанда белгे түйді-ау ұтты,
Шүйгін шөпті, жайлау, көлді жерсінбей
Кашып шықкан ессіз бұка сияқты.
Осы отырған бәрімізді менсінбей
Ханның қызын баспакшы еді төсіне.
Саяп болды.
(*Тоқалдарга бұрылып*)
Ау, біз сонша қайғырамыз несіне?

Үшінші тоқал

Дұрыс айттың, Талиға!

Екінші тоқал

Талиға жөн айтады!
Көрі қақпас қайта қозып сайтаны,
Құрсауына өзі ілінді тұзактың.

Бірінші тоқал

Хан қызына көз салғанын қайтерсің,
Осындағы он өйелін жарытпай.

Үшінші тоқал

Ал біз сорлы дөңбекшиміз ұзақ тұн,
Санымызды жарқыратып балықтай.

Жылқышы (*Ентіге кіріп, жүгенін ұрады.*)

Ойбай, ойбай, бәйбіше!
(*Ентігін баса алмай*)
Ойбай, ойбай, бәйбіше!

Бәйбіше

Есінді жи, не болды?
Неге сонша зарладың?

Жылқышы

Анып кетті Көнекеннің бар малын...

Бәйбіше

Кім өкетті? Айтсаншы!

Жылқышы

Малсак айдал өкетті жүз жылқыны,
 Карсак айдал өкетті жүз жылқыны,
 Танаш айдал өкетті жүз жылқыны,
 Калаш айдал өкетті жүз жылқыны,
 Рысбек те, Қамысбек те, Қамбар да,
 Бәрі, бәрі... Өнешбай да, Талғар да,
 Және мынау жас тоқалдың әкесі...
(Тортінші тоқалды нұсқайды.)

Бәйбіше

Шомбал ма?

Жылқышы

Иә, иә, Шомбал да.
 Көп жылқыны қамай қуып өкетті
 Түстіктең аңғарға.

Бәйбіше

А, ку құдай. Болысатын жан бар ма?
(Тұтығын)
 К...қайда, қайда калғаны?

Жылқышы

Калың малдан босатты жұрт өрісті.
 Ал калғанын...
 жылқышылар бөлісті.
 Аз емес-ті еңбегім...
(Жыламсырап)
 Маған түк те тимеді.

Бәйбіше
(басын соққылат)

Ойбай-бай-бай, бар арманым күйреді.
Ойбай-бай-бай, бар арманым күйреді.
(Торбайды құшақтап)
Зор қайғыға душар болдық арылмас,
Енді Қөнбай сорлының
Сүйегін де әкелер жан табылмас.

Торбай
(жыламсырап)

Колымызда мал қалмаса,
Маган қалай әпересің қатынды?

Бәйбіше
(Торбайды итеріп жібереді.)

О, жарым ес, данғаза,
Қатын жұтқыр атынды.

Үшінші тоқал

Бүйте берсе, түк қалдырmas бұл халық,
Онала ма бір түскен сон іріткі.
Иә, тоқалдар, босқа қарап тұрмалық.
Біз де, ендеше, бөліселік мұлікті.
*(Бәрі таласа-тармаса төрдегі кебежеге,
жиоюлы тұрған жүктөрге ұмтылады.)*

Қайсаrlық

Хан ой үстінде. Жендет бастығы кіреді.

Жендет бастығы
(иіліп)

Аманбысың, алдияр!

Хан

Ә, келдің бе, хас батырым, жан кияр,
Кетіп едің үш күн бойы хабарсыз?

Жендең бастығы

Алдияр хан!
Күйге түстім ажарсыз,
Амал нешік. Екі сөйлеу ер адамның өлгені...
Жас жігітті сізге әкеleiп сұратуға кешірім
Иланыңыз, менің шама келмеді.
Сабак алдым естен мәңгі шықпастай,
Мен адамды жазалаудың
Жұз елуден аскан түрін білемін.
Соның бәрі қалғаннан соң түкке аспай,
Өмірімде бірінші рет қан жылады жүрегім.
Діні қатты екен тіпті,
Біз басқаша,
Ол айтады басқаша ән.
Мұндай қайсар бекемдікті
Естіген де, көрген де емен ешқашан!
Қаншама рет үсті-басын қан қылдық,
Қаншама естен тандырдық,
Башайларын қырықтық,
Сосын тұзға малдырдық.
Бірақ иттің баласы
Міз бақпады-ау!
Қандай өжет етіп туған анасы.
Жо-жо-жо-жоқ! Ол ит емес, өзім ит
Болып шықтым шамасы.
Тен емесін тұңғыш сездім күшімнің,
Ұрып, соғып, корлап және азаптап,
Оны жену мүмкін емес екендігін түсіндім.
Кейде жаны бұл фәнимен қоштасуға аз-ақ қап,
Тұрса-дағы
Ойға тұнған жанары
Маған қарап құліп жатты мазактап.
Жындануға сәл-ақ қалдым мен байғұс,
Ерік колда, қылыш қолда десе де.
Оны мұнша батыл еткен қандай күш?
Міне, міне, міне, міне, мәселе!
Нәлет айтып, кектенудің орнына,

Мені шексіз жек көрудің орнына
Аянышпен, мұсіркеумен қараған,
Мені баксыз, сор мандай жан санаған,
Ес жия алмай жатса да ауыр жарадан,
Өзін мәңгі бақыттыға балаған,
Бұл не деген өр адам?
Намыстандым, корландым мен, тап шыным,
Бейнесі өлі жанарымда түр күліп.
Көкірегімде бірінші рет, тақсырым,
Бас көтерді сізге деген бір күдік.
Бұдан отыз жыл бұрын,
Алдияр хан, маған сеніп бердініз
Осы катал қызметтің шылбырын.
Отыз жылдай бастың емес, дененің
Қызметін ғана атқарып келемін.
Пәленшені мұнда келтір дедініз,
Сол сәтінде келтірдім.
Түгеншені жылдам өлтір дедініз,
Сол сәтінде көзін жойдым, өлтірдім.
Білуге де тырысқам жоқ себебін,
Әйткені мен бас емеспін, денемін,
Бұйырдыңыз – орындадым,
Тас жұмдым да көзімді.
Әділеттің жолындағын
Деп санадым өзімді.
Сөнген арман, өшкен көніл
Тағдырындағы өсер етпей көбіктін.
Жұрттың менен сескенгені деп ұқтым.
Ханға сену секілденіп төл ісім,
Ештеңені ойлағам жоқ өмірде.
Мен үшін де,
Жөне калың ел үшін
Хан ойлап жүр дедім де.
Алдиярым, міnezіме таң калма.
Мына жігіт кеудемдегі бар сенімді талқандап,
Күдік атты коркынышты аңғарға
Кеткендей ме мені жалғыз арқандап.

Xan
(*құрсінін*)

Ой жіберсең парықпен,
Бір ұшында мен де бармын сол жіптің.

(Бүйіра)
Жө, жігітті алып кел!

(Жендең бастығы шығып кетеді де, екі нөкердің сүйеуімен үсті-басын қан жуған Мерейді алып келеді. Олардың соңын ала бере уәзір кіреді.)

Көзім жетті.
Ерітердей тас жүректі мұз қатқан,
Отты, қайсар, катал жігіт екенсін.
Зор әбестік болды, әрине, біз жақтан
Сорлы досың өліп кетті, не етерсін?

Merei
(ханга ұмтылып)

Сорлы деген сөзінді
Казір қайтып алыныз!

Xan

Иә, қайтып алмасқа да шамам жок.
Оның қанын менің мына көрі мойным көтерсін.
(Мерейге жақындағы)
Талап айтсам, қалай қарап екенсін?
Және тілек демеске де шарам жок.
Маған карсы жинақталған бар өкпен
Сол тілекпен өтелсін!

Merei

Айтыныз!

Xan

Айтсам, алда үлкен думан тойым бар,
Ай мен құндей ардақ тұтқан қызыымды
Саған бермек ойым бар.

Merei
(басын шайқап)

Болмайды!

Менің досым ердің ері еді гой,
Адамдықтың тұпсіз кені еді ғой.
Ал мен оның ширегіне тұрмаймын.
Тек досыма тиеселі бакытты,
Атамаңыз, не бетіммен ұрлаймын!?
Олай ету шығар еді сатқындық боп санасыз!

Хан

Ойлан, ойлан!..

Мерей

Ойланатын түгі жоқ!

Жендең бастығы

Алдияр хан, екі айтпайды бұл жігіт,
Мен білем ғой, бекер әуре боласыз!

Хан

Таяктың да екі ұшы бар емес пе?
Айтканыма көнесін,
Ал көнбесен, өлесің!

*Мерей
(қасарып)*

Мен өлімді таңдалым.

*Жендең бастығы
(Мерейдің алдына келіп тізерлен)*

Айналайын!
Гүлзар достық аспанының кендігін,
Оның ұлы-парасатын, ерлігін,
Өлімге де мойынсұнбас өрлігін
Кайсарлықпен дәлелдедін.
Сені көріп қайта тудым мен бүгін.
Аяу білмес мынау жендең жүрегімді мұз катқан
Ойран-асыр дөңбекшіткен, сыздаткан,
Дімкәс соқыр сенімінді күл-талқан ғып құзға аткан

Пенделікке ұстапаған сауырын
Сенің данқың артсын мәңгі!
Енді аскак әнім сенсін,
Арай шашар таңым сенсін,
Менің ұлы ханым сенсін, бауырым!
Әзэр түрған өзі казған апанына құлауға
(*Ханды нұсқан*)
Отыз жылдай сенген ханым мынау ма?
Отыз жылдай құлдық үрған бас тұлға
Бүгін маган жиіркенішті көрінді.
Ызалы ойым айналды сел-тасқынға,
Бұйыр, кәне!
Ханның басы әп-сөтте-ак
Домалайды аяғының астында.
(*Жалынып*)
Бұйыра гөр, жарқыным!

Мерей

Бұйрықпен бір сыйыспайды дос көніл.
Және қылыш жүрген жерде зорлық бар,
Іздеген жөн басқа емін.

Жендең бастығы

Ақ тілегін алдында
болсын, жаным, бас құрбан.
(*Қылышып сұрып алған ханың алдына тастайды*)
Қылышының өзінізге, таксыр хан!
Өз кінәнді өзің сезбей,
Талайлардың жолын бүркеп торлаумен
Айналысқан өкінішті мол дәурен,
Нәлет саған!
(*Мерейге бұрылып*)
Енді калған өмірім
Өтсін сенің шаттығынды қорғаумен.

Хан

Арлы беттей қызырып, нарттай жанған,
Әзіл соны алапат өрткө айналған.
Жөн-нұсқасын өзім пішкен мына мұнлы окиға
Кетті менің келте ойымды құйретіп,

Қалай ғұмыр сүрмеу керек екендігін үйретіп,
Кімге құлу,
Кімге құлменеу керек екендігін үйретіп.
Қатал болдым қылышынан қан тамған,
Талай баста менің салған бар таңбам.
Ал қазіргі дарқандығым ол кінәмді жуа алмас,
Және ешкім қаға коймас арқамнан.
Тарпаң шағын ұмытпайды ел қайда да,
Білем бөрін.
Накұрыс деп ойлама.
Бірақ тым кеш білгендіктен ойынды
Асыра алман пайдаға.
Достық – ұлы мүмкіндігін туады екен адамның,
Болашакта ұстар өні тек сол болғай заманның,
Арзандайды ел адал достық көз жокта.
Досын оққа қиған жанға
Елін киу сөз бол па?
Біз сол ұлы құдіретті қорлап, көзге ілмеппіз.
Мақсат жібін өте келте күрмеппіз.
Бір адамды шексіз сене сүюден
Елге деген ұлы сезім басталарын білмеппіз.
Дауа бар ма бұл құдірет сезімге,
Хан басыммен қол астымда қандай құш
Жатқандығын кезінде
Әттен, әттен... үғынбалпын мен байғұс.
Көне бердім,
Сөне бердім.
Қарттық женді. Бір аяғым тұр көрде.
Бару қайда немеремнің
Әні естілер күндерге?

Кім өзгертер табиғаттың бұл занын.
Өлім занын,
Өмір занын,
Гүл занын,
Бүгін, міне, тірліктең ең негізгі қатемді
Түзетуге мүмкіндіктің туғанына ырзамын.

Бүгін тұнғыш тапқандаймын арманымның корегін,
Бүгін тұнғыш суарымын мақсатымның терегін.
Сондыктан да ханын тәжін киіп тұрып, ең соңғы,
Ең негізгі бүйрекимды беремін!

(Уәзір жаза бастайды.)

Тіршілікте бір досы жоқ адамдар
Тәнті етсе де біліміне, күшіне,
Алынбасын ел басқару ісіне!
Дос тілектен тамыр жайсын армандар,
Бірінші боп достық шықсын төрге де.
Достыққа әлсіз болғандар
Әлсіз екен басқа қурестерде де!

(*Уәзірге бұрылым*)

Мені енді шетке қақты
Нән толқыны өмір атты ағыстын.
(*Мерейді нұсқап*)

Сынарынан көз жазған бұл аққуды
Жүртты жинап, сынарына табыстыр...

(*Уәзір шығып Жайық пен Көңбайды ертін кіреді.*
Өз көзіне өзі сенбегендей аң-таң аңырып қалған Мерей
Жайыққа қарай ұмтылады. Екеуі құшақтаса кетеді.)

Мерей
(*көңілі босап*)

Тірі екенсің ғой.
Тірі екенсің ғой...

Жайық
(*Мерейдің үсті-басын*
көзімен тінте қарап ызалаңа)

Денесінде сау-тамтық жоқ.
Ау, бұл қалай, таксыр хан,
Айырманыз қалмаған ба қасқырдан?

Уәзір

Ашу кейде көzsіз, ойсыз ақ тарлан.
Қазір бәрін түсінесін
Сәл-пәл сабыр ет, қалқам!

Хан
(*Жайық пен Мерейге жақындарап*)

Мына тақты,
Және занғар қызметін тақсырдын,

Карактарым, екеуіне тапсырдым.
(*Жайықтың шығына қалып салып*)
Карашибіры секілденген көзімнің,
Жайық қалқам, қызымы қалып барады.
Егер тағдыр қосам десен, өзің біл,
Ал әйтпесе, қарындасын болады.

(*Өзіне-өзі*)

Ізгілігін зұлымдыққа талатқан,
Акку құсқа оқ атқан,
Барлық алтын уақытының жиһазын
Пенделіктің орманында тонатқан,
Көрдей қара тұманды жапқан көнілін
Ең сорлы жан мен болайын,
Ең соңғы хан мен болайын, тәнірім?!
(*Хан қалтаңдай басып шығып кетеді.*)

Көңбай (жыламсырап)

Ау, халайық, мен кайтем?

Уәзір

Көңбай, сенің жолың ашық, бара бер!
Тоқалдарың төркінінде жүр аман,
Бәйбішен де дін аман.
Сен өлді деп жүртқа жайған кезде де
Табылмады
Сүйегінді әкететін бір адам.
Үш күн өтпей шанырағың құлады...
Малынды да қалың жүрттан сұрап ал.

(*Көңбай шегіншектеген күйі
сахнадан гайып болады.*)

Жендет бастығы (*Жайық пен Мерейді құшақтан*)

Тұған өлкө аттарынды аскарына көтерсін,
Әлемдегі ең бай адам сен екеуің екенсін.
Басқаша екен екеуіннің арының,
Кылыштан да, Заннан да,
Патшадан да, Ханнан да
Сендер мықты боп шыктындар, жарығым!

Қарашал

Ал, канекей, оятындар даланы,
 Оятындар өзендерді жасаураған жанары.
 Оятындар көрі шалды,
 Бесіктегі баланы.
 Оятындар мұлгіп жатқан сананы.
 Бойын бүгін түзеген бұл патшалық –
 Ұлы сенім патшалығы болады!

Екінші бөлім

Ақын, Тарих

Tarix

Ізгіліктің жайлауынан от өрген,
 Достық өнін төбесіне көтерген,
 Міне, осындай ерлер өткен, ақыным!

Aqyn

Дүниеге миығынан паң күле
 Тымық тұнді түре келген арайша,
 Бұл ғажайып әнгіме
 Назардан тыс қалып қойған қалайша?

Tarix

Мен Тарихпын,
 Аз көрmedім ғасырлардың токпағын.
 Бірде ашық, бірде жабық қақпағым.
 Мені өр дәуір өз көзімен соттады,
 Өз көзімен мактады,
 Өз көзімен актады.
 Бұғінгінің көбісі –
 Кешегі ойлар өрісі,
 Кешегінің жалғасы.
 Бірақ бүгін иғі істердің
 Кешегіден кеніді ме арнасы?
 Нар тұлғасын үрпактарға үлгі етер
 Ерлік аз ба жарқыраган жасындаї?!

Ақын

Өлімге де мойынұсынар тосылмай
Досың болса, болсын шіркін, осындай!
(*Ызаланып*)

Көрмедік деп ой түшінар түгінді,
Жазбайсың деп бүгінді,
Қазір маған кінә тағып жатыр жұрт.
Қайдан жазам?
Фасырлардың талғамына татырлық,
Айналамнан табылмаса,
Нак мынадай ұлы достық, батырлық?

Тарих

Аша түссен көзінді
Бұл сөзіне ұялар ең,
Тіпті соқыр санарап едің өзінді .
Әне, содан болашағың қомескі,
Ең өрісі өкенді де зерттеп білген емессің?!

Ақын

Зерттей кояр не бар еді өкемде?
Әлде, өкемнің мен үйленіп жаткандағы тамашамды бұзғанын,
Әлде, аракты қалай ішіп қызғанын
Зерттеп, жазып ойға демеу етем бе?
Рас, бұрын момын еді шама-шарқын байқаған,
Кенет Нілдей бұзылды ғой есер дауыл шайқаған.
Бәлкім, дұрыс өлген шығар...
Әйтпесе,
Кайын атам маған қызын бермес еді қайтадан.
Кешпес еді сол жолғы оның қылғыны.

“Жан-жагымнан қаумалайды жалғандық, киіміне жасырынып шындықтың”

*Студенттердің шагын асханасы.
Стал басында үйлену тойына жиналған адамдар.*

Тойбасы (*орнынан тұрып*)

Бұғін біздің Маздақ пенен Дария,
Тағдыр косып, табысып,

Куанышын етіп отыр бәрімізге жария.
Ал сол үшін, халайық,
Қос ғашыққа деген абзал ниетімізді ұқтырып,
Орнымыздан тік тұрып
Осы тосты көмекейге бір аунатып алайык!

(*Бәрі орындарынан көтеріліп
бокал согыстырады.*)

Дауыстар

- Бақытты болындар!
- Алдарыннан ай тузын!
- Тек махаббат пілтесімен жанындар!

Тойбасы

Жомарт ойы қона қалған бойына,
Қауымына сәулесін шашып келген,
Перзентінің тағдыр косу тойына
Ауруханада жатқан жерінен кашып келген
Медет қартқа берілмек ендігі сөз.

Медет
(*көзіне жаса іркіп, кемсеңден*)

Сенсеніздер сөйлер халде емеспін,
Құшағынан босана алмай өткен құнгі елестін.
Кара жердей ішке бүккен асылын
Бір сырым бар еді, достар, жасырын,
Ол сырымды кейін ашам туған жерге барғасын.
Елге апарып өткіземін
Мына тойдың жалғасын.
Бәрінді де шакырамын сол тойға.

Дауыстар

- Жаса, шалым, картайма!
- Бәрекелде, жан аға!
- Біраз жатып, жүректі емдеп алыныз,
Игіліктің ерте-кеші бола ма?
- Дәрігерді тыңдасақ,
Болар өр кез бас аман!

— Машиналадай қайта шыққан жөндеуден
Бүратыныз онша-мұнша тетіктерді босаған.
— Ал сол үшін алайық та, халайық!

(*Бәрі бокал согыстырыады.*)

Тойбасы
(*қалын көтеріп*)

Жолдастар!
Бүгінгі той, тек үйлену тойы ғана дегенге,
Айтындаршы, көнер кім?
Бүгінгі той — ертен толар кемерге
Тойы — балғын өнердін.
Әдеп барда әдемілік тозбаған.
Жайсан ойлар жетегінде маздаған
Біздің Маздак нағыз ақын емес пе,
Жұрт жүргегін қозғаған!
Кәне, мұны дей алады бекер кім?
Мен Маздакты танымайтын кезімде
Жолыққанмын өкемнің
Көзіндегі оған құштар сезімге.
Әкем марқұм, Маздак жырын деректел,
Отыратын зерттеп, жаттап, електеп.
Әрбір ұлттың шегінгенін, ескенін
Ақынына қарап білу керек деп.
Байтак даала ақынымен данкты,
Алып қана тудырады алыпты.
Бәлкім, аяу керек шығар өзінің
Ұлы ақынын туа алмаған халықты.
Бұл той — балғын ақын тойы,
Бәріміздің жанымызға жақын той.
Бәрімізді толғандырған мәселе
Осы ақынның жырларында жатыр ғой.
Бұрынғы өтіп жатқан басқа тойлардан
Міне, достар мына тойдың айырмасы осында.
Кімде биік тілектер бар, жасырынған қайнар бар?
Кімде қандай көкейтесті ойлар бар?
Сол айтылсын дастарканның басында!

Дауыстар

— Бәрекелде, бұл ерекше той болсын!

— Тойбасымыз қой бастаған серкедей,
Бастады фой тосынға.
— Дұрыс, осы бағытыннан тосылма!
— Құр бөстекі тілектерден
Кажыды жүрт, расында!

Орынбасар
(орнынан тұрып)

Тойбасымыз ауыр міндеп жүктеді.
Кою, сірә, онай соқпас бұл тілекке нүктені.
Дегенмен де көрейін...

Дауыс

Ал көрсөн көр, үстем болсын мерейің!

Орынбасар

Өріс ашқан сан кеме, сан қайыққа
Біздің сонау айтолқын Ақжайықта
Кета деген балық бар.
Уылдырық шашар кездे сол балық.
Кос жанары тұмандана толғанып,
Пәленбай күн жол жүріп,
Әбден шаршап болдырып,
Құлшына, жанып іштен,
Жан жүйесін сыздатқан сағынышпен,
Ұрпағына сенімді орын тапқанша,
Ешқайда кайырылмастан,
Бастапқы бағытынан айырылмастан,
Көзінде тек аналық арман ойнап,
Жұзеді екен үмітін алға байлап.
Ол анық сезінеді:
Табиғаттың тамаша кезеңінде
Сонау інкәр Ақжайық өзенінде
Жылдағыдай секіріп ойнамайтынын,
Жем іздеп шарламайтынын,
Жанарында жаз көркі жайнамайтынын.
Теренге тепсіне бойламайтынын.
Амал қайсы, бәрін де көру керек,
Ұрпағы үшін оған да көну керек,
Кеталардың тағдыры қандай катал,

Уылдырық шашкан соң – өлу керек!
Бұл балық шынында да дара батыр,
Әне, оған жақын түр заман ақыр.
Соның бәрін біледі ол,
Біле тұра,
Уылдырық шашуға бара жатыр.
Калса бопты ұрпағы жалғасы боп,
Жалғасы боп,
Тірліктің арнасы боп,
Өзі өлген соң денесін шортан жесін,
Мұнда оның инедей шаруасы жок...
Әттен, шіркін, мұсінші болсам-ау мен,
Ұзақ тұн кірпік ілмей толғатар ем.
Ұрпағы үшін жүргі жырлап өткен,
Ұрпағы үшін өмірін құрбан еткен

осындаі алыштарға

Ғажайып бір ескерткіш орнатар ем.
Өмір мынау, толған дау, толған егес,
Ұрпақ жокта тарланың тарлан емес,
Арманың арман емес...
Әйткені ұрпак тағдырынан маңызды
Бізге дейін ештене болған емес,
Және бізден кейін де болмак емес!!!
(*Бәрі қоштап, қол шапалақтайды.*
Орынбасар бокалын көтеріп)
Кешегі үян Даиря қызың бүгін келін атанды,
Енді адал ана болсын, адал сүйсін Отанды.
Қыйеу жігіт он бес ұлға әке болсын сақалды,
Сол ертенгі ұрпак үшін көтерейік бокалды!

Дауыстар

— Жарадын!
— Табылған ой!
— Тауып кеттін, қарағым!
(*Бәрі орындарынан тұрып бокал согыстырады.*)

Тойбасы (*Қабділдәнің қасына келіп*)

Тіршілікте үясын тек шыңға сап,
Шыннан үшкан хас қыранның бірісіз,
Дарқан казақ өнерінің гүлісіз.
Ал, Кабеке, енді сізді тындасан!

Қабділде
(*Маздаққа бұрыла*)

Көргендер де,
Көрмеген де арманда,
Ертеде бір той бопты, ұлым, орманда.
Кокиқаз да, карақұс та, қыран да,
Кара аю да, күшіген де, жылан да,
Қыргауыл да, косаяқ та, зорман да
Бас косынты сол манда.
Коян кепті қос құлағы ербенде,
Тасбақа да орын тепті төрден кеп.
Сан орманның тамашасын тауыскан
Ән шырқады ала қанат сауыскан.
Жапалак та ән шырқады толғана,
Кезек өзөр жеткен кездे қарғаға,
Мандайына алақаның жастана,
Тындаушылар қалғып кетті, масқара.
Коян айтты:
— Қалай болған күнде де,
Ән кезегін ұсынған жөн Пілге де!
Бір тындаушы айқай салды:
— Немене?
Өнер шіркін, қара күшке көне ме?
Одан кайта Піл ағай
Тауга барып тасымай ма бөрене?
Бірак жүрттyn елең қылмай бүл сынын,
Піл ән салды бүлғандатып тұмсығын.
Тумады-ау деп ой сергітер байтак ән,
Калын қауым қалғып кетті қайтадан.
Осы сөтте Бұлбұл әнге басты бір,
Карт тоғайдың елестетіп жастығын.
Мұлгіп кеткен тындаушы жұрт оянып,
Жанарынан ризалықпен шашты нұр.
Көпкө дейін тежеу мүмкін болмады
Ұлан-асыр қуаныштың тасқынын.
— Өте орынды соғылды бүл шапалак, —
Деп сөз алды тостаған көз жапалак, —
Біз де өнерін кадірлейміз бүлбүлдың,
Бірак аз-мұз шатағы бар құрғырдың,
қарандаршы, бір қанаты қырқылған,
балак жүні үйпаланған, жыртылған,
Достарым-ау, жатқан жоқ па осында,
Бет қызартар үлкен істің былығы?

Каршыға айтты:
— Дағар сөзді, тасынба,
Бұл өзіндегі пенделердің қылышы,
Онсыз, сірә, күн кеше ме майдалар?
Әйтсе-дағы бір сыр шерттің ойланар.
Мына сенің қанатың сау, ал содан
Жұртқа кандай пайда бар?
Ауыр еді бұл сұрактың салмағы,
Елдің көбі Қаршығаны қолдады.
Баз біреулер тұрып алды табандап
Бұлбұл өнін жерге соға жамандап.
Тек Каракүс қалыс қалды...
Келмеді оның тіпті көзге түскісі.
Өнерінің құдіреті жағынан
Бұлбұл, сөзсіз, құс біткеннің қүштісі.
Мактар еді жарылып бір ағынан,
Ой шырмаған қызғаныш ит тағы бар.
Ал даттауға корқатын ол Бұлбұлдың
Үлкен болашағынан.

(*Маздақтың қасына келіп*)

Әрқашан да саф өнердің жолы – сын.
Ұлым, сенің үлкен болашағың бар!..
Мына тосты көтергенді жөн дер едім сол үшін!

(*Маздақпен бокал согыстырады,
бәрі орындарынан тұрады.*)

Mazdaқ

— Ракмет, аға!

Orynbasap

Кедергіні сезінсе адам, жүрмек ылғи күшінде,
Ояу жүрмек өні түгіл түсінде.
Ендеше, біз көтерелік
Сол Каракүс үшін де!

Kabdilə

Жок!
Бұл пікірін болғанымен киысты,
Тек ізгі ойлар қолдау көрсін.
Тек ізгі ойлар жүрттап мадак есітуге тиісті.

Айымбек

Дұрыс айтты Қабекен!
Өссін десек жақсылыкты сезіне,
Жаксы ақынды мактаған жөн көзіне.
Өз тойында ойлы жырын Маздактың
Тілек етіп кайта оқимын өзіне!

Дауыстар

- Бәрекелде!
— Жөн, жөн!
— Ал тыңдадык!

Айымбек *(тамагын кенеп)*

Ғұмыр келте деп налисың, досым-ау.

Бұдан миллион ғасыр бұрын,
Жер гарышка тең шашып жасыл нұрын.
Мимырт, шабан тіршіліктің құшағында құліпті.
Ал адамдар үш мын жылға дейін өмір сүріпті.

Бірак бірде болды окиға сұрапыл...
Қыз бен жігіт бір өлкеде тұратын,
Косып арман-тілегін,
Косып мұның, мұратын,
Тіл бітірер сезімменен таска да
Тек сезімді етіп інкәр астана,
Жасы жүзге жетпей жатып,
Бір-біріне ғашық бопты,
Маскара!

Күннен-күнгө лаулай түскен құштары,
Бұл не пәле салт-санадан тыскары?!
Тумай жатып қағынғаны калай деп,
Жұрт жағасын ұстады.

Ал жігіттің өкесі айтты:
— Ку, балам,
Ит бол шыктың жақсы атаққа тумаған.
Дәтін барып қалай дәстүр бұзбаксын,
Жұрттан қайда қашпаксын сен шулаған?
Жетер қайғы сыйладың сен өлгенше,
Өлгөн жақсы бұл қорлықты көргенше.
Ақылға кел,
Үйленбестен қоя түр,
Тым болмаса, алты жұзге келгенше.
Ел тағлымын аяқ асты төсөнбе,
Той аз болмас өлі сенің көшенде,
Бес жұз жыл күт.
Сонан кейін рүқсат,
Он бес қызды қабат алам десен де!

Жігіт өкси мұнын шакты:
— Болмайды,
Бұл пәлсапан ақылымға қонбайды.
Тасқа ұрсан да мына бейбак мәндайды,
Әнім ән бол самғайды.
Көрі емендей касарыса бергенше,
Қайран әке, ұғынсаншы, мән-жайды.
Тұйықталса перзентіннің арманы,
Сені де ілер қайғы-мұнның қармағы.
Одан қайта қол ұшын бер, кұда тұс,
Қыз үйіне бар-дағы.

Бірақ өке секілденіп тас қамал,
Үндемеді.
Таусылды енді басқа амал.
Жаналыққа көз аз болмас окталар,
Бой көрсетті тұсаулар мен нокталар.
Корғай, колдау көрмеген сон ешкімнен,
Қол ұстасып тауға қашып кетті олар.

Бұл окиға шартарапқа жайылды.
Дінге берік катал қолдар байырғы

Кос ғашықты іздең тауып алды да,
Бір-бірінен айырды.
Енді лезде байтак аспан тар болып.
Көніліне ызғар толып, кар конып,
Күні-түні еніреді екеуі,
Кас қағым сөт көрісуге зар болып.

Екі ғашық алып ұшып жүргегі
Тағдырынан былай тілек тіледі:
— “Төсте тойы тарқамаған,
О, Жер-анам, даркан анам,
Ұл керек пе саған мықты?
Өзгерт онда шабандықты.
Сен үшін бұл киын іс пе соншалық?
Шабандықта қырсық жатыр қаншалық.
Біздер ұзак, мағынасыз ғұмырдың
Іш пыстырыар мінезінен шаршадық.
Қайтіп тірлік кешеді жұрт самғамай,
Арындармай,
Ағындармай,
Тандамай.
Махаббатсыз өткен күннің бәрі ісіз,
Суға жазған танбадай.
Жүрсек мейлі, қай белесте,
Дөңесте,
Сағынышпен атқан танның бәрі есте.
Мағынасыз ұш мың жылдан
Мағынамен,
Мәнмен өткен,
Махаббатпен,
Әнмен өткен,
Ұш жыл артық емес пе?
Егер оны көп десен,
Айналайын алып тұлға,
Құдіретті, жұмыр жер,
Ғашығыма жолықтыр да,
Ұш-ақ құндік ғұмыр бер!
Сезінбестей ет кессе де етімнен,
Лапылдайын інжулі інкөр отыммен,
Тек ұш-ақ күн,
Тек ұш-ақ күн бере ғой,
Сонан кейін басымды алсан, өкінбен”.

Кайсар ғалам жібітіп тас көнілін,
Қос ғашықтың қайтпасын деп меселі.
Жер бетінде адамдардың өмірін,
Отыз есе қыскартыпты деседі...

...Ал сен ғұмыр келте дейсің!..

Дауыстар

— Оңай соқпак тауып кетті, не етерсің?
— Тамаша!
— Көркем дауыс, көркем үн
Ойлы өлеңнің өсіреді-ау өркенін!
— Жаксы оқиды екенсің!

Айымбек (бокалын көтеріп)

Киын шақта тізесін бүкпесін деп,
Екі жастың көп болсын деп елге тартар ұлесі.
Және ешқашан бітпесін деп
Мағына мен мазмұн үшін күресі,
Тойбасының тіліменен айтқанда,
Мына тосты, халайық,
Көмекейге тағы аунатып алайық!
(Бәрі орындарынан тұрып бокал согыстырады.)

Тойбасы

Уақытка сән қосатын өзекті
Енді әнге бермейсіз бе кезекті?

Дауыстар

— Келініміз өн салсын.
— Көне, Дария, қысылма!

Дария (орынан тұрып “Калғымасын ерлігің” атты әнді орындауды.)

Міне, саған ойланатын келді күн,
Азамат боп атқа міндің сен бүгін.

Бірақ атқа мінгеніннен не пайда,
Жүргегінде қалғып жатса ерлігін.

Қайырмасы: А - а - а,
Бозбала,
Канатынды талдырма,
Алай-түлей жанбырда,
Тізгінінді беріп койма тағдырға,
Куанышым.
Жан-тәніңмен бір адамды сұймегенің үшін,
Сүе алмағаның үшін
Табиғаттың алдында кінөлісін.

Корға, жаным, сенімінді жеруден,
Корлық бар ма, жанбай жатып сөнуден.
Өмірдегі үлкен женіс өрдайым
Басталмай ма өзінді-өзің женуден.

Болашағың алдында өлі, бүлдіршін,
Ер жігіттің намысына бұл бір сын.
Бүгін көрсет кайратынды, құшінді,
Ертең мүмкін кеш бола ма, кім білсін.

Дауыстар

— Көп жаса!
— Косағынмен коса агар!

Тойбасы

Қалықтасын пәк тілектін ақ құсы,
Хас жүйріктер жарыстарда көрінбек.
Келесі сөз
Жұбанышбай Нұркановқа берілмек.

Дауыстар

— Көсіл, көне, жігітім,
Тұсау тастар ешкім жоқ аяғына!
— Көкейтесті не тілек бар ойында,
Ақтар бәрін жан досынның тойында!

Жұбанышбай (орнынан тұрып)

Баяғыда,
Бабамыздың бабасының бабасы
Жүрген кезде сүйенбей таяғына
Көңіліне пәктікten өсірген гүл,
Жомарт әрі мейірбан жесір кемпір
Ұстап апты ауласына келіп қонған бүркітті.
(Одан мұндай батылдықты кім күтті?)
Ал Бүркіттің көріп имек тұмсығын
Кемпір катты үркіпті.
Оны өзінше “майыскан” деп ойлапты,
Сөзге келмей пышағын тез қайрапты.
Имек жерін кесіп, жонып, тегістеп
Сорлы құсқа бір жаксылық жасауға бел байлапты.
Гүжім аспан өлеміне айбатты,
Кайратына тамсандырган аймақты,
Кайсақ қыран тағдыры
Ақылсызыдау, бірақ адал кемпірдің
Пышағында ойнапты.
Кемпір байғұс сыртқа жайып шын сырын,
“Басы кайтты, — деп қуанды, — қауіптің”.
Жона-жона имек бүркіт тұмсығын
Тұмсығына ұксатыпты ол тауыктын.
Енді бірде бүркіттің
Откір, ұзын тырнақтарын анғарып,
Басын шайқап тұрып қапты танданып:

— Мұшкіл екен,
Мұшкіл екен бұл халін,
Сорлы құсым, егер де мен жолықпасам бағына,
Жетіпсің-ау жүдеп өлер шағына, —
Деп отап ап тастады бар тырнағын.

Патша жұртқа жар салды:
— Талмас қанат,
Алмас қылыш иыкты,
Маған ылғи ансататын биікті,
Тіпті жалғыз інім өлген кезде де
Үмыттырган кеудемдегі күйікті
Бүркітімді жоғалттым ең сүйікті.

Қыран еді ол бастан бағы үшпаған,
Менмін деген арланды,
Менмін деген киікті
Тырнағы мен тұмсығында үстаған.

Кайырымдылық ерлікке төн әманда,
Бұркітімді тауып берген адамға
Ат басындаі алтын сыйлау
Түк киындық туғызбайды маған да.

Ойга, қырға шабармандар ағылды,
Жұрттың бәрі бұркітті іздең сабылды.
Үміт оты сан тараптан жағылды
Бірақ бұркіт киындықсыз табылды.

Мазасыздық бұлты сонда серпілді,
Алас-құлес шаттық күйі шертілді.
Шадыман жұрт хан көтере мадактап,
Патша алдына алып келді кемпірді.

Патша лезде құсын танып, түнеріп
Үнсіз қалды зілман ойға тіреліп.

Көніліндегі апас-қапас тасқынды
Айғаккерлеп жанарына жас тұнды.

Енді бір сөт оймен шолып киырды,
Қабағын тас жиырды.
Некерін тез шакырды да, бұркітті
Өлтіруге бұйырды.

— Тағдырынды қасіретке байланған
Ап шыға алман бұл түйіктан, қайраннан.
Хош бол, құсым, — деді патша қыранға, —
Өлген жақсы қасиетін жойғаннан.

Сонан кейін:
— Иә, кемпірім, аман ба?! —
Деп жадырап шыға келді ол табанда, —
Сендей жомарт адамдар
Аудан да қажет біздің қоғамға.

Үстем содан мерейін де, баған да.
Шапағатын тиді, міне, маған да.

Әттең, әттең... осы дарқан пейіліне
Ақылынның сай келмеуі жаман да.

Тұғырында тұра алмайсың тағат қып,
Сөйтіп тағы жасайсың-ау ағаттық.
Нәрестенің колындағы қанжардай —
Ақылсыздың колындағы жомарттық.

Жаның адап.
Адал содан асын да.
Ат басындаі алтынынды ал,
Тосылма!
Бірак мына алтын алған колынды,
Амал қанша, калдырасың осында.

Тек өзінді санай көрме ғарыпка,
Қатал жаза қолданды деп қамықпа.
Әйткені сен қарсы шапқан жаудан да
Кауіптісің халыққа.

Қалың қауым сенен онғақ күй көрсе,
Саған қарап жомарттықтан жиренсе,
Не болмакшы?
Ал мына алтын өзінді
Асырасын арқан жерге тигенше!

Қатал патша дегенінен қайткан ба?!

Сөйтіп қолын кескен екен кемпірдің...

Анам маған осы анызды айтқанда
Көз алдымда сен тұрдын.

Дарының да, даңқың да бар жанғырған,
Ақ тілектер арай шашса, гүлдейсің.
Бірак ертең не қүтеді алдыннан,
Білмейсін-ау,
Оны мұлдем білмейсін.
Тұтастырып бақ пен сордың арасын
Сикырлайды атар таңың да назды үні.
Бүгін кіммен, ертең кіммен боласын?
Тым күрделі бұл сұраптың мазмұны.

Заман сенен аямайды бар нұрын,
Мансап сені құлатада алмас торына.

Жатсам-тұрсам тілеймін тек
Тағдырың
Түспесін деп әумесердін колына.
(Жұбанышбай өз тостын көтеріп
тастап орнына отырады.)

Тойбасы

Кызық енді басталды,
Ортамызға қатал сұрақ тасталды.
“Бүгін кіммен, ертең кіммен боламыз?
Кімге жақын,
Кімнен алыс тартады ертең арамыз”.

Мына тосты жетегінде осы ойдың
Кәне, достар, үндеместен аламыз!
(Бәрі үнсіз орындарынан тұрып бокал согыстырады.)

Жігіт (ентіге жүгіріп кіріп)

Келіп қалды құдалар!

Тойбасы

Жолдастар!
Ауа райынын адамзатқа “өшігуіне” байланысты,
Ұшақтың кешігуіне байланысты
Енді жетті құдаги мен құдамыз.
Құрметіне сол “айылты” жандардың
Бәріміз де орнымыздан тұрамыз!

(Құда, құдаги, Тойтық кіреді. Конактарга сәлем бергелі
орнышан көтерілген Медет құдасының жүріне үңіле
қарайды да, теріс айналып кетеді. Жұрт аң-таң.)

Орынбасар (Медетке бұрылып)

Меке, сәлем бермейсің бе құдана?

*Медем
(толқын)*

Игі жақсы жарандар!
Айтпасқа не шарам бар.
Мына тойды Маздағымның институт бітірген
Думанына санандар.
Менің ұлым үйленбейді бұл қызға!

Дауыстар

— Масқара!
— Қарияға не болған?
— Әзілі ме, шыны ма?

Маздақ

Әке, Әке!..
Жындандың ба немене?

Тойтық

Бұл не деген далбаса,
Сенің ұлын болмаса,
Карындастың байсыз қалып өле ме?

Жұбанышбай

Ау, бұл калай, кария?

*Тойтық
(Дарияны сүйреп)*

Кеттік, кәне, Дария!

*Маздақ
(Тойтықтың алдын кес-кестен)*

Өтінемін, тоқтаныз!

*Тойтық
(кіжсінің)*

Жә, жолама, сүмелегім,

Бетінді ет қып жіберемін,
Енді саған мәнгі жабық қакпамыз!
(*Дарияны сүйрекен күйі есіктен шыға жөнеледі.*
Құда мен құдаги бірге кетеді.)

Маздақ
(*Медемтің жағасына жармасын*)

Ақылына іштін бе, әке, арақты?

Медем
(*ақырын*)

Тарт колынды!
Үл емес пе ең санатты...

Маздақ
(*күйзелін*)

Ендеше, сол санатынды кара жерге қараттын,
Тағдырыма оқ аттын.
Өле-өлгенше кешірмеймін мұнынды,
Карғап өтем осы кара күнімді.
(*Бетін басын*)
Бәріне өзін кінәлісін... не етемін...
Жүрегімнен мәнгілікке жазылмайды бұл түйін.
Енді сендей әкенін
Құны маған бір тыын!

Медем

Күтпеп едім...
Күтпеп едім сенен мұны... А-а-а...
(*Жүрегін ұстаган күйі еденге құлап түседі,*
Айымбек басын сүйейді.)

Орынбасар

Саликалы жігіт ең, ақылын бар...
Бекер қызып кеттін-ая...

Дауыстар

— Жедел жәрдем шақырындар!
— Жедел жәрдем шақырындар!

* * *

Ақын сол ойланған қалпында.

Tарих

— Сонан кейін?

Aқын

Өлді...

Терен казып жерледік.
Мүмкін менен кеткен шығар пенделік,
Егер көзбен қарап болсан ғайыпты,
Ол жағдайға түгел өкем айыпты.

Tарих

Ешкім терен танымаған
Сенің өкең — алып адам!

Aқын

Жок!

Әкемді санамаймын алыпка,
Конбады оған ел сыйлайтын даңқ та.
Жанын салып мені өсірді, оқытты,
Тұптеп келсек, ол алыштық болып па?
Ұрпағы үшін өз өмірін қимай ма
Балық екеш титтей кета балық та?!
Иығымен қөтерсін деп заманды,
Мен де өсіріп келем екі баламды.
Әке алдында бар карызым өтеген,
Дей алмаспын, борыштар боп өтем мен.
Эйтсе-дағы әйелімнің өкесін
Артық қөрем әкемнен.
Іс пайымдар өркім жеке басымен,
Әкем жайлы әңгімені доғарайық осымен.
Кеттім, картым, басқа айтарың болмаса!

Tарих

(мысқылмен)

Тым асығыс екенсін,

Саған тағы ашар сырым бар еді,
Ләкин тыңдал кетерсін?!

Aқын

Бірак та сен салмай өгіз аянға,
Ток етерін қыска ғана баянда!

Tарих (басын изеп)

Онтыстікте,
Дарқан Азат даласында
Отызыншы жылдардың шамасында
Әсте екі айтпайтын,
Айтса бітті, алдан канжар кезесе де, кайтпайтын,
Жалғыз емес, жалғыз өрді дегенімен атадан,
Қауымына жаны жуас мейірімді ботадан,
Аты басқа болғанмен, мінезі үшін бір беткей
Құрбылары Қайсарбай деп атаған,
Әр таң сайын оянатын өз арының үнімен,
Жеміс құткен арманының ғұлінен,
Тұрып жатты жас жігіт
Әйелімен және екі ұлымен.
Бұйығы күн жайғанмен жez қанатын,
Ол бір қатал, тым қатал кез болатын.
Білім нұрын тамсана дала күтті,
Кейбіреулер тосырқап жаңалықты
Жатқанда шетке қашып,
Қайсарбай надандықты бетке басып,
Әйелімен екеуі бала оқытты
Қос құдықтың бойынан мектеп ашып.
Дәл сол кезде бүлікшілер

Бас көтерді Азатта.

Момын дала лезде айналып шыға келді тозаққа.
 Тағдыр сомдап сокқандай-ак құш-кейпін,
Иығынан дәуірінің ауыр жүгі түспейтін,
Қайсарбайдың Көрік деген бар еді бір жан досы
Бакытты еді ол тапқанына өзіне сай серікті.
Ештенеден хабары жоқ Қайсарбай
Отырган-ды үйінде.
Екі жігіт жараланған Көрікті
Алып кірді естен танған қүйінде.

О, тәнір-ай, осы ма еді, осы ма еді көрмегі,
Кайран досы көз алдында үнсіз жатты өлгелі,
Тықыршумен ернін тістеп кезе берді ол бөлмені.
“Сәл сабыр ет, қазір, қазір ертіп келем дәрігер!”
Ал бейтаныс жігіт айтты:
“Жоқ, болманыз әбітер,
Айналаныз қаптаған жау, қолға түсіп қаласыз”.
“Өлген женіл, — деді Қайсар, — отырғаннан шарасыз”.
Шығып кетті. Дәрігерді таба алмады ол бірак.
Көnlі жер боп қайтып келсе екі іні салбырап...
Үйі лаулап жанып жатыр, өліп жатыр жан жары,
Екі жігіт өліп жатыр қанға бөгіп қанжары.
Өліп жатыр... бәрін, бәрін қас қағым сөт шешіпті.
...Тактайменен шегелепті терезені, есікті.
Құлағына екі ұлының даусы жетті шыңғырған,
Санасыз жау шарасызға неге мұнша өшікті?
Бұзып кірді терезені...
досы жатыр өлімге өзін ұмсынып,
Кос ұланы бебеулейді көк түтінге тұншығып,
Кайсар дел-сал тұрып қалды өз сезімін електеп,
“Ең алдымен кімді ап шығу керек?” — деп.

*Aқын
(шығадамсызданып)*

Сонан соң?

Tарих

Мәселен, сен кайтер ен?

*Aқын
(күмілжіп)*

Б... білмеймін...
Бәлкім, алып шығар едім сәбиді?!

Tарих

Ал ол досын алып шыкты.
Кос перзентін күткармақ боп
Ұмтылғанда келесі
Құлап түсті отқа оранған биік үйдің төбесі.

Екі бірдей күнөсіз жан, екі бірдей жас тұлға
Мәңгі солай қалып койды жанған үйдің астында...

Aқын

Мынау нағызырын гой төске өрлеген.
Сонау Сактар кезіндегі
Достық үшін өлімнен сескенбекен
Танғажайып ерліктен
Инедей де кем емес.
Асып түсті бар биқтен мен күткен!
Одан өрі айтыныз?!

Tарих

Бұлт серпілді.
Домбырадан күй шертіліп көнілді,
Тіршіліктің жұпар лебі қайта кезді өнірді.
Өте берді, өте берді желмаядай желіп күн,
Шат-шадыман гүлдеді өмір бұтағында өріктің,
Кайсарбай да белін буып, бекініп,
Шанырағынан жылу тапты Көріктің.
Шын сеніскең, сүйініскең, үғыскан
Сірө, мұндай бола коймас туыскан.
Міне, қырсық...
Көрік бірде екі күн
Катарынан қайтпай қалды жұмыстан.
Көніліне шөкім құдік ой салмай
Асыл досын іздел барды Кайсарбай.
Жанарынан тарамаған мастығы:
— Кел, кел, — деді НКВД бастығы, —
Көрік досың арам екен, кара екен,
Тап жауымен байланысы бар екен.
Аман сактап қалғың келсе басынды,
Құтқарам деп өлектенбе досынды!
Бұл ортада бас араздық жүретін-ді бұрыннан.
Жарық көрсө көбелекше қалбаң қағып бұрылған,
Әлгі жігіт жұбайына ынтық еді Көріктің,
Кайсар оның құрган торын тани кетті қырымнан.

Aқын

Оқиға енді терендеді.

Мынауының дайын тұрған поэма.

(шыдамсызданып)

Одан кейін не болды?

Tapix

— Арам ойын орындалмас албасты,—
Деп Кайсарбай жас жігіттің алқымына жармасты.
— Қоймадың ба, онда сен де кетесін,
Өз түбіне енді өзің жетесін,—
Деп жымиды ол анғартып жай кекесін.
Сипап тұрып
Құрбақаның желбезегі сияқты
Кенет ісіп шыға келген шекесін.
Ол айтқанын орындағы.
Лебізіне бекем екен “азамат”,
Сондайлардың кейде жолы болатыны ғажап-ак.
Әтірікпен қыстырыған бір жалаға байланып,
Қайсар солай кете барды мекеніне айдалып.

Aқын

Мынау, тіпті, сұмдық екен!

Tapix

Бірақ шындық ешқашанда қалмақ емес тапталып
Үш жылдан соң туған жерге қайтып келді ол ақталып.
Келсе Қорік оралмапты.
Жанын қажап сан құдік,
Жан досының жұбайы да көз жұмыпты мәңгілік.
(Ойланып қалады.)

Aқын

Сонан кейін?
Айтсанызышы тезірек!

Tapix

Екі өмірдің өзегіндей бұл қызыққа қараши,
Жалғыз өксіп қалыпты үйде тәй-тәй басқан баласы.
Жесір әйел сол сәбиді канатының астына ап,

Егіз тағдыр сияқтана отыр екен бас құрап.
Қайсар сорлы ашылғандай қөнілін бұлағы,
Нәрестені құшып тұрып айқай салып жылады.
Нәрестені құшып тұрып есіне алды ол өткенді,
Нәрестені құшып тұрып өзіне-өзі серт берді.
Катал, өжет азаматтың мұндай кезін жылаған
Бұдан бұрын бұл өнірде көрген емес бір адам.
Тек жылаумен толтырадай өмірдегі олқыны,
Көп өкірді ол, қөнілі теңіз секілденіп толқыды.

Aқын

Иә, иә, бұлайша тек құшті адамдар жылайды...

Tарих

Мұнан кейін жан адамды қөзге ілмей,
Қайда бағыт ұстаганың жан адамға сездірмей,
Баланы алып Ақжайыққа көшіп кетті сол түні.
Нақ сол түннен өр жігітті қанатты
Жерлестері мәнгілікке жоғалтты.
Қайсарбайдың құллі өмірін бұрды өзіне нәресте,
Мектепке алғаш барған кезі, шыққан кезі белеске,
Он жылдықты бітіргені... бәрі, бәрі, бәрі есте.
Ұланының жанарына түсе ме деп қөленкे
Үйленген жоқ.
Бар қызықпен кош айтысты ол ерте.
Үйленбеді.
Тым каталдық болды-ау деймін мұнысы,
Бірақ оның дәуіріне сыйлаған кең тынысы —
Ұланы үшін атқарған зор жұмысы,
Ұлы адамның ұлы ісі!

Aқын

Азаматтық — адамзаттың касиетті ұраны.
Бұл өнгіме болды-ау маған ұлы сын.
Осы ұлы адам туралы
Үлкен дастан жазбасам,
Ақын атым құрысын!

Tарих

Сол ізгі жан өліп кетті ескерусіз, бағасыз.
Бұған тенденс қасіретті, көне, кайдан табасыз?

Мандаійна аямастан жазған екен соры да,
Кайран тағдыр қазір жұртқа көрінеді күлкілі.
Ал перзенті ұлы әкесін ардактаудың орнына,
Ит етінен жек көреді бүл күні.

Ақын
(ызаланып)

Ондай ұлды соттау керек!

Тарих
(кіңсініп)

Ә, солай ма?
Ендеше, сен өзің сотта өзінді!
Өзің ағыз ана соқыр көзінді!

Ақын
(айқайлап)

Неге?
Неге?
Айттайсың ба себебін?

Тарих

Кешегі өлген сенің әкең сол Қайсарай еді гой,
Колындағы жетім перзент сен едің!
Ата-анана бірдей сыйласп қара түн,
Қайсарайдың киған жайсан қанатын
Сол кездегі НКВД бастығы –
Койныңдағы өйеліннің әкесі,
Яғни, анау қайын атаң болатын!

Ақын

А-а-а-а-а!
(*Кос алақанымен құлагын басып тұрып қалаады.*
Сәлден кейін есін жиып)

Бүкіл өлем алдында екі бетім қаралы,
Жаным жардай жаралы.

(қалышылдан)
Казір барып қайын атамды өлтірем,
Әке кегін аламын!

Tарих

Ол — онсыз да өлген адам, карағым!

Aқын

Ел құлағы естімеген сүмдық бұл,
Сорлы басым... кімді келгем қорған ғып...
Киіміне жасырының шындықтың
Жан-жағымнан қаумалайды жалғандық.
Кайран әкем...
Неге-неге таңдағы екен жолды бұл.
Неге маган бөліспеді
Иығындағы мол жүгін?

Tарих (*күрсініп*)

Оның түрлі себептері болды, ұлым...
Бірдей төзіп ыстықка да,
Салқынға
Жер астында жатпай ма алтын көзден таса қалпында?
Кашан қазып алғанынша қүтетін
Шындық кейде үқсайды сол алтынға!..
Сен ақынсың өніп шықкан өртенге,
Кандай өріс ұсынасың өртенге?
Кандай жеміс ұсынасың өртенге?
Ойлан, ойлан...
Әділеттің қылышы
Енді сенің желкенде,
Енді сенің желкенде!

СЕЙХУНДАРИЯ

Мұстай Кәрімге

Делиде болғанымда Үнді ғалымы:

— Сіз Сырдария өзенінің бүрын басқа арнамен аққанын білесіз бе? — деп сұрады.

Кейінірек ауылга барғанда осы оқиғаны нағашыма айтып едім:

— Балам, туган елінің тарихына немқұрайлы қараган адамның өмірде жолы болған емес, — деді жузі сұрланып. Содан бастап мені “Біз еліміздің көне тарихына назар аудармасақ, жаңа тарихтың бізге де назар аудармауы мүмкін екен-ау” деген ой жсі мазалайтын болды.

(Досымның құнделігінен)

Бірінші тарау

*Кірпігіне ел мұнын ұлатқан,
Сен қуәсің бәріне, зиялы ақ таң.
Ох, қызырып ақтам мен қаншама рет
Адам қолы тудырган қиянаттан.*

(Сейхун жыры)

Сексеуілді дала жатты секем алып үдеріп,
Сүйіктісін күтті жігіт атын отқа жіберіп.

Сүйіктісін күтті жігіт тондырса да тұнгі ызгар,
Тұнгі ызғардан жаурағандай дірілдейді жұлдыздар.

Өмір мынау, сенім, күдік алма-кезек жарысқан,
Егер сенім семсер болса, күдік деген — арыстан.

Күдік деген арыстан ғой, қайда барсан бір егес,
Семсер болса арыстанды жарып тастау түк емес.

Үркөр туды, үркөрден сон күдістеніп ай туды,
Ақын жігіт сонда ғана есіне алды қайтуды.

Не болды екен Гауһарайға? Күдік тағы күш алды,
Сол күдіктің шылбырына сенім бір сөт тұсалды.

Кенет, жәуміт тыныштықтың иығын басып қаумалай,
Атдұбірі жарды қырды. Бұл, өрине, Гауһарай.

Қас қағымда жетіп келді ол, қарагерін тебініп,
Қарагерден қарғып түсіп жылады-ай бір егіліп.

Көп жылады ол өз мұнына жасай алмай иелік,
Көп жылады ол Ақжемидің иығына сүйеніп.

Ал Ақжами басу айтты:

Сен қыз едің үйқылыны қозғалтқан,
Дүйім елдің махаббатын маздаткан.
Және өзің де сол сезімге шөлдеген,
Бірак оған жол бермеген көлденен.
Есен қайтып көрмеген еш пендеден,
Құралайды қөзге ататын мерген ен.
Тек орамал тартқандығың болмаса,
Сөйтіп, салмақ артқандығың болмаса,
Гүлге табын нәзіктігін болмаса,
Анаға тән жазықтығың болмаса.
Содан ба өлде көрінгенің керім болп,
Ерден төмен жерін жок.
Ер деуші едім, айнам, неге өзгердін,
Айнам, неге көз жасына сөз бердін?

Гаяхарай:

Кешір, жаным, адасқандай айбыным,
Құшағында бір зымыстан қайғының.
Алдымағы бұлың-бұлың күндердің
Жамалынан мұнымды оқып үлгердім.
Бала кезден күм көсігін сурып,
Қыр аркасын қурып,
Бір жұтып ек жусан дәмін даланың,
Бір кезіп ек інкөр өлке танабын.
Шаршы топтан жарып шыққан ақын ең сен ак алмас,
Лағыл сөзден ешкім, сірә, сендей қамал соға алмас,
Лағыл сөзбен жүргегімді өртеп едің ең алғаш,
Өртеп едің, содан менің алауланып аспаным,
Келе-келе өз отыммен өзім лаурай бастадым.
Содан кейін серттестік біз секемсіз,
Кол алысып, кол беріп.
Енді бүгін сертке барап жол берік.
Айдарынан қыраттың
Жанға жайлы шілде желі ескенде,

Ақ шарбы бұлт керуенін кері бұрып көшкенде,
Изен ісі мұрын жарып,
Құм жуасы бұрымданып,
Алабота бойын жазып, сән құрып,
Көбелектер гүл қуалап қаңғырып,
Алагұлік апас-қапас шапқылап,
Қой жатканда семіз құмның несібесін тартқылап,
Желкобыз бер Жампоздың
Жанарынан шам жанып,
Зәрезап болған жабы да
Жалын тіктеп панданып,
Пандықпенен қымс еткенді анғарып,
Айналада қылышты өмір сөз алып,
Аспан бұлттан тазарып,
Караған кезде көгілжім көзін төңкеріп,
Қызғалдақ далам жатқандай бейне өртеніп,
(Өртеніп деуім — еркелік)
Міне, мен, айнам, сол шақта
Шадыман оймен шат құліп,
Гүлдерден алқа тактырып,
Мәз етіп ата-анамды,
Анамдай ардақ даламды,
Құй косып сенің қүйіне,
Шаңырағы шалқақ үйіне
Келін боп түссем деп едім,
Болмады бірақ дегенім.

Aқжами:

— Үмітінді таптаған кім,
Саған қарап оқтаған кім садағын?
Садақ оғын өз кеудеммен қағамын.

Гаяхарай:

Дәрменсіздік біздін ортақ сорымыз,
Үзе алмаймыз, бұза алмаймыз оны біз.
Бүгін сонау Сейхун бойын жайлаған
Құллі алапты, бірлік емес, бүйілікпен байлаған,
Колынан кан үйіған
Теке сакал Бүйі хан
Мені алам деп сөз салдырды өкеме.
Әнене, жаным, оған шаман жете ме?

Aқжами:

— Егер ұл бол туғандығым рас болса еңселі,
 Бүгін түннен қалдырмаймын, алып қашам мен сені.
 Құс қанатын талдыраңдай мына сайын дала бар,
 Талықсыған кезімізде бізге пана бола алар.

Gauharai:

— Бұл ойыңның, асылым-ау, алды құзар, арты жар;
 Құзар шыңнан екеуміздің жайымыз бар тартынар,
 Бүйі ханның әкеме айткан мынадай бір шарты бар:
 “Егер қызың менің алтын құзырымнан бас тартса,
 Тілегімді жел өтіне тастатса,
 Берілмесе еркінше,
 Яки менен құтылмақ бол өзін-өзі өлтірсе,
 Ант етемін мына ұлы хандығымның атынан,
 Аямаймын. Аймағынның қанын судай сапырам”.
 Мұны есітіп жігіт үнсіз тұрып қалды тістеніп,
 Жамалынан жалын семіп, жігерінен құш кеміп.
 Бар үмітін зұлымдықтың бір кияпат мысы аттап,
 Сосын ұзак жылап жатты торғын құмды құшактан.

Gauharайдың қоштасардағы айтқаны:

Езуіне бір қуакы сыр бүгіп,
 Міркем дүніне миығынан түр күліп.
 Сол өжуа,
 Әбілетті өжуа
 Койды бізді мұнды ғып.

Тұрак еткен ран гүлдер даланы
 Менсіз гүлдеп, енді менсіз солады.
 Таң атады
 Өзінмен бір өткізген,
 Бұл, өрине, соңғы таңым болады.

Соңғы таңым.
 Қоштасамын анаммен,
 Анам болған даламмен,
 Ертең жылап жүрмеу үшін
 Бүгін жылап алам мен.

Таң атады каумаласып ғаламмен.
Ғаламдай кен далааммен.
Ертен құліп жүрмеу үшін
Бүгін құліп алам мен.

Аңыраған өнім қалды өзінде,
Ең бакытты кезім сенің көзінде,
Шуак болып құйылып түр сезімге,
Ол бар кезде қаумет ізде төзімге.

Амалың не, тасты сокпақ кештің бе,
Амалың не, жанбай жатып өштің бе?
Тек басынды жоғары ұста өлсен де,
Тек өзінді мұсіркетпе ешкімге.

Арман барда жігер гүлі солмайды,
Ал махаббат жүрек отын талғайды.
Бәлкім, мәңгі жолы сөтсіз болуы,
Бірақ оны мұсіркеуге болмайды.

Жол бұралан, сезім тура, ой тура,
Жол түскен соң болмас және қайтуға.
Сүйген адам сезімі үшін бақытты,
Болмайды оны бақытсыз деп айтуға.

Бұл жайлы көп мұндаудың не орны бар,
Жандар да бар пәк сезімді кор кылар.
Махаббатты үйлену деп ойлайды,
Құдіреттің құнын білмес сорлылар.

Аз ба өмірде жылап жүріп құлгендер,
Құр құлқінің қасіретін білгендер.
Ойлаши өзің, аз ба мынау өлемде
Сүймей, сенбей тағдыр қосып жүргендер.

Сенім жокта сыр шегініп, қабарды ой,
Сүю жокта арман семіп, талар бой.
Аяу керек, аяу керек оларды,
Әне нағыз бақытсыздар солар ғой.

Өмір солай, құйзеліс көп, жұлкыс көп,
Болсын мейлі, дінің түзу, тұрмыс ток.
Сүймей, сенбей тағдыр қоссан біреумен,
Махаббатта бұдан асқан қылмыс жок.

Табу киын бұған тендес қайғы да,
Қайран қөніл қайратыннан айныма.
Жұртқа салған бейшаралық қамытын
Тағдыр менің сала алмады мойныма.

Мейлі, тілім үғыспасын ғаламмен,
Тек сені аңсап сарғаярмын санаммен.
Мейлі, денем отка құйсін, өртесін,
Сені сүйген жүрекпенен қалам мен.

Күші барлар жығар шалып, атып та,
Мұқыл дәурен қорлады деп тотықпа.
Сені ойлаймын, сені ойлаудан танбаймын
Залым ханның көрпесінде жатып та.

Ең даланың ерке тотай елігі ем,
Елім сұлу көрінетін менімен.
Енді денем әлдекімнің мазағы,
Бірақ өнім мәнгі бірге сенімен.

Көнілінде көзі барлар байыпты,
Кінәламас қайрандаған қайықты.
Тағдырымыз косылмаса, біз емес,
Оған біздің заманымыз айыпты.

Заман қайтсін, мандаіында сор қалың,
Арқандады-ау талайлардың арманын.
Жолы сынсын тұлпарды озған есектің,
Кары сынсын сұнқарды озған қарғанын.

Оназаға озбыр дәкет берген кім,
Нәуетекке, зәнталаққа сенген кім?
Жолы сынсын бұлбұлды атқан желбастың,
Колы сынсын аққуды атқан мергеннің.

Актық демін таусылғанша құлама,
Құламасын біздер сенген мұнара.
Ең соңғы ауыр коштасудың сәтінде
Жыламаймын, айнам, сен де жылама.

Қалықтаудан, шарықтаудан талмаған
Сөнін қайда, әнің қайда самғаған.
Ал мен кеттім, бәлкім, мәнгі көрмеспіз,
Күліп тұрып, колың ғұлғап қал маған.

Екінші тарау

Қамыңды ойлан, халіқді ойлан жаралы,
Ел мұңынан өз мұңыңды қояр болсаң жоғары,
Перзент болсаң бедері жоқ көк тайғак,
Тұра алмасаң болат семсер пішінде,
Бөркің үшсін доптай бол.
Басың кетсін сол бөркіңнің ішінде.

(Бабалар батасы)

I

Қызылкүмның тағы да бір қызыл иек таңы атты,
Тағы да бір бала қыран даңқын көкке таратты.

Сол қыранға толық ашып үлгере алмай сезімін,
Ата қыран биігінен құлап өлді өзінің.

Тағы да бір көл суалып, құмның көзі бозарды,
Бозаң аспан тілін тістеп, бозаң ойлар сөз алды.

Касіретті күөгер бол өбілетті тасқынға
Үркердей топ ауыл жатты боз төбенің астында.

Үміт кейде боз төбеде жоғалған бір жез ине,
Жігіт отыр сол төбенің маңындағы боз үйде.

Токтау бар ма? Құндер де бір құм секілді сырғыма,
Гаунараймен коштасқалы өтіп қапты-ау бір жұма.

Зымыстандай бір жұма өтті, атын мұнға шалдырып,
Ақжәмидің мандайына екі сызық қалдырып.

Бұл кездері көптен женіс колға түспей торыққан,
Хан өскері көп олжамен келе жатқан жорықтан.

Шаттық хабар хан көnlіне зор қуаныш құйған-ды,
Сондықтан да екі тойды бір жасауға үйғарды.

Үш күннен соң той болады. Бітті дей бер өнгіме,
Арманыңдай Гаунарайдан айрылады ол мәнгіге.

Жо-жоқ, енді тіршілігін істеу керек тірі адам,
Ерекек емес, жігіт емес жел ығына құлаған.

Атка конды. Ауыл жатыр бәз баяғы көркімен,
Даналықтын нұрыменен, пенделіктің өртімен.

Бәз баяғы аңғалдықпен, бәз баяғы пәктікпен,
Әлдекімнен ойы суып, өлденеден бақ күткен.

Оны койшы, табиғат та тыс қоймапты жазадан,
Бұл ауылдың су азабын тартқанына не заман.

Ерні кепкен шөл далада тұрмас еді ел бір құн де,
Бірақ ата мекен-жайын қиып кету мүмкін бе?

Кімге тастап көшпекші олар ата-баба мазарын,
Олар кетсе, туған жерге кім бүрады назарын?

Жоқ, атама, кимайды жұрт ата-қоныс даланы,
Құмда туды, моласы да құм төсінде қалады.

Сонау Сейхун өзенінен – табиғаттын сыйынан
Жалғыз құлак су бермеді-ау діннен безген Бүйі хан.

Қаншама рет құдық казып көрсетсе де ел тегеурін,
Басын шайқап мазақтады, берілмеді бедеу құм.

Кайран ауыл қайтсін енді күйі шабан, үйелен,
Құнде ертемен құндік жерден су тасиды түйемен.

Ақын жігіт атын тежеп ұзак тұрды соны ойлап,
Ең алғашкы сөүір таны келе жатты арайлап.

Сапар сөтті болғай-ақ та, үзілмегей таралғы,
Ақын енді Бүйі ханның ауылына жол алды.

Шіркін, сенім ер жігіттің жолдасы ғой қайда да,
Бұл сапарда білек күші асар ма екен пайдаға.

Кім біледі, таба ала ма, таптыра ма жол айла,
Бүйі ханнан кек алуға бел байлады ол қалайда.

Бірақ канша қамшы басып тездеткенмен акылды,
Ақыл барып Енжарлықты сырласуға шақырды.

Сөз бастады Еңжарлық:

— Ойландаршы, не ұтамыз жанжал ғып,
Кетпеді ме кетер қыз.
Жолға шыктық бекер біз.
Колға түссең торға түсken торғайдай
Зындан торың сығалаумен өтерміз.
Бас аманда, баста құлак аманда,
Тілді алсандар, кайту керек табанда!
Ақын тағы тезге салып көріп еді Ақылды,
Ақыл барып Өжеттікі сырласуға шакырды.
Еңжарлықтың шерткен сырны өзек қып...

Шашын жұлып ашуланды Өжеттік:

— Нәуеңектің айткан сөзін карашы,
Әйгі болды өужайының шамасы.
Сапар ұзак, бұрылатын жол қайда,
Бұрылғанша өліп кетсек болмай ма?
Ешкайсыннан мән көрмедім татырға,
Үксап өлу керек еді батырға.
Ақыл, сен де кенес ашып көлгірсіп,
Қысталанда басты бекер қатырма.
Өл бүйткенше. Кара мұның тыншуын,
Заузатыннан қаукарың жок бір сырым.
Егер Айла бірге жүрсе

Ханының

Өзім барып тегістеймін тұмсығын.
Кайда менің Айла досым, Айлашым,
Кеттік, кәне, соныннан ер, қайдасың?

Ақыл айтты:

— Демінді бас делеңдеме, бақырма,
Елендеме, бұлтты күні соқыр дауыл шақырма.
Өжет бұған құлак аспай жетіп барды Айлаға,
Жетіп барса, Айла сорлы байлаулы екен Ақылға.
— Ой, сұмдық-ай, — деді Өжеттік бар ашуын малданып,
Жол шетіне аунай кетті бетін тырнап долданып.

Ақын тағы тезге салып көріп еді Ақылды,
Ақыл барып Махаббатты сырласуға шакырды.
Кенет манғаз пан даланың еркін баурап талдырып,
Ту биіктен естілді бір жан тербеген жанғырық:

— Ғасырлардан ғасырларға жол алған,
Ұшып келген арман атты аралдан
Мен тірліктің ақ құсы едім аппак ардан жаралған,
Данқым алыс таралған.
Көктем гүлін қадасам да шашыма,
Ылғи қөктем ерткенім жок қасыма.
Конған жокпын анау-мынау биікке,
Конған жокпын кез келгеннің басына.
Кара тұнді көп кешсем де азалы,
Және ешкімнің болған жокпын мазағы.
Маған жаза тартқызамын дегеннің
Өзі тартты жазаны.

Тағдыр мені салды қанша сотқа да,
Мойығам жок, күйген жокпын отқа да.
Маған арнап оқ атканның барлығын
Жазып койды тарих кара тақтаға.

Сескенсе де осы кара тізімнен,
Көп кадалды ала көздер сүзілген.
Тек күншілдік орағытты алдыымды,
Тек зұлымдық қалмай койды ізімнен.

Жадау шакта, аласармай айбыным,
Жүзіп келем інкөр дүние айдынын.
Қанатымда самалы бар бақыттын,
Саусағымда жүзігі бар қайғынын.

Сұлулықтың сәні болып өрілдім,
Коркыта алмас ызғары да өлімнің.
Бір көзімде сөүлесі бар үміттін,
Бір көзімде шуағы бар сенімнің.

Ашкан жанға жүргегімнің кілті мың,
Кілтсіз менің ашылмады бір күнім.
Көмейімде өуезі бар бұлбұлдың,
Езуімде сынғыры бар құлқінің.

Ождансыздар сатқанымен халқымды,
Ешкім менің сата алмады данқымды,
Мазақ етіп күлге теуіп жібердім
Мені сатып алмақ болған алтынды.

Әділдіктің жолын күтіп сарылсам,
Өкінбеймін қайтпады деп қарымсам.
Мен сендерге жалынбаймын күткар деп,
Мен Махаббат болмас едім жалынсам.

Манғаз жатқан паңдаланы тағы есінен тандырып,
Әнгे ұласып кетті лезде жан тербegen жанғырық.
— А-а-ау, а-а-ау, а-а-ау...

Ақын тағы тезге салып жұмсап еді Ақылды,
Ақыл қайта Енжарлықты сырласуға шакырды:
Міне гажап, сорлы Енжарлық жерді тіреп төсімен,
Езуінен көбігі ағып, талып жатыр есінен.

— Біттім, — деді ол есін жиып, — көп мазалай бермендер,

Мүмкін болса енді мені осы араға жерлендер.

Ақын бұған масайрады. Тағы жұмсап Ақылды,
Жеттікті екінші рет сырласуға шакырды.

Сөйтсе, ол барып арқасына мініп апты Намыстын,
— Көрдіңдер ме, — деді күліп, — туысыммен таныстым.

Намыс айтты: — Мына қызба маған келіп жабысты,
Бұл бар кезде менін жолым болар ма еken табысты?

Төзім айтты: — Мен тіріде корықпа да торықпа,

Ылғи сені корғап жүрем, колдан жүрем жорықта.

— Жок. Төзімді ертпеу керек, — деп Құншілдік құнқ етті, —
Асая ойды шабандатып өзін-өзі күлкі етті.

— Төзім мені сан ғасырлар корғап келді қүйіктен, —
Деп Махаббат масаттана дауыстады биіктен.

Ақын үзак ойға шомды. Дала жатты керіліп,
Тұнгі үйқыдан көзін ашып, жана үмітке беріліп,
Күрсінді ақын. Жаны ерекше болатын-ды сымбатты.
Сосын туған даласына оймен карап тіл қатты:

— Қайран ұлы қауметі зор далам-ай,
Қысталанда бөлісе алар кайғынды
Ұл туғыздың айбынды.

Ұл туғыздың сымбатымен, сәнімен,
Ұл туғыздың ойы жакұт, жаны кен,
Олар сенің айдыннатты данқынды
Тіршілікке мәнгі өлмейтін өнімен.

Өтті канша қиқу салып зенгір күн,
Ерлерінді ертеңіне сендірдін.
Бірақ кейде өзін туған алтынның
Данқын жezге жендірдін.

Кайран, ұлы сайран далам, Отаным,
Мені есейтіп кетті нұрлы шапағын.
Бірақ кейде бойы мұқыл төбенің
Биік шыннан жоғары еттің атағын.

Алуан үрдіс, алуан сідет менгердін,
Талаптының қанатына жел бердін.
Панасты сен күннен қашқан байғыздын,
Анасты сен еніреген ерлердін.

Кайда барсан, қамалау мен алалау,
Кайтем сені, жаны сәуір далам-ау.
Ер туғаның ерлік еді, тек қана
Тез жоғалтып алатының жаман-ау.

Кейде заман тасқын болды, тасқынды
Тоқтата алмай сенің қайғың аскынды.
Тұлпар тудын,
жампоз тудын,
бұл дұрыс,
Бірақ кайдан ойлап таптың қасқырды?

Бақытты еттің қай көктемді, қай күзді,
Бұл шегінсе, айдарында ай жүзді.
Қыран тудын,
бұлбұл тудын,
бұл дұрыс.
Бірақ кайдан ойлап таптың байғызды?

Боларсың ба ождансыздан от күткен,
Ойга сыймас анқаулығын көп тіптен.
Катар өсті қалампыр мен шонайна,
Қызғалдағың катар өсті шеттікпен.

Кайран бейкам, ихсандығы зор далам,
Зор тұлғанды бейкамдық па корлаған.
Мен өкшемді саған тіреп өсіп ем,
Өкшен қисық десе біреу, арланам.

Өзің айтшы, арқан қанша қабарды?
Соншама арман әнін ерте доғарды.
Ақын тусан, құзға салдың сокпағын,
Баян тусан, коса тудың Кодарды.

Мейлі, мейлі күдіс емес ол да аса,
Бакыттымын нұрын мені қолдаса.
Ұлы дала атальмас па ең, бәлкім, сен,
Осындай бір кайшылығын болмаса.

Бірақ дала үндемеді, өлденені ойға ала,
Әлденеге сүйсінгендей құлімдеді жай ғана.
Құлімдеді жас үйіріп көзіне,
Кім біледі, ұлылық па үндемеудің өзі де.

Жымиды ақын, дидарына қосып әсем өнділік,
Бүйра бұлттар әлдекайда бара жатты жөнкіліп.
Шіркін, кайсар қанаттыны қандай құш бар бөгеген,
Санқ-санқ етіп бала қыран ұшып өтті төбеден.

II

Шаршатсын ба жастық шактың қажыры мен дауылы,
Ұзак жүрді ол. Эне, өне, Бүйі ханның ауылы.

Хан тұқымы жұрттан ерек өбзелдетіп бағасын,
Емін-еркін жайлап жатыр дарияның жағасын.

Еріксізден ойды бұрып, жауын алған жанардың
Мынау занғар сән сарайлар меншігінде солардың.

Айналасын мұңға бөлеп, бір қорқыныш төндіріп,
Ұлы Сейхун өзенінен жатыр екен сен жүріп.

Кенет ашы шу естілді. Бұл не дабыл? Масқара!
Тұырлықтай сен үстінде барады ағып жас бала.

Қазір-қазір біtedі енді, аунап кетсе, болғаны...
Онда балғын бір өмірдің мөнгілікке солғаны.

Долаң үрей құшағында қолын жайып балаға,
Бір топ адам есі шығып жүгіріп жүр жағада.

Жүгіріп жүр есі шығып жан-жағына аландай,
Көмек сұрап, ал өздері төуекелге бара алмай.

Ұлы дария каһарланып, буырканып, толғанып,
Сен мен сендей соғыстырып, тасып жатыр долданып.

Тағдыр ерге сыбаганы тартады екен не түрлі,
Жігіт аттан қарғып түсіп дарияға секірді.

Нән толқындар оркештеніп жан-жагынан қаумалап,
Қаумаласып алып ұрмақ, ердін еркін баурамак.

Бөренедей бір сен келіп соғып өтті ақынды,
Ақын біраз басы айналып, күшін қайта шақырды.

Бар арманы, бар өнері су астында қала ма,
Сонда калай? Бұған да ажал қыл тұзағын сала ма?

Жо-жо-жо-жок! Ұл керек кой мына ұлы далаға,
Перзентіне күш-куат бер, тапқырлық бер, жан Ана.

Сен астымен жүзіп жүріп өрен жетті ол балаға,
Өрен жетіп, бұлдіршінді алып шықты жағаға.

Алып шығып жата кетті ол, төсін жерге қыздырып,
Арқасында сау-тамтық жок, кеткен екен мұз тіліп.

— Неткен көzsіз батылдық бұл, неткен інкөр адамдық, —
Деп жамырай таңдай қағып алғыс айтты оған жүрт.

Ал бұлдіршін кімнін ұлы? Бұл қызыққа қараши,
Бүйі ханын бейбішеден туған жалғыз баласы.

Ыңыранып хан да жетті екі өкпесін қолға алып,
Аман қалған жалғыз ұлын құшып сүйді толғанып.

Жалғыз ұлын кім құткарды? Сұрамады оны да,
Кайтпақ болып ынғайланды асасын ап колына.

— Алдияр хан, — деп сол сөтте бір қария тіл қатты, —
Бұл мінезің мін болмай ма ақылына сымбатты.

Ұлынды кім құткарғанын тіпті білгің келмей ме,
Бүйте берсен, ел ішінде ізгі сезім өлмей ме?

Тірлігінде ізгілікке тас аткан жан оналмас,
Анау тұрған жас жігітке алғыс айттып, амандас!

— Э, солай ма? — деп зорлана езу тартты Бүйі хан, —
Ендеше, бұл күр қалмайды ұлы ханын сыйынан.

Ашулы ғой, көтерейік көнілінің күйін бір,
Үәзір қайда? Жігітті алтын докабамен киіндір!

— Керек емес, алтын менің арманымды аксатар,
Өлкенізге киім іздең келгенім жоқ, аксақал.

— Не жорық бар, мұздай болып киінгісі келмесе,
Бұл жігітті ертең маған ап келіндер, ендеше.

III

Хан өзінің тұрмак болып уәдесінде бүйдалы,
Ертенгілік ордасына құллі халқын жинады.

Жинады да мұз көнілін тұнғыш рет жібітті,
Екі нөкер хан алдына ертіп келді жігітті.

— Ал, жас батыр, байқап тұрмын мінезің тым өр екен,
Өрлігіне байланысты болар бәлкім мерекен, —

Деп Бүйі хан бір тоқтады, — жан екенсін табанды,
Кеше өлімнен алып қалдың менің жалғыз баламды.
Байғазысы болсын сонын, арманынды айт көздеген,
Бірақ жалғыз тілегінді орындауға сөз берем.

Бәлкім, маған үәзір болып қаларсын ақ ордамда,
Бәлкім, саған байлық керек, онынды да айт, арланба.

Әлде сұлу кыз керек пе жұрт тамсанған көркіне,
Мұны өзің шеш, өзің танда беріп тұрмын еркінде.

Осы сәтте Ақжәмиді екі сезім биледі,
Екі сезім биледі де, екі жакқа сүйреді.

Екі сезім. Екеуі де бастар еді мұратқа,
Бірінші боп Гаунарайдың үні жетті құлаққа:

“Сұнқарым-ау, құтқаруға келдің бе,
Дүлей-шампа тағдырынның қикарлығын жендің бе?

Бұлың-бұлың болашақты алға сап,
Шіркін, егер жолымызды жалғасақ.

Катар аксак өмір атты беленде,
Бізден аскан бақытты жан болмас еді-ау өлемде”.

Кандай қын бір доғалы тағдырлардың ауысы,
Екіншісі — туған өлкे, ата-баба дауысы:
“Ұлым, мынау келте өмірді
Ұзартудың жалғыз ғана жолы бар.
Кане, жылдам қайратың мен қажырынды қолыңа ал,
Нағыз қыран мәнгі ардактап өтер болар өз көгін,
Өзінді өзін ұмыта біл, бақыты үшін өзгенін.
Жеке шаттық бір баска.
Арманынның айы алдан тусын-ак...
Біз қайтеміз. Елің жатыр ерні кеуіп сусырап”.

Екі елес те ғайып болды өз дегенін ұқтырып,
Ақын сонда сөз бастады ханға қарап тік тұрып:

— Кеше де айтқам, тақсыр хан!
Маған байлық керек емес,
Өз байлығым өзімнің жүрегімде,
Жылу сұрап келгем жоқ бұл өнірге.
Жоқ өлде бір үстемдік ансаппын ба?
Керегі жоқ уәзірлік мансаптың да.
Ал сұлу қыз өзімде бар болатын,
Барлық әнім тек соған арналатын.
Ойда жоқта аксады арман - атым,
Соны аксатқан адамның мойнында
Тиіс еді ойнауга шар болатым...
Жә, жарайды... Айтайын тілегімді,
Бұл тілек — ел тілегі,
Егер-егер мұны айтпай, басканы айтсам,
Онда мені намысым өлтіреді.
Кызылкүмда мекенім, ата-бабам,
Жерім жатыр сусырап қаталаған,
Мұнын бәрі маған мұн.
Көзі ашылсын ұлы қуан даламның,
Хан басынмен айнып кетсен, еркінде,
Тұрар болсан сертінде,
Ақылдасып алғаннан соң еліммен
Ұлы Сейхун дариядан —
Тек қалаған жерімнен
Су бересін бір құлак.
— А-ха-ха-ха, — деп мәз болды Бүйі хан

Екі санын үрғылап. —
А-ха-ха! Есті ме деп ойлап ем,
Есерлікке не дейін,
Тек сол болса көмейін,
Бір құлақ су аздық етіп жүрмей ме,
Екі құлақ берейін.
Аха-ха-ха, есерлікке не дейін?!

IV

Бақытты ғой — иығына ел сенімін артқандар,
Туған жерде пайғамбардай қасиетті қарттар бар.

Туған жерде ғұламалар, даналар бар не түрлі,
Ен даланың жазылмаған оқулығы секілді.

Жанарынан шапағатты жалқын сөule шашырап,
Олар үзак кенес күрді Ақжәмиді қасына ап.

Мақсат айқын. Тек бір ортақ шешім таптай түрғанмен:
“Сейхун сүйн Қызылқұмға қай арадан бүрған жөн?”

Бір карт айтты: — Кол көрсөндер мен кесейін нарықты,
Үш тораңыл мүйісінен каздырындар арықты.

Кеудесі ылди, арнаға сай, өрі беті шегірен,
Жер кабаты өте жұмсақ, ангарғам-ды шөбінен.

Әрі ол манда ескі оқпан бар, сұыр, тышқан, іні көп,
Оқпан барда бұл мақсаттың орындалmas жыны жок.

Карт ақылы мақұлданды. Осы болды келісім.
Күндік жерден арық казу аз бейнет пе ел үшін.

Міне, ақыры дариядан су алынды бір құлақ,
Асая толқын құмға қарай бет түзеді сылдырап.

Басы сөтті. Неге апарып соғар екен жалғасы,
Бірте-бірте кени берді жас арықтың арнасы.

Туған жерде ғұламалар, даналар бар не түрлі,
Ен даланың жазылмаған оқулығы секілді.

Көзбен көрмей, бұл ғажапқа нана қою мүмкін бе?
Ұлы дария жаңа арнаға аунап кетті бір тұнде.

V

Ертенгілік семіз уәзір бір сүрініп, бір құлап,
Шырт үйқыда жаткан ханды зорға оятты жұлқылап.
— Ойбай, сұмдық! Енді қайттік, тез тұрыңыз, ұлы хан,
Осы болар құрыған.
Жер соктырып кетті бізді қызылқұмдық жас бала,
Сейхундария басқа арнаға аунап кетті, маскара.
Аунап кетті, қол үздіріп барлық игі жақсыннан,
Барлық дәулет, сәuletіннен ажырадың, таксыр хан.

Хан калбақтап сыртқа шыкты. Кереметке қарай қал!
Қаңырап тұр су үстіне салған зәулім сарайлар,
— О, маскара, құтылуға табар ма екем жол бұдан,—
Деп дірілдеп түсі қашып жынданардай болды хан.

Ал манайда жан адам жоқ, уәзір ғана қасында,
Жұрттың бәрі жүрген еді жаңа арнаның басында.

Есі шығып хан да жетті. Жұрт жол берді қаумалай,
Міне, қызық, бір топ қызбен осында жүр Гауһарай.

Гауһар десе Гауһар-ақ қой, қараған жұрт сүйсінген,
Айлы жүзі бал-бұл жанған, ақ сәукеле киінген.

Шаттанады, қуанышын қоярға жер таба алмай,
Көптен күткен бақытына бүгін жеткен адамдай.

Хан карлыға дауыстады: — Бір айласын табындар,
Әскер кайда, жабылындар, жаңа арнаны жабындар!

— Олай ету мүмкін емес, — деп Гауһарай қатты тіл,—
Енді қайтып жамалмайды бұл жыртылған шаттығын.
Бұдан аскан азапты,
Бұдан өткен мазакты
Тіпті ойлап таба алмассын,
Жолың қара болған соң ағармассын.
Бүгін сениң мұнар күнін,
Жәуміт күнін, жылар күнін,
Ойың шабан, тасбақадан озбаған,

Әттен, шындау жылауды да тағдыр саған жазбаған.
Осынау зор кереметті жасаған
Батыр жігіт — менің жарым болатын.
Екеумізде бір-ак арман бар еді,
Сол арманның сен күйдірдің канатын.
Сен орнаттың басымызға қара тұн.
Хан болсан да жүрек шамың жанбаған,
Үні жойқын, діні мықты,
Небір ғажап ұлылықты
Тек махаббат ашатының білмейсің-ау, сен надан.
Сүйген жүрек мақсатына иек артпай тынар ма?
Сол жігіттің маған деген сағынышы — бұл арна.
Қане, тоқтат, мықты болсан.
Бірақ қуат қайда ондай?
Ізгіліктің желкесінде ойнап едің тайрандай,
Абыройын төгілді енді итке күйған айрандай.
— Экетіндер, мынаны тез, шаптығуын қарандар, —
Деп Бүйір хан дір-дір етті. — Экетіндер, қамандар!
— Экете бер, корықпаймын мен енді,
Кеудем аскак махаббаттың женісіне бөленді.
Женіс маған мәнгі берді қол ұшын,
Бақыттымын,
Тәқаппармын сол ұшін.
Оны ұғатын кайдан болсын от сенде
Өкінбеймін казір өліп кетсем де.

Екі нөкер алып бара жатты қызды қамауға,
Лезде алтын күн дарияны бөледі өсем алауға.

Шіркін, қайсар канаттыны қандай құш бар бөгеген,
Санқ-санқ етіп бала қыран ұшып өтті төбеден.

Сүйіктіме менен сөлем жеткізерсің дегендей
Кыз қыранға колын бұлғап жүре берді бөгелмей.

Оң қанатта Сейхун жатыр толқын атып жарқырап,
Кош бол, кош бол, — деп күрсіне сыйбырлайды бал құрак.

Сен өлмейсің, сен өлмейсің деп түрғандай жел құліп,
Іңкөр таңнан хабар айтып болашаққа сендейіп.

Сол болашақ не сыйламақ? Әлде бәрі бітті ме?
Бәрі мүмкін. Кыз ол жайлыш ойлаған жок тіпті де.

МАЗМУНЫ

ӨЛЕНДЕР МЕН БАЛЛАДАЛАР

| | |
|---|----|
| Эверестке шығу | 6 |
| Ғашықтық ғаламаты | 7 |
| Еркектер жыры | 12 |
| Әйелдер | 12 |
| Сұлулықты сезіну немесе Ғабиден Мұстафинмен карттық жайлы әнгіме | 14 |
| Арман | 15 |
| Шың басындағы оқиға | 18 |
| Алтын, күміс және қалайы | 21 |
| Жайықпен жүздескенде | 22 |
| “Байқаймысың” | 22 |
| Жалын | 23 |
| Жанерке | 24 |
| Достық өлкесінің заңы | 27 |
| Жігерлендіру немесе өзін бақытсызыбын деп есептеген жігітке жауап | 29 |
| Өзендер | 30 |
| Ла Валетта манындағы тұн немесе қасиет мұнарасы | 31 |
| Ұшақ үстіндегі ой | 33 |
| Үнсіздік | 34 |
| Тұсінісу теоремасы | 34 |
| ТЖ-лар | 37 |
| Біз, казактың екі ақыны, біргеміз | 38 |
| Калдаяков өзені | 38 |
| Айбергенов шыны | 40 |
| Казактың бас бұлшық еті | 40 |
| Алғыс айтып өтем саған | 41 |
| Оралу | 42 |
| Наурызға ода | 43 |
| “Кекірегімде төрт сөule бар төрт бақыттан тұратын” | 43 |
| Рух мектебіндегі мұн | 44 |
| Жана казактар немесе рухани байлықсыз да мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат | 45 |
| Цемент | 48 |
| Жұбайлар бар әнгімесі таусылған | 48 |
| Шекарасыз жомарттық немесе | |

| | |
|---|-----|
| Калекеш Қарағұловты іздеу | 49 |
| Күлпытас кепиеті немесе кері тебу заны | 50 |
| “Ғұмырымыз сан үміттен тұрады” | 53 |
| Мен кыз үшін үялдым | 54 |
| “Маған арман жалғаңдар” | 56 |
| Тарысы бар аймактың | 56 |
| Касымды қабылдамаған адам хакында | 57 |
| Жароков көшесіндегі кездесу | 58 |
| “Тарихқа үнілсөн сезер ен” | 62 |
| Барселона әуежайындағы сұнқарлар | 62 |
| Жігіттің екі сипаты | 66 |
| Құдаша | 67 |
| Мұрын жайлы өзіл | 69 |
| Алғашқы махаббатқа хат | 70 |
| Терендік жыры | 73 |
| “Өркениеттің адасуы” атты романнан үзінділер | |
| Компьютербасты жарты адамдар | 76 |
| Еркектерге көзқарас немесе әйелге сирек жолығатын бак | 78 |
| Ел тілегінің құші | 81 |
| Құрметсіз, шынышыл тұлғалар немесе Түрік қағанатының құлауы | 83 |
| Бақыт геометриясы | 86 |
| Желтоқсан аланы | 88 |
| Төрт ана | 89 |
| Бесінші еркек | 89 |
| Әмір-Темірдің соңғы өсietі | 91 |
| “Жазагер жады космоформуласы” | |
| атты романнан үзінділер | |
| Гималай жолбарыстары немесе малдық сана туралы мұн | 95 |
| Ұлылар мен орташалар | 96 |
| Касқыр аулаушылар құлығы және саразбан сабағы | 97 |
| Тарихи жады тұжырымы | 99 |
| Жетінші түйсік | 101 |
| ПОЭМАЛАР | |
| Махаббатты қорғау | 104 |
| 1. Саматтың жұбайы Айжанармен жекпе-жек | 106 |

| | |
|---|------------|
| 2. Ғайша | 110 |
| 3. Түркістан анызы | 111 |
| Нарынқұм зауалы | 115 |
| 1. Махамбеттің сонғы сөзі | 115 |
| 2. Эке үкімі | 117 |
| Шыңғыс ханың қателігі немесе жеңілген женімпаз | |
| хәқындағы Отырар дастаны | 120 |
| Жаңғырық немесе Ақсақ Темір қалай басталды | 129 |
| 12 – 3 = ? | 137 |
| Танакөз | 141 |
| Күре тамырды іздеу | 163 |
| Сенім патшалығы | 188 |
| Сейхундария | 249 |

Художественное издание
Шаханов Мухтар
ВОСХОЖДЕНИЕ НА ЭВЕРЕСТ
Стихи и поэмы

(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *А. Хасенова*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Көркемдеуші редакторы *Д. Нұрышева*

Корректоры *Ә. Кенжалина*

ИБ № 203

Теруге берілді 7 08 03 Басуға 18 11 03 кол койылды Пішімі 84x108 1/32 Офсеттік қағаз
Шартты баспа табағы 14,28 Есептік бастағы 14,84 Таралымы 10000 дана № 1014 тапсырыс

“Атамұра” баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан дандылы, 75

Казакстан Республикасы “Атамұра” корпорациясының Полиграфия комбинаты,
480002, М Макатаев көшесі, 41

“Атамұра кітапханасы” сериясымен биыл мына кітаптар жарық көреді:

Сәкен Сейфуллин. Аққудың айырылуы.

Жүсінбек Аймауытов. Ақбілек.

Ілияс Жансұгиров. Құлагер.

Бейімбет Майлін. Шұғаның белгісі.

Ғабит Мұсірепов. Ұлпан.

Қасым Аманжолов. Дарига, сол қыз.

Ілияс Есенберлин. Қаһар.

Тахаяу Ахтанов. Қаһарлы құндер.

Ғафу Қайырбеков. Көнсадақ.

Қасым Қайсенов. Жау тылдындағы бала.

Шерхан Мұртаза. Соғыстың соңғы жесірі.

Бауыржан Момышұлы. Ұшқан ұя.

Әбіш Кекілбай. Ханша-Дария хикаясы.

Кәдірбек Сегізбай. Біз қалада тұрамыз.

Бердібек Сокпақбаев. Менің атым Қожа.

Баубек Бұлқышев. Заман біздікі.

Саттар Ерубаев. Менің құрдастарым.

Саги Жиенбаев. Алтын қалам.

Оралхан Бекей. Кербұғы.

Қадыр Мырза Әли. Қекейкесті.

Кәкімбек Салықов. Жезкийкік.

Мұқан Иманжанов. Алғашқы айлар.

Оспанхан Әубебекіров. Мың мінездеме.

Қойшығара Салғараұлы. Сол бір құндер.